ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
им. М. УТЕМИСОВА

БҚМУ ХАБАРШЫСЫ

Жылына 4 рет шығады

№ 4 (64) - 2016

ВЕСТНИК ЗКГУ

Выходит 4 раза в год

Орал-Уральск

Выпуск 4 (64) шығарылым
Қазан – Октябрь, Қараша – Ноябрь, Желтоқсан - Декабрь
Педагогика, филология,тарих
Педагогика, филология, история

БҚМУ ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК ЗКГУ

Бас редактор – Главный редактор:
ИМАНҒАЛИЕВ А.С.
педагогика ғылымдарының докторы, профессор/
доктор педагогических наук, професор

Бас редакторының орынбасары –
Заместитель главного редактора
Ғ.И.ИМАШЕВ
п.ғ.д., М.Өтемісов атындағы БҚМУ ҒЖ және ХБ жөніндегі проректоры
д.п.н., проректор по НР и МС ЗКГУ им. М.Утемисова

Редакция алқасы – Редакционная коллегия:

Т. Вюнш –	философия докторы (PhD), профессор, Пассау университеті (Германия, Пассау қ.)	доктор философии (PhD), профессор, Университет Пассау (Германия, г. Пассау)
П.М. Кольцов -	т.ғ.д., профессор, Қалмақ мемлекеттік университеті (Ресей, Элиста қ.)	д.и.н., профессор, Калмыцкий государственный университет (Россия, г. Элиста)
А.С. Тасмағамбетов -	т.ғ.д., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ, бірінші проректор	д.и.н., доцент, первый проректор ЗКГУ им. М.Утемисова
Т.З. Рысбеков -	т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.и.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
А.С. Турчин -	психол.ғ.д., доцент, Иванов мемлекеттік университеті (Ресей, Иванов қ.)	д.психол.н., доцент, Ивановский государственный университет (Россия, г. Иванов)
А.С. Қыдыршаев -	п.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.п.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
Ж.И.Сардарова -	п.ғ.д.,М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.п.н., ЗКГУ им. М.Утемисова
А.В. Скали –	п.ғ.к., доцент, Экономика университеті (Польша, Быдгощ қ.)	д.п.н., доцент, Университет экономики (Польша, г. Быдгощ)
К. Кайнер -	ф.ғ.д., профессор, Йоханнес Гутенберг атындағы университет (Германия, Майнц қ.)	д.ф.н., профессор, Университет им. Йоханнеса Гутенберга (Германия, г. Майнц)
А.Р. Габидуллина -	ф.ғ.д., профессор, Донбасс мемлекеттік педагогикалық университеті (Украина, Горловка қ.)	д.ф.н., профессор, Донбасский государственный педагогический университет (Украина, г. Горловка)
М.К. Бисемалиева -	ф.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.ф.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
Г.К. Хасанов -	ф.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.ф.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
А.Г. Абуханова -	ф.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	к.ф.н., доцент, ЗКГУ им. М.Утемисова

2000 жылдан бастап шығарылады. Жылына 4 рет шығады.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 07.12.1999ж. тіркеліп, №971 Ж куәлігі берілген.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 09.08.2000ж. қайта тіркеліп, №1432 – Ж куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 26.01.2011ж. есепке алу туралы №11389-Ж куәлігі берілген.

Жинақ филология, тарих және педагогика ғылымдары бойынша диссертациясының негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылым Тізіміне енді.

Издается с 2000 года. Выходит 4 раза в год.

Свидетельство о регистрации издания № 971-Ж от 07.12.1999г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о перерегистрации №1432-Ж от 09.08.2000г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и (или) информационного агентства №11389-Ж от 26.01.2011г. выдано Комитетом информации и архивов Министерства связи и информации РК.

Журнал включен в Перечень научных изданий Комитета по контролю в сфере образования и науки Республики Казахстан, рекомендованных для публикации основных результатов диссертаций по филологическим, историческим и педагогическим наукам.

ISSN 1680-0761

© М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2016.
ТІРКЕУ НӨМІРІ 1432-Ж

ӘОЖ 377.031.4+53

Имашев Г. И.– педагогика ғылымдарының докторы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Губашева А.О. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: aidana.94.2010@mail.ru

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ІСКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ

Аңдатпа: *Мақалада жалпы білім беретін орта мектепте физиканы оқыту үдерісінде оқушыларға экологиялық білім беруді жетілдірудің концептуальдық негіздері, оларды жүзеге асырудың моделі мен әдіс – тәсілдері қарастырылады.*

Тірек сөздер: *Экологиялық білім, физика, ғылыми-техникалық прогресс, модель, электродинамика, оқыту әдістері, эксперимент.*

Қазіргі қоғам жағдайында экологиялық білім беру жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі мәселесі болып табылады. Экологиялық білім берудің мақсаты – жеке адамның бойына табиғатқа деген ізгілік пен ұлтық әдет-ғұрыптарды қалыптастыра отырып «адам-қоғам-табиғат» арасындағы толық үйлесімділікті қалыптастыру және дамыту. Экологиялық білім беру әрқашанда жеке адамның тәрбиесін және экологиялық мәдениетін қалыптастырудан бастап көпшілікке үздіксіз экологиялық білім беру деңгейіне көтеріледі. Сондықтан, экологиялық білім беру өте күрделі процесс. Экологиялық білім беру дегеніміз – адамзат қауымының, қоғамның, табиғаттың және қоршаған ортаның үйлесімділігін және табиғатты тиімді пайдаланудың жолдарын халыққа түсіндіру. Оның ішінде, қоршаған орта мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану арқылы табиғатты аялай білетін, оны бүлінуден қорғайтын, экологиялық білімі мен мәдениеті жоғары, ізгілікті, адамгершілігі мол жас ұрпақты тәрбиелеудің маңызы зор. Экологиялық дағдарыстың ұлғаюын мейлінше тежеу, табиғат пен қоршаған ортаны қорғаудың жолдарын ұғындыру жалпы халықтың экологиялық сауатын ашу, жастарға үздіксіз білім беру нәтижесінде ғана іске асады.

Жас ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беру бүгінгі күн тәртібіндегі бірден-бір қажетті кезек күттірмес мәселе екендігі Қазақстан Республикасы «Қазақстан-2030» даму стратегиясында, «Экологиялық білім бағдарламасында» және Ата заңымызға негізделіп жасалған ҚР «Білім туралы» заңдарда көрсетілген. Орта мектепті бітірген жастардың көпшілігі өндіріс ортасына қосылатындықтан, олардың табиғатты ұтымды пайдалануы, оны ластанудан және бүлінуден қорғаулары үшін берік экологиялық білімдері мен біліктіліктері болуы тиіс.

Бүгінгі таңда бірінші орында тұрған ғаламдық мәселелердің бірі экологиялық дағдарыстың алдын алу, бұл адамдардың мақсатты бағытта ойластырған іс-әрекеті арқылы ғана жүзеге асады. Осыған орай экологиялық дағдарыстан шығудың жолы ретінде елімізде қабылданған «Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау», «Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар» туралы Заңдардан көруге болады.

Табиғат дамуының заңдылықтарын білмеу, қоғамдағы экологиялық сауаттылық пен тәрбиеліліктің жетіспеуі – экологиялық дағдарысты туындатушы басты себеп болғандықтан, халыққа, соның ішінде есейе келе халық шаруашылығының түрлі салаларында қызмет етіп, өмірдегі алатын орнына сәйкес

алатын орны табиғат тағдырына қатысты сан алуан жауапты шешімдер қабылдайтын өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беру көзі болып табылатын мектеп пәндерінен ұйымдастырылатын оқу-тәрбие үдерісінде пәнаралық байланыс негізінде жүйелі түрде экологиялық тәрбие беру күн тәртібінің алғашқы кезеңінде тұрған мәселе.

Орта мектепті бітірген жастардың көпшілігі өндіріс ортасына қосылатындықтан, олардың табиғатты ұтымды пайдалануы, оны ластанудан және бүлінуден қорғаулары үшін берік экологиялық білімдері мен біліктіліктері болуы тиіс.

Мектепте оқытылатын пәндердің ішінде жеке тұлғаны жан – жақты дамытып, оның ғылыми дүниетанымын қалыптастыруда физиканың алатын орны зор. Физиканың зор тәрбиелік потенциалы осы пән арқылы мектеп оқушыларына экологиялық тәрбие беріп, олардың табиғат қорғауға бейімділігін шыңдауда көп жетістіктерге қол жеткізіп, жас жеткіншектерге берілетін оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастыруды ілгерілетуге өз үлесін қоса алады.

Ғылыми мақаланың мақсаты – орта мектепте жаратылыстану пәндерін оқыту арқылы оқушыларға экологиялық тәрбие беруді ғылыми – теориялық тұрғыдан негіздеп, физика пәнінен ұйымдастырылған оқу – тәрбие үдерісінде экологиялық білім мен тәрбие берудің мазмұнын және әдістемесін ұсыну.

Зерттеудің болжамы – егер оқушыларға жаратылыстану пәндерін оқыту арқылы экологиялық білім мен тәрбие беру теориялық – дидактикалық тұрғыдан дәлелденіп, арнайы тұжырымдама мен моделдің негізінде жасалған оқыту әдістемесі арқылы жүзеге асырылса, онда оқушылардың экологиялық білімі мен мәдениеті артып, практикалық іскерлігі мен дағдысы шыңдалады, дүниетанымдық, эстетикалық көзқарасы дамиды. Себебі, табиғаттаң біртұтастығын сақтау әр оқушының тікелей экологиялық мәдениетіне, табиғатты қорғаудағы экологиялық сауатты көзқарасына байланысты.

Зерттеудің мақсаты, пәні, нысаны, болжамына сәйкес келесі міндеттерді белгілейді:

- Оқу үдерісінде оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие берудің педагогикалық негізін анықтау;
- Мектеп оқушыларына экологиялық тәрбие беру мүмкіндіктерін анықтау;
- Экологиялық тәрбие берудің өлшемдері мен көрсеткіштерін белгілеп, олардың негізінде оқушылардың экологиялық тәрбие деңгейін анықтау;
- Жаратылыстану пәндерін оқыту үдерісінде оқушыларға экологиялық тәрбие берудің мазмұны, формалары, әдістерін ұсыну, оның тиімділігін тәжірибелік педагогикалық эксперимент арқылы анықтау.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы: жалпы білім беретін орта мектепте (физика пәнін оқыту мысалында) қазіргі кезеңдегі экологиялық білім мен тәрбиенің ғылыми-педагогикалық негіздері анықталды; жалпы білім беретін мектепте физиканы оқыту үдерісінде оқушыларға экологиялық білім беруді жетілдірудің концептуальдық негіздері ашып көрсетілді; орта мектепте физиканы оқып білуде оқушылардың экологиялық дайындығының жаңа дидактикалық жүйесі дайындалды; оқыту үдерісінде оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру моделі жасалып және оның белгілері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталды.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы: жалпы білім беретін орта мектепте физиканы оқыту үдерісінде экологиялық білім мен тәрбиенің мазмұны және жүйесі анықталды; қазіргі заманғы өндіріс жағдайында физикадан экологиялық білім мен тәрбие берудегі жаңа оқу-әдістемелік жүйесінің моделі жасалды; ғылыми – техникалық прогрестің басты бағыттарының физикалық негіздерін оқыту үдерісінде оқушылардың экологиялық білімі мен тәрбиені жетілдіру мәселесінде әдістемелік кешен дайындалды.

Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру және оны жүзеге асырудағы мектеп курсының мүмкіндігін айқындау мәселелері А.Н. Захлебныйдың монографиясында И.Т. Суравегинаның, Н.М. Мамедовтың еңбектерінде көрсетілген. Авторлар экологиялық білім беру тұжырымдамаларын ұсынады, физика курсының кейбір тақырыптарын оқу кезінде экологиялық бағытталған мәселелердің қарастырылуын көрсетеді [1]. Э.А. Тұрдықұловтың әдістемелік құралында физика химия, биология,

география, табиғаттануды оқу кезіндегі негізгі экологиялық мәселелер қарастырылған. Барлық сұрақтар физикалық көзқарас тұрғысынан қарастырылады және оларды физика сабақтарында оқытуға нақты ұсыныстар беріледі, сондай-ақ экологиядан сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыру мен жүргізудің қажеттігі мүмкіндігі және рөлі көрсетіледі. В.П. Орехов пен А.В. Усованың әдістемелік құрал дарында табиғатты қорғау мәселелеріне едәуір көңіл бөлінген. Мысалы, температураны, ауа ылғалдылығын, жарықтанылуды зерделеу кезінде өсімдіктердің өсуі мен өнуі үшін бұл параметрлердің маңызын көрсету ұсынылады. А.В. Перышкин, В.Г. Разумовский, А.В. Фабриканттың басқаруымен шыққан кітапта «Политехникалық білім беру және физиканы оқыту барысында кәсіптік бағдарлау» тарауында қазіргі ғылыми-техникалық прогрессті сипаттайтын негізгі ерекшеліктердің ішінде экологиялық проблемалардың пайда болуы, осыған байланысты «табиғат –қоғам» жүйесін ғылыми реттеудің қажеттігі баса айтылады [2].

Зерттеу көсеткендей оқыту үдерісінде экологиялық білім мен тәрбиені қалыптастыруда төмендегідей міндеттер жүзеге асырылуы қажет деп есептейміз:

Біріншіден, экологиялық білім және қоғам мен адам экологиясының өзара байланысының үйлесімдігі туралы білім беру қажет.

Екіншіден, мұғалімдер қоршаған ортаның дағдарысына сын көзімен қарап, оны қорғай, болжай білудегі оқушылардың жауапкершілік сезімін тәрбиелеу тиіс.

Үшіншіден, табиғат қорғау мәселері мен экологиядан сабақ беретін мұғалімдердің білімін жетілдіру және қайта даярлау институттары арқылы арнайы курстардан өткізу керек.

Төртіншіден, қазіргі техникалық құралдар, оқытуды компьютерлендіру және оқытудың жаңартылған әдістерін өмірге енгізуді қамтамасыз ету.

Экологиялық білім беру мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін табиғи ортаны жақсартуға бағытталған практикалық әрекет пен оны интеллектуалдық және сезімдік қабылдаудың бірлігі, сонымен қатар экологиялық проблемаларға әлемдік, ұлттық өлкелік өзара байланыс арқылы келу, жүйелілік, үздіксіздік, пәнаралық ұстанымдарды басшылыққа алынуы тиіс [3].

Зерттеу барысы анықтағандай бұл міндеттерді жүзеге асыруда жеке пәндерді оқыту үдерісінде экологиялық материалдың мазмұны көрсетіледі.

Экологиялық білім берудің міндеттері:

- экологиялық білім жүйесін қалыптастыру;
- қоршаған ортаны қорғауға деген жоғарғы адамгершілік сезімі мен жауапкершілігін тәрбиелеу;
- экология саласындағы білім жетістіктері мен нормативтік құжаттарды білу.

Экологиялық білімді жүзеге асыруда білім беру аспектілерімен қатар оның негізгі ұстанымдарын сақтау керек. Олар негізінен – ғылымилық, байланыстылық, тепе-теңдік, қызығушылық, үздіксіздік, жалғастырушылық, интеграциялау, көрнекілік, қабылдаушылық және өлкелік ұстанымдары.

Талдау көрсеткендей, экологиялық білім беру педагогикалық тұрғыдан оқушыларға мақсатты түрде әсер етуді ескереді, соның нәтижесінде олар қоғам мен табиғаттың өзара ықпал ету проблемасының ғылыми негіздерін меңгереді, әр түрлі әрекет түрлерінде табиғи және түрленген ортаға әсерлерді тиімді етуге бағытталған қолданбалы біліммен, практикалық біліктілік пен дағдылармен қаруланады. Ұсынылып отырған жұмыста экологиялық материалды іріктеуде қазіргі ғылыми-техникалық прогресстің негізгі бағыттары басшылыққа алынады. Ол бағыттарды төмендегі 1 суреттен көреміз.

Көрсетілген бағыттар жаратылыстану ғылымдары, оның ішінде физиканың заңдылықтары негізінде түсіндірілетін экологиялық білімдер жүйесін құрайды. Зерттеуде көрсетілетін ғылыми-техникалық прогресстің алты бағыты (автоматтандыру, энергетика, жаңа технология, жаңа материалдар жасау, ақпараттандыру, экология) қарастырылып, олардың негізінде қолданбалы экологиялық материалдар анықталды. Анықталған экологиялық материалдар оқу үдерісінде білім мен тәрбиенің сапалы деңгейге көтерілуіне жол ашады [4].



1 сурет – Қазіргі ғылыми - техникалық прогресстің бағыттары

Зерттеу барысында осы жоғарыда айтылған экологиялық білім мен тәрбие берудің мақсат, міндеттерін ескере отыра оны мынандай концептуалдық жүйе (2 сурет) құрылды:



2 сурет – Экологиялық білім берудің концептуалдық жүйесі

Экологиялық білім берудің тиімді жүйесі қоғам мен экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі құрал деуге болады. Алдыңғы қатарлы елдердің экономикалық дамуының жаңа тенденциясы – пайдаланылатын ресурс деңгейінің жаймен төмендеуінен мейлінше үлкен қосынды бағаны алу, ресурстарды сақтау технологиясын енгізу, қалдықтарды пайдалану және ластанудан сақтандыру.

Қазіргі кезең – ғылым мен техниканың дамыған заманы.Сондықтан бүгінгі таңда орта мектептерде ғылыми – техникалық прогрестің дамуына сай сапалы білім беру өзекті мәселеге айналды [5]. Қазіргі таңда адамзаттың дамуындағы экономикалық, әлеуметтік және саяси мәселелерді шешуде білім сапасының жоғары болуының маңыздылығы аңғарылады. Білім мен ғылымның жедел дамуы жаңа технология жасақтауға, тауар өндірісінің артуына және еліміздің экономикасының дамуына өз үлесін қосары сөзсіз.Сонымен қатар қазіргі заманғы өндірісте ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттарының дамуы және еліміздің жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға сай болуы оқушылардың физиканы оқу процесі кезіндегі политехникалық білімдерін одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Эксперименттік оқуда дәлелденгендей физиканы оқыту үдерісінде экологиялық білімнің мазмұны төмендегідей мәселелерді қамтиды:

1. Қоршаған ортаға және табиғатқа адамның ғылыми және дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру;

2. Физикалық заңдылықтар мен құбылыстардың қоршаған ортадағы ролін түсіндіру;

3. Ғылыми-техникалық прогресстің қоршаған ортадағы дамуын анықтау;

4. Қоршаған ортаға өнеркәсіп пен шаруашылықтың және транспорттың әсерін көрсету;

5. Экологиялық мазмұндағы материалды іріктеу және қолданбалы білік пен дағдыны жетілдіру.

Ғылыми-техникалық прогресс бағыттарын меңгерудегі әдістемелік жүйе негізінен жалпы физиканы оқыту әдістемесіне сәйкес болуы керек және экологиялық білім мен тәрбие тиімділігін көрсететін жаңа әдіс-тәсілдер негізінде жасақталуы керек [6].

Зерттеу барысында дидактикалық жүйе жасалып, эксперименттік сынақтан өтті. Әдістемелік жүйе моделі деп қазіргі білім беру парадигмасына сәйкес экологиялық білім берудің мақсаты мен міндеттері, мазмұны, әдістері мен тәсілдерін айтамыз. Ұсынылып отырған модель экологиялық білім, біліктілік және дағдының жоғары дәрежеде дамуын және экологиялық компетенттілікті қалыптастырады.

Біздің ұсынып отырған экологиялық білім мен тәрбиені жетілдіру жүйесінің моделі мен оның құралдармен жабдықталуы қазіргі автоматиканың, электрониканың, электр энергетикасының, микропроцессорлық техниканың физикалық негіздерін қарастыруда оқушылардың экологиялық дайындығын ұйымдастыру мен жүйелеуге мүмкіндік береді. Белгілі бір экологиялық мазмұнмен сипатталатындықтан әдістемелік жүйені біз біртұтас деп қарастырамыз.

Осындай әдістемелік жүйе құрғаннан кейін мектепте физиканы оқытуда бірыңғай экологиялық бағытты жүзеге асыруға мүмкіндік болады.

Оқу үдерісінде жаңа технология құралдарын қолдану физиканы оқытудың дәстүрлі әдістемелік жүйесін инновациялық болатындай қайта құруға мүмкіндік жасайды. Жоғарыдағы әдістемелік жүйеде көрсетілгендей ол мақсаты, мазмұны, әдістері мен құралдары, оқытуды ұйымдастырудың түрлері және оқыту мақсатына жетуді бақылаудан тұрады. Осындай жүйелік бағытты тек оқу үдерісіне ғана емес, сабаққа да қолдануға болады.

Физика курсы бөлімдеріндегі экологиялық материал жүйесінен экологиялық білім мен дағды және оның құрылымы шығады. Сондықтан экологиялық білім мен дағдыны қалыптастыруды оқушылардың терең білімділігі мен тәрбиелілігінен бөліп қарауға болмайды.

Қаралуға тиісті экологиялық материалдар ғылыми принципті қанағаттандыруға, оқушылар бойында табиғатқа деген дүниетанымдық көзқарас қалыптастыруға, қоғамдағы адамдардың қоршаған ортаға әсерінің нәтижесін түсіндіре білуге тиісті. Зерттелетін сұрақтар қабылдауға жеңіл, оқушылардың жас ерекшелігін, ойлау еңбегін дамытатындай болуы керек.

Физиканы оқытуда оқушыларды ауыл өмірінен әбден танымал мысалдар келтіре отырып, физикалық құбылыстарды экологиялық ұғымдармен ұштастыра оқыту қажеттілігі туындауда [7].

Педагогикалық экспериментте электродинамика бөліміндегі заряд тасымалдаушылар, электростатикалық өріс сияқты негізгі ұғымдарға тоқтала отыра, электрлік статиканың пайда болуы, адам организміне әсері және одан қорғану жолдары жөніндегі білімдерін одан әрі дамыту көзделеді. Негізгі ғылыми-техникалық прогресс бағыттарынан шығатын жаңа технология негізінде электр өткізгіш құралдарда т.б. индустриялық-инновациялық бағыт негізіндегі экологиялық мәселелерді қарастыруға болады.

Зерттеу анықтағандай экологиялық білімді қалыптастыруда инновациялық оқыту технологиясының тиімділігін анықтау келесі мәселелерге бағытталады: модульдік оқыту технологиясы арқылы оқушылардың экологиялық, танымдық қабілетін арттыру; компьютерлік және ақпараттық оқыту арқылы жоғары

сынып оқушыларына үздіксіз, жан-жақты экологиялық білім беру; деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы арқылы оқушылардың алған экологиялық білім деңгейін анықтауға мүмкіндік беру.



3 сурет – Экологиялық білім берудің моделі

Аталған міндеттерді шешуге іс жүзінде педагогикалық процесті зерттеу әдістері: бақылау, сұрақ-жауап, лабораториялық жұмыстар, демонстрациялық эксперименттер, физикалық практикумдар, оқулықтар мен құралдарды талдау қолданылады. Электродинамика курсы бойынша оқушылардың экологиялық білім деңгейлерін дамыту мақсатында эксперименттік жұмыстар жүргізілді.

Экологиялық білім мен ұғымды тексеру тапсырмалары төмендегідей бағыттарда жүргізілді:

1. Ғылыми-техникалық прогресстің негізгі бағыттарына байланысты қазіргі өндірісте, шаруашылықта кездесетін экологиялық мәселелерді карастыру;

2. Оқушыларды қазіргі техникадағы экологиялық құбылыстар мен ұғымдар, заңдылықтармен таныстыру;

3. Техникалық және технологиялық құрылғылардың құрылысы мен жұмыс істеу принципін түсіндіру.

Оқушылардың білімді меңгеру коэффициентінен баска эксперименттік оқуда статистикалық әдіс χ^2 (Хи-квадрат) пайдаланылады.

Нәтижелерді өңдеу эксперименттік және бақылау сыныптарындағы оқушылардың экологиялық білім деңгейлерін салыстыру арқылы жүргізіледі. Экологиялық білім мен ұғымды деңгейлер бойынша анықтау үш бағытта: төмен, орташа және жоғары жүргізілді [8].

Эксперименттік сыныпта ұсынылған әдістемелік жүйені сынақтан өткізуде жаңа әдіс-тәсілдер қолданылды. Эксперименттік сыныптарға электростатика, тұрақты электр тогы, әр түрлі ортадағы электр тогы, магнит өрісі бөлімдерінен іріктеліп алынған экологиялық мазмұндағы тапсырмалар мен оқу материалдары берілді. Осы бөлімдер бойынша жүргізілген эксперимент нәтижелерін төмендегі 4 суреттен көреміз:



4 сурет – Эксперименттік жұмыстар жүргізілгеннен кейінгі оқушылардың экологиялық білім деңгейлері

Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың оқушылардың алған білім дәрежелері анықталды. Эксперименттік және бақылау сыныптарындағы деңгейлік тапсырмалар бойынша оқушылардың білім көрсеткіші:



5 сурет – Эксперименттік жұмыстар жүргізілгеннен кейінгі оқушылардың экологиялық білім деңгейлері

Педагогикалық эксперимент нәтижесі біз ұсынған дидактикалық жүйені колданған уакытта эксперименттік сыныпта экологиялық білім мен іскерліктің деңгейі шамамен орта есеппен 17 пайызға артқаны байқалды, яғни ғылыми болжам эксперименттік оқу нәтижесі арқылы дәлелденді.

Жалпы білім беретін орта мектепте физиканы оқыту үдерісінде экологиялық білім мен тәрбиенің мазмұны және жүйесі анықталып, қазіргі заманғы өндіріс жағдайында физикадан экологиялық білім мен тәрбие берудегі жаңа оқу-әдістемелік жүйесінің моделі жасалды. Ғылыми – техникалық прогрестің басты бағыттарының физикалық негіздерін оқыту үдерісінде оқушылардың экологиялық білімі мен тәрбиені жетілдіру мәселесінде әдістемелік кешен дайындалып, педагогикалық эксперименттің нәтижесі көрсетілді.

Әдебиеттер:

1. Бугаев А.И. Методика преподавания физики в средней школе. – М.: Просвещение, 1981. – 288 с.

2. Глазунов А.Т. Техника в курсе физики средней школы. – М.: Просвещение, 1977. – 159 с.

3. Физика и научно-технический прогресс / Под. ред. В.Г. Разумовского, В.А. Фабриканта, А.Т. Глазунова. – М.: Просвещение, 1980. – 159 с.

4. Шут Н.И. Электрика и магнетизм: Навч.-метод. Посібник для самост.работы. НПУ ім. М.П. Драгоманова. – Київ. – 2002. – 236 с.

5. Турдикулов Э.А. Экологическое образование и воспитание учащихся в процессе обучения физике. – М.: Просвещение, 1988. – 126 с.

6. Имашев Г.И. Развитие знаний в курсе физики. – Palmary: Academic Publishing, 2012. – 232 с.

7. Имашев Г.И. Политехническое образование учащихся в процессе обучения физике в средней общеобразовательной школе: монография. – Атырау, 2006. – 421 с.

8. Imashev G. Innovative approaches in development of polytechnic education in the process of educating to physics at high school. – Atyrau: ATGU the name of Ō. Dosmukhamedova, 2011. – 150 p.

***

Имашев Г., Губашева А.О.

Развитие экологических знаний и умений в процессе обучения физике

В статье рассматриваются концептуальные основы, модели и методы совершенствования экологических знаний в процессе обучения физике в общеобразовательной школе.

Ключевые слова: *экологические знания, физика, научно–технический прогресс, модель, электродинамика, методы обучения, эксперимент.*

Imashev G., Gubasheva A.O.

Development of ecological knowledge and skills in Physics educating process

In the articleare considered conceptual bases, models and methods of perfection of ecological knowledge in the process of educating Physics at general school.

Keywords: *Ecological knowledge, Physics, scientific and technical progress, model, electrodynamics, methods of educating, experiment.*

***

ӘОЖ 373.3

Мұханбетжанова Ә.М. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Мұханбетжанова А.У. – педагогика ғылымдарының докторы, доцент
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
E-mail: pedagogika_@mail.ru

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. *Мақалада бастауыш білім берудің мазмұнын құрудың теориясы мен тәжірибесіне терең талдау жасалып, оны жаңартудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері қазіргі көзқарастар тұрғысынан қарастырылған.*

Тірек сөздер: *Парадигма, білім беру мазмұны, жаңарту, 12 жылдық білім беру, функционалдық сауаттылық, дамыту, әлеуметтік тәжірибе, интеграция, құзыреттілік, стандарт, жеке тәжірибе.*

Ақпараттық кеңістікті кеңейту және әлемдік қоғамдастыққа кіру жағдайында адамзат ресурстарының қалыптасуындағы білім беру рөлінің өсуі еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің өлшемдері ретінде мектептің білім беру жүйесін жаңа талаптар бойынша жоспарлау үшін маңызды.

Бүгінгі күні білім беру саласы «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді Стратегиясының маңызды басым бағыттарының бірі болып танылды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіргізу туралы міндет қойған болатын. Бұл мәселені жүзеге асыруда білім беру жүйесін жетілдіру айтарлықтай рөл атқарады.

«100 нақты қадам» бағдарламасы шеңберіндегі бес институционалдық реформа бойынша білім беру саласында 12 жылдық білім беруді ендіру және функционалдық сауаттылықты дамыту үшін мектепте білім берудің стандартын жаңарту жоспарланған. Осы тұрғыдан білім мазмұнын жаңарту ұлт болашағының кепілі ретінде қарастырылуда [1, 5 б.].

Осыған орай, қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың басты міндеттерінің бірі білім берудің мазмұнын жаңарту болып отыр. Бүгінгі күн талаптарына сай жаңа білім беру оқушыларға тек белгілі бір білім, іскерлік, дағдылар жиынтығын меңгертіп қана қоймай, оқушы тұлғасын дамытуға, өмірлік проблемаларды өз

бетімен және тиімді шешуге, тұлғаның өзін-өзі анықтауына, әлеуметтенуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін білімділік, тәжірибе және әмбебап қабілеттердің жиынтығын меңгертуге бағытталуы тиіс [2, 3 б.].

Қазақстандық білім беру саласына белгілі бағыт берілді, бұл ізгіліктік, тұлғалық, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік тұрғылыр негізінде білім беру. Оның басты мақсаты – оқушының өз тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды тудыру. Мектепте әрбір бала қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын даралық ретінде қалыптасуы тиіс. Мектептің негізгі міндеті – баланың даралығын ашу, оның айқындалуына, дамуына, тұрақтануына көмек беру. Бұл білім беру мазмұнына өзгеріс енгізу қажеттілігінің бір көрінісі. Осы мақсатқа қол жеткізу міндеті білім берудің философиясы мен педагогика ғылымының парадигмалық өзгерісін әдіснамалық тұрғыдан терең талдау жасауға алып келеді.

Бүгінгі күні әлемдік білім беру үрдісінде негізгі білім беру парадигмалары қарастырылып, олардың салыстырмалы сипаттамасы жасалды. Парадигмалардың көптүрлілігі білім беру мен мәдениеттің басты мақсатына әртүрлі тұрғылар арқылы: 1) құндылықтық (аксиологиялық) – білім беру (мәдениет) адамның өмірінің мәні ретінде қабылданады, яғни мәдениетті жасау және оған жету; 2) іс-әрекеттік – білім беру (мәдениет) материалдық және рухани құндылықтарды жасауда сыналған іс-әрекеттің әдісі ретінде түсіндіріледі; 3) тұлғалық – білім беру (мәдениет) белгілі бір тұлға типінен көрініс табады. Сондықтан мәдениетке деген әртүрлі көзқарас білім беруде әртүрлі парадигмаларға алғышарт ретінде алынады (Т.Кун, В.Н. Садовский, А.М. Новиков, Г.П. Щедровицкий, Е.В. Бондаревская, А.П. Сейтешов, Ш.Т. Таубаева және т.б.) [3, 61 б.; 4, 64 б.; 5, 365 б.; 6, 7 б.].

Бұл бағыттар еліміздегі білім берудің жаңа мазмұнын құрастыру арқылы әлемдік білім кеңістігімен интеграцияланып, осы кеңістіктегі білім беру талаптарына жауап бере алатын деңгейге жеткізуді көздейді. Осыған орай, қазіргі отандық педагогикалық қоғам білім берудің нәтижеге бағытталған жаңа мазмұнын құрастыру, сынақтан өткізу және оны тәжірибеге енгізудің ауқымды міндеттерін жүзеге асыруда.

Білім беру мазмұны мәселесі педагогика ғылымында негізгі болып табылады. Ең алдымен мазмұны арқылы білім беру мекемесі білім беру өмірдің сұранысы мен талаптарына жауап береді, әртүрлі өмірлік сфераларда ұрпақтардың сабақтастығын қамтамасыз етеді, тұлғаның, оның дүниеге көзқарасының, әлемге және өз-өзіне деген адамгершілік қатынасының қалыптасуындағы рөлі зор.

Білім беру мазмұны педагогикалық үдерістің мәнді жағымен де шартталады, өйткені тұлғалық сипаттағы сұрақтарға жауап береді. «Өзбетті өмірге қандай тұлға енеді?», «Ол динамикалық дамып жатқан ортада өмір сүруге қабілетті ме?», «Өзінің және қоғамның қызығушылықтары бойынша өзін-өзі өзектендіруге дайын ба?», «Қандай құндылық бағдарлардың тасымалдаушысы болады?», «Ойлары мен идеялары қаншалықты шығармашыл болады?», «Тұлға қоғамда қандай өмірлік позицияны ұстанады?», «Қоршаған ортаға, басқа адамдарға қандай қатынасының көрінуімен сипатталады?».

Білім беру мазмұны категориясы адамдарға белгілі табиғат, адам, қоғам туралы білімдері, белгілі іс-әрекет тәсілдерін орындаудағы адамға тән біліктіліктер туралы алынған білімдері; қоғам алдында туындайтын жаңа мәселелерді шешу тәжірибесі; өмір, табиғат, қоршаған орта тағы басқалар туралы ойлары көрсетілген әлеуметтік тәжірибені бейнелейді. Кейде адамзаттың әлеуметтік тәжірибесін жалпы адамзат мәдениеті деп атайды[6,34б].

Сан мыңдаған даму тарихында адамзат өте көп білім жинақтады. Жасөспірім ұрпақ осы білімді игерген кезде ғана өркениет дамуы жүзеге асады. Бірақ, жинақталған білімнің барлығын адам түгелдей меңгере алуы мүмкін емес. Сондықтан ең маңызды, негізгі білімдер мен біліктіліктерді таңдау мәселесінің орны ерекше. Әлеуметтік тәжірибе мектептегі білім беру мазмұнында түрлі пәндерге бөлініп көрініс табады. Сонымен, білім беру мазмұнын оқушылар үшін сұрыптау

мәселесі И.Я. Лернер, В.С. Леднев, В.В.Краевский, М.Ж. Джадрина т.б. еңбектерде ашылған. Онда ғылыми білімнің пәндік құрылымының өскелең ұрпаққа білім берудің пәндік аймағына әсері қарастырылады [7, 67 б.; 8, 43 б.; 9, 44 б.; 10, 9 б.].

Білім беру мазмұны – педагогикалық бейімделген білімдердің, іскерліктердің және дағдылардың жүйесі, шығармашылық іс-әрекеттің тәжірибесі және дүниеге деген эмоционалдық-құндылықтық қатынас, оларды меңгеру тұлғаның дамуын қамтамасыз етеді. Жалпы білім берудің мазмұны оқушыларды әлеуметтік, кәсіптік емес іс-әрекетке қатынасуын қамтамасыз етеді. Әрбір индивидтің дүниеге деген қатынасын ондағы өз орнын анықтауды азаматтық позициясын шарттандыратын дүниеге көзқарасты, құндылықтар мен мұраттар жүйесін қалыптастырады.

Білім мазмұнының қайнар көзі – материалдық және рухани мәдениетте бекітілген адамзаттың әлеуметтік тәжірибесі болып табылады. Әлеуметтік тәжірибе 4 элементті енгізеді: білім /олардың түрлерінің жиынтығы индивидте қоршаған шындық туралы жалпы түсінік және қажетті іс-әрекетте бағытталғандығын анықтайды/; іс-әрекеттің тәсілдерін жүзеге асыру тәжірибесі /оны меңгеру барысында іскерліктер мен дағдылар қалыптасады, олардың қызметі жинақталған мәдениетті қайта жасап сақтап және дамыту болады, сол арқылы қоғамның репродуктивтік іс-әрекеті қамтамасыз етіледі/, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі /оның функциясы – мәдениетті әрі қарай дамыту/; шындыққа, өз іс-әрекетіне, өз-өзіне деген эмоционалдық-құндылықтық қатынастың тәжірибесі [9, 47 б.].

Педагогикада жалпы орта білім мазмұнын қалыптастырудың негізгі жалпы әдіснамалық ұстанымдары: оқу материалының жалпы білім беру сипаты, мазмұнның азаматтық және адамгершілік бағыттылығы, оқу материалының қоғам өзгерісіндегі практикамен байланысы, оқу материалының негізгі және жүйелік сипаты, оқу курсының интеграциялылығы, білім мазмұнының ізгіліктік, этикалық бағыттылығы, оқу материалының дамытушылық сипаты, оқу пәндерінің өзара байланыстылығы, білім мазмұнының эстетикалық аспектілері түрінде көрсетілген [9, 49 б.].

Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын және Білім мен ғылымды дамытудың 2014-2016 жылдарға арналған басым бағыттарын іске асыру аясында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бірлесе отырып орта білім мазмұнын жаңартуда «НЗМ» ДББҰ тәжірибесін республиканың жалпы білім беретін мектептеріне жүйелі бейімдеу мен тарату бойынша жұмыстар жүргізілуде [2, 26 б.; 11, 5 б.].

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жаңарту «өмірлік білім алу» тұжырымдамасынан «өмір бойы білім алу» тұжырымдамасына қарай өтуге; білімді үнсіз тыңдаудан ынталылыққа, білімнен құзыреттілікке бағытталған.

Бүгінгі таңда «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпығы міндетті стандарты» әзірленіп, ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген [12, 3 б.]. ББ МЖМС-ның инновациялық сипаты оның тек білімді меңгертуден алған білімді өмірде қолдана алу парадигмасына ауысуымен танылады. Оның түп мәні оқытудың мақсаттары кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру арқылы оқытудың нәтижесіне қарай бағытталуында. ББ МЖМС негізінде «НЗМ» ДББҰ жаңашыл тәжірибелерін есепке алумен бастауыш білім берудің жаңартылған үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары әзірленген.

ББ МЖМС тұжырымдамалық негіздері мен жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері ескеріле отырып пәнінің оқу бағдарламасы жасалып, «Жаңартылған білім беру мазмұнын пилоттық енгізіу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі №159 бұйрығына сәйкес 2015 жылғы 1қыркүйектен бастап республиканың 30 пилоттық мектептерінде (бірінші сыныптарында) жаңартылған оқу бағдарламалары мен жоспарлары апробациядан өткізілуде. Соңғы жылдары педагогикалық қауымдастықтың көңілін аударып отырған Назарбаев зияткерлік

мектебінің білім беру бағдарламасы ерекше қызығушылық тудырып отырғандығы белгілі. Республикада аталған мектеп тәжірибесін жалпы білім беретін мектептер тәжірибесіне жүйелі бейімдеп тарату жұмыстары қолға алынуда.

«Қазақстан Республикасы бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» ерекшеліктеріне тоқталамыз [12, 9 б.]. Бұрынғы стандарттар оқушылардың іргелі білімінің қажетті деңгейін қамтамасыз еткенімен, олардың білімді өз бетімен ізденуге, оны талдап, тиімді қолдануға бағытталмаған. Бұл стандарттың қолданыстағы стандарттан айырмашылық ерекшеліктері *нәтижеге негізделген білім беру моделін құру*. Басқаша айтқанда, педагогикалық мақсат қоюдың мәні өзгеріп отыр, өйткені мақсат оқушы үшін де, мұғалім үшін де ортақ болып табылады.

ББ МЖМБ тұжырымдамалық негіздері төмендегідей:

- қоғамның даму үрдісі мен заманауи шынайылығы көрініс табатын мектептегі білім берудің құндылығы, мақсаты мен міндеттері анықталған;
- тұлғаның рухани адамгершілігін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік аспекті күшейтілген;
- қазақстандық тұтас ұлтты ұйыстырушы «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет көрсету, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу тәрізді құндылықтар арқылы жүзеге асыру қамтамасыз етіледі;
- кең ауқымды дағдылар түрінде ұсынылатын күтілетін нәтижелері анықталған (білімін функционалдық тұрғыдан қолдану, АКТ дағдысы, зерттеушілік, коммуникативік, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, топпен және жеке жұмыс жасау дағдылары);
- қоршаған ортаны біртұтас қабылдау үшін пәндер мен мазмұнның кіріктірілуі қарастырылған;
- пән бағдарламалары нақты күтілетін нәтижемен қамтамасыз етілген, ол білімін практикада қолдана алуға, зерттеушілік және жобалау жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді;
- білім беру саласында күтілетін нәтиже қызметтік әрекет, яғни, оқушылардың «білуі», «түсінуі», «қолдануы», «талдауы», «жинақтауы», «бағалауы» арқылы көрініс табады;
- бастауыш сыныптар бағдарламасына дұрыс және қауіпсіз қолдануға басымдық беріле отырып, ақпараттық коммуникативтік технологиялар бойынша пәндер енгізілген, сонымен қатар ерте жастан қоршаған орта туралы бүтін түсінік қалыптастыру үшін жаратылыстану бағыты бойынша да пәндер енгізілген;
- үштілді білім беруді енгізу, тілді оқытуда коммуникативтік аспект күшейеді (тілідік дағдылар: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым);
- оқушының дамуына, оның оқуға деген ынта жігерін, қызығушылығын арттыруға бағытталған оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізу. Қазіргі заман мектептеріне бес балдық бағалау жүйесі бағаның шынайылығын анықтауға мүмкіндік бермейді.

ББ МЖМС негізінде «НЗМ» ДББҰ жаңашыл тәжірибелерін есепке алумен бастауыш білім берудің жаңартылған үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары әзірленеді. Сонымен қатар Стандартты қолдану:

1) оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде көрсетілген бастауыш білім берудің мақсаттары жүйесіне қол жеткізу есебінен оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға;

2) мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде білім беру процесін ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасау арқылы үштілді білім беру саясатын іске асыруға;

3) қолданбалы сипаттағы міндеттерді шешу үшін білім алушылардың теориялық білім негіздерін меңгеруі мен алған білімдерін қолдана білуін дамытуды көздейтін бастауыш білім берудің академиялық және практикалық бағыттылығының үйлесімділігіне;

4) білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу пәндері мазмұнының тереңдігі мен күрделілігін қамтамасыз ететін пәндік білім мен дағдыларды кезең-кезеңмен толықтырып отыруға;

5) күнделікті білім беру процесінің мазмұндық негізін айқындайтын білім берудің құндылықтары мен оқытудан күтілетін нәтижелер жүйесінің өзара байланыстылығы мен өзара шарттылығына негізделген оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі қағидатын іске асыруға;

6) балалардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ білім алушылардың ерекше білімге деген қажеттіліктері мен қосымша білім беру қызметтерін алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға қолайлы жағдайлар жасауға;

7) орта білім беру ұйымдарының типтері мен түрлерінің әртүрлілігі жағдайында бастауыш білім берудің баламалылығын қамтамасыз етуге;

8) білім беру ұйымдарындағы инновациялық практиканы қолдау мен дамытуға;

9) білім сапасын қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымдарының қызметін объективті бағалауды ұйымдастыруға бағытталған [13, 18 б.].

Білім беру стандарттарын құру – жоспарланатын білім беру мазмұнының бөлігін құру болып табылады. Бұл үдеріс нормативті - әдістемелік білімді құру кезеңінде аяқталады. Қазіргі көзқарастар бойынша стандарттар білім беру мазмұнына, білім беру үдерісінің соңғы нәтижесіне бағытталуы керек, яғни мазмұн оқушының жеке жетістігіне айналуы керек.

Стандарттау – бұл оқушы тұлғасының құрылымы деңгейіндегі білім беру мазмұнының нормативтік өзгеруінің тәсілі. Білім стандарттары мәндерінің бірі – мақсатқа жету диагностикасы. Білім берудің жалпы мақсатына сәйкес оған жетудің кіріктірілген көрсеткіші білімділік болып табылады. Білімділік – адамда әлеуметтік тәжірибенің жекеге ауысуы үдерісінде қалыптасатын тұлғалық сапасы [14, 7 б.; 15, 78 б.].

Классикалық дидактикада бұрыннан белгілі болғанымен жаңа мазмұнды жобалауда спиральдік (шиыршық) қағидасы қолданылған. Бұл қағида бойынша білім алушы бастауыш мектептегі білімді алу барысында тақырыптар мен ұғымдарды бірнеше рет қайталайды, ал әрбір қайталау барысында оның мазмұны күрделілене түседі. Пәнаралық интеграция мен ортақ тақырыптар арқылы білім алу осы қағидаға негізделген. Оқу пәні бойынша мазмұнды жобалаудың ұстанымдары өзгерді: сызықтық ұстаным спиральдік (шиыршық) ұстанымына алмасты, яғни білім мен біліктің бірте-бірте тігінен және көлденеңінен (сынып, тақырып бойынша дағдылардың күрделенуі) ұлғайтылуы. Осыған байланысты, оқу бағдарламасы мазмұнының құрылымына негіз болған спиральдік ұстаным негізге алынып отыр. Меңгерілетін оқу материалының, құрылымының, сынып және тоқсан бойынша ұсынылған пәнаралық «ортақ тақырыптардың» спиральдік ұстанымы бойынша беріледі.

Бастауыш мектеп оқушыларын айналамен таныстырудағы алғашқы түсініктер баланы қоршаған заттар мен құбылыстардан алынған: сынып, мектеп, мектеп ұжымы, мектепте жүру ережелері, оқушылардың міндеттері мен құқықтары және т.б. Осыған сай, оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бастауыш мектеп оқушыларының айналасындағы дүниеден алынады [16, 3 б.].

Білім стандарттарының жалпыпәндік мазмұнының негізгі элементтерін қарастырайық. Білім мазмұны жоғарыда айтылғандай, оқушылардың өзіндік іс-әрекеттерде меңгеретін педагогикалық бейімделген әлеуметтік тәжірибе ретінде көрінеді. Танымдық, репродуктивтік, шығармашылық іс-әрекет пен эмоционалды – құндылықтық қатынастарды жүзеге асыру тәжірибесі оқытылатын шындыққа, табиғатқа, мәдениетке, техникаға, әлеуметтік коммуникациялар мен басқа да білім аймақтарындағы шынайы нысандарға қатысты сәйкес іс-әрекет тәсілдерін қолдану жолымен іске асырылуы керек [15, 98 б.].

Педагог оқушыларға әр түрлі іс-әрекет түрлерін меңгеруді ұсынуы керек: эмоционалдық-бейнелік, логикалық және т.б. Егер іс-әрекеттің түрлері әрбір бала үшін дара есепке алса, бұл түрде балаларды оқытуда белгілі бір білім беру нысанын таңдаған жөн. Бұндай жағдайда барлық оқушыларға тек бір ғана білім беру траекториясы қамтамасыз етілмейді, берілген стандарттың ерекшеліктерінің көлемін

меңгерту, ал жеке траектория оқушыларды жекелік дамуда білім беруге әкелуде айырмашылығы көлемі қандай мазмұны да соған сәйкес болып келеді.

Жалпы мәдениеттің мазмұнына адамзатпен шешілетін іргелі мәселелерін, негізгі мақсатқа жету үшін жалпы орта білім беру мазмұнымен көрінетін әлеуметтік тәжірибемен шартталған негізгі ұстанымдар, мәндер және басқа компоненттерді біріктіреді. Олар шынайы білім беру нысандары және жалпы мәдени білімдері ереже бойынша сыныптарға және бөлек пәндерге бөлінбейді [15, 56 б.].

Бастауыш деңгей – білім берудің оқушы бойында тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуы қуатты жүретін, жоғары буындармен сабақтаса дамитын және кез келген арнайы білім алудың негізі қаланатын құнды буыны. Сондықтан білім беру мазмұнын жобалау барысында бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік-мәдени, биологиялық, психологиялық, педагогикалық ерекшеліктері мен белгілерін басты назарда ұстаған дұрыс. Л.Выготский, Н.Талызина, т.б. зерттеулері бойынша мектептің бастауыш сатысында оқушылардың зейін, қабылдау, есте сақтау және елестету, армандау және талдау, жинақтау, жалпылау, салыстыру сияқты ойлау операциялары қалыптасады. Сонымен қатар, іс-әрекетті жоспарлау, бақылау, бағалау, қорытынды шығару, өз пікірін айту, т.с.с. қабілеттері байқала бастайды [17, 38 б.; 18, 153 б.].

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін төмендегідей сипаттауға болады: нысандар, құбылыстар мен жағдаяттардың қатынастарын және сапаларын қабылдауы жеткілікті дамыған; бұрынғы тәжірибесін жаңа қабылдағанымен салыстыруға қабілетті; көп деңгейлі, көп факторлы нысандар, құбылыстар мен жағдайлардың арасындағы байланыстарға сай логикалық ойлау мүмкіндігіне ие, өзінің ойын байланыстырып жеткізе алады. Осылайша бастауыш сынып оқушыларының танымдық психикалық және тұлғалық сапалары жаңартылған білім мазмұнын меңгеруіне мүмкіндік береді деген тұжырымға келеміз.

Тұлғаның білім беру мазмұнын игеруі, ғылыми көзқарасы оның дамуының жоғары деңгейін көрсетеді. Әйткенмен, тек дүниетанымдық білімдерді игеру тұлғаның көзқарасының тұрақтылығымен қамтамасыз етілмейді. Қандай да болмасын білімнің ішкі терең сенімділігі қажет. Бұл сенімнің мәні тек білімде емес, сонымен қатар ішкі қажеттілікте, яғни не істеу керектігі мен әрекет етуінде болып табылады.

Жаңартылған білім беру мазмұны бастауыш сынып оқушысының жеке тұлғалық қасиеттерін, қызығушылықтарын арттырып, алған білімін өмірде қолдану икемділігін, құзыреттіліктерін қалыптастыруды көздейді, сондықтан білім мазмұнының іс-әрекеттік құраушысы негізгі білім беру әдістерінің бірі ретінде анықталып отыр. Себебі, оқушының бойында байқалған оқу іскерліктері іс-әрекет арқылы дамиды. *Іс-әрекеттік* тұрғыда білім беру оқушының әлеуеттік мүмкіндіктерін (қызығушылық, қабілет, басқа тұлғалық ерекшеліктер) есепке алу мен дамытуға бағдарланатын *тұлғалық-бағдарлы* білім берумен тығыз байланысты, өйткені, тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінен адами құндылықтарға бағытталады [19, 214 б.].

Жоғарыдағы пікірлерді талдау негізінде білім беру мазмұнының іс-әрекеттік құраушысы, білім мазмұнында оның танымдық және іс-әрекеттік құраушыларының арақатынасы мәселелері қарастырылды.

Бастауыш білім беру теориясындағы жаңа тұрғылардың қалыптасуы, ең бастысы бастуыш оқытудың жаңа мамұнын жобалау қажеттілігімен көрініп отыр. Жаңа оқу бағдарламалары проблемалық ойлаудың дамуына, педагогикалық интеграцияның, кіші мектеп жасындағы оқушының жан-жақты дамуына, даралауға, дифференциациялануға, әрдеңгейде оқуға, интеллектуалды сферасының дамуына, ақыл-ойының жекелей түрде дамуының шарттарын ұйымдастырумен негізделеді. Бұл барлық жалпы психикалық даму заңдылықтарын, бастауыш мектеп оқушыларының интеллектуалды даму сферасын ескереді. Таным жас ерекшелігіне сай даму көптеген зерттеулерде (Ж.Пиаже, Л.В. Выготский, Г.А. Леонтьев, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин, Н.Ф. Талызина және т.б.) орын алады. Мұнда 6 жасар баланың

сипаттамасы ұсынылған. Жоғары эмоционалды, еліктеушілік, қоршаған ортаны тануға бағыттылық, ересек адамдар мен құрдастарына әсеріне сезімшілдік. Бұл кезеңде 6 жасар баланың психикасында әр түрлі «ажыраулар» болады, яғни бала сапалы білімді қалай алады: ол ойын барысында немесе оқуда дамиды және әлеуметтік тәрбиелеу шарттары мен жеке ерекшеліктеріне сай дамиды [20, 79 б.; 17, 154 б.; 18, 97 б.].

«Жеке тәжірибеге» сүйену оқушылардың жаңа білім мазмұнының құрылуына негіз бола алады. Алты жасар баланың «жеке тәжірибесі» оның жақын айналасындағылар туралы көзқарасынан тұрады: отбасы, тұратын жері, дене бөліктері, денсаулық және адам іс-әрекеті, жануарлар мен өсімдіктер туралы. Ал, бұл дегеніміз оқу курсының мазмұны осыған байланысты басталуы керек жақыннан-алысқа қағидасына сәйкес білімнің мазмұны баланың әлеуметтік тәжірибесіне сай енгізіледі. Егер баланың оқу пәні оның күнделікті жанасатын нысандар мен субъектілер және құбылыстар болса, онда баланың мектепке бейімделуі сәтті болады [23,75б].

Бастауыш білім беруде жүзеге асырылатын білімдік үдерістің негізгі мақсаттары:

- отбасында және мектепке дейінгі мекемеде басталған бала тұлғасын жан-жақты дамытуды жалғастыруға жағдай жасау;
- оқушыларда қоршаған ортаның біртұтас бейнесін бірізді қалыптастыру;
- негізгі мектепте қоғамдық-гуманитарлық курстарды одан әрі жетістікпен зерделеуге мүмкіндік беретін пропедевтикалық базаны қалыптастыру;
- қоршаған ортамен қарым-қатынас жасаудың адамгершілік-этикалық және қауіпсіздік нормаларын қалыптастыру.

Оқу бағдарламасының негізгі реттеуші функцияларының бірі – мұғалімнің ұйымдастырушылық-әдістемелік тұлғасы мен бастауыш мектеп оқушысының оқу қызметін қалыптастыру болып есептеледі. Қазіргі кезде оқу пәндерінің педагогикалық функциялары мынадай негізгі міндеттердің орындалуын талап етеді: оқушының жеке тұлғасы мен шығармашылық қабілетінің дамуы, оқуға деген қызығушылығы мен ынтасын қалыптастыру, эстетикалық сезімдер мен адамгершілікке тәрбиелеу, өзіне және қоршаған әлемге деген эмоционалдық құндылығын ояту; білім, білік, кең ауқымды дағдыларды меңгерту, әртүрлі әрекет түрлерін жүзеге асыра білу мүмкіндіктері; бала денсаулығын психикалық және физикалық нығайту, баланың жекелігін сақтау және оған құрметпен қарау.

Мысалы, пәндерді оқу барысында оқушылар қоршаған әлем туралы білімдерді танымның әртүрлі тәсілдерін қолдана отырып, түрлі көздерден алады. «Дүниетану» пәнінің мазмұнында адам, қоғам, табиғат туралы гуманитарлық және практикалық білімдер кіріктіріледі. Білімнің бұл аймақтарының әрқайсысы бірнеше ғылымдардың білімін біріктіреді. Мысалы, адам оқушылар алдында әлеуметтік құбылыс ретінде (тұлға, отбасы мүшесі, ұжым мүшесі, қоғам мүшесі, азамат, жасампаз, тарихи тұлға ретінде қарастырылады), бұл негізгі мектепте қоғамтану, тарих, география сияқты ғылымдарды меңгерудің негізін салуға мүмкіндік береді және оқушылардың қоғамға қажетті адамгершілік және дүниетанымдық көзқарастарының қалыптаса бастауына жағдай жасайды [24, 283 б.; 25, 16 б.].

Мұғалім білім беруші ретінде емес, оқушының белсенді оқу танымдық әрекетін ұйымдастырушы болуы тиіс. Бастауыш сыныптың білім беру үдерісін ұйымдасыруда мұғалім педагогика және психологияда айқындалған бастауыш мектеп жасындағы балалардың қабылдау, ойлау және шығармашылық әрекетінің маңызды жас ерекшеліктерін есепке алуы қажет. Жас ерекшеліктеріне байланысты қабылдау, ойлау және шығармашылық әрекетін есепке алуда осы жастағы балаларда қайсысы жақсы дамыған(мұғалім неге сүйенуі керек), балаларда қайсысы нашар дамыған(қайсысын дамыту қажет) екенін білуі тиіс [26, 261 б.; 27, 240 б.].

Бұл жастағы балаларға тән ерекшеліктер:

- жаңаны білуге деген өткір құмарлық;
- жаңа әсерлерге деген сарқылмас қажеттілік;
- ашық эмоциялар (ерекше қуану, тез ренжу, жаны ашу, қатты қайғыру, толғану);

- пайымдауды сүйеді («пәлсапалық»);
- жеңіл ойлап табады, қиялдайды;
- ойынға тез араласады (дайындықпен, қуанышпен, қызығушылықпен), қозғалыс ойындарын сүйеді;
- театрландырылған қимыл әрекетке шын ниетімен қатынасады;
- сурет салуды, қолдан бұйымдар жасауды, аппликацияны сүйеді;
- бейнелік деңгейдегі (өлең, әуен, көркем бейне) әсемдік пен үйлесімділікке сезімтал;
- зияткерлік ойлауы (ұғымдық ойлау, салыстыру, жинақтау, маңыздыны бөлу, қорытынды жасау);
- зейіннің шоғырлануы төмен (оқушылардың зейіні шашыраңқы, олар ұзақ тыңдап отыра алмайды);
- мақсатқа жетуге еріктік даярлығы нашар(оқушыларда сәтсіздік сенімсідік тудырады және қызығушылығын жояды);
- бірсарынды жұмыстан тез шаршайды (іс-әрекетті алмастыру қажет);
- моделдеу және шартты белгілермен жұмыс жасау дағдысы болмайды.
Буллингты әлеуметтік-психологиялық мәселесі ретінде түсіну және түсіндірме беруде шетелдік ғалымдардың қозқарастары берілген. Казақстандық мектептердегі зорлық-зомбылық көріністерінің статистикасы, жасөспірімдік кезеңдегі буллинг процесіндегі жағымсыз іс-әрекеттер сипатталады, буллинг түрлерінің жіктелуі, көрінстердің ерекшеліктері, мектептегі буллинге қатысушылары мен мотивтері сипатталған, мектептегі буллингтың алдын алудың жекелеген әдіс-тәсілдері ұсынылады.

Тірек сөздер: *Буллинг, моббинг, кибербуллинг, агрессия, қорлау, қатыгездік, хейзинг, зорлық-зомбылық әрекеттері, булли, зорлық-зомбылық құрбаны, куәгер.*

Irgaliyev A.S., Gabdrahmanova Sh.T.

Scientific and methodological approaches to the study and prevention of bullying in school

Presents the scientific approaches of different foreign scientists to the understanding and interpretation of the essence of bullying as a socio-psychological problem. The statistics of violence in schools described negative actions in the process of bullying in adolescence, classification of types of bullying, the specifics of its manifestation, is characterized by motives and participants of bullying in school and offers particular methods and techniques for the prevention of school bullying.

Key words: *Bullying, mobbing, cyber bullying, aggression, violence, abuse, Huizinga, acts of violence, bully, victim, witness.*

***

ӘОЖ 373.2:78-057.87

Молдағалиев Б.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Батырова А.У. – №36 жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі
Кенжегалиева А.Ж. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: sholpan_0201@mail.ru

МЕКТЕПТІҢ МУЗЫКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа. *Мақалада мектептің музыка сабақтарында оқушылардың білім сапасын арттыруда ақпараттық-компьютерлік технологияны қолданудың теориясы мен әдістемесі қарастырылады.*

Тірек сөздер: *Мектеп, оқушы, музыка пәнінің мұғалімі, оқыту процесі, білім сапасы, ақпараттық-компьютерлік технология.*

Бүгінгі білім беруді жаңарту жағдайында, оны ақпараттандыру басым мәнге ие болып отыр. Жалпы бүгінгі күні әлемнің барлық елдерінің қоғамдық даму негізі болып білім, ақпарат және ақпараттық технологиялар болып табылады. Соған сәйкесті өркениет дамуының қазіргі кезеңін ақпараттандырумен және ақпараттық қоғамды қалыптастырумен байланыстыру кездейсоқ нәрсе емес.

Қазіргі таңда республикамызда білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – бұл қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану негізінде біртұтас біліми ақпараттық орта құру арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу»-деп атап көрсеткен [1]. Сондықтан білім беру саласындағы қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту процесін технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Теориялық ізденістерді және мектеп практикасын есепке ала отырып бұл мақсатты орындау үшін Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында бірыңғай ақпараттандыру саясатын және ақпараттық-телекоммуникациялық технологияны қолдану қажеттігін көрсетіп отыр [2].

Педагогика ғылымында компьютерлік, жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияларды оқу-тәрбие үдерісіне ендіруде көптеген іргелі зерттеулер жүргізілуде:

- компьютерлік оқытудың нәтижелі құралдарын енгізу Ж.А. Караев, Е.Ы. Бидайбеков, Ж.И. Сардарова және т.б. еңбектерінде;
- электронды оқулықтарды, бағдарламаларды жасау Г.Б. Ахметова, С.С. Құнанбаева, Ш.Х. Құрманалина және т.б. еңбектерінде;
- оқу үдерісі мен ұйымдастыру құрылымына жаңа ақпараттық технологияларды интеграциялау арқылы енгізу Б. Бөрібаев, М.Б. Есбосынов, Д.М. Жүсібалиева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттеледі.

Көпшілік жағдайда қазір еліміздің мектептерінде білім, білік, дағды парадигмасы негізінде оқыту үдерісі ұйымдастырылуда. Ал білім сапасын көтеру үшін 12 жылдық мектепке өткенде нәтижеге бағдарланған, бала біліктігін қалыптастыратын парадигма негізінде оқыту үдерісін жүзеге асыру керек. Оның түпкі мақсаты - әр баланың алған білімін өмірдегі жағдаяттармен байланыстырып қабылдауына қол жеткізу.

«2015-2016 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік

нұсқау хатында оқытудың әдістемелік жүйесі заманауи технологияларды пайдалануға негізделген деп көрсетілген [3].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың өздігінен іздену және зерттеу жұмыстарында, бос уақыттарында және қарым-қатынаста цифрлік технологияларды сенімді және шығармашылықпен қолдана білуге үйретеді.

Бастауыш мектепте АКТ-ны қолдану дағдылары ақпарат іздеу, алмасужәне онымен жұмыс жасау, идеяларды жинау,өз жұмысын бағалаужәнежетілдіру,алуан түрлі жабдықтар мен бағдарламалық қосымшаларды пайдалану арқылы дамытады.

«Музыка» пәні оқу бағдарламасында төмендегідей жұмыстар негізінде іске асырылады:

- музыкалық импровизациялар мен өңдеулер жасау барысында компьютерлік цифрлік технологияларды қолдану;
- ғаламтор дерекқордан ақпарат іздеу, табу алынған дәйектерді маңыздылығына қарай өңдеу және таңдау(мысалы, оқушылар веб-сайтқа кіріп, мәліметтер оқиды, іздейді, керекті мәліметтерді таңдайды, көшіреді және оны сақтайды);
- слайдтік презентацияларды жасау дағдыларын дамыту, нақты аудиторияға көрсету және қойылған мақсатқа жету үшін, түрлі дерекқордан материалдарды жинақтау;
- мультимедиялық презентациялардағы мәтінді жасау үшін, дыбыстарды, тұрақты немесе жылжымалы суреттерді біріктіріп, модель мен модельдеуді қолдану мүмкіндіктерін зерделеу;
- оқытуды виртуальды ортада, онлайн форумына қатысу, электронды байланысты пайдалану арқылы мұғалімдер және басқа оқушылармен ақпарат алмасу және хабарлама жіберу, қызметтестік, ынтымақтастық;
- белсенді оқытуға техникалық қолдау жасау үшін интерактивті тақтаны пайдалану.

Ақпараттық технологияның техникалық базасының дамуына байланысты жалпы білім беретін мектепте музыканы оқытуда, оларды пайдалануға мүмкіндік пайда болды. Бүкіл компьютерлік технологияның қажеттілігі және әртүрлі болуы (үш жақтылық, анимация, дыбыс, видео, дәстүрлі өнер техникаларын имитациялау) музыка сабақтарында компьютерді оқушының және мұғалімнің шығармашылығын және өздігінен білім алудың ашық оқыту – дамытушылық орта ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Е.А. Лобанова музыка сабақтарында мұғалімнің ақпараттық-компьютерлік технологияны қолдануының мынадай деңгейлерін анықтаған:

- бірінші деңгей: қолданушы деңгейінде компьютерді білуі – музыкалық дәстүрдің элементтерін бірізділікпен оқуға бағытталғандық – сабақ барысында оқу бағдарламаларының жекелеген элементтерін пайдалану;
- екінші деңгей: бағдарламаны кең көлемде білуі және меңгеруі – осы элементтерді синтездеуге бағытталғандық және оларды әрі қарай дамыту – өзіндік сабақ-презентацияларды жасау;
- үшінші деңгей: локальдық торапта жұмыс істеу іскерлігі – компьютерлік сыныпта кіріккен сабақтарды өткізу [4, 8 б.].

Ақпараттық технологиялардың негізгі артықшылықтары:

- музыка сабақтарында мәтіндік, дыбыстық, графикалық, видеоақпараттық және олардың құралдарын пайдалану;
- оқыту процесін қарқындату;
- сабақтың әдістемелік мүмкіндігін байыту, оны жаңа қазіргі деңгейге алып шығу;
- оқыту процесінің формаларын және әдістемесін жетілдіру;
- оқушылардың шығармашылық әлеуетін белсендету;
- дамыта оқыту илеясын барынша жүзеге асыру.

Музыка мұғалімінің жұмысында ақпараттық-компьютерлік технологияны қолданудың бағыттары:

- сабақта жаңа жадығаттарды меңгеруде көрнекіліктердің құралы: мультимедиа, видео, компакт-диск;

- баяндалған жадығаттарды бекіту (оқытубағдарламалары);
- практикалық сабақтарды, өзіндік жұмыстарды өткізу;
- оқушылардың білімдерін қадағалау және тексеру (викториналар, тестілер);
- электрондық дидактикалық жадығаттарды, презентацияларды, баяндамаларды даярлау;
- интернеттен алынған ақпаратты оқшылардың және мұғалімнің талдауы, қолдануы, сөйтіп өздігінен білім алуы;
- өнер аясында компьютерлік бағдарламаларды қолдану;
- пән бойынша қашықтықтан білім алуға мүмкіндігі;
- музыка мұғалімінің жаңа инструментарияларды меңгеруі (интерактивті тақта және т.б.);
- жеке кәсіптік сайтты құру немесе оқу орнындағы порталда мұғалімнің жеке бетін ашуы;
- педагогикалық портал арқылы кәсіптік қауымдастықтардың жұмысына қатысуы;
- пән бойынша электрондық жүрнал жүргізу;
- виртуалдық педагогикалық кеңестерге, мониторингыларға қатысу;
- сабақтың интернет-технологиялық картасын құру;
- музыка бойынша қашықтық олимпиадаға қатысуға оқушыларды даярлау.

Музыка сабақтарында дәстүрлі оқытуға қарағанда ақпараттық-компьютерлік технологияны қолданудағы артықшылықтар:

- ақпараттық технологиялар оқу ақпаратын беру мүмкіншілігін әлдеқайда кеңітеді;
- видеотехниканың қазіргі құралдары, түсті, графиканы, дыбысты қолдану шындықтың шынайы жағдайын орнықтырады;
- ақпараттық технология оқушылардың оқуға деген мотивациясын мәнді түрде арттырады;
- ақпараттық технология мұғалімдердің шығармашылық әрекетін кеңейтеді;
- әрекеттердің жаңа түрлері пайда болады (электрондық музыкалық шығармашылық);
- ақпараттық-компьютерлік технология оқушыларды оқыту процесіне белсенді түрде қатыстырады, шығармашылық қабілетін көрсетуге мүмкіндік береді, танымдық әрекетін белсендетеді
- ақпараттық-компьютерлік технология өзінің әрекетінің көрнекі түрде көруге мүмкіндік береді, өз әрекетінің рефлексиясын қалыптастырады;
- оқушылардың білім алудағы жеке траекториясын тұрғызуға мүмкіндік береді;
- оқушыларға жеке қатынас жасауды кеңейтеді;
- оқытудың адаптивті жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Музыкалық-компьютерлік технологиялар оқушыларды оқытудың, олардың интеллектуалдық және эмоционалдық-тұлғалық дамуының жетекші құралдары болып отыр. Г.Р. Тараева осыған байланысты былай деп жазды: «компьютерлік эра адамдарды ақпаратқа ғана өзінің қатынасын қайта қарап қоймай, сонымен бірге, оның коммуникативтік параметріне де осындай жағдай туды. Бүгінгі күні ақпаратты жаңаша беріп және қабылдауға, бағалауға және қолдануға тиістіміз» [5, 121 б.].

Ақпараттық технология заманында балаларда компьютерге деген қызығу шылығы өте үлкен. Бұл қызығушылық ерте жастан басталып, осыдан бірнеше жылдарға қарағанда әлдеқайда артық. Бұл ғылымдағы және техникадағы тез болып жатқан прогреспен шартталған. Қазіргі кезде балалар компьютерді тез меңгеруде, сондықтан бұл жағдай білім алуда және ақпарат құралдары ретінде көмекші болып отыр. Осыған орай, ақпарттық технологияны бастауыш мектептен бастап қолдану әрі қажетті және пайдалы. Музыкалық компьютерді (онда мыналар орнатылған: дыбыстық карта, дыбыспен жұмыс істеуге арнайы бағдарламалар) қолдану оқушылармен музыкалық сабақтарды қызықты және нәтижелі өткізуге мүмкіндік береді.

Компьютерге «Музыкалық сынып» бағдарламасы орнатылған, оның көмегі арқылы балаларға теориялық мәлеметтер береді, әрбір өткізілген тақырыпқа

тренажерлер, тестілер, қызықты тапсырмалар дайындалған және осылардың бәрі экранда бейнеленеді. Осылайша балалар сабақта аспаптармен танысады – фортепиано және синтезатормен ноталық сауаттылықты меңгереді, ритмикалық суреттермен жұмыс істейді, тестілерді орындайды, музыкалық жадығаттардың құрылысын білетін болады және т.б. Осы жұмыстардың барлық түрлерін оқыту процесінде компьютер арқылы орындауға болады.

Жаңа техникаларды қолдану сабақтарды қарқынды жүргізуге, әртүрлі тапсырмаларды тез ауыстыруға мүмкіндік береді, сөйтіп оқушылар теориялық материалды меңгеріп, оларды әртүрлі формада практикада бекітеді. Әртүрлі пәндердің (музыкалық әдебиет, музыка тыңдау, сольфеджио және т.б.) сабақтастық негізінде пәндерді оқыту тұрғысы тиімді өзгереді. Оқытудың ақпараттық технологияның теориялық құралдарының қарқынды дамуы терең білім алуға мүмкіндік туғызады.

Орта және жоғары сынып оқушыларына музыкалық-теориялық пәндерде презентацияны құрудың, құрылымдаудың, дыбыстық материалмен жұмыс істеудің, нота жазу және көркемөнер ақпараты, презентацияның мультимедияда ақпаратты безендірудің технологиясы беріледі.

Музыка пәні бойынша оқушылар өткен жадығат бойынша презентациялар жасайды: күйшілердің, композиторлардың биографиясына, шығармашылығына интернеттің көмегімен аудио-видеоматериал таңдайды. Әрбір оқушының компьютерде жұмыстарды сақтайтын өзінің папкасы болады, тақырып және компьютерлер бойынша музыкалық шыармаларды жинақтайды.

Қазіргі электронды музыкалық аспаптар, атап айтқанда, синтезатор, музыкалық компьютер оқыту процесін жаңаша жүргізуге мүмкіндік береді, оқу міндеттерінің диапазонын кеңейтеді, сөйтіп музыкалық-шығармашылық әрекетті дамытуға септігін тигізеді, оқытудың бүкіл кезеңдерінде мотивацияның жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Ақпараттың жиынтығын бүкіл форматта былайша көрсетуге болады:

- электронды мәтіндері, аудио-видеодискалары бар кітапханалар;
- көрнекі иллюстрация құралдары;
- электронды оқулықтар;
- әдістемелік ресурстар;
- бағдарлама-тренажерлер және т.б.

Осы ақпараттар жиынтығы сабақтың барлық кезеңдерінде оқушылардың оқу-танымдық әрекетін дамытуға септігін тигізеді.

Музыка мұғалімі компьютерді оқыту процесінде электронды ассистент деп, яғни қойылған міндеттерді шешуге көмектесетін құрал ретінде қарастырады. Мұндай жағдайда мұғалімнің ролі мәнді түрде өзгереді. Ол ақпарат берудің көзінен, оқу-танымдық әрекетті ұйымдастырушыға айналады.

Ақпараттық-компьютерлік технологияны (АКТ) қолдануда мынадай жетекші идеяларды басшылыққа алудың қажеттігі бар:

- АКТ арқылы сабақта оқушының ролін өзгерту қажет: енжар тыңдаушыдан, оны оқыту процесінің белсенді мүшесі қылу. Мұндай жағдайда оқушы педагогикалық әсердің объектісінен, оқу әрекетінің субъектісіне айналады;

- оқу жоспары бойынша аптасына музыка сабағы бір рет қана өткізіледі, сондықтан бұл жағдай оқушыны жан-жақты дамытуға жеткіліксіз. Осыған байланысты сабақтың қарқындылығын, оның ауқымдылығын арттыру мәселесі туындайды. бұл міндетшешудің бір жолы АКТ қолдану болып табылады;

- музыка сабақтарындағы оқыту табысты болу үшін, онда қолданылатын аудио-видеоматериалдар сапалы болу керек. Оқытудың қазіргі техникалық құралдарын (компьютер, видеомагниофон, музыкалық орталық және т.б.) пайдалану қойылған мақсатты орындауға септігін тигізеді;

- музыка сабағының міндеттерін табысты шешуде интерактивті тақтаның ролі баршылық.

Интерактивті тақта мультимедиалық жүйе бола тұрып, қозғалмайтын бейнелермен және қозғалатын видеомен, анимацияланған компьютерлік графикпен және мәтінмен, сөйлеу және жоғары сапалы дыбыспен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Осылар арқылы оқушылар тақырыпты шығармашылықпен және терең меңгеруге мүмкіндік алады. Ақпараттық-компьютерлік технологияны сабақта қолданудың тиісті орындарын анық білгенде ғана, ол оқыту процесіне оң әсер етеді.

Психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді қарастыра отырып, музыка сабақтарында АКТ қолданудың мынадай формаларын анықтадық:

- композитордың немесе күйшінің өмірі және шығармашылығы туралы презентация.Онда оның портреті, фотографиялары т.б. көрсетіледі. Мұндай презентация сабақтың бөлігі болып, ақпараттық анықтамалық ролін атқарады немесе сабақтың құрылымының негізі болады. Осындай презентацияның аяғында ауызша немесе жазбаша орындалатын тестілік немесе шығармашылық тапсырма берілуі мүмкін. Егерде тапсырма ауызша орындалса, онда пікірталас, талдау, әртүрлі ойларды ұштастыру жүзеге асырылуы мүмкін, сөйтіп тақырып бойынша басты қорытынды жасалады, яғни оқушылар сабақтың көркемдік-эстетикалық идеясын ұғынатын болады;

- операның, балеттің, концерттің, документальды фильмнің және т.б. видеофрагменттерін көрсету.Осы материалдың сабақтың қай кезеңінде көрсетілуіне байланысты, әртүрлі міндеттер шешіледі. Егерде фрагмент сабақтың басында көрсетілсе, онда тақырыпты меңгерудің бастамасы болып, сабақтың басты идеясын түсінуге ахкал жасап, негізгі образдардың шеңберіне балаларды бағыттап, күрделі шығарманы қабылдауға көмектеседі;

- музыкалық аспаптар мұражайына виртуальды саяхат жасау. Мұндай саяхатты жасауға «Музыканы түсінуге үйренеміз», «Музыкалық аспаптар мұражайы», «Музыкалық үздік шығармалар» және т.б. электронды құралдар көмектеседі. Компьютерлік дискада берілген ақпарат музыкалық аспаптар мұражайында виртуальды экскурсия, музыкалық өнердің үлгілерімен, дүниежүзінің үздік орындаушыларымен, музыкалық өнердің әртүрлі стильдерімен және бағыттарымен, елдер мен дәуірлерге саяхат жасауға мүмкіндік береді;

- интернетдүниежүзілік музыкалық жаңалықтарды біліп отыруға мүмкіндік береді, ал жаңа Flash-технологиялар сабаққа қосымша материал жинауға көмектеседі;

- музыка сабағында караоке арқылы өлең айту. XX ғ. 70-ші жылдарының аяғында Жапонияда тез таралған, танымал болған караоке деп аталатын құрылғы ойлап табылды. Бұл сөзді жапон тілінен аударса «бос оркестр» дегенді білдіреді. Сабақта оқушылар стандарттық аспаптың сүйемелдеудің орнына, караоке арқылы эстрадалық ансамбль немесе симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен өлең айтады.

Музыкалық оқытуда АКТ қолданудың мынадай тәсілдері баршылық:

- сабақ барысында бағдарламалық мультимедиа құралдарын қолдану: оқыту бағдарламаларын, электрондық оқулықтарды, видеороликтерді;

-автоматтық қадағалауды жүзеге асыру: дайын тестілерді, өзі жасаған тестілерді қолдану;

- әдістемелік бағдарламалық құралдарды жасау. Музыка оқулығына мұғалімге әдістемелік жадығаттары бар, музыкалық жадығаттардың фонохрестоматиялық дискілері шығарылды;

- әртүрлі белгіленген педагогикалық шығармашылық құралдарды жасау;

- оқуға белгіленген web-сайттарды жасау;

- internet-ресурстарды қолдану;

- компьютер арқылы коммуникациялық технологиялар: қашықтық олимпиадалар, қашықтық оқыту, тораптық әдістемелік бірлестіктер.

Электрондық басылымдарды сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болатын объектілердің типтеріне сипаттама береміз:

-сабақтың түсіндіру кезеңі. Түрлі түсті суреттер, фото-оқулықтар және әдістемелік құралдар көптеген иллюстративті материалға ие емес. Оның негізгі себебі: олардың көп болуы басылымды қымбаттады. Ал цифрлық технологиялар орасан көп шығын талап етпей, сабақты көптеген түрлі түсті иллюстрациямен қамтамасыз ете алады. Түрлі түсті фотографиялар иллюстративті қатарды кеңейтіп, оқылатын тақырыпты шынайы өмірге жақындата алады;

- слайд-шоу – бірін бірі ауыстыратын иллюстрациялар (фотографиялар, суреттер) сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолданылуы эмоционалдық, жарқындық, көрнекілік береді;

- видеофрагменттер компьютерлік технологиялармен ұштастырыла отырып, сабақтың өткізілу барысын қарқындата түседі. Атап айтқанда, паузаны, кадрдың көшірмесін жасау, жекелеген фрагменттерді үлкейту, оны мәтінмен қоса жүргізуді пайдалану мүмкіндіктері; кадр негізінде өзіндік объектіні құру және т.б.;

- қосымша жадығаттар – бұларға жалпылайтын кестелерді жатқызуға болады. Оларды сабақтың түсіндіру кезеңінде пайдаланып, бор мен тақтамен жұмыс істемеуге мүмкіндік береді;

- бекіту кезеңі. Жауабын таңдауы бар тапсырмалар – компьютерлік технологиялар тапсырмаларды талдауға, сақтауға және олармен жұмыс істеуге жағдай жасайды. Мұндай тапсырмаларда мәтінмен бірге суреттерді, мелодияны, фотографияны, видео-анимациялық фрагменттерді қолдана алады;

- қадағалау кезеңі. Мұнда викториналар, жауабын таңдайтын тапсырмалар, фото, видео және анимация қолданылады.

Ақпараттық-компьютерлік технологияның маңызды бағыты оқушыларды интернет-оқыту болып табылады.Оқулықтарда өнерді дамытуда отандық және шетел композиторларының үлесі туралы жадығаттар аз, тарихи мәлеметтердің жоқтың қасы, қазіргі музыка туралы ақпарат жеткіліксіз. Осы бағыттағы ақпаратты оқушылар интернеттен таба алады. Қазір көптеген оқу орындары интернетке қосылды, сондықтан оны білім беру процесінде тиімді пайдалану қажет.

Психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді талдау АКТ практикада қолдануда бірқатармәселелердің бар екендігін көрсетіп отыр.

Біріншіден, музыка кабинеттері АКТ қолдануға техникалық жағынан жабдықталуы әлі де жеткіліксіз. Интерактивті тақтаның жоқтығы, ноутбуктардың аздығы сабақта мультимедианы практикалық қолдануда қолбайлау болып отыр.

Екіншіден, музыка мұғалімінің өзі дыбыс және бейнелеумен байланысты бағдарламаларды өзі меңгеруі тиіс. Бұл мұғалімге оңай шаруа болмай тұр. Сондықтан біліктілікті арттыру курсында музыкалық бағдарламалауды және редакциялауға оқытуды қолға алу қажеттігі бар.

Үшіншіден, оқыту процесінде АКТ қолдануға техникалық жағынан да, әдістемелік жағынан да мұғалімдерге жан жақты көмек қажет.

Музыка сабақтарында ақпараттық-компьютерлік технологияны талапқа сай қолдану оқушылардың білім сапасын арттыратынын көрсетті.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. 2007 жыл 15 тамыз. – Б. 5-7.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. 2010 жыл 14 желтоқсан. – Б. 5-8.

3. 2015-2016 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы.

Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – Б. 27.

4. Лобанова Е.А. Использование информационно-компьютерных технологий в работе учителя музыки // Музыка в школе. – 2013. – №4. – С. 3-13.

5. Тараева Г.Р. Компьютер и инновации в музыкальной педагогике. Книга 1: Стратегии и методики. – М : Классика – XXI, 2007. – 128 с.

***

Молдагалиев Б.А., Батырова А.У., Кенжегалиева А.Ж.

Использование информационно-компьютерных технологий на уроках музыки школы для повышения качества знаний у учащихся

В данной статье рассматривается использование информационно-компьютерных технологий на уроках музыки школы для повышения качества знаний учащихся. Показаны широкие возможности компьютерных технологий в процессе обучения музыке.

Ключевые слова: *Школа, ученик, учитель музыки, учебный процесс, качество знаний, информационно-компьютерная технология.*

Moldagaliev B.A., Batyrova A.U., Kenzhegalieva A.Zh.

The use of information is and computer technology in music lessons

This article discusses the use of information is and computer technology in music lessons. The great opportunities of computer technologies are shown on the music lesson.

Keywords: *Music, learner, music teacher, educational process, knowledge quality, information computer technology.*

***

ӘОЖ 378.018.8:658.2:796.035.062(574)

Андрущишин И.Ф. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ спорт және туризм академиясы

Дошыбеков А.Б. – Қазақ спорт және туризм академиясының PhD докторанты

E-mail: Doshybekov@mail.ru

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ МАРКЕТИНГ БОЙЫНША МАМАНДАР ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ҮЛГІСІ

Аңдатпа. *Мақалада авторлар ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге сараптамалар жасай отырып, дене шынықтыру-сауықтыру қызметін көрсету саласындағы маркетинг бойынша мамандар даярлаудың теориялық үлгісін құрастыруға тырысқан. Әдебиеттерге жасалған сараптама көрсеткендей, маманның әр түрлі үлгісін жасауда оның болашақ кәсіби қызметі мен тиімді даярлықтың көрнекі және адекваттық түсінігіне бағытталған үдеріс байқалады.*

Тірек сөздер: *Үлгі, мамандар дайындау, маркетинг, дене шынықтыру-сауықтыру қызметін көрсету.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың

әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» деп атап көрсетілген [1].

Сондай-ақ ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында «спорт клубтары мен секцияларын ұйымдастыру, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық шараларды ұйымдастыру мен өткізу» арқылы тұрғындардың жаппай демалатын орындарында дене шынықтыру мен спортты дамытудың негізгі бағыттары айқындалған [2].

Жоғарыда айтылған мәселелер жастар мен тұрғындардың бойында өз денсаулығын саналы түрде нығайту мен дене жетілдірілуіне қатысты құнды бағдарлар мен пікірлерді қалыптастыру талаптарын өзекті етеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда индустриялды-инновациялық саясат жасалып және жүзеге асырылып жатқанын атап өту қажет, елдің тұрақты экономикалық және әлеуметтік салада өркендеуіне қол жеткізу, экономиканың түрлі салаларын, оның инфрақұрылымдарын дамыту, тұрғындардың нақты табыстарын арттыруға байланысты міндеттер қойылды, басқару саласында, білім беру, ғылым, денсаулық сақтау және басқа да салаларда реформалар жасау белгіленді. Оған қоса олардың іске асырылуы нарықтық шаруашылықты басқарудың барлық сатысында маркетингтік қызметтің теориясы мен практикасының дамуына байланысты болады, ол біздің елімізде маркетингті дамытудың қажеттілігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасында нарықтық қатынастарды қалыптастыру жағдайында басқарушылық және экономикалық қызметтің қарқындылығы мен ауқымы, ұйымдастырушылық-құқықтық формасы және дене шынықтыру-спорттық секциялардың функционалдық бағыттарында ғана емес, сонымен бірге «Дене шынықтыру және спорт» саласының барлық қызметтерінде де жүруде.

Жоғарыда атап көрсеткендер дене шынықтыру мен спорт саласы бойынша кәсіби мамандар даярлау талаптарын түбірімен өзгертеді, яғни жоғары мектепте білім алу барысында тек заманауи басқару мен нарықтық экономика теориялары мен практикасын меңгеріп қана қоймай, сол сияқты оған тиісті ойлау қабілетін қалыптастыра білуі, басқарушылық, экономикалық мінез-құлық мәдениетінің элементтерін игеруі және спорттық кәсіпкерлік саласында өзін-өзі айқындай білуі тиіс.

Зерттеу жұмысының мақсаты дене шынықтыру-сауықтыру қызметін көрсету саласындағы маркетинг бойынша мамандар даярлау үлгісін жасау және теориялық тұрғыда айқындау болып табылады.

Аталған мақсатты шешу жолында келесі *зерттеу міндеттері* алға қойылды:

1. Дене шынықтыру-сауықтыру қызметін көрсету саласындағы маркетинг бойынша мамандар даярлаудың үлгісін жобалау мәселесі бойынша ғылыми-педагогикалық, арнайы-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау;

2. Дене шынықтыру-сауықтыру қызметін көрсету саласындағы маркетинг бойынша мамандар даярлау үлгісін құрастыру.

Ғылыми зерттеу барысында біз бірқатар *зерттеу әдістеріне* сүйендік, атап айтқанда: ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің материалдарына талдау және қорытынды жасау, арнайы мерзімді баспасөзде жарияланған ресми құжаттармен танысу, тарихи-логикалық және салыстырмалы талдау, жинақтау, жүйелі талдау, дене шынықтыру-сауықтыру қызметін көрсету саласындағы маркетинг бойынша мамандар даярлаудың үдерісін үлгілеуге жүйелі көзқарас, даярлау мазмұнын жобалау, нормативтік құжаттармен танысу, сауалнама жүргізу.

Ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау көрсетіп отырғандай, соңғы жылдары кәсіби білім беру жүйесінде маманның әр түрлі үлгісін жасауда оның болашақ кәсіби қызметі мен тиімді даярлықтың көрнекі және адекваттық түсінігіне бағытталған үрдіс байқалады. Соңғы кездері маман үлгісі түлектің жоспарланатын сапасының нормативі ретінде қарастырылып келеді.

Үлгілеу тұлғаның өзгермейтін, дәріптелетін, жинақталған сипатын маманның кәсіби қызметінде, оның қалыптасу үдерісінде көрсетуге мүмкіндік береді.

Маманның «эталонды» сапалық-сипаттамалық үлгісі ретінде нормативтік үлгі, яғни біліктілік мінездемесі негізінде қаланатын оның кәсіпқойлығы (профессиограмма) көрсетіледі. Біліктілік сипаттамасы тұлғаға және оның кәсіби құзіреттілігіне қойылатын талаптарды айқындайтын мемлекеттік құжат болып саналады. Соның арқасында үлгі үлгісін кәсіби білім мен тәрбие мақсаттарының мазмұнын тұлғаның тексеруге қолжетімді сипаттарын көрсете отырып, білім, білік, дағдының қажетті деңгейіне жеткізуге мүмкіндік береді.

Мәселен, Е.Э. Смирнова [3] маман үлгісін жасауда негіз етіп үш деңгейдегі нақты бір кәсіптің қызметін тасымалдаушы ретіндегі адамды қарастыруды ұсынады:

- дүниетанымды (оның ішінде кәсіби), кәсіби этиканы, мәдени деңгейді қамтитын әлеуметтанушылық (социологиялық);
- нақты міндеттерді орындауға қажетті айрықша қасиеттер жиынтығын анықтайтын психологиялық;
- табысты жұмыс жасауға қажетті мүмкіндіктер мен қасиеттерді бөліп қарастыруға тиісті психофизиологиялық.

Н.И. Рейнвальд [4] қазіргі кезеңде маман үлгісін жасауда үш басты мәселені көрсетеді. Ерекше кәсіби талаптарды жалпы тұлғалық қасиеттерді (дүниетанымдық азаматтық бағытты қоса отырып) қалыптастыру талаптарымен маман үлгісін үйлестіру мәселесінде, қазіргі кезеңде кез-келген саланың маманы өз қызметін толыққанды орындай алмайды. Маман үлгісін есепке алуда барлық мамандық өкілдерінің бүкіл кәсіби қызмет жасау кезеңінде қажетті болатын тек статистикалық құрылымдар-тұлғалық қасиеттерінде ғана емес, сонымен қатар динамикалық - қоғамдық өндірістің барлық салаларында ғылым мен технологияның дамуымен байланысты азды көпті жылдам өзгеріп жатқан мәселесі. Оқытушылардың да, студенттердің де, соңғыларының таңдаған мамандықты табысты игеруге деген қарқынды және адамгершіл салауатты мүддесін қамтамасыз етуге қабілетті басқарушылық ықпалын ұйымдастыру мәселесі.

Дене шынықтыру және спорт саласында мамандар даярлау мәселесін қазақстандық ғалымдар да өз зерттеулерінде ашуға тырысқанын атап өту қажет.

В.И. Лебедева өз еңбегінде дене шынықтыру факультеті студенттерін мамандыққа бейімдеу барысында - ересек тұрғындарды сауықтыру жұмысына қарай бейімдеу жолдарын, әдістерін айқындады [5].

Б.Т. Елшиев өз кандидаттық диссертациясында дене шынықтыру саласындағы ЖОО студенттерінің дайындығын педагогикалық қызметке қарай қалыптастыру құралдарын, әдістері мен тәсілдерін анықтауға талпыныс жасаған [6].

С.Ж. Сыздықова бейімделген дене шынықтыру мамандарын даярлау жүйесінің ғылыми-әдістемелік негіздемесін жасау жұмысын жүргізуде [7].

Аталған саладағы зерттеулердің біріне И.Ф. Андрущишиннің спортшыларды психологиялық-педагогикалық даярлаудың кешенді жүйесі ұсынылатын докторлық жұмысын жатқызуға болады [8].

Мамандарды даярлау мәселесіне А.Қ. Тшановтың докторлық диссертациясы арналады. Ол спорт колледжі жағдайында мамандарды даярлау жүйесін ашуға тырысады, сондай-ақ «Бапкер-оқытушыны спорт колледжі жағдайында кәсіби-педагогикалық дайындаудың теориялық және әдістемелік негіздерін» қарастырды [9].

Жоғарыда аталған жұмыстарды қорытындылай келе, маман үлгісі мамандық бойынша білім берудің біртұтас жүйесін аша отырып, мамандар даярлауда іріктеу жасап және мазмұндық құрылымдауды қамтамасыз етуге сәйкес, педагогикалық, психологиялық ғылымдар, әлеуметтік тапсырыс, тәжірибе қажеттілігі, мемлекеттік білім беру стандарты дамуының деңгейіне маманның кәсіби қызметінің сәйкестік дәрежесін сипаттайтын белгілердің жүйесін білдіреді.

Маман үлгісіне сол сияқты оның нарықтық қатынастар жағдайында еңбек етуде, нәтижелерге қол жеткізе білуде, қоғамдық және ғылыми-техникалық

прогрестің сәйкес талаптарында оның қабілеттілігін айқындайтын кәсіби, әлеуметтік-психологиялық, шығармашылық (креативті) және тұлғалық қасиеттер де жатады.

Біздің зерттеудің аясында сондай-ақ маркетингтің мәнін ашу қажет, өйткені біз маркетинг бойынша маман даярлау мәселесін қозғап отырмыз.

Соңғысы айтып тұрғандай, дене шынықтыру жүйесінде маркетингтің маңызды мақсаты онымен айналысушылардың дене шынықтыру тұлғасын қалыптастыру болып табылады.

Маркетингтің негізгі міндеті – тұтынушының егемендігіне қиянат жасамай, оның сатып алушылық ісін дене шынықтыру және спорт саласында қызмет көрсетуде тұрақты, өмір бойы қолдаушы болатындай етіп және оған қоса маркетингті және оның мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білетін дене шынықтыру-спорт ұйымының қызметін жақтаушы ретінде қалыптастыру.

Дене шынықтыру жүйесіндегі мақсатты қатынастағы маркетинг тұлғаның дене бітімін жетілдірудегі себептер мен қажеттіліктер, салауатты өмір салтын ұстану, дене жаттығулары мен спортпен айналысатын жүйелі сабақтардан көрінетін, дене шынықтыруды қалыптастыру мен дамыту арқылы жүзеге асырылатын, негізгі қоғамдық игілік ретінде адам құндылығын белсенді молайтуға бағытталған.

Дене шынықтыру жүйесіндегі маркетинг ашық, әлеуметтік-этникалық және коммерциялық емес теория мәнмәтінінде қарастырылуы тиіс, ол оның басқару жүйесіне тек коммерциялық қана емес, сонымен бірге тұрғындардың дене тәрбиесі жүйесінің мемлекеттік және қоғамдық сектормен тығыз байланыста енуіне мүмкіндік береді.

Дене шынықтыру жүйесіндегі маркетингті ашық маркетинг теориясы тұрғысынан қарастыру заңдылығы, оның субъектілері – жекелеген тұлғалар, дене шынықтыру ұйымдары мен дене шынықтыру және спортты басқару органдары – нарықта жеке жұмыс жасамайды, тек ақпараттық, қаржылық, кадрлық, материалдық-техникалық және басқа да құндылықтардың бір-бірімен, оларға қатысты сыртқы ортамен алмасу үдерісі арқасында қамтамасыз етіледі, яғни ашық жүйе болып табылады.

Дене шынықтыру және спорт саласында мамандарды кәсіби даярлауды үлгілеудің түрлі тәсілдеріне жүргізілген талдау бізге дене шынықтыру-сауықтыру қызметін көрсету саласында маркетинг бойынша маманның үлгісін құруға мүмкіндік берді.

Үлгіні құрастыру барысында біз оның төмендегі қағидаларды қамтуын назарда ұстадық:

- болашақ мамандардың кәсіби даярлығының сапасына қоғамның қоятын талаптары;
- дене шынықтыру ЖОО студенттерінің кәсіби даярлығы мәселесі бойынша зерттеудің негізгі идеялары;
- студенттердің кәсіби даярлық үдерісін ұйымдастыру;
- студенттердің кәсіби қызметке дайындық деңгейінің негізгі критерилері мен көрсеткіштері.

Зерттеу нәтижелері. 1-кестеде біздің тараптан құрылған дене шынықтыру-сауықтыру қызметін көрсету саласында маркетинг бойынша маманның үлгісі ұсынылады.

1 кесте – Дене шынықтыру-сауықтыру саласындағы маркетинг бойынша мамандар даярлау үлгісі

Қоғамның әлеуметтік тапсырысы – ДШжС саласында заманауи маманға қойылатын біліктілік талаптары

5В010800 –«Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

Мақсатты бөлім

Мақсат: Дене шынықтыру және спорт бойынша болашақ педагогтарда маркетинг бойынша теориялық білімдерін, сондай-ақ дене шынықтыру-спорттық жұмыстарды ғылыми-негіздеуге және спорттық ұйымдарды басқаруға қажетті маркетингтік қызметтің практикалық білік пен олардың дағдыларын

Міндеттер: дене шынықтырудың болашақ маманына қажетті арнайы білім мен білік жүйесін қалыптастыру;
-дене шынықтыру және спортты басқару ғылымының заманауи жетістіктерін игеру;.
-дене шынықтыру –спорттық қызмет көрсетуді жасау мен нарыққа шығаруда маркетингтің рөлін түсіну;спорт маркетингінің кешені, қызметтері, мақсаты мен ұстанымдары туралы түсінік болу; дене шынықтыру-спорт фирмаларының маркетингтік ортаға ішкі және сыртқы әсерін бағалау;

Мазмұндық бөлім

Әдіснамалық негіздері:
Жүйелі тәсіл, біртұтас тәсіл, біліктілік тәсіл, акмеологиялық тәсіл, әрекетшілдік тәсіл, синергетикалық тәсіл

Ұстанымдар:- Нұсқалық және оңтайлылық ұстанымы
- Ахуалдық басқару ұстанымы
- Икемділік және бейімділік ұстанымы

Ұйымдастырушылық-әдістемелік бөлім

Мазмұны: «Қазақстанда және шет елде дене шынықтыру-сауықтыру қызметін көрсету маркетингінің негіздері» элективті курсы. Психологиялық тренингтер жиынтығы

Әдістер: оқытудың үлгілеу әдісі (іскери ойындар түріндегі сабақтар) (В.В.Гузеев), case study әдісі (нақты жағдаяттарды шешу), жоба әдісі, ойын технологиялары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ).

Жүргізілу жолдары: дәрістер, теориялық-әдіснамалық семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар, фестивальдер, кеңес беру, психотренингтер, шеберлік сыныптары, іскери ойындар, жобаларды қорғау, пікірталас, практикалық жағдаяттарды шешу және т.б.
Маркетингтік мақсатқа жету құралдары: маманның бет-бейнесі, жарнама

Нәтижелік-критериальды бөлім

Құрылымдар мен көрсеткіштер

Уәждемелік құрылым	**Білімдік құрылым**	**Қызметтік құрылым**
ДШжС-қа деген оң көзқарасты қалыптастыруға қызығушылық таныту -адамдарда (тұтынушыларда) дене бітімін жетілдіруге қызығушылықты арттыру; дене шынықтырудың гуманистік құндылықтарын ашу, - денсаулыққа және салауатты өмір салтына деген құндылықты қатынасты қажетсіну. -ДШСҚ *маркетингін іс жүзінде қолдану және игерудің қажеттілігі	-дене шынықтыру-сауықтыру қызметін көрсету маркетингі саласындағы білім -қызмет көрсету маркетингі саласында жаңа әдістер мен үдерістерді білу. Соңғы ғылыми зерттеулер мен ашылуларға негізделген, гигиена және дене шынықтыру саласындағы білім және білік, -қызмет көрсету маркетингінің концептуальдық тәсілдерін білу;- кәсіби құзіреттілікті, оның ішінде коммуникативті құзіреттілікті дамыту.	Жаттығу бағдарламаларының әр түрлерін білу -Сатуды ынталандыра алу -маркетингтік мақсаттар мен міндеттерді есепке ала отырып, кәсіби қызметті жоспарлау -дене шынықтыру-сауықтыру қызметін көрсетудің кеңейтілген кешенін пайдалану -адамдарда (тұтынушыларды) салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру механизмін меңгеру -дене шынықтыру-спорттық ұйымдарда маркетингтік қызметті жоспарлау және ұйымдастыру

Деңгейлер: жоғары, орта, төменгі

Болжамдық құрылғылар: В.П. Войтенко бойынша денсаулық күйін өзін-өзі бағалау сауалнамасы, коммуникативтік, көпшілдік деңгейін бағалау, (Ряховский тесті).- Кеттелдің тұлғалық қасиеттерінің сауалнамасы, өзін-өзі дамыту деңгейінің және кәсіби-педагогикалық қызметінің диагностикасы (Л.Н.Бережнова)

Нәтиже: дене шынықтыру-сауықтыру қызметін көрсету саласындағы маркетинг бойынша маман

Біздің көрсетіп отырған мәселеміз бойынша жүргізілген көптеген зерттеулердің нәтижесінде дене шынықтыру-сауықтыру қызметінің маркетингі саласында маман даярлауда, дене бітімін жетілдіру мен салауатты өмір салтын жүргізуге мүмкіндік беретін, дене шынықтыру-спорт ұйымдарының нарықтық қызметінде стратегия мен тактиканы тұлғалық иемденуді көрсететін, ғылыми-негізделген ұғымды жасауға тырыстық.

Жасалған үлгінің негізіне төмендегілер жатады:

- әлеуметтік тапсырыспен қамтамасыз етілген ДШжС саласында заманауи маманға қойылатын біліктілік талаптары;
- «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша Мемлекеттік жоғары кәсіби білім беру стандартының мазмұны;
- «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша оқу жоспары.

Осылайша, біз тараптан жобаланған үлгі былайша сипатталады: біртұтастылығымен, себебі барлық көрсетіліп отырған бөлімдер өзара бір-бірімен байланысты, белгілі бір мағыналық жүктемені алып жүреді және – ДШ болашақ маманының анағұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізуіне - соңғы нәтижеге жұмыс істейді. Одан басқа, үлгі сындарлығымен сипатталады, өйткені практикалық әрекеттер мен ашықтықты ұйымдастыру құралы ретінде көрінеді, себебі ЖОО-да ДШ болашақ педагогын кәсіби даярлау жүйесінің мәнмәтінінде орнатылған.

Әдебиеттер:

1. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. 17 қаңтар 2014 ж.*
2. *Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы. 2 желтоқсан 1999 жыл №490.*
3. *Смирнова Е.Э. Жоғары білімді маман моделін қалыптастыру жолдары. – Л., 1977. - 140 б.*
4. *Рейнвальд Н.И. Маман модели //XXI ғасыр табалдырығындағы студент. – М., 1990. – 152 б.*
5. *Лебедева В.И. Дене шынықтыру факультеті студенттерінің дайындығын ересек. тұрғындармен сауықтыру жұмысына қарай жетілдіру / Пед. ғыл. канд... дис. – Алматы, 1997. – 138 б.*
6. *Елшиев Б.Т Дене шынықтыру бейінді ЖОО студенттерінің дайындығын педагогикалық қызметке қарай бейімдеу / Пед. ғыл. канд... дис. – Алматы, 2003. – 152 б.*
7. *Сыздықова С.Ж. Бейімделген дене шынықтыру мамандарын даярлау жүйесінің ғылыми-әдістемелік негіздемесі / Пед. ғыл. канд... дис. – Алматы, 2006. – 145 б.*
8. *Андрущишин И.Ф. Спортшыларды психологиялық-педагогикалық дайындаудың кешенді жүйесі / Пед. ғыл. д-ры ... дис. – Алматы, 2008. – 334 б.*
9. *Тшанов А.Қ. Бапкер-оқытушыны спорт колледжі жағдайында кәсіби-педагогикалық дайындау. / Пед. ғыл. д-ры ... дис. – Алматы, 2010. – 323 б.*

***

Андрущишин И.Ф., Дошыбеков А.Б.

Теоретическая модель подготовки специалистов по маркетингу в сфере физкультурно-оздоровительных услуг

В статье на основе анализа научно-педагогической литературы авторы попытались сконструировать теоретическую модель подготовки специалистов по маркетингу в сфере физкультурно-оздоровительных услуг. Обзор литературы показывает, что наметилась тенденция к разработке различного рода моделей специалиста, предназначенных для наглядного и адекватного представления его будущей профессиональной деятельности и эффективной к ней подготовки.

Ключевые слова: *Модель, подготовка специалистов, маркетинг, физкультурно-оздоровительные услуги.*

Andrushishin I.F., Doshybekov A.B.

Theoretical model of training of specialists on marketing in the sphere of sports and improving services

In article on the basis of the analysis of scientific and pedagogical literature authors tried to design theoretical model of training of specialists on marketing in the sphere of sports and improving services. The overview of literature shows that the tendency to different development of the models of the specialist intended for evident and adequate representation of its future professional activity and effective preparation to it was planned.

Keywords: *Model, training of specialists, marketing, sports and improving services.*

***

UDC 371,3

Kismetova G. – Candidate of Pedagogic Sciences,
Associate Professor, M.Utemisov WKSU
E-mail: galiya-1969@mail.ru
Karabay A. – M.Utemisov WKSU Master's Degree student
E-mail: karabay.a@mail.ru

COMPETENCE APPROACH AS A METHODOLOGICAL BASIS OF FORMATION OF GRAMMAICAL COMPETENCE OF FUTURE TEACHERS

Abstract. *The present stage of development of society is characterized by increased attention to improving the educational process and education.According to experts competitiveness of human in the modern labor market is largely dependent on its ability to acquire and develop the skills and competencies that can be applied to a variety of situations.*

Competence approach in training is manifested in the development of a new activity for the entity when it acquires the ability to perform new student or the student's actions.

Competence - a direct result of education, expressed by students in mastering a certain set ways of life. They begin to manage their activities, using a variety of educational outcomes, creating their own "resource package", that necessary for the formation of competence.

Keywords: *Competence, competence approach, grammatical concept, grammatical competence, communicative approach, conceptual approach.*

According to experts, competitiveness of human is largely dependent on its ability to acquire and develop skills and competencies that can be applied to a variety of situations.

The modern world is going through an important turning point in its history. We live in an era of advancing globalization, the evolution of the means of communication that are changing the way we live, communicate and thinking are special requirements to the educational system. The future depends on the ability to understand and accept new concepts, make the right choices, to learn and to adapt to changing conditions throughout life. The new century poses to the future experts with professional language training, but offers new opportunities.

The new generation of computers, the World Wide Web led to changes in the role of the individual in the development of society. The way in which people create, build, store, transmit information - has radically changed therefore changed the form of training and work.

Today, more and more updated knowledge economy based on the integration of science, industry, education, and ensuring the continuity of the generation, development and practical using this knowledge.

These trends in the development of civilization of modern times define the challenges to education. Education will be effective only if it will meet the requirements of a new era, so now the goal of education around the world is to meet the needs of a modern economy and society. In this regard, the most demanded competences and abilities of people in the emerging new economy of knowledge is the ability to acquire knowledge, apply them to structure and generate.

The term competence (*from the Latin. Competere - conform, be suitable*) – the ability to apply knowledge and skills to successfully operate on the basis of practical experience in solving problems of a general kind, in particular a wide area. Competence - the basic quality of the individual, including a set of interrelated personality traits necessary for qualitative and productive activities.

This day, the main trends affecting the conceptual basis of the education system, should be considered as a transition based on competence. As we know, the competence approach interacts with personality-oriented, which is the methodological basis of both the stage of secondary general and vocational education. Rightly believes that the competence-oriented education is a global trend in the global education system. It is obvious that in line with the competence approach and built a system of philological education in foreign languages.

The concept of competence includes not only cognitive and operational and technological components, but also motivational, ethical, social and behavioral. It includes learning outcomes (knowledge and skills), the system of value orientations, habits andet al. Competence formed in the learning process, and not only in school, but also under the influence of family, friends, work, politics, religion and culture. In connection with the implementation of this approach depends on the competency throughout the whole educational and cultural situation in which the student lives and develops.

According to researchers, the competence approach is based on the activity approach is its logical continuation, in particular in the field of foreign language learning. According to I.L. Bim, "competence approach is a further development of activity approach to education, based on the results generated by the activities, acting both in the form of tangible products, and in the form of spiritual increments, including in the form of knowledge, skills, abilities, values orientation and at least a minimum of experience in the practice of the generated activities".

As we can see, the modern goal of foreign language teaching is not limited to the formation of language skills and speech skills. Competence approach extends the pragmatic component of learning objectives: in the process of language learning students develop their communicative competence, through which the formation of the core and the remaining (at profile training stage) the most basic fundamentals of professional competencies to meet the challenges of social activities in the various areas.

Competence approach treats the basic task of education in the field of learning a foreign language as the development of students' key competencies – namely – education. Educational competence is an integrative personality complex, which is expressed in the unity of the theoretical and practical student's willingness and ability to implement educational activities.

As an academic discipline, a foreign language, in addition to its core functions (education and general education), performs a number of additional, which contribute to the development of the individual personality traits as creativity and logic. In addition, we should not forget that the primary purpose of teaching a foreign language is the formation of foreign language communicative competence, the successful establishment of which is impossible without the grammatical competence. The role of the grammar of a foreign language is not only the use of grammatically correct phrases and sentences, but also in mastering the system of rules relating to the derivation, logic of construction proposals, as well as the ability to use their own language. If you come to consider the grammar of any language from the formal aspect, it is possible to determine that this

term understand the rules of the system, which allows the orderly chain of elements, i.e., build remarks and suggestions.

The process of forming the grammatical competence of preparation of future teachers of a foreign language, one of the challenges put to develop an optimal model of teaching grammar of the foreign speech based on an intercultural approach, which includes: a) a concept; b) target; c) substantial; g) technology; e) the effective components. The model suggests the close relationship of the teacher with the students in order to achieve positive results and goals of education.

1. Competence approach is the basis of modern vocational education system. Preparation of future teachers of a foreign language, the result of learning to become a competent person who owns the necessary set of general cultural, professional and general professional skills. This approach is dominated by research and practice-oriented focus of the preparation of future bachelors to implement intercultural interaction.

2. Intercultural approach with regard to learning the grammatical side of foreign speech promotes interaction native and foreign cultures when negotiating two language (including grammar) systems; It provides continuous extrapolation of information obtained in the grammar of the native language; promotes understanding of similarities and differences of the two conceptual pictures of the world, as well as their fixation in the languages: the native and foreign; developing tolerance and understanding with the possible complications in the process of intercultural communication; the willingness of students to ensure the implementation of intercultural communication in a foreign language.

3. Communicative and Cognitive approach of speech focus of the learning process, which is based on simulation of acts of cross-cultural interaction by creating situations, covering various spheres of activity of the future teachers of a foreign language. Given the role of students as active participants in the learning process we are working on the model, cognitive orientation contributes to greater personalization and awareness, harnessing all available resources of individual students with support in their linguistic, metacognitive and personal experience.

4. Person-oriented approach, according to which the formation of intercultural competence of students takes place by taking into account the personal characteristics of the students, their ethical and moral values, as well as the active use in learning 2FL authentic materials. In accordance with this approach, each student is an active participant in the educational process with their own ways of studying 2FL.

Dedicated contact approaches to FL learning involves implementation of a system of principles of formation of grammatical competence of future teachers FL composed of:

1. "dialogue of cultures" principle;
2. The principle of consciousness in learning the grammatical side of foreign speech;
3. The principles of intercultural communicative focus of the learning process of the foreign language grammatical speech;
4. The principle of situational intercultural directed learning grammar of a foreign language;
5. The principle of quantization in the formation of grammatical competence;
6. The principle of domination problem tasks intercultural orientation in teaching foreign language grammar;
7. The principle of trinity grammatical form, the function of speech and intercultural aspects.

Communicative and cognitive approach based on the principle of consciousness and theory social construct, according to which the students are active participants in the learning process rather than the object of the teacher training activities. Cognitive theory suggests the development of thinking in the process of mastering any phenomenon. Education should not be based on purely mechanical

perception and memorization of material. Future teacher in the field of professional communication Foreign language texts, should be actively involved in the educational process, they need to understand and clearly aware of the nature and purpose of use in the professional activity of the studied techniques, methods or designs. Moreover, the cognitive approach includes not only the student-centered, but also socially-oriented nature of the training. The training is dominated by mutual learning and cooperation between teachers and students, which placed the problematic task, sought the best ways to address them, are discussed and corrected mistakes [1, p. 25].

The methodical literature scholars uniquely suited to the term grammatical competence. Grammatical competence – the ability to make the correct language in the proposal and statements in unlimited quantities.

Analysis of modern state educational foreign language standards for high school (baccalaureate), as well as the works of leading scientists in the field of professional foreign language education and methods of teaching foreign languages in high school allows, on the one hand, to talk about the formation of future teachers in the field of professional communication of written texts grammatical competence (syntactic aspect), as one of the main objectives of foreign language teaching and the usefulness of the discursive approach to achieve this goal, and on the other hand, the lack of practical methods of forming this competence. This circumstance makes it necessary to create a model of methodical system of formation of grammatical competence.

Any methodical system is a certain orderly and well-organized set of interrelated objects, forming a unity. The components included in the system, constitute an integral complex, allowing to simulate the process of training and education. Thus, the modeling of the pedagogical process of formation of grammatical competence (syntactic aspect) student bakalavrita towards training "future teachers" assumes its consideration as a system that includes elements such as the purpose, objectives, content, approaches, principles, components, steps, forms, , methods, techniques, criteria, indicators, levels of organizational and methodical conditions, results.

Under the concept of grammatical competence we understand a person's ability to communicative expediency and situationally-appropriate use of grammar knowledge of foreign language and skills to implement their verbal behavior in this foreign language in the communication process.

Grammatical competence is an integral part of the linguistic (language) competence, which, in turn, is part of communicative competence. Linguistic competence ensures the possession of the vocabulary of the language and the ability to integrate lexical units into meaningful statements through the knowledge of grammar and speech processing. It's traditionally represented as a set of teaching units in the vocabulary section, grammar and phonetics.

Grammatical competence is associated with knowledge of grammatical resources and ability to appropriately use them in speech. It includes:

a) The ability to understand and express a certain meaning, processing it in the form of statements, constructed according to the rules of the language;

b) Knowledge of grammar, lexical units that convert into a meaningful statement;

c) Skills to adequately use grammatical phenomena in speech activity in a variety of situations of communication to solve communication problems.

Grammatical competence is based on certain knowledge, skills and ability to use them effectively in the communicative and educational process that allows students to not only speak a foreign language at the level of communication and adequate communication to solve the problem, but also a professional to use it as a learning tool.

Use of the term "grammatical competence" implies maturity from the language of the person's willingness and ability to not only understand, but also to express yourself some merit, processing it at the same time in the form of phrases and sentences, using a system of grammatical rules of the language.

Formation of grammatical competence is to create the ability to use grammatical language facilities, based on knowledge of the principles that govern the combination of lexical elements into meaningful phrases, that is the ability to understand and recognize the well-formulated proposals speaker and express their own thoughts in the process of speech production (as opposed to merely memorizing and further reproduction frozen samples). It is the ability to combine and modify words to construct grammatically correct phrases and sentences is one of the most important conditions for the practical acquisition of language, i.e., its use as a means of communication [2, p. 52].

The practical importance of mastering the grammatical competence lies in the fact that the grammar, by virtue of a general nature of its laws, promotes the mastery of a foreign language.

In the study of a foreign language subject of cognitive activity of students favor the language itself, so when we talk about the activation of cognitive activity in the process of working on the language, we mean an active mastery of language as a means of communication, receive and impart information. One way to facilitate this is correctly organized autonomous activities of students in the classroom.

In summary, it should be noted that under the grammatical competence in this study refers to the willingness and ability of a person to a communicative-situational appropriateness and adequate use of foreign language grammar knowledge and skills to implement their verbal behavior in this foreign language in the communication process.

Using the term "grammatical competence", we mean that the person is formed willingness and ability to not only understand, but also to express yourself some merit, processing it at the same time in the form of phrases and sentences, using a system of grammatical rules of the language.

General Introduction of competency as a scientific category, we look at the analysis of some definitions of "competence", "educational competence" taken from several sources:

• competence (*lat. Competens - suitable, appropriate, adequate, capable, knowledgeable*) – the quality of a person who has comprehensive knowledge in any field and whose opinion is therefore valid, authoritative.

• competence – the ability to implement a real, life-action and qualifying characteristic of the individual, taken at the time of its inclusion in the activity; because every action, there are two aspects - the resource and productive, it is the development of competence determines the conversion of the resource into a product.

• competence – willingness to solve potential problems with knowledge of the matter; includes substantive (knowledge) and procedural (skills) components and assumes knowledge of existing problems and the ability to solve it; constant updating of knowledge, knowledge of the new information for the successful application of this knowledge in specific circumstances, i.e., the possession of operational and mobile knowledge.

• competence – is the possession of the defined competencies, i.e., knowledge and experience of their own activities, allowing to make judgments and decisions.

Thus, competence – is the willingness and ability of the individual to use the theoretical knowledge and practical experience to resolve certain problems. The cognitive approach to the study of the grammar of a foreign language teacher helps in stimulating the cognitive mechanisms of students in the organization of their self-reflexive activity, which provides a comparative analysis, understanding, remembering, assignment and adequate use in speech grammatical structures of a foreign language.

Perspective development of language education in school is mainly focused on the effectiveness of educational activities and the development of an autonomous identity in the logic of competence approach. Productive autonomous training ensures the implementation of personal creativity, learning and the accumulation of their particular set of competencies to effectively use a foreign language to self-determination and self-realization, as well as for the development of its education and in this case, the

language environment. The key in this case is a foreign language communicative competence, the successful establishment of which is impossible without the grammatical competence, which in turn is to a certain extent determines the quality of mastering a foreign language and culture. Possession of these competences is confirmed by degree of freedom, independence and efficiency of studying a foreign language, and so far he has shown the willingness and ability to self-study language and autonomous development of their linguistic identity [3, p. 47].

Literature:

1. Бисембаева Ж.Н. Формирование коммуникативной компетенции у будущих офицеров на основе современных педагогических технологий. – Алматы, 2013. – 89 с.

2. Сакаева А.Н. Формирование грамматической компетенции (синтактический аспект) студентов по направленю «юриспруденция» на основе дискурсивного подхода. – М., 2015. – 108 с.

3. Драгунова А.А. Формирование иноязычной коммуникативной компетенции у студентов факультетв иностранных языков через использывание учебных интернет-ресурсов на основе технологий ВЕБ 2.0. – Ярославль, 2014. – 102 с.

***

Кисметова Г.Н., Қарабай А.А.

Болашақ мұғалімдердің оқу мазмұны мен грамматикалық құзіреттіліктерін қалыптастырудағы құзіреттілік тәсіл методологиялық негіз ретінде

Қазіргі қоғам дамуы оқу процесі мен тәрбиенің жоғары деңгейде болуына байланысты. Сарапшылардың пікірінше, бәсекеге қабілетті адам, ол көптеген жағдаяттарда қолдана алатын, өзінің қабылдау қабілетіне және білімін дамытуға, дағдысы мен құзіреттілігіне байланысты. Құзіреттілік тәсіл ол субъектінің оқуда жаңа қызмет игеруі, оқушылар мен студенттердің жаңа бағдарламаны орындай алуда байқалады. Құзыреттілік - білімнің тікелей нәтижесі, қатысушылардың нақты жинақталған қабілеттерінің қызметі. Ол оқу нәтижесінің арқасында, өзінің қызметін басқарып, өзіндік «ресурстық пакетін» құзіреттілікті қалыптастыру үшін қалыптастыра бастайды.

Тірек сөздер: *Құзіреттілік, құзіреттілік тәсіл, грамматикалық құзіреттілік, грамматикалық түсінік, коммуникативтік тәсіл, концептуальдық тәсіл.*

Кисметова Г.Н., Қарабай А.А.

Компетентностный подход как методологическая основа формирования грамматической компетенции у будущих учителей

Современный этап развития общества характеризуется повышенным вниманием к совершенствованию процесса образования, воспитания. Конкурентоспособность человека на современном рынке труда, по мнению специалистов, во многом зависит от его способности приобретать и развивать умения, навыки и компетенции, которые могут использоваться применительно к целому ряду ситуаций.Компетентностный подход в обучении проявляется в освоении новой деятельности для субъекта, когда он приобретает умения выполнять новые для ученика или студента действия.Компетентность - непосредственный результат образования, выражающийся в овладении учащимися определенным набором способов деятельности. Он начинает управлять своей деятельностью, используя различные результаты образования, формируя собственный «ресурсный пакет», необходимый для формирования компетенции.

Ключевые слова: *Компетентность, компетентностный подход, грамматическая концепция, грамматическая компетенция, коммуникативный подход, концептуальный подход.*

***

ӘОЖ 373.2

Мендалиева Д.К. – химия ғылымдарының докторы, профессор
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: mendalieva_dina@mail.ru
Серікұлы Н. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: nurbek_445@mail.ru

МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА ФИЗИКАЛЫҚ ХИМИЯ ТАРАУЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕП ШЫҒАРУДА КОМПЬЮТЕРДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа. *Бұл мақалада мектеп бағдарламасында физикалық химия тарауы бойынша есеп шығаруда кездесететін қиыншылықтар туралы айтылған. Шешім жолы күрделі есептерді жаңа технологияларды, яғни компьютерді қолдану арқылы шығарудың жолы қарастырылды. Химиялық реакцияның реттілігін есептеуде көп уақыт қажет ететіндігін ескеріп, сол есептерді компьютерлік бағдарлама арқылы оңай, әрі жылдам шешілетін әдіс қарастырылды. Мұндай тәсіл химияның теориялық негіздерін терең меңгеруге мүмкіндік туғызады, химиялық және математикалық білімдерінің интеграциясын, ақпараттық мәдениетін қалыптастырады.*

Тірек сөздер: *Microsoft Excel, жаңа технология, физикалық химия, кинетика.*

Химия – табиғаттың неғұрлым жалпы және іргелі заңдары туралы ғылым. Көптеген жаратылыстану ғылымдары химиялық заңдылықтарға сүйенеді. Ал физикалық химия тарауларын оқушылар жақсы игеріп алуы үшін оның ажырамас бөлігі химиялық есептерді шығару арқылы іске асырылады [1]. Физикалық химия есептері – бұл оқушылардан білім әдістеріне негізделген ойлау мен практикалық әрекеттерді талап ететін ситуация. Физикалық химияның маңызды тарауларынын бірі ол химиялық кинетика. Химиялық кинетикаға байланысты есептерді шешуді әр оқытушы немесе ізденуші өз тәжірибесін, оқыту әдісі мен бар шеберлігін қолдана отырып, оқушының санасына жеткізуге тырысады. Қазіргі кезде арнайы әдістер және есеп шығару тәсілдері баршылық. Есеп шығарудың өзі көп ізденісті талап еткендіктен, оқушылар үшін ең тиімдісі алгоритмдік әдіс болып табылады. Алгоритмдік әдістер есепті қолайлы жолмен шығаруға мүмкіндік туғызады [2]. Орта мектепте көптеген физикалық химия тарауларына кіретін есептер қарапайым формулалардың көмегімен шығаруды ұсынады, және олардың көпшілігі нақты жағдайдан алшақ болады. Оқушылардың химиялық құбылыстарды тереңірек түсінуі үшін, сонымен бірге пәнге деген қызығушылығы арту үшін нақты өмірге жақын есептерді шығартқан жөн.

Жалпы білім беретін мектеп жүйесіндегі химия курсында есептерді шығару сабақтары оқу үдеріснде маңызды орын алады. Оқу үдеріснде, әдетте, физикалық химия есептері оқытушы мен оқушыға қиындықтар туғызады, ол жалпы алғанда логиқалық тұжырымның көмегі арқылы химиянын заңдары мен әдістері негізінде математикалық есептеулер мен эксперименттің көмегімен шығарылады. Әйткенмен, мұндай сабақты, әдістемелік тұрғыдан алғанда дұрыс құру және өткізу біршама күрделі. Химия сабақтарында оқушыларды компьютерлік техникаға қатыстырудың әр түрлі тәсілін қолдануға болады. Олардың бірі — компьютердің көмегімен физикалық химия тарауынан есептерін шығару. Қазіргі уақытта мектептерде компьютерлердің кеңінен қолданылуына байланысты көптеген есептеулерді техника көмегімен шығару мүмкіндігі бар. Яғни аналитикалық жолмен шешуге болмайтын есептердің жуық теңдеулері сандық әдіспен алынып одан кейін компьютердің көмегімен оңай шығарылады [3; 4]. Ондай есептерге келесілер жатады:

1. Бір формуланың көмегімен бірнеше рет есептеуді қажет ететін есептер. Әсіресе графиктер арқылы орындалатын есептер.

2. Шешу барысында жоғары дәрежелі теңдеулер немесе трансценденттік теңдеулер кездесетін сандық әдіспен оңай шешілетін есептер.

3. Функциялардың экстремумдарын табу ұсынылып, ал оны аналитикалық жолмен табуға болмайтын есептер.

4. Тек сандық әдістермен шешуге болатын анықталған интегралды табуға арналған есептер.

5. Дифференциалдық теңдеулерге келтірілген есептер. Шешімі сандық әдісті қолдану арқылы табылады.

6. Теңдеулер жүйесін шешуге арналған есептер.

Мектеп бағдарламасында физикалық химия тарауынан есептерді шығару көптеген мақсаттарды көздейді: химиялық құбылыстардың мазмұнын түсінуге, ұғымдарды қалыптастыруға, оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту және оларға өз білімдерін іс жүзінде қолдана білуге үйрету, оқушыларды тәрбиелеу, білімдерін, дағдылары мен іскерліктерін қадағалау және есепке алу. Осы маңызды мақсаттарға қол жеткізу үшін есептің шартын терең түсіну қажет, оған жетудің жаңа технологиялық жолдарынын бірі - есеп шығаруда компьютерді пайдалану. Оқыту машиналы графиканы пайдалана отырып, экранда суреті көрсетілген бағдарлама жазуға, сондай-ақ қозғалысқа келтіруге болады. Компьютерлік бағдарламаның бұл мүмкіндігі көзге байқалмайтын кейбір химиялық үдерістерді демонстрациялап көрсетуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, альфа-белшектердің шашырауы, тізбекті реакция және т.б. MS Excel пайдаланып есеп шығарғанда химия теориясын, құбылыстардың және үдерістердің қолдану шекарасын анықтап, оларды аналогтық амал арқылы жүзеге асыруға болады.

Мектеп бағдарламасына кіретін химиялық кинетика, термодинамика және тағы басқа физикалық химия тарауларынан есептерді шығару үшін көп уақыт жұмсалатыны белгілі. MS Excel электрондық кестелерді қолданудың артықшылықтарына мына жағдайларды айтуға болады:

1. Автоматты түрде есептік мәндерді есептеу.

2. Формулалық қатынастармен байланысқан барлық ұяшықтарды автоматты түрде қайта есептеу.

3. Есептеу үдерісінде барлық формулалар анық, барлық мәндер қол жетімді.

4. Графикалық есептерді түсіндіре білу мүмкіншіліктері бар.

5. Түрлі қосымшалар үшін бекітілген функциялар бар.

MS Excel есептеу артықшылықтарын химиялық кинетика тарауындағы есеп шығару арқылы көрсетуге болады.

Мысал 1. Бензоилпероксид 100*С дан жоғары температурада ыдырайды. Берілген реакциялар үшін келесі кинетикалық деректер берілген [5]:

t, мин	15	30	45	60	75	90	120	150	180
C, моль/л	0,0140	0,0100	0,0070	0,0050	0,0036	0,0025	0,0013	0,0006	0,0003

Бензоилпероксидтің бастапқы концентрациясы 0,02 моль/л. Кинетикалық қисық тұрғызып,уақыт бойынша реакцияның жылдамдығының графигін салыныз. Реакция реттілігі мен орталама жылдамдық тұрақтылығын анықтаныз.

Реакция реттілігін айқындау үшін аналитикалық және графикалық әдістерін қарастыруға болады.

Аналитикалық әдіс («таңдаулы теңдеулер» әдісі, «сынамалар мен қателер» әдісі) уақыттың концентрациясына және реакцияның реттілігіне байланысты эксперименттік деректерді алмастыруға негізделген [6; 7].

а) $k_0 = 1/t(C_0-C)$, б) $k_1 = (1/t)\ln(C_0/C)$, в) $k_2 = 1/t(1/C-1/C_0)$, г) $k_3 = 1/2t(1/C^2-1/C_0^2)$.

Әртүрлі уақытта, берілген температурада k реакциясының тұрақты жылдамдығының нақты болуы реацияның анықталған реттілігіне сәйкес келеді.
Графикалық әдісі графиктегі уақыт арқылы түзу сызық беретін концентрациялық функцияға негізделген. Кинетикалық теңдеулерге байланысты, осындай функциялар жатады: нөлдік реттілік реакциялар үшін – C; реттілігі бірге тең реакциялар үшін – InC; реттілігі екіге тең реакция үшін – 1/C.

MS Excel программасындағы есептеу тәртібі:

1 кестедегі бастапқы деректер A және B бағандарына жатқызылады. Деректер бойынша Мастер диаграммның көмегімен концентрацияның уақытқа байланысты нүктелі диаграмма тұрғызылады. Бұл кинетикалық қисық деп аталады (сурет 1).



Сурет 1 – Кинетикалық қисық

Аналитикалық әдіспен реакция реттілігін анықтау үшін C3 ұяшығына мынадай формула енгізіледі а) t=15 болған жағдайда k_0 есептеу үшін. Excell–де ол (B2-B3)/A3 болып қабылданады. Ары қарай B2 ұяшығына C_0 бастапқы концентрациясының таңба орны бекітіледі. Оны белгілеу үшін міндетті түрде B2 мекеніне екі рет тышқанды басып, F4 пернесіне басу қажет. Содан соң B2 ұяшығы абсолютті болады, баған әріпінен бұрын және мекен-жай жолағының номерлерін $ символы көрсетеді. Формула ($B$2-B3)/A3 қалпын сақтайды. B2 мекенінің формуласының ауыстырылуы, B3 мекеніне қарағанда, ешнарсе өзгермейді. Маркердің көмегімен C3 ұяшығының формуласын он бірінші сызыққа дейін түсіру керек. Бұдан кейін кестенің C бағанасына t уақытының барлық мәндері үшін k_0 мәні толтырылады.

Аналитикалық түрмен б), в), г) формулаларының көмегімен D, E, F ұяшықтары толтырылады. Excell-дің сәйкес формулалары D3 ұяшығында: =LN(($B$2)/B3)/A3; E3 ұяшығында: =(1/B3-1/$B$2)/A3; F3 ұяшығында: =(1/B3^2-1/$B$2^2)/A3.

	A	B	C	D	E	F
1	*t*	*C*	*k0*	*k1*	*k2*	*k3*
2	0	0,0200				
3	15	0,0140	0,0004	0,023778	1,42857	173,46939
4	30	0,0100	0,0003	0,023105	1,66667	250,00000
5	45	0,0070	0,0003	0,023329	2,06349	397,95918
6	60	0,0050	0,0003	0,023105	2,50000	625,00000
7	75	0,0036	0,0002	0,022864	3,03704	995,47325
8	90	0,0025	0,0002	0,023105	3,88889	1750,00000
9	120	0,0013	0,0002	0,022778	5,99359	4910,13314
10	150	0,0006	0,0001	0,023377	10,77778	18501,85185
11	180	0,0003	0,0001	0,023332	18,24074	61714,50617
12				**0,023197**		
13						

Сурет 2 – Реакцияның реттілігін аналитикалық жолмен анықтау үшін есептеулер нәтижесі

Есептеулердің нәтижесінде алынған мәліметтен (сурет 2), берілген реакцияның реттілігі бірге тең екенін көруге болады, себебі әр түрлі уақытта реакцияның жылдамдық шамасы k_1 тұрақты шама болып қалады. D12 ұяшықта ортақ тұрақты жылдамдық шамасы есептеледі. Ол үшін құрылған кітапханалық функциядан СРЗНАЧ статистикалық функциясын пайдалану керек. Excel формуласы D12 ұяшығында: =СРЗНАЧ(D3:D11) түрін қабылдайды, ал есептеулердің нәтижесінде - жылдамдықтың тұрақты орталаша шамасы 0,02319 тең. Реакциялардың реттілігін анықтау үшін графикалық әдіспен G,H,I бағаналарындағы ln C,1/C,1/C^2 белгілерін есептейді. Excel-дің сәйкестендірілген формулалары: G3 ұяшықта =(B3) LN, LN функциясы кітапханалық функцияның «математикалық» категориясына жатқызылады; H3 ұяшығында: = 1/B3; I3 ұяшығында: = 1/B3^2. Ал қалған ұяшықтардағы G, H ұяшықтарының бәрі маркер көмегімен толтырылады.

	A	B	C	D	E	F	G	H	I
1	*t*	*C*	*k0*	*k1*	*k2*	*k3*	*lnC*	*1/C*	*1/C^2*
2	0	0,0200							
3	15	0,0140	0,0004	0,023778	1,42857	173,46939	-4,2686979	71,42857	5102,041
4	30	0,0100	0,0003	0,023105	1,66667	250,00000	-4,6051702	100	10000
5	45	0,0070	0,0003	0,023329	2,06349	397,95918	-4,9618451	142,8571	20408,16
6	60	0,0050	0,0003	0,023105	2,50000	625,00000	-5,2983174	200	40000
7	75	0,0036	0,0002	0,022864	3,03704	995,47325	-5,6268214	277,7778	77160,49
8	90	0,0025	0,0002	0,023105	3,88889	1750,00000	-5,9914645	400	160000
9	120	0,0013	0,0002	0,022778	5,99359	4910,13314	-6,6453910	769,2308	591716
10	150	0,0006	0,0001	0,023377	10,77778	18501,85185	-7,4185809	1666,667	2777778
11	180	0,0003	0,0001	0,023332	18,24074	61714,50617	-8,1117281	3333,333	11111111
12				**0,023197**					

Сурет 3 – Реакцияның реттілігін графикалық жолмен анықтау үшін есептеулер нәтижесі

Сурет 3-те көрсетілген мәліметтер бойынша мастерлік диаграмма көмегімен C,ln C,1/C,a/C^2 t уақытының (сурет 4) тәуелділігіне байланысты график тұрғызылады. Берілген реакцияның реттілігі бірге тең екенін көруге болады, себебі, тек lnC t-ға тәуелділігі түзу сызықты болады.



Сурет 4 – Реакцияның реттілігін графикалық әдіспен анықтаудың көрсетілімі

MS Excel электронды кестесін қолдана отырып, информатика сабағындай есептерді шешу, сол сияқты интегралданған сабақтарда, мысалы, компьютерлік сыныпта жүргізілетін химиялық тұтастығын оқыту бағдарламаларын жүргізуге іске асырылады. Мұндай тәсіл химияның теориялық негіздерін терең меңгеруге мүмкіндік туғызады, химиялық және математикалық білімдерінің интеграциясы, ақпараттық мәдениет қалыптасады, сонымен бірге мұндай тәсіл химия, ықпалдаудың теориялық негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда компьютерлік бағдарламаны мүмкіндігінше тек қажетті кезде ғана пайдалану керек. Физикалық химия тарауынан есептерді шығаруда 10-20%-не ғана компьютерлік бағдарламаны пайдаланса тиімді болады. Көбіне төмендегі көрсетілген есептер түрін шығаруда пайдаланған дұрыс болып табылады [7]:

а) Белгілі формулалар бойынша көп қайталап есептеу жүргізуді талап ететін есептер.

ә) Химиялық, процесті модельдегенде трансцендентті немесе жоғары дәрежелі теңдеулермен өрнектелетін есептер.

Бұндай есептерде әр түрлі сандық әдістерді пайдалануға тура келеді. Әдетте, сандық әдістердің көбі бірнеше рет қайталап есептеуді талап етеді.

б) Химиялық, үдерістерді модельдегенде, кейбір құбылыстарды сөзбен түсіндіру, көзбен көру киын болатын есептер.

Есептерді іріктеу кезінде төмендегі талаптарды ескерген жөн:

— есеп тек компьютерлік бағдарламаның көмегімен шығарылады немесе шешілуі өте қиын;

— компьютерлік бағдарламаны қолданғанда есеп тез шығарылады және сәйкес бағдарламаны құру көп уақытты талап етпейді;

— есептер оқушылардың логиқалық ойлауын дамытатындай, оларға сабақ болатындай мағыналы болуы тиіс.

Компьютерді пайдаланып есеп шығару процесін шартты түрде бірнеше кезеңдерге бөлуге болады:

— есептің қойылуы;

— математиқалық модель құру;

— алгоритм құру;

— компьютерде бағдарламалау;

— алынған нәтижелерді талдау.

Физикалық химиялық есептерді шығару үдерісінде көп жағдайда электронды есептеу техникасын пайдалану оқушылардың жұмысының өнімділігінін артуына

ықпалын тигізеді. Компьютер әдеттегі химия есептерін жаңа мазмұнмен толықтыруға мүмкіндік береді, оларды анағұрлым қолайлы, қызықты етеді. Физикалық химия тарауынан есептерді компьютерде шешу - информатика сабағында құратын программа басқа пәнді оқыту кезінде немесе күнделікті өмірде қажетті болатын қандайда бір жұмысты жеңілдетуге, уақытты үнемдеуге көмек жасайтын болса, оқушының бағдарлама құрып үйренуге барынша қызыға түсері сөзсіз.

Ғылым мен техниканын үздіксіз дамуы оқушы назарынан тыс қалмауы тиіс. Сондықтан біздің мақсатымыз логикалық байланыс негізінде өтілетін мәліметтерді, яғни тақырыптар мен бөлімдерді оқушылар жедел ұғынатындай етіп түсіндіру. Қазіргі кезде кейбір химиялық эксперименттің қымбатқа түсуіне байланысты оларды көрсету мүмкіндігі келмейтін себебінен химиялық құбылыстардың оқылып — түсіндірілуіндегі қиындықтардың көптігі біршама күрделі мәселе. Осының барлығы біздің заманымызда химия және оның оқытылуына компьютердің тигізетін көмегінің зор екендігін көрсетеді. Компьютерлік бағдарламаның физикалық химияның кеңінен қолданылуы — жаңа методологиллық зерттеу әдісі, яғни сандық эксперимент арқылы жүзеге асуда. Оның көмегімен өте күрделі де көп параметрлі үдерістерді бейнелеуге болады. Сонымен қатар компьютер пайдалану тәжірибені жарыққа шығаруға, дамытуға және әртүрлі гипотезалардың дұрыс-бұрыстығына неғұрлым тезірек көз жеткізуге мүмкіндік береді. Химия, математика пәндерінен ұлттық мазмұнды есептерді шығаруға арналған бағдарламалар құрып, оны сол пәнді өткізу барысында пайдаланылса, онда сабақтың тиімділігі арта түседі [7].

Оқушылар физикалық химия тарауынан есептерін компьютердің көмегімен шығаратын болса, біріншіден олардың химиялық үдерістердің нақты жағдайда қалай өтетіндігімен тереңірек танысуға мүмкіндік бола алады, екіншіден химиялық құбылыстар жөніндегі білім тереңдей түседі, үшіншіден компьютерлік бағдарламалау элементтерімен танысады, төртіншіден оқушылар жаңа технологияны пайдалана отырып, өте қуатты “барлығы қолынан келетін” сандық әдістердің негізгі идеаларын түсініп олардың есеп шығаруға деген қызығушылығы артып компьютердегі есептеу жолдарын жетілдіреді.

Әдебиеттер:

1. Абдыкеримова Э.А. Динамикалық компьютерлік модельдерді практикада қолдану мысалдары // Қазақстан жоғары мектебі. – 2004. – №1. – Б. 133-142 .

2. Абдыкеримова Э.А. Физикалық құбылыстарды түсіндіруде динамикалық компьютерлік модельдерді пайдаланып оқыту // Информатика-физика-математика. – 2001. – №6. – Б.12-14.

3. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М., 1995. – 250 с.

4. Қараев Ж.Қ. Компьютерді оқыту үдерісіне пайдалануға кіріспе. – Алматы: Рауан. – 1992. – 40 б.

5. Байрамов В. М. Химическая кинетика и катализ: Примеры и задачи с решениями: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Изд. центр «Академия». – 2003. – 320 с.

6. Задачи по физической химии: учебное пособие / В.В. Еремин, С.И. Каргов и др. – М.: Изд. «Экзамен». – 2005. – 320 с.

7. Таланов, В. М. Сборник вопросов и задач по Периодическому закону: учеб. пособ. Для студентов химических специальностей высших технических учебных. – М.: Изд. «Академия Естествознания», 2007. – 103 с.

***

Мендалиева Д.К., Серікұлы Н.

Использование возможностей компьютера при решении задач в физической химии по школьной программе

В данной статье рассмотрены вопросы решения задач из разделов физической химии, входящих в школьной курс химии. Предлагается решение усложненных задач в курсе химии с применении новых технологий. Показано, что решение задач с использованием компьютеров позволяет интегрировать химические и математические знания учащихся, и проводить интегрирование уроков химии и информатики.

Ключевые слова: *Microsoft Excel, новая технология, физическая химия, кинетика.*

Mendalieva D.K., Serikuly N.

The usage of the computer functions in solving physical chemistry problems

This article describes the difficulty of solving physical chemistry problems included in the school chemistry course. This article considers usage of new technologies, computers, in solving hard problems. Also there is an example of solving the problem using analytical and graphical methods. The usage of computers can increase interest of students. This method is convenient for solving hard physical chemistry problems

Keywords: *Microsoft Excel, new technology, physical chemistry, kinetics.*

***

ӘОЖ 372.3/4

Албытова Н.П. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: nalbytova@mail.ru
Сламбекова Т.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
профессор м.а., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: tolkyn_1969@mail.ru

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ЗАМАНАУИ ТАЛАПҚА СӘЙКЕС МАМАН ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. *Мақалада әлемдік жаңарулар кезеңіндегі жетістіктердің басында адами капиталдың, оның білімінің тұратындығы туралы айтылады. Қазақстан Республикасында жоғары білім беруде басымдылық теориялық білімді өндіріспен тығыз байланыста даярлауға берілетіндігі қарастырылып, осы бағыттағы әлемдік тәжірибедегі дуальді білім беру, педагогтар шығармашылығының бірлестігі, еріктілер (волонтерлік) қызметіне тоқталады.*

Тірек сөздер: *Адами капитал, жоғары оқу орны, негізгі құзыреттілік, пәндік құзыреттілік, дуальді білім, педагогтар шығармашылығының бірлестігі, еріктілер (волонтерлік) қызметі.*

Әлем жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологиялардың қарқынды дамуы және адам ресурстарының ұтқырлығы күн сайын артып, ақпараттар легінің түрлі көзқараста алмасып келіп жатқан кезеңінде өмір сүруде.

Осы жағдайда білім және ғылым өзгерістердің алдыңғы қатарында тұруы тиіс және ол – Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының (БҰҰДБ) адами даму рейтингінің негізгі үш субъективті факторының бірі.

Тәжірибе көрсеткендей, әлемде экономикалық жетістіктер адам капиталы есебінен жоғары деңгейге қол жеткізеді. Оған жаңа білім беру стратегиялары мен

саясаты ықпал ететіні анық. Білім саласы қашанда күн тәртібінде ең өзекті мәселе болып саналады.

Қазақстандық білім берудің барлық деңгейлерінде толық теңдік негізінде әрбір білім алушының қабілеті мен ынтасына қарай сапалы білім алудың қолжетімділігі іске асырылуды.

Осы орайда бәсекелестікке қарсы тұратын берік білімді қамтамасыз ету мақсатында жоғары және ЖОО-дан кейінгі білімнің үш деңгейлі моделінің білім беру бағдарламаларының сабақтастығын шешу бағытында жұмыстар атқарылып келеді.

Білім берудің алғашқы сатысы ретінде республика мектептерінде 2016 жылдың қыркүйегінен бастап 1- сыныпқа келген оқушылардың жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алуды бастағаны белгілі. Жаңартылған білім мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуды мақсат етеді. Ал оның нәтижесі білім алушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі және пәндік құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі болып табылады. Ұлттық жоспарда орта мектепті бітірушінің басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті); ақпараттық (өзіндік танымдық қызметке қабілеті немесе өмір бойы білім ала білуі); коммуникативтік (қазақ, орыс және ағылшын (шет) тілдерінде ауызша, жазбаша және нәтижелі қарым-қатынас жасауға қабілеті); әлеуметтік (әлеуметтік өзара іс-қимыл жасауға қабілеті); тұлғалық (өзіндік іске асыру, өзін-өзі жетілдіру, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, төзімді болу қабілеті); азаматтық (қазақстандық сана-сезім мен мәдени ұқсастық негізінде өзінің отаны үшін жауапкершілікті сезіну қабілеті); технологиялық (тиімді пайдалану деңгейінде технологияларды, оның ішінде ғылыми, сандық технологияларды пайдалану қабілеті) сияқты ***негізгі*** және оқу пәні шеңберінде меңгерілген ерекше білім, іскерлік, дағды ретіндегі ***пәндік құзыреттіліктер*** белгіленген.

Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея және т.б. елдердің нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың функциялық сауаттылығын дамытуға мынадай факторлар әсер етеді:

1) білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);

2) оқыту нысандары мен әдістері;

3) білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;

4) мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;

5) мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);

6) барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;

7) ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі [1].

Осы аталған факторлардың әрқайсысы зерттеліп жүрген және зерттеле беретін жеке-жеке өзіндік орны бар институт. Дегенмен, біртұтас педагогикалық үдеріс мәселесінде педагог мамандардың орны, мемлекет алдындағы қызметі ерекше жауапкершілікті. Өйткені, білім беру сапасы, бірінші кезекте, арнайы даярлығы бар жоғары деңгейдегі педагогтармен айқындалады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз бүкіл еліміз боынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек»,-деп атап көрсетті [2]. Сапалы білім беру қызметін көрсету – білім мекемелері мен педагогтар алдында тұрған міндет білім сапасы ең алдымен мақсаттың және нәтиженің сапасы, одан кейін басқарудың, ұстаздың, педагогикалық іс-әрекеттің, оқушының сапасы, ең соңында педагогикалық үдерістің сапасы. Осындай сапалылықты қамтамасыз ететін сапалы мұғалімдер шығармашылығы жоғары оқу орындарында даярлануы қажет.

Қоғам өзгеріп, дамыған сайын адам табиғатын зерттеп, тани түскенде құндылық, мораль, оларды сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу белгілі бір өзгерістерге

ұшырап отырады. Адамзат мәдениет пен білім беруді әлеуметтік институт ретінде тасымалдаушы тұлғаларды «мұғалім-педагог» деп атады. Бірқатар зерттеулерде маманның тәжірибе жинақтау, тума дарындылық арқылы қалыптасатындығын айтады. Бұл зерттеушілердің ойынша, арнайы педагогикалық білім алу жеткіліксіз, сондықтан қабілеттіліктің болуы міндетті. Бірақ, бірқатар зерттеулерде жас педгогтардың түрлі деңгейдегі сайыстарда жағары кәсіби деңгейдегі жетістіктеріне куә болып жүргендіктен, студенттің жоғары оқу орнын аяқтаған соң кәсібілікке жету үшін уақыт өткізбей, шығармашылық белсенділік танытқаны дұрыс дегенді құптайды.

Студенттік кезінде жас адамда бірте-бірте өз бетімен іс тындыру, дұрыс әрекет ету қабілеті пайда болады, сонымен бірге онда өз іс-әрекеті үшін жауапкершілік сезімі де, өмірге деген парасатты көзқарасы да қалыптасады, адамдармен мәнді де баянды қатынас орнатуға, кәсіби міндеттерін бар ынтасымен және шығармашылықпен шешуге ұмтылысы байқалады. Ең бастысы, студенттің өз міндеттерін біліп, оларды мүлтіксіз орындауын талап ету. Бұл міндеттер бірқатар педагогикалық әдебиеттерде (Р.В. Овчарова, Е.И. Рогов, Н.Н. Никитина, О.М. Железнякова, М.А. Петухов, К.М. Левитан, Л.И. Рувинский т.б.) талқыланып, қарастырылған [3].

Жоғары оқу орындарындағы оқу – тәрбие процесінде болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын қалыптастыру мәселелеріне Н.Д. Хмель, К.С. Успанов, Д.М. Жүсіпәлиева, А.А. Калюжный, С.Т. Каргин, А.А. Молдажанова және тағы басқаларының еңбектері арналған [4]. Ғалымдар еңбектерінде педагогикалық іс – әрекеттің құрылымы, кәсіби даярлау жүйесінде және тәлімгерлік жұмысының барысында болашақ мұғалімдердің кәсіби жағынан маңызды сапаларының қалыптасу жолдары айқындалып, педагогикалық жоғары оқу орындарының тәжірибесі сарапталған, кәсіби – педагогикалық бағдарлау жұмысы жүйеленген.

Ұзақ жылдар бойы болашақ педагог тұлғасын тәрбиелеу оларды кәсіби оқытуда педагогикалық білімдер жүйесін меңгерту үдерісінде іске асырылды. Ал, нақты мектеп өмірі теориялық біліммен қатар практикалық іскерлік пен дағдылардың қажет екендігін алға тартып отыр. Сондай-ақ, жас педагогтар оқушымен өзара әрекеттестікте өздерінің жеке тұлғалық дайындығы болуының қажет екендігін саналы ұғына бастады.

Заманауи кезең жан-жақты, кез келген жағдаятқа икемделгіш, өзін қызмет нысанына байланысты өзгерте алатын, ұтқыр да кәсіби жоғары деңгей танытатын мамандарды қажет етеді. Бүгінгі мұғалім еңбегі ғалым-зерттеуші еңбегіне жақын. Себебі, мұғалім жоғары деңгейде оқытудың дидактикалық үдерісін жобалап, ұйымдастырып, өз пәнін оқытудың түрлі технологияларын меңгеруі тиісті. Осы орайда жаңа типті мектеп сұранысына жауап беретін педагог мамандарды даярлаудың мақсатын, мазмұнын қайта қарастыру жағдайы туындап отыр [4]. Білім беруді реформалауды іске асырудағы басты міндет – жоғары білімді мамандарды даярлаудың практикалық бағыттылығына баса назар аудару болғандықтан, бұл оқу үдерісін түгел өзгертуді талап етеді. Өйткені мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мамандарды жаңа форматта даярлауды жаңарту шеңберінде білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалады.

Мемлекеттік бағдарламалардағы нақты сілтемелерде: «Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) және оның әріптестерінің 36-сының 27-сінде педагогикалық мамандыққа іріктеудің селективті өлшемшарттары қолданылады. Педагог кадрларды даярлау бағдарламаларына қабылдау талапкерлердің қабілеттерін және ынталарын бағалау үшін міндетті түрде әңгімелесуді, тест өткізуді қарастырады. ЭЫДҰ-ның 32 елінде педагогикалық практика міндетті болып табылады. Практиканың ұзақтығы 70–120 күнді құрайды. ЖОО оқытушылары студенттердің педагогикалық практикасына қатысады. Мектеп менеджменті жас мұғалімдерге қолдау көрсетуге жауапты. ЭЫДҰ-ның 17 елінде негізгі және жоғары мектепте жұмыс істеу үшін магистр дәрежесі талап етіледі. Мұғалім мансабының бастапқы кезеңі кәсіпке жіберу үшін талаптарды арттыруды

көздейді. ЭЫДҰ-ның 18 елінде лауазымға міндетті енгізу жүргізіледі, 14 елінде мұғалімдердің тағылымдамасы қолданылады. Әлемдік практикада мұғалімнің қоғам дамуына қосатын үлесі негізгі болып саналады. Оқытушылық мансап ретінде қарастырылады. Педагог кадрлардың жұмыстан кетуі 5 %-дан кем» - деп көрсетіледі [1; 5]. Осындай мақсатта Қазақстан Республикасының білім беру кеңістігіне көшуіне байланысты білім беру жүйесіндегі қарқынды өзгерістерді түсіндіре келіп, ғалымдар Н.М.Кушеров, М.Р.Касымов, Д.М.Наурузбаев елімізде жаңа форматтағы мұғалімдер дайындауда төмендегідей міндеттердің шешілуін ұсынады:

- заманауи талаптарға сәйкес мұғалімдер даярлауда педагогикалық мамандықтар Жалпыға міндетті білім беру стандарттарын педагогикалық қызметкерлердің квалификациялық сипаттамасын ескеріп қайта қарастыру;
- 12 жылдық мектептің білім беру деңгейлері үшін мамандық бойынша педагогикалық қызметкердің білім деңгейіне қатысты квалификациялық талаптары ескерілген квалификациялық сипаттамасын дайындау;
- білім берудегі кредиттік жүйені ескере отырып, оқушылардың оқу нәтижелері мен жоғары оқу орындарындағы дайындықты бағалаудың бірыңғай жүйесін дайындау және енгізу;
- құзыреттілік негізінде жаңа форматтағы мұғалім профессиограммасын жетілдіру;
- үздіксіз білім беру жағдайында интеллектуалды зиялылыларды қалыптастыруда приориттетті бағыттар мен тәрбие кеңістігінің мазмұнын анықтау;
- 12 жылдық білім беру мәселелері бойынша үздіксіз педагогикалық білім беру мазмұны, формасы және әдістерімен айналысатын ғылыми-зерттеу институтын (орталығын) ашу;
- Әлемдік стандарттар деңгейінде материалдық-техникалық, инновациялық және информациялық базаны модернизациялау;
- Педагогикалық мамандықтың беделін көтеріп, әлеуметтік статусын жоғарылату мақсатында педагогикалық қызметкерлерді қолдау тетіктерін дайындау (педагогикалық қызметкерлерге жеке жетістіктеріне қарай жалақы дайындауды енгізу);
- Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде «Үздік базалық оқулық (оқу құралы)» атты реапубликалық конкурс ұйымдастыру [6].

Жоғары білім республика экономикасының барлық салалары үшін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде, теория мен практиканы біріктіруде маңызды рөл атқарады. Сондықтан жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандықтар даярлау барысында түлектердің жаңартылған білім мазмұны бойынша оқушының функционалдық сауаттылығын дамытуға дайын болуын қамтамасыз ету- уақыт талабы. Көптеген жұмыс берушілер жоғары оқу орындары оқытып шығаратын мамандар сапасына қанағаттанбайды. Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің күткен нәтижелеріне жауап бермейді және өндіріс талаптарына сәйкес келмейді. Осылайша жасалған қорытындылар жоғары мектептегі кәсіби даярлық барысын теориялық және өндіріске бейімделу жағынан қайта қарап, әлемдік тәжірибелерді сараптап, заманауи қалыпта қолдану қажеттігін тудырды. Мемлекетіміздің білім беру жүйесі мынадай екі түрлі маңызды үдерісті жүзеге асыруға бағытталған: ұлттық білім беруді жаңа арнаға салу; әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасу [7]. Біздің міндетіміз – еліміздің білім беру жүйесін 30 дамыған елдің қатарына көтере отырып, қазақстандық бірегейлігімізді, мемлекеттік тілімізді және «Мәңгілік Ел» платформасын дамытуды сақтап қалу. Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік ел болу үшін жоспарланып отырған Қазақстан Республикасы білімді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Тәуелсіз Қазақстан жастарының жарқын болашығының кепілі.

Қазақстанның жоғары мектебін 125 жоғары оқу орны құрайды. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мамандарды даярлау әлеуметтік тапсырыс ретінде ескеріле отырып жүзеге асырылуы белгіленіп отыр. Онда ЖОО-ның білім

беру бағдарламаларының мазмұнын анықтаудағы академиялық еркіндігі бакалавриатта 55 %-ға, магистратурада 70 %-ға, докторантурада 90 %-ға дейін ұлғайтылды. ЖОО-ның білім беру қызметі нарығында олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге ықпал ететін білім беру бағдарламаларының кең спектрін ұсына алады [8]. Яғни, жоғары мектеп өз оқу жоспарын құруда жұмыс берушілердің талап-тілектеріне сәйкес қажетті пәндерді енгізуге құқылы.

Жоғары оқу орындарында меңгерілген теориялық білімді тәжірибе жүзінде атқарып байқау мақсатында бірнеше бағытта жұмыстар атқарылып келеді. Осындай уақыт талабына сәйкес білім беру формаларының бірі – дуальді білім беру, педагогтар шығармашылығының бірлестігі, еріктілер (волонтерлік) қызметі және т.б.

Дуальді білім беру жүйесі бойынша болашақ маман өзі таңдап алған мамандығы бойынша өзара тәуелсіз екі мекемеде дайындықтан өтеді. Біреуі – кәсіби мектеп, екіншісі – білім беруші мекеме, екеуі өзара серіктестікте болады. Дуальді білім берудің мәні білім алушының теориялық меңгерген білімін өндірісте іске асыра алуға, практикалық машықтарға дағдыландыру. Бұл жүйе арқылы білім алушы оқу уақытының тең жартысын кейін өзі қызмет атқаратын өндірісте жалғастырып, білімін әрі қарай тереңдетіп, өз бетімен кеңейтіп, іскерлік пен дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар еңбек ұжымындағы қарым-қатынас іскерліктерін меңгеруге мүмкіндік алады. Жалпы, дуальдық білі беру үш жақты (білім алушы, жоғары оқу орны, кәсірорын (немесе мекеме) тиімді екендігі танылып келеді:

- студент қажетті тәжірибе жинақтайды, оған жоғары оқу орнынан соң тұрақты жұмыс орнын табу оңай болады;
- студент жоғары оқу орнынан соң өндіріске араласып кетуге уақыт жібермейді, адаптация уақыты үнемделеді;
- білім алуға деген жоғары мотив туындап, болашақ маманның психологиясы қалыптасады;
- студент өз бетімен өмір сүруге ерте жастан дағдыланады;
- жұмыс беруші өндіріске дайын, өзіне қажетті маманмен қамтамасыз етіледі;
- дуальді жүйе арқылы жұмыс берушіге ең үздік мамандарды таңдап алуға мүмкіндік туады;
- дуальді жүйе арқылы жұмыс беруші маман іздестіруге уақыт жібермейді;
- жоғары сапалы маман даярлау арқылы жоғары оқу орнының беделі артады;
- бітірушілерді жұмысқа орналастыру жоғары пайызға көтеріледі.

Білім берудегі мұндай қатынас арқылы мемлекет тарапынан кәсіби мамандар даярлау міндеті де мінсіз орындалады.

Жоғары оқу орындарында болашақ педагог мамандарды мектеп жұмысына дайындауда түрлі деңгейдегі (облыстық, қалалық, аудандық, мектепішілік) педагогтар шығармашылығының бірлестігі жұмыстарына жаңаша сипат беру қажет. Мәселен, оқытудың инновациялық әдістерін, қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайлану негізінде сабақтар үлгісін бірлесе отырып дайындап, ең үздік оқытушылардың сабақтарын түрлі желілермен тарату. Педагогикалық шығармашылық бірлестігі ұсынған сабақтарды, сыныптан, мектептен тыс іс-шараларды шағын жинақты мектептерге (ШЖМ) ұсыну әріптестік қарым-қатынас орнатудың бірден-бір жолы. Осындай жұмыстар барысында ұйымдастыру, орындау, тарқату шараларына: материалдар жинақтау, педагогтар арасында байланыс орнату, дайын материалдарды ақпараттық құралдармен жеткізу, сабаққа қатысу, талдау және т.б. жұмыстарға студент жастарды тарту қажет. Осылайша педагогтар шығармашылығының бірлестігі бір орталыққа біріксе, ал студенттер болашақ мамандықтарын әр қырынан танып, әріптестерімен тығыз жұмыс жасау үдерісіне еркін енетін болады.

«Экономикалық дамудың жоғары деңгейіне мектептерді «үздік» және «нашар» деп бөлмейтін елдер қол жеткізуде. Алдыңғы қатарлы әлемдік білім беру жүйелерінің назары мектеп оқушыларының білім жетістіктерін теңестіруге

бағытталған. Сабақ үлгерімі нашар балаларға үй тапсырмасын орындауда қолдау көрсету бойынша студенттердің волонтерлік қызметі кең тараған» [8]. Яғни, педагогикалық жоғары оқу орындары студенттердің волонтерлік қызметін оқу орнында оқып бастаған күннен жоспарлы атқаруды жолға қойғандары абзал. Бұл педагогикалық практикадан өтудің тиімді жолы болмақ. Волонтерлік қызметті атқара жүріп студент оқу процесін неғұрлым икемді етіп, практикалық бағыттауға мүмкіндік алады, мұғалім мен оқушы арасындағы әріптестік және достық қарым-қатынас орнату туралы теориялық білімдерін практикалық түрде нақты жүзеге асырады.

Олай болса, жоғары оқу орындарында педагог мамандарды даярлауда Қазақстанның білім кеңістігінде қалыптасып жатқан осы заманғы білімін реформалау бағыттары жалпы әлемдік бағдар мен үндес келіп, жаңа белестерге көтеріледі деп сенеміз. Қазақстандағы педагогикалық білім беру жүйесі төмендегідей міндеттердің шешімін табады:

- ЖОО-дағы оқуды өндіріспен үздіксіз жүргізу бағыт-бағдары;
- білім беру жүйесінде әріптестілікті дамыту үшін жағдайлар жасау;
- оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің бірлігін қамтамасыз ету;
- білім мен ғылымның іс жүзінде интеграциялануын қамтамасыз ету;
- ресурстарды жұмылдыру және білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруда қамтамасыз ету;
- ЖОО-дағы білім беру нәтижелерінің сапасын арттыру;
- білімді гуманизациялау;
- оқу желісінде оқытушының оқыту жұмыстарынан гөрі білім алушылардың танымдық әлеуметтену, қарым-қатынасқа түсу және т.б. іс-әрекеттеріне көбірек мән беру т.б.

Осы іс бағыты бойынша тегеурінді қимыл жасауды қолға алу – заман талабы. Сондықтан педагогикалық мамандық бойынша білімдендіру үдерісіне батыл бетбұрыс керек.

Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. – Астана, 2012. – http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832. Пайдаланған уақыты: 15.07.2016 ж.

2. Назарбаев Н.Ә. 2012 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012. – http://www.akorda.kz/kz/addresses/kazakstan-halkyna-zholdauy-2012-zhylgy-14-zheltoksan. Пайдаланған уақыты: 15.07.2016 ж.

3. Кертаева Г. М Педагогикалық деонтология негіздері: оқу құралы. – Павлодар, 2015. – 298 б.

4. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя / Автореф... докт. пед. наук. – Киев, 1986. – 46 с.

5. Львова Ю.Л. Творческая лаборатория учителя. – М : Просвещение, 1992. – 224 с.

6. Кушеров Н.М., Касымов М.Р., Д.М.Наурузбаев. Ключевые проблемы подготовки учителя новой формации в Республике Казахстан // Вестник Таразского государственного педагогического института – 2016. – №7. – С.87-89.

7. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007 ж. 27 шілдедегі №319. – http://www.adilet.gov.kz/kk/node/989. Пайдаланған уақыты: 25.07.2016 ж.

8. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2016 ж. – http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000205. Пайдаланған уақыты: 17.07.2016 ж.

***

Албытова Н.П., Сламбекова Т.С.

Проблемы подготовки специалистов в соответствии с современными требованиями высшей школы

Сыналушы топтар	Жағымды қатынас	Жағымсыз қатынас	Тәуелді қатынас
Бақылау тобы	5-35%	6-42%	4-23%
Тәжірибе тобы	7- 40%	4-25%	5- 35%



Сурет 3 – Отбасында эмоционалды қатынасты анықтау

Ата-ана роліндігі баламен қатынасын да өзалдына бөлек қарастырдық:

«Отбасылық серия» телімелі әдісі үш вариантта «Менің идеалды отбасым», «Менің шынайы отбасым» және «Менің қажет ететін отбасым» сурет арқылы (арт терапия) деңгейінде анықтауды негізге алдық. Анықтауға ыңғайлы және артынша жұмыс жүргізуге мүмкіндігін тигізеді.

Бастауыш мектеп оқушыларының мінез-құлқын қоршаған ортада реттеу деңгейі мен агрессияның төмен деңгейі толық отбасында 17%, ал жарты кеш отбасында 83% көрсетті. Индивидтерде сүйіспеншілік сезімдерінің бастау алуы толық отбасында 60%, ал жарты кеш отбасында 21% көрсетті. Бастауыш мектеп оқушыларының жасындағы балалардың мінез-құлқын қоршаған ортада реттеу

деңгейі мен агрессияның төмен деңгейі толық отбасында 70 %, ал жарты кеш отбасында 36% көрсетті. Индивидтерде сүйіспеншілік сезімдерінің бастау алуы толық отбасында 60%, ал жарты кеш отбасында 75% көрсетті.

Рене Жиль проективті әдістемесі баланың отбасы дағдырысының жүйе бөліктерінде, оның отбасылық рөлдер мен шекараны анықтауына арналып, баланың әлеуметтік бейімделуін меңгеруін, сонымен бірге оның отбасындағы орнын, қатынасын анықтайды. Әдістеме визуалды- вербалді балалар немесе балалармен ересектер бейнеленген 42 суреттен құралған.

Оның бағыты – балаға маңыздысын және басқа тұлғааралық қатынаста тиісті әр түрлі тұрмыстық жағдайларда мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты өзін басқаруын айқындау.

Балалар суреттерді көру арқылы жауап беру керек. Олар суретті көріп, тыңдап немесе сұрақтарды оқып, жауап берді. Бала суреттегі адамдардың арасынан өзінің орнын тауып алуы керек. Белгіленген адамға жақын немесе алыс жерді таңдауға да болады. Балаға мәтіні бар тапсырмалар, сол сияқты мінез-құлық формаларын таңдау керек. Сонымен, әдістеме баланың айналасындағы түрлі адамдармен және құбылыстармен қатынасына байланысты ақпараттарды алуға мүмкіндік берді. Қарапайым және схема түрінде болғандықтан, басқа проективті тестерге қарағанда Р.Жиль әдістемесінің ерекшелігі балаға жеңіл берілгендігімен бірге, оның формализациясы және квантификациясына мүмкіндік береді. Нәтижелердің бағалауы сапалы түрде болуымен қатар, баланың тұлғааралық қатынасының проективті әдістемесі психологиялық зерттеудің нәтижесі сандық және өзгермелі түрде болады.

Баланың тұлғалық қатынасы жүйесін көрсететін психологиялық материалды, шартты түрде 2 үлкен өзгермелі топқа бөлуге болады:

1) Өзгермелі, баланың нақты-тұлғалық қатынасын суреттейтін: отбасындағыларға қатынасы (әке, шеше, апа, апай және т.б.), досқа немесе жолдасына қатынасы, авторитарлы ересектерге және т.б.

2) Өзгермелі, баланың өзін және әр түрлі қатынасты суреттейтін: ашықтығы, бақылампаздығы, мінез-құлықтың әлеуметтік тепе-теңдігі Әдістемені бейімдеген барлық авторлар 12 белгілерді айқындайды:

- анаға қатынасы
- әкеге қатынасы
- ата-анаға қатынасы
- ата-әжеге қатынасы
- аға-әпкеге қатынасы
- ерекше қызығушылық
- доминанттылық
- досқа қатынасы
- мұғалімге қатынасы
- ашықтық
- тұйықтық
- әлеуметтік-адекваттылық қатынасы.

Анықталған адамға қатынасын сол адамды таңдаған санына байланысты білуге болады. Р.Жиль әдістемесін таза проективті әдіс деп айтуға болмайды, ол анкета, проективті тестер арасында өтетін форма арқылы жүзеге асады. Тұлғаның терең зерттеуге арналған құрал болып табылады, сонымен бірге өлшемдер және статистикалық талдаулар жасауға мүмкіндік береді. Салыстырмалы түрде әлеуметтік дағдарысты толық анықтау мақсатында «әлеуметтік атом» үш түрлі сурет салдырамыз (Я.Морено).

4 кесте – Рене Жиль әдістемесінің бақылау тобындағы нәтиже көрсеткіші

Анықталынар белгілер	Толық отбасы балалары (%)	Жарты кеш отбасы балалары (%)
анаға қатынасы	16	38
әкеге қатынасы	14	25
ата-анаға қатынасы	34	50
ата-әжеге қатынасы	16	31
аға-әпкеге қатынасы	15	24
ерекше қызығушылық	10	5
Доминанттылық	14	28
доска қатынасы	18	31
мұғалімге қатынасы	43	59
Ашықтық	43	56
Тұйықтық	13	10
әлеуметтік-адекваттылық қатынасы	23	43

5 кесте – Рене Жиль әдістемесінің эксперимент тобындағы нәтиже көрсеткіші

Анықталынар белгілер	Толық отбасы балалары (%)	Жарты кеш отбасы балалары (%)
анаға қатынасы	14	29
әкеге қатынасы	13	23
ата-анаға қатынасы	30	45
ата-әжеге қатынасы	14	28
аға-әпкеге қатынасы	12	20
ерекше қызығушылық	8	2
Доминанттылық	12	24
доска қатынасы	24	31
мұғалімге қатынасы	30	25
Ашықтық	40	36
Тұйықтық	25	35
әлеуметтік-адекваттылық қатынасы	25	45

Р.Жиль әдістемесі бойынша алынған көрсеткіштер Пирсонның **X** квадраттамасы бойынша өңделді, оның нәтижелерін 3-кестеден көре аламыз.

6 кесте – Рене Жиль әдістемесі бойынша алынған нәтижелердің мәнділігін анықтау кестесі

	Эксперименттік топ			Бақылаушы топ		d	d^2
1	71	-27	1	72	-26	1	1
2	60	-6	2	55	-5,5	0,5	0,25
3	61	-8,5	3	60	-10	1,5	2,25
4	55	-2,5	4	63	-13	10,5	10,25
5	64	-17,5	5	71	-24,5	7	49

6	63	-15	6	68	-21	6	36
7	67	-22	7	68	-21	1	1
8	68	-24	8	73	-27	3	9
9	67	-22	9	71	-24,5	2,5	6,25
10	58	-4	10	57	-7,5	3,5	12,25
11	67	-22	11	58	-9	13	169
12	63	-15	12	65	-16,5	1,5	2,25
13	60	-6	13	51	-2	4	16
14	62	-11,5	14	70	-23	11,5	132,25
15	69	-25	15	67	-29	6	36
16	61	-8,5	16	53	-4	4,5	20,25
17	55	-2,5	17	50	-1	1,5	2,25
18	60	-6	18	61	-11,5	5,5	30,25
19	62	-11,5	19	61	-11,5	0	0
20	62	-11,5	20	57	-7,5	4	16
21	66	-20	21	65	-16,5	3,5	12,25
22	62	-11,5	22	66	-18	6,5	42,25
23	64	-17,5	23	64	-14,5	3	9
24	65	-19	24	64	-14,5	4,5	2,25
25	63	-15	25	52	-3	12	144
26	28	-14	26	57	-27	10	100
27	7,5	-15	27	60	-3	4,5	20,25
28	15	-16	28	65	-6,5	8,5	72,25
E	1750	-589	E	1744	-398	140	5804

$$X = d - \left\{ \frac{(\partial \le 0{,}05)}{(\partial \le 0{,}01)} \right\}$$

$$X_s = 1 - \frac{6 * 879.25}{19 * 656} = 1 - \frac{5275}{19656} = 1 - 0{,}28 = 0{,}71$$

Анықтау эксперментінің нәтиже көрсеткішін негізге ала отырып, коррекциялық жұмыс жүргізуді мақсат еттік. Арнайы ұйымдастырылған топтарға қатысу, тұлғааралық қатынастар мәселелерін шешуге көмектеседі. Психокоррекциялық топтарда сыналушы көзқарастары мен мінез – құлқына ықпал етуші факторлар анықталады, топ қатысушысы ұқсас проблемасы немесе тәжірибесі бар топ мүшелерінен кері байланыс пен қолдау алуына мүмкіндік беріледі.

Тәжірибелік бөлімде экспериментті үш деңгейде қарастыртырдық. Анықтау экспериментінде ата-ана мен жас жеткіншек арасындағы қарым-қатынасынта қақтығыс мәселелері бірнеше әдістемелер негізінде қарастырылды. Нақтылап өтсек:

«*Отбасылық қобалжуды анықтау»* сауалнамасы. «*Отбасылық социограмма» телімелі тесті. «Отбасында эмоционалды қатынасты анықтау» әдістеме. «Отбасылық серия»* осы психодиагностикалық әдістемелер тақырып көлемінде қарастырылды. Нәтиже көрсеткіштері өңделіп, гистограмма мен диаграммаға түсірілді. Анықтау экспериментінде тәуелді топтар мен қобалжуы жоғары сыналушылар алынды. Осы төмен көрсеткіштермен жеке және топтық әрі тақырыптық тренингтер қарастырылды. Соңында нәтижелі дәлелді көрсеткіштер алу мақсатында бақылау экспериментін жүзеге асырдық. Бақылау экспериментінде де екі тест ала отырып, ата-анамен жас жеткіншек арасындағы қарым-қатынастағы қақтығыс мәселелерін қарастырдық. Соңғы жетістікті салыстырмалы қарастырдық. Қорыта келгенде оқушылар бойындағы жағымды мінез құлық пен адамгершілік қарым-қатынасты қалыптастыру жаттығуларын жас және дара ерекшелігін есепке ала отырып жүзеге асыруда нәтижеге жетуге болатынын эксперимент арқылы көз жеткіздік.

Әдебиеттер:

1. *Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Білім – Образование. – 2004. – №1. – Б. 4.*
2. *Джуринский А.Н. История образования и педагогической мысли. учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М., 2003. – 221 с.*
3. *Қаплиева А.Қ. Оқушылардың салауатты өмір сүру дағдыларын руханиадамгершілік құндылықтар негізінде қалыптастыру // Пед. ғылым. канд. авторефераты. – Атырау, 2003. – 28 б.*
4. *Селиванов В.С. Основы общей педагогики: Теория и методика воспитания. – М., 2000. – 258 с.*
5. *Колесникова И.А. Теоретико-методологические основы современного процесса воспитания. – Л.,1988. – 122 с.*

***

Ергалиева Г.А., Кайрлиева У.Б.

Роль семьи в образовании духовно нравственных ценностей в начальных классах

В статье рассматриваются вопросы духовно–нравственного воспитания младших школьников, в том числе развитие жизненных ориентаций внутреннего мира, правильное формирование чувства сострадания, любви и милосердия через общечеловеческие ценности как «Истина», «Праведное поведение», «Любовь», «Покой», «Ненасилие».

Ключевые слова: *Доброта, любовь, милосердие, нравственное, злоупотребления, неправильного использования, мир.*

Yergalieva G.A., Kayrlieva U.B.

Spiritual benefits of education at elementary schools the role of families

Elementary school students spiritual and humane education, including the "Truth", "right", "Love", "inner peace", "Do not abuse the" universal values through the development of the internal lıfe of the world through the landmark decision of the human mind, the good news heart, feeling good, love and compassion consciously and subconsciously considered the basis for the formation of the correct directions.

Keywords: *Goodness, love, mercy, moral, abuse, misuse, peace, etc.*

***

УДК 372.830

Мустафина А.С. *– старший преподаватель ЗКГУ им. М.Утемисова*
E-mail: *Aigul.mustafina@inbox.ru*

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ УЧЕТНЫХ ДИСЦИПЛИН

Аннотация. *При изучении учетных дисциплин у студента должны быть сформированы представления о бухгалтере как профессии, о бухгалтерском учете как деятельности, о целях бухгалтерского учета, конкретном выражении результатов бухгалтерской деятельности и об общих теоретических и методических подходах к организации и ведению бухгалтерского учета. В статье раскрываются основные задачи, стоящие перед преподавателями учетных дисциплин, помогающие студентам сформировать эти представления, а также целевые ориентации педагогического процесса при преподавании учетных дисциплин.*

Ключевые слова: *Учетные дисциплины, формирование знаний, принципы к организации педагогического процесса, целевые ориентации педагогического процесса.*

В Послании Президента РК Н.А. Назарбаева «Единая цель, единые интересы, единое будущее» - говорится, что все развитые страны должны иметь уникальные качественные образовательные системы. Результатом обучения студентов должно стать овладение навыками критического мышления, самостоятельного поиска и глубокого анализа информации. Большие задачи стоят перед нами, преподавателями экономических дисциплин, в том, чтобы дать соответствующие знания своим студентам.

Успешность работы преподавателя учетных дисциплин в решении стоящих перед ним образовательных и воспитательных задач зависит, прежде всего, от глубокого понимания им сущности методической работы по предмету, знания содержания методики преподавания, ее основных функций.

В основе любой образовательной технологии, любого подхода к преподаванию той или иной учебной дисциплины лежит определенная цель. Вслед за выделением педагогической цели определяются методы и средства, а также само содержание обучения.

В современной теории педагогики выделяются следующие основные целевые ориентации педагогического процесса:

- формирование знаний, умений и навыков;
- формирование способов умственных действий;
- формирование эстетических и нравственных отношений;
- формирование действенно-практической сферы и развитие творческих способностей;
- формирование самоуправляемых механизмов личности.

Необходимость каждой из этих целей признается, как правило, любой педагогической технологией и, соответственно, должна в той или иной степени учитываться в каждой учебной дисциплине. Цели, сформулированные лаконично и конкретно, определяют направленность педагогического процесса, и только в этом случае можно будет оценить эффективность обучения относительно поставленного перед ним комплекса целей [1].

Цели обучения реализуются через обучающие, развивающие и воспитывающие задачи.

Обучающие задачи педагогического процесса заключаются в формировании полных, научных, действенных знаний, действенность которым придают умения и навыки: формировать представление, понятие, умение; обобщать, систематизировать; закреплять, совершенствовать навык и др.

Развивающие задачи заключаются в формировании, совершенствовании интеллектуальной, эмоциональной, волевой сфер личности: развивать креативность мышления (решение нетипичных задач, или задач, в которых стандартные способы решения противоречат правильному решению в данной ситуации), формировать

умения выделять главное и второстепенное, умение устанавливать контакт, развивать наблюдательность к деталям.

Воспитывающие задачи заключаются в формировании этических понятий, мировоззрения, норм поведения, например, при изучении дисциплины «Финансовый учет» формировать интерес к деятельности бухгалтера, развивать уверенность в себе, формировать уважение к мнению своих коллег, формировать потребность в самосовершенствовании.

В зависимости от того, какая задача является ведущей, педагогический процесс меняет свою направленность, например, если преобладает воспитывающая задача, то такой процесс можно назвать воспитательным, если преобладает обучающая задача, - учебным.

Сущность педагогического процесса заключается в том, что это целенаправленный, двухсторонний процесс между преподавателем и студентом, основанный на деятельности и общении, в котором происходит обучение, развитие и воспитание. Его качество зависит не только от профессиональной подготовки преподавателя, но и от готовности студента воспринимать учебный материал. Эта готовность может определяться практическим интересом студента, связанным с его будущей специальностью.

Педагогический процесс имеет несколько этапов:

- подготовительный, который включает в себя диагностику и прогноз;
- основной этап, на котором происходит изложение содержания, обратная связь, контроль;
- заключительный этап, на котором анализируются полученные результаты.

Эффективность педагогического процесса определяется тем, насколько целевой этап соответствует результативному этапу.

Следовательно, качество обучения учетных дисциплин повысится, если преподаватели будут профессионально ставить цель, обучающие, воспитывающие и развивающие задачи курса, темы, занятия.

Для эффективного достижения поставленных цели и задач необходимо соблюдать определенные принципы к организации педагогического процесса, т. е. основные положения, отражающие закономерности процесса обучения и определяющие правила обучения. Рассмотрим эти принципы.

Принцип научности - заключается в отражении современного состояния наук, он заложен в программах и учебниках. При соблюдении этого принципа не должно быть искажений научных знаний, должны быть учтены последние изменения в законодательстве, также студенты должны быть ознакомлены с научными методами познания.

Принцип систематичности и последовательности - заключается в организации занятия и изложении материала в определенном порядке. При соблюдении этого принципа, обучение должно идти в соответствии с программой, учебный материал должен излагаться логически, действия преподавателя должны быть последовательны.

Принцип наглядности – заключается в обеспечении максимального восприятия учебного материала на основе включения всех анализаторов обучающихся. При соблюдении этого принципа должны соблюдаться следующие требования: наглядность должна предъявляться и убираться во время; необходимо правильно стоять у доски; при показе использовать указку; убирать лишние записи с доски; использовать схемы, таблицы, информационные технологии.

Принцип доступности - заключается в учете психологических и возрастных особенностей обучающихся. При соблюдении этого принципа важно: учитывать особенности, которые накладывает профессиональная деятельность на обучающихся (бухгалтеры ориентированы - на четко структурированное изложение материала) и опираться на их личный опыт.

Принцип прочности - заключается в запоминании, воспроизведении и практическом применении. Здесь можно отметить следующее: четкие установки на длительность и точность запоминания, формирование умения, где и как можно найти

нужную информацию.

Принцип сознательности и активности - заключается в формировании познавательного интереса. В начале проведения занятий необходимо сообщать план работы. В процессе занятий создавать проблемные ситуации, проводить дискуссии и поощрять интеллектуальную инициативу студентов.

Принцип развивающего и воспитывающего характера обучения - заключается в том, что: обучая, мы воспитываем и развиваем, воспитывая – обучаем и развиваем. Без обучения и воспитания нет развития. Следовательно, при соблюдении этого принципа необходимо ставить воспитывающие и развивающие задачи, максимально использовать содержание материала в этих целях, использовать возникающие ситуации для развития и воспитания. А также необходим личный пример преподавателя.

Принцип связи теории с практикой - заключается в формировании действенных знаний, т.е. формирование умений и навыков, использование примеров из практической деятельности в области бухгалтерского учета, показ области применения полученных знаний [2].

Те навыки, которые получают студенты при изучении учетных дисциплин, должны способствовать становлению специалиста, который способен обеспечить обслуживание хозяйствующих субъектов соответствующей профессиональной подготовкой будущих специалистов бухгалтерского учета, где важным компонентом являются знания и навыки, полученные студентами при изучении данных дисциплин.

Имея только теоретические знания, невозможно стать профессиональным бухгалтером. В учебной аудитории можно познакомить студента с основами теории бухгалтерского учета, ведения финансовой отчетности и т. д., но невозможно освоить всю специфику финансово-экономической деятельности организации в отрыве от них.

Для современного бухгалтера уже недостаточно знаний теории и практики бухгалтерского учета. Сегодняшний день предъявляет качественно новые требования к образовательному уровню бухгалтера, а именно:

- знание законодательной базы для принятия правильных решений;
- владение автоматизированными бухгалтерскими системами для более эффективной работы;
- владение элементами анализа для оценки финансового состояния своей организации.

Выпускники специальности «Учет и аудит» должны обладать объемом теоретических знаний и практических навыков, необходимых и достаточных для успешного трудоустройства и работы бухгалтером в организациях любых отраслей и форм собственности. Студенты специальности «Учет и аудит» изучают законодательные акты, регулирующие бухгалтерский учет в РК, нормативные документы разных уровней, ведут расчет финансовых результатов деятельности компании и составляют финансовую отчетность, т.е. занимаются тем, без чего грамотное освоение профессии просто невозможно.

Преподавание учетных дисциплин строится исходя из требуемого уровня базовой подготовки экономистов в области бухгалтерского учета и аудита. Основной задачей изучения учетных дисциплин является реализация требований, установленных в ГОСО к подготовке бакалавров экономики и бизнеса по специальности 5В050800 «Учет и аудит».

Практическое выражение педагогические цели находят непосредственно при разработке учебных программ и преподавании конкретных учебных дисциплин, поэтому следует рассмотреть педагогические цели, исходя из которых, возможно построение программы обучения учетных дисциплин.

Первая цель - формирование знаний, умений и навыков.

В традиционном подходе к обучению отдается приоритет передаче студентам максимального объема знаний, умений и навыков. Предполагается, что это должно привести к развитию личности и формированию базы для саморазвития.

Преподавательская и учебная деятельность осуществляются в процессе общения, которое должно стимулировать познавательную деятельность, в процессе которой обучающиеся приобретают знания, умения и навыки. Но, отметим, что преподаватель передает не знания, а учебную информацию. Так как знания – это усвоенная учебно-познавательная информация; умения – освоенные способы выполнения действия; навык – автоматизированное умение.

При изучении учетных дисциплин у студента должны быть сформированы представления о бухгалтерском учете как деятельности, о целях бухгалтерского учета, конкретном выражении результатов бухгалтерской деятельности и об общих теоретических и методических подходах к организации и ведению бухгалтерского учета.

Также важным является получение студентами представления о бухгалтере как профессии. При этом, педагог должен показать действительную ситуацию на рынке бухгалтерских услуг и рынке труда бухгалтеров, характеристики и особенности бухгалтерского учета как профессии.

Важным навыком, являющимся обязательным для дальнейшего обучения и профессиональной деятельности студентов и имеющий определяющее значение – это навык самостоятельной работы.

Таким образом, согласно первой цели педагогического процесса - формирование знаний, умений и навыков, в результате изучения учетных дисциплин, студенты должны знать:

- основные принципы бухгалтерского учета и базовые общепринятые правила ведения бухгалтерского учета активов, обязательств и собственного капитала в организациях;
- систему сбора, обработки и подготовки информации финансового характера;
- проблемы, решаемые бухгалтерами в процессе формирования информации для характеристики состояния и изменения основного и оборотного капитала, собственных и заемных источников финансирования активов организации, движения финансовых потоков за отчетный год и формирования доходов и расходов.

Умение студентов должно проявиться в использовании ими системы знаний о принципах бухгалтерского учета для управления бизнесом, решении вопросов оценки, учетной регистрации и накоплении информации финансового характера с целью последующей ее оценки и анализа.

Студенты также должны иметь представление о том:

- как и для каких целей используется учетная информация в процессе принятия управленческих решений;
- о содержании бухгалтерской информации и возможности ее использования пользователями;
- об основных концепциях бухгалтерской отчетности.

Следующая педагогическая цель: формирование эстетических и нравственных аспектов личности студентов. Специфика этой цели отражается в методах ее достижения. Достижению этой цели может способствовать личный пример педагога, который может попытаться воспитать в обучающихся уважение прав и свобод других индивидуумов, привить им правовой способ решения конфликтов и правовую активность.

Уровень влияния определяется профессиональными качествами педагога, характеристиками его личностного развития и педагогическим талантом. Рассматриваемая цель - формирование эстетических и нравственных аспектов личности студентов - в большей степени характерна для начальных этапов образования, и в высшей школе ее достижение объективно затруднено.

Следующая из педагогических целей - развитие творческих способностей учащихся или способностей к нестандартному мышлению достигается не содержанием учебного процесса, а его методами (эвристические и проблемные методы обучения). Но, такое развитие осуществляется в течение очень длительного

срока и не только в системе образования.

Основными препятствиями для развития творческого мышления являются страх и закомплексованность. Первое препятствие решается дидактическими средствами в процессе педагогического общения. Результат второго зависит от успешности достижения еще одной педагогической цели - формирования эффективных способов умственных действий студентов, которая может быть решена за счет увеличения самостоятельности студентов при разрешении проблемных ситуаций, что не только влияет на эффективность усвоения знания, но и формирует активную познавательную деятельность.

Обучение должно быть динамичным, давать не столько знания, сколько способы самостоятельного получения, осмысления и освоения знаний. Необходимо обеспечить студенту базу для устойчивого активного сознательного овладения профессиональным опытом.

Отсюда следует необходимость и еще одной педагогической цели - формирование самоуправляемых механизмов личности, т. е. создание предпосылки для сознательного профессионального и интеллектуального роста обучающихся. Средства для этого в преподавании учетных дисциплин следующие: воспитание самостоятельности и инициативности дидактическими методами и формирование внутренней мотивации студентов.

У большинства студентов способности к самостоятельному мышлению имеются (большой потенциал логического, теоретического, критического мышления), но, по всей видимости, система обучения, все еще носящая в своей основе традиционный характер, не только не дает ему раскрыться, но, возможно, и подавляет его. Поэтому, основной педагогической задачей в высшей школе на современном этапе следует считать преодоление умственной закомплексованности, развитие самостоятельного, свободного, активного мышления студентов.

В условиях стремительной компьютеризации неотъемлемой частью профессиональной подготовки будущих специалистов в области бухгалтерского учета являются новые компьютерные технологии. Появление и развитие пакетов прикладных программ создают огромные возможности для их использования в бухгалтерском учете. Умение эффективно использовать новые информационные технологии при подготовке квалифицированных специалистов – одно из важнейших требований, предъявляемых к преподавателям современного вуза.

Информационные технологии выполняют одновременно несколько функций: визуализируют учебный материал, экономят учебное время, обеспечивают доступность и прочность знаний, способствуют выработке умений и навыков, позволяют быстро и своевременно контролировать процесс обучения, делая тем самым выпускника вуза конкурентоспособным на рынке труда [3].

Необходимо чтобы студенты изучали наиболее распространенные на рынке программных продуктов автоматизированные бухгалтерские системы. Использование пакета прикладных программ «1С-Бухгалтерия» - удачный методический прием. К несомненным достоинствам указанного пакета можно отнести: простоту освоения и приемлемую мощность (средств пакета достаточно для большинства, практически встречающихся задач).

Следовательно, при изучении бухгалтерского учета особую актуальность приобретает использование современных компьютерных технологий. В результате обучения студенты приобретают умения:

- открывать аналитические счета к синтетическим;
- формировать первичные кассовые документы и соответствующие им проводки;
- формировать платежные документы, регистрировать выписки банка из расчетного счета с разноской сумм по счетам и занесением проводок в единую книгу хозяйственных операций;

- заполнять карточки персонального учета, формировать и корректировать лицевые счета сотрудников;
- составлять всевозможные ведомости, осуществлять расчет заработной платы и отчислений в фонды;
- получать оборотные ведомости по счетам, синтетические и аналитические отчеты, кассовую книгу, баланс, отчет о финансовых результатах и другие формы отчетности.

Таким образом, информационно-технические средства обучения являются неотъемлемой составной частью учебного процесса вуза, в особенности при заочной форме обучения и позволяют четко и оперативно решать задачи бухгалтерского и налогового учета.

Обобщая изложенный материал, отметим, что преподавание дисциплины «Бухгалтерский учет» предусматривает формирование основных педагогических целей, которые определяют направленность педагогического процесса.

В результате выполнения педагогических целей достигается конечная цель преподавания учетных дисциплин– формирование у будущих специалистов твердых теоретических знаний и практических навыков: по организации бухгалтерского учета предпринимательской деятельности; подготовке и представлению финансовой информации различными пользователями для выработки, обоснования и принятия управленческих решений [4].

Литература:

1 Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности. – М., 1995. 196 с.

2 Профессиональная педагогика / Под ред. С.Я. Батышева. – М., 1997. – 512 с.

3 Специфика организации учебного процесса в заочном вузе (из опыта подготовки специалистов экономического профиля) / Под ред. к.ф.н., проф. В.П. Матвеева, к.и.н. В.В. Вострикова, к.п.н. С.Н. Леоновой, к.ф.-м.н. Е.С. Филоновой. – Орел: Издатель Александр Воробьев, 2008. – 304 с.

4 Якушин В.А. Психология учебно-познавательной деятельности студентов. – М., 1994. – 365 с.

***

Мустафина А.С.

Бухгалтерлік есеп пәндерін оқыту әдістемесі

Есеп пәндерін оқыған кезде, студенттер бухгалтер мамандығы, бухгалтерлік есеп қызметі, бухгалтерлік есептің мақсаттары, бухгалтерлік қызметтің қорытындыларын көрсету және бухгалтерлік есепті жүргізу мен ұйымдастырудың жалпы теоралық және әдістемелік жолдары туралы ақпаратты білу қажет. Бұл мақалада студенттерге осы ақпаратты білуге көмектесетін және есеп пәндерін оқытуда педагогикалық процестің мақсаттарының негізгі міндеттері көрсетілген.

Тірек сөздер: *Есеп пәндері, білімді қалыптастыру, педагогикалық процесті ұйымдастыру қағидалары, есеп пәндерін оқыту.*

Mustafina A.S.

Method of teaching of the accounting disciplines

In studying the accounting disciplines the student must be formed ideas about the accountant as a profession, about accounting as an activity, for accounting purposes, the concrete expression of the results of financial activity and about general theoretical and methodological approaches to the organization and conducting an account. The article reveals the main problem, before teachers accounting disciplines, to help students to develop these ideas, as well as the target orientation of the pedagogical process in teaching accounting disciplines.

Keywords*: Accounting discipline, creation of knowledge, the principles to the organization of the pedagogical process, the target orientation of the pedagogical process.*

***

ӘОЖ 373.016: 811.512.122' 36

Текесбаева Г.М. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты
E-mail: guljantal@mail.ru

СИНТАКСИСТІ ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. *Мақалада автор синтаксисті меңгерту барысында интербелсенді әдістерді қолданудың жолдарына тоқталады. Синтаксисті оқытуда интербелсенді әдістерді тиімді қолданған жағдайда күтілетін нәтиже ретінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасады деп тұжырымдайды.*

Тірек сөздер: *Синтаксис, сөз тіркесі, құрамалас сөйлем, интербелсенді әдістер, ауызша, жазбаша, әдістеме, оқыту.*

Қазіргі уақытта елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен заман талабы адам тағдырына жаңа көзқараспен қарауды, осыған сәйкес оқушылардың таным қажеттілігі мен пәнге қызығушылығына көңіл аударуды, психологиялық және тұлғалық қасиеттерін, оның ерекшеліктерін дамытуды, оның қабілеттерін толық ашуға мүмкіндік болатын жағдайды жасауды талап етіп отыр. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі мен рухани дамыған азаматын қалыптастыру, оның тез өзгеретін құбылмалы әлемге әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылатындығын атап өтеді [1]. Білім берудің мазмұнын жетілдіре отырып, үздіксіз білім беру арқылы оқушыларды жан-жақты жетілдіру мәселесі бүгінгі күн тәртібіне қойылып отырғанын көріп отырмыз. Мұндай әлеуметтік сұраныстан педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселесінен жалпы білім беретін мектептің төменгі сыныбынан бастап озық әдіс-тәсілдермен оқыту қажеттілігі туындайды.

«Білім – тұл, тілден шығып есілмесе»,- дейді Жүсіп Баласағұн. Тілдік білімді оқушының саналы әрекетін дамытатын, өмірлік қажеттілігін анықтайтын тегеурінді тетікке айналдыру үшін сол білімнің өзегінде, біріншіден, өзіндік көзқарас, дүниетаным мен сенім қалыптастыратын, екіншіден, ортаға тез бейімделу, жаңа ақпаратты түсіну, қабылдау, өзгелермен қарым-қатынас жасай алу қабілеттерін дамытатын компоненттердің қатар қамтылуына назар аударыла бастады. Сондықтан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап-ақ Қазақстанның білім жүйесін реформалауда оқушының дара тұлғалық қабілеттерін дамыту мәселесі күн тәртібіне қойылды.

Академик И.Я. Лернер пікірі бойынша білім мәліметтер мен деректер, икемділіктер мен дағдылар, шығармашылық іс-әрекеттер, көңіл күй құндылықтары бағдарларынан тұрады [2, 89 б.]. Осы пікірді ескерсек, оқытудың озық, белсенді әдіс-тәсілдеріне негізделген сабақтарда осы аталған бағдарлардың іске асып, нәтижесін беретіндігіне күмән болмайды.

Қазіргі таңда ғалымдар интербелсенді әдістерді мазмұндық, қолдану жағынан, технологиялық сипаттары бойынша түрліше жіктеуде.

Педагогикалық әдебиеттерде белсенділік 2 түрлі мәнде қолданылады: 1) оқу әрекетіндегі тұлға қасиеті; 2) әрекетті орындау жағдайы (қалпы). Тұлға қасиеті ретінде қарастырған ғалымдар, оқушы белсенділігін көтеруді үш деңгейге жіктейді: 1) қабылдау белсенділігі – білімді қабылдау, ес-жадыда берік ұстау; 2) интерпретациялық белсенділік – білімді іс жүзінде қолдану; 3) шығармашылық белсенділік – өзіндік ізденісі, танымдық қызығушылығы.

А.Вербицкий белсенді оқытуды таңбалы-контекстілік немесе контекстілік әдістер дей келе, оған проблемалық ситуация, тренажер, ситуациялық жағдаят, рөлдік, іскери ойындарды жатқызады [3, 118 б.]. Ал М.Е. Вайндорф-Сысоева мен Л.П. Крившенко оқытудың белсенді әдістері үйренушінің өнімді шығармашылық, ізденушілік әрекетімен сипатталады дей келе, оған дидактикалық ойындар, нақты жағдаяттарды талдау, проблемалық тапсырмалар шешу, алгоритмдік және миға шабуыл әдістерін жатқызады. [4, 99 б.].

Психолог ғалым Б.Ц. Бадмаев программалық оқыту, проблемалық оқыту, интерактив әдістер деп топтаса [5, 122 б.], Г.К. Селевко ойын, проблемалық, оқу материалын сызба және таңбалық модельдеу деп [6, 78 б.], ал М.В. Буланова-Топоркова проблемалық дәріс, нақты жағдаяттарды талдау (case-study), ойын, дөңгелек үстел, ми шабуылы деп топтайды [7, 145 б.]. Е.Дайрабаев оқытудың белсенді әдістеріне дидактикалық ойындар, нақты ситуацияны талдау (case-stady), пікірсайыс, айтарыңды айтып сал (мозговой штурм, мозговая атака, брейнсторминг), синектикалық әдістерді жатқызады [8, 71 б.]. Д.В. Чернилевский дидактикалық ойындар, модульдік, модульді-рейтингілік, проблемалық деп топтайды [9, 176 б.].

Қазақ тілі сабақтарында синтаксисті меңгертуде интербелсенді әдістерді қолданудың маңызы зор. «Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter»- бұл «өзара», «act» - әрекет ету дегенді білдіреді. Яғни, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында мұғалім мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады. Интерактивті оқытудың басты мақсаты – оқушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Әсіресе табиғатынан тұйық, өз ойын жеткізе алмайтын, өздеріне сенімсіздеу оқушыларға пайдасы зор. Ал мұғалімнің міндеті – оқушының неғұрлым белсенділік танытуына жағдай жасау, қажет кезде жол көрсету болып табылады. Мұнда мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс істеуі үлкен рөл атқарады.

Интербелсенді әдістің ерекшелігі - оқушыға жаттанды білім беру емес, керісінше әр оқушының танымдық қабілеттерін және танымдық үдерістерді, яғни қойылған сұраққа бірнеше нұсқалы жауап беру, ойлау, ынта, қабылдауларын, коммуникативтік қабілеттері мен сөздің қорларын белсенді түрде дамыту болып табылады.

Қолданып жатқан әдістің нәтижесінде оқу үдерісі барысында оқушылар:

- мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);
- оқушылармен (жұптасып жұмыс істеу барысында);
- шағын топтармен (3-4 оқушымен);
- оқушылардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас/дебат барысында, сынып болып әлдебір мәселені талқылау кезінде);
- техниканың кейбір түрлерімен (мысалға, компьютермен, интербелсенді тақтада жұмыс істеуде) белсенді қарым-қатынасқа түседі.

Интербелсенді оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

- барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;
- әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғануына мүмкіндік жасау;
- үйренушілер білімді өздігімен құрастыратын орта құру;
- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік бағытын (көзқарас, дүниетаным) ұстану;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу. Бұл тұлғаның тұрақты қасиеттеріне айналып, тек студенттердің аудиториясында ғана орын алып қана қоймай, сонымен бірге өмірдің басқа да жақтарынан тиянақты түрде көрінеді [10, 63-64 бб.].

Синтаксисті оқыту барысында келесі интербелсенді әдістер қолданылады:

Кейс-стади (case-study) – таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс. Ол нақты жағдаяттарды (ситуацияларды) практикалық тұрғыдан талдау мен оларды өмірде кезігетін түрінде қайталауға, «ойнап» шығуға негізделеді. Сол себепті кейс-стадиді кейде «нақты оқу ситуациялар әдісі» деп те атайды.

«Миға шабуыл» әдісі – қойылған мәселені оқушылардың шығармашылық белсенділігіне сүйене отырып шешуге бағытталған, оқушыларға мәселені шешуде жауап нұсқасын таңдауға еркіндік беріліп, оны шешудің неғұрлым көп жолдарын көрсетуге негізделген. Кейін ең жақсы идеялар, шешімдер таңдалынып алынады. Бұл әдісті кейінгі кезде «ойтүрткі», «ойшақыру» деп те атап жүр. Бұл әдісті тіл білімінің синтаксис саласының кез келген тақырыбын өткен кезде қолдануға болады. Әсіресе, жаңа тақырыпты түсіндірер алдында қолданған тиімді. Мәселен, «Сөйлем» тақырыбын өтерде «Сөйлем дегеніміз не?», «Сөйлем түрлері туралы не білесің?» деген тәрізді сұрақтар қойып, жауап алуға болады.

Кубизм – ойын арқылы оқытатын әдіс. Кубиктің алты жағына жазылған сөздер бойынша жұмыс жасалады. Қандай да бір тақырып бойынша жан-жақты талдау, талқылау жұмыстары орындалып, сол арқылы оқушылар білімдерін тиянақтап, қайталайды, жаңа білім қосады.

1. Дәлелдеңіз. Берілген сөйлемдегі сөз тіркестерін тауып, олардың сөз тіркесі екенін дәлелдеңіз.

Баянауыл – Ертістің сол жақ жағалауында орналасқан Павлодар өлкесінің ең ірі ауданы.

2. Анықтаңыз. Берілген сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып тұрған тұлғаларды тауып, олардың қандай тұлға екенін анықтаңыз.

Баянауыл – жаратылыстың қазақ халқына берген қастерлі бір мекені.

3. Талдаңыз. Берілген сөйлемдегі сөз тіркестерін тауып, оларды сөз тіркестерінің айырықша белгілеріне қарай талдаңыз.

Сабындыкөл, Жасыбай, Торайғыр көлдерінің сұлулығына сөз жетпейді.

4. Астын сызыңыз. Берілген сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып тұрған тұлғалардың астын сызыңыз.

Сол байлықты қорғау үшін республика үкіметінің шешімі бойынша Баянауыл ауданының аймағы қорық болып жарияланды.

5. Ажыратыңыз. Берілген сөйлемдегі сөз тіркестерін тауып, оларды байланысу түріне қарай ажыратыңыз.

Тау қойнаулары қалың жынысты орман-тоғайларға бай.

6. Зерттеңіз. Берілген сөйлемді оқып шығып, сөз тіркестерін тауып, олар қандай синтаксистік қатынаста жұмсалып тұрғанын анықтап, сөз тіркесінің түрлеріне, байланысу тәсіліне қарай талдаңыз.

Бұл аймақта туризм жақсы дамып келеді.

«Атаулар кестесі». Сабақ басында тақтаға сөз тіркесі бойынша негізгі атауларды (терминдерді) жазып, оқушыларға төмендегідей кесте түрін ұсынамыз:

Қиысу	Матасу	Меңгеру	Жанасу	Қабысу

Әр атаудың астына атау туралы білімдері, мағлұмат, түсініктері жазу тапсырылады.

Оқушылар бұл тапсырманы алдымен жеке (2-4 минут) орындап, одан кейін кестелерін топ (немесе жұп) ішінде оқып, талқылап, толықтырады (3-5 минут). Содан кейін мұғалім тақтадағы кестені оқушылардың жауаптары бойынша толтырады.

Сабақ соңында бұл кестеге қайта оралып, келтірілген мәліметтердің дұрыс немесе бұрыстығы анықталады, қажет жағдайда толықтырылады.

«Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі. Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып, яғни сөз тіркесі бойынша 2-3 терминді тақтаға жазып, оқушыларға осы атауларға қатысты мынандай сұрақтарға жауап беруді тапсырады:

1. Қайда? Бұл терминді сіз бұрын қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?

2. Қалай? Өз тәжірибеңізде осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?
3. Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

Қос жазба күнделігі – тақырып мазмұнына білім алушылардың зейінін аударып,өз көзқарасын, қабылдауы мен түсінігін жазатын кесте. Өтілген тақырып бойынша жұмыс жасағанда оқушы қағазды екіге бөліп, сол жағын «Мысалдар» деп атап, оған мысалдар жазады.

Қағаздың оң жағы «Түсіндірме» деп аталады. Мұнда білім алушы сол жақта келтірілген жазбаларының түсіндірмесін келтіреді: неліктен бұлай ойлайды? Оның себебі қандай? Өз ойларын, түсінігін, пайымдаулары мен уәждерін, дәлелдерін жария етеді. Бұл баған сол жақтағыға қарағанда маңыздырақ болғандықтан, көлемді түрде тұтас сөйлемдерден тұруы тиіс.

Сөз тіркесін өткенде «Қос жазба күнделігін» былайша қолдануға болады: берілген мәтіннен сөз тіркестері мен күрделі сөздерді теріп жазып, олардың сөз тіркесі, күрделі сөз болу себептерін түсіндіріп жазу тапсырылады.

Оқушыларға ұсынылатын мәтін үлгісі:

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев ғұлама, энциклопедиялық білімді ғалым болды. Ол шығыс ұлттары өкілдерінен шыққан алғашқы академик еді. Қаныш Сәтбаев барлық жиған білімі мен қайратын, бүкіл өмірін бір ғана жолға жұмсады. Ол – өмір талабына жауап берерлік көп салалы ғылыми Орталық – Қазақстан ғылым академиясының негізін қалап, нығайту мен геология ғылымының мамандарын тәрбиелеу еді.

Мысалдар	Түсіндірме

Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою – сынып оқушыларының өтілген тақырып бойынша бір-біріне немесе топ мүшелеріне белгілі бір жүйемен сұрақ қою тәсілі. Әр оқушы өз жұбына немесе басқа топқа қоятын сұрақтарын қағазға жазып алуы керек. Мұнда басты назарды жауаптарға емес, сұрақтарға аударылады. Оқушылардың бір-біріне қойған сұрақтары олардың тақырыпты қандай дәрежеде меңгергенінің дәлелі болады. Сол себепті мұғалім сұрақтар жазылған парақтарды сабақтың соңында жинап алады, оқушы білімі қойылған сұрақтар мазмұнына сәйкес бағаланады.

Үш қадамды сұхбат – тақырып бойынша оқушылардың бір-бірінен кезектесіп интервью алу тәсілі. Бұл тәсіл «Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою» тәсіліне ұқсас, алайда мұнда басты назарды жауапқа аудару керек.

Шағын топ (3-4 адам) ішінде шәкірттер тақырып бойынша бір-бірінен интервьюді келесі кезекпен алуы мүмкін:

Үш оқушыдан тұратын топта:

1. А оқушы В-дан интервью алады, ал С олардың сұрақ-жауаптарын жазып отырады;
2. В оқушы С-дан интервью алады, ал А олардың сұрақ-жауаптарын жазып отырады;
3. С оқушы А-дан интервью алады, ал В олардың сұрақ-жауаптарын жазып отырады.

Төрт оқушыдан тұратын топта:

1. А оқушы В-дан интервью алады, ал С оқушы Д-дан интервью алады;
2. В оқушы С-дан интервью алады, ал Д оқушы А-дан интервью алады;
3. Төртеуі де жауаптарды бірге талқылайды.

Сөз тіркесі бойынша оқушылар мынадай сұрақтар қойып, бір-бірінен интервью алуына болады:

1. Сөз тіркесі дегеніміз не?
2. Сөз тіркесінің айырықша белгілері қандай?
3. Сөздердің сабақтаса байланысуы дегенді қалай түсінесіз?
4. Сөз тіркесінің басыңқы және бағыныңқы сыңарларының ерекшелігі қандай?
5. Сөз тіркесін құрауға тірек болатын сыңары қайсысы?
6. Сөз тіркесінің күрделі сөздер мен тұрақты тіркестерден айырмашылығы неде?
7. Сөз тіркесінің түрлерін атаңыз, т.б.

Үш қадамды сұхбатты жазбаша орындауға болады.

Бұл тәсілді қолданғанда да мұғалімнің жұмыс ретін шығармашылық тұрғыдан өзгертіп тұруына болады.

«Ойлан. Жұптас. Пікірлес» – оқушыларға кандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды орындауға бағытталған әдіс.

Тақтаға сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жеке өз ойлары мен пікірлерін берілген уақыт (2-3 минут) ішінде қағазға түсіреді.

Мысалы: Сөз тіркестері мен тұрақты тіркестердің ұқсастығы мен айырмашылығы кандай? деген сұрақ қойып, осы сұрақ туралы өз ойларын жазу тапсырылады.

Содан кейін оқушылар жұптасып жазғандарын талқылайды, пікірлеседі. Мұғалімнің екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл ұжымға жариялауын сұрауына болады.

«Жасырынған тұлға» – берілген сөздер мен сөз тіркестері бойынша кандай тұлғалардың жасырылғанын табуды кажет етеді.

Тақтаға сөздер мен сөз тіркестерін жазып, кай тұлғаның жасырынып тұрғаны табу тапсырылады немесе сынып оқушыларын бірнеше топка бөліп, әр топка жеке парақтарға жазылған сөздер мен сөз тіркестерін беруге болады. Мысалы:

1-топка. Құсмұрын бекеті, тұңғыш ғалым, саяхатшы, Кадет корпусы, зерттеу экспедицияларына катысты. (Шоқан Уәлиханов)

2-топка. Затобол ауданы, «Казак хрестоматиясы» тұңғыш оқулық, мектеп ашты, балалар әдебиетінің атасы. (Ыбырай Алтынсарин)

3-топка. Бұрынғы Семей облысы, ауыл молдасынан сауат ашкан, казак жазба әдебиетінің негізін калаушы, өз бетімен ізденген. (Абай Құнанбаев)

«Синквейн» тәсілі. Мұны бес жолдан тұратын өлең деп те атайды. Мұнда оқушы берілген тапсырма, мәтін бойынша өлең құрастырады. Бұл тәсіл ой толғау кезеңінде колданылады. Синквейн жазу ережесі:

1) Бірінші катарға бір сөзбен такырып жазылады (зат есім түрінде);

2) Екінші катарға такырыпты екі сөзбен келтіруі (екі сын есім түрінде);

3) Үшінші катарға үш сөзбен осы такырып төңірегіндегі іс-әрекет жазылады (етістік);

4) Төртінші катарға төрт сөзден тұратын осы такырыпка катысты сөйлем немесе сөз тіркесі;

5) Соңғы катарға такырып мәнін сипаттайтын бір сөзден тұратын синоним (метафора) жазылады.

Кім? Ұстаз

Кандай? Парасатты, білікті

Не істейді? Оқытады, тәрбиелейді, бағалайды

Сөйлем (түйін): Ұстазы жаксының – ұстамы жаксы

Синоним – Оқытушы

Бұл тәсілді оқытушы шығармашылыкпен дамытып, 1-катардағы сөз бен 2-катардағы сөзді, 1-катар мен 3-катардағы сөздерді тіркестіріп, сөз тіркесін құратып, олардың өзара ұксастықтары мен айырмашылықтарын тапкызуға болады (парасатты ұстаз, білікті ұстаз – есімді тіркес, ұстаз оқытады, ұстаз тәрбиелейді, ұстаз бағалайды – етістікті тіркес). 4-катардағы сөйлемнің құрамынан сөз тіркестерін тауып, оларды байланысу тәсілі мен түріне карай талдату да оқушылардың білімдерін тиянақтап, пысықтауға септігін тигізіп, білімін тексеруге мүмкіндік береді.

«Жұпта талқылау» – оқушылардың сөйлеу мәдениеті, бір-бірімен карым-катынас жасау дағдылары дамиды, ойлау кабілеттері артады. Берілген сөз тіркестерінің құрамындағы күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің бағыныңкы не басыңкы болып тұрғанын анықтау тапсырылады.

Баласы зыкысын шығарды; сөзіне құлак аспады; күзге карай оралады; жүз отыз бес бала; ак боз ат; сәби құлап кала жаздады; жыл бойы еңбектенді.

«Ойтолғау» – оқушының сабақта карастырылған такырып жөнінде өз ойлары мен түсініктерін келтіретін бағалау тәсілі.

Сөз тіркестері, күрделі сөз, тұрақты тіркестерді қатыстырып «Мейірімділік» тақырыбы бойынша шағын ойтолғау жаздыру.

«Топтастыру» немесе кластер» әдісі болып табылады. Бұл – идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер.

Негізгі тақырып немесе тірек сөз парақтың ортасына жазылады да, одан туындайтын тақырыпшалар оның жан-жағына жазылады. Оқушылар оларды бір-біріне сызықтармен қосып, өзара байланыстары туралы әңгімелейді. Тақырыпшалардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырылып, оларға жауап іздеген де тиімді. Әдетте, кластер оқушының жеке орындауынан басталып, одан кейін жұмыс жұпта немесе шағын топта (4-6 адам) жалғасады. Мысалы, «Құрмалас сөйлем» тақырыбы бойынша мынандай кластер құрастыруға болады:



«Білемін. Үйрендім. Білгім келеді» немесе маркировка. Бұл кесте үш бөліктен тұрады. Бұл әдісті төмендегі тәртіп бойынша қолдануға болады:

1. Сыныпты бірнеше топқа бөлесіз.

2. «Сөз тіркесі туралы не білесіз?», «Ол туралы тағы не білгіңіз келеді?» деген сұрақтар арқылы оқушыларға кестенің бірінші және екінші бағандарын толтыртып, оны өзара топта талқылатыңыз.

3. Әр топ ең озық деген ойларын ортаға салады.

4. Сөз тіркесі туралы мәліметті әр оқушыға таратып бересіз. Мәліметпен танысып болғаннан кейін, оны өз топтарында талқылқылайды. Кестенің үшінші бағанын сабақтың соңында толтырады.

Білемін	Үйрендім	Білгім келеді

Интербелсенді әдістің ерекшеліктерін ескерсек, құрастырылған тапсырмаларды орындау оқушыларға оқытылып отырған тілдік материалдың практикалық тұрғыдан қолдану нәтижесін, жемісін көруге мүмкіндік береді.

Қазіргі әлем бойынша индустриялық қоғамнан интербелсенді қатынас жасауға, оны жүзеге асыратын ақпараттық қоғамға көшу үдерісі жүріп жатқанда, интербелсенді әдістерді тиімді қолдана білсек, оқушыларымызды жаңа ғасырдың бәсекеге қабілетті, білімді, ақыл-ойы дамыған азаматы етіп даярлай аламыз.

Қорыта айтқанда, синтаксисті оқытуда интербелсенді әдістерді тиімді қолданғанда күтілетін нәтиже ретінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік туады. Сондай-ақ, оқушылардың сабақтағы түрлі

мәселелерді шешуге жаппай жұмылуын қамтамасыз ете отырып, оларды болашақта қоғамдық-саяси мәселелерді шешуге қатысатын белсенді тұлға етіп тәрбиелейді.

Әдебиеттер:

1. *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы. – Астана, 2010.*
2. *Лернер И Я. Дидактические основы методов обучения. – М , 1981. – 186 с.*
3. *Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. Метод.пособие. – М , Высшая школа, 1991. – 207 с.*
4. *Вайндорф-Сысоева М Е., Крившенко Л.П. Педагогика. – М.: Юрайт – Издат, 2005. – 239 с.*
5. *Бадмаев Б.Ц. Методика преподавания психологии. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1999. – 304 с.*
6. *Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М : Народное образование, 1998. – 256 с.*
7. *Буланова М В. Педагогические технологии. – М., МарТ, 2004. – 336 с.*
8. *Дайрабаев Е., Дайрабаева А. Педагогика пәнінің негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 223 с.*
9. *Чернилевский Д.В. Дидактические технологии в высшей школе. – М., ЮНИТИ, 2002. – 437 с.*
10. *Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелелері. – Алматы, 2013. – 448 б.*

***

Текесбаева Г.М.

Пути использования интерактивных методов в обучении синтаксиса

В статье автор говорит о путях использования интерактивных методов в процессе обучения синтаксиса. Ожидаемым результатом при эффективном использовании интерактивных методов в обучении синтаксиса является формирование коммуникативной компетенции учащихся.

Ключевые слова: *Синтаксис, словосочетание, сложное предложение, интерактивные методы, устно, письменно, методика, обучение.*

Tekesbayeva G.M.

Ways to use interactive methods in the sdudy of syntax

The author suggests ways of using interactive methods in teaching syntax. The expected result of the effective use of interactive methods of learning the syntax is the formation of the communicative competence of students.

Keywords: *Syntax, word-combination, complex sentence, interactive methods, oral, written, method, teaching.*

***

ӘОЖ 78.071.2

Алимбаева Г.Б. – аға оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: Gulzadabak@mail.ru

БОЛАШАҚ ДИРИЖЕРЛЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа. *Мақалада студент жастардың дирижерлік техниканы меңгерудің мәселелері қарастырылады. Болашақ дирижерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың әдістемесі талданған.*

Тірек сөздер*: Жоғары оқу орны, студент жастар, оқыту үдерісі, дирижер, дирижерлік техника, өзіндік жұмыс.*

Оркестрдің музыкалық шығарманы сәтті орындауында дирижердің үлкен рөлі бар.Дирижерлау (франц. diriger – бағыттау, басқару) – музыкалық-орындаушылық өнердің ең бір күрделі түрі; музыканттар ұжымын (оркестр) музыкалық шығарманы үйренужәнеолардың көпшілік алдында орындау үдерісінде басқару. Дирижерорындаушылықтың ансамбльдік үндестілігін және техникалық жетілуін қамтамасыз етеді, орындаушылар ұжымына өзіндік көркемдік ниетін, шығарманың өзіндік түсінігін беруге ұмтылады.

Диржерлық өнер ең алдымен дене мүшелерінің қимылын дұрыс сақтап, оны дұрыс пайдаланудан басталады. Дирижердың тұрғысы сыпайы, сырт тұлғасы сымбатты болуы тиіс. Ол оркестр алдында тұрғанда, оған тек орындаушылар ғана емес, сондай-ақ тыңдаушылар да назар аударады. Мұндай жағдайда кеуде сәл көтеріңкі, бас тік ұсталып, көз қиығы бір жаққа аударылады, қол бос ұсталып, төмен түсірілуі керек. Кеуденің қозғалысы да дирижердың еркін қимылдауына ешқандай кедергі жасамауы тиіс.

Дайындық немесе концерт кезінде оркестр алдында дирижер бетін ұжымға қаратып тұрады.Оның аяғының астында арнайы жасалған тұғыр (подмост) болуы қажет. Дирижердың осылайша орналасуы оның оркестрмен өзара тығыз қарым-қатынаста болуы үшін өте маңызды. Дирижер шығармаға жетекшілік етер алдында орындаушылардың әзірлігін шолып, тексереді. Осыдан кейін барып, дирижер дирижерлық негізгі қалыпқа көшіп, қолын көтереді.

Дирижерлау үдерісінде оның екі қолы мен бет қимылдарының (мимика) ролі өте зор. Дирижеросы екі қолы мен бет қимылдары арқылы оркестр мүшелерінің назарын аударып, шығарманың мазмұны мен қуатын орындаушыларға ұғындырады. Қол қимылдары арқылы дирижер негізгі практикалық әдістерін жүзеге асырады. Дирижердың екі қолы – музыкалық шығармалардың ішкі астарын, мазмұнын кеңінен талдап, баяндап беретін құралы.Қол негізінде қоспа,буын (кисть), білек, шынтақ және иық бөлімдерінен тұрады. Сонымен бірге дирижер әр уақытта оркестрге музыканың қандай сипатта орындалатынын және ішкі сезімін өзінің бет бейнесімен білдіреді.Ендеше,терең мағыналы философиялық үлкен ойды білдіретін күй немесе шығармаларды дирижерлық жасағанда дирижер терең ойлы көзқараста болуы тиіс.Керісінше, көңілді, шабытты күйлерді ойнатқанда соған сәйкес көңіл күйде болады, яғни орындалатын шығарманың характері мен дирижердың мимикасы қабысып жатса, онда ол тыңдаушыға да, оркестрге де жақсы әсер қалдырады.

Дирижер көзқарасымен оркестрді өзіне қаратады. Сөйтіп, «негізгі қалып» немесе «байқаңыздар» қимылымен ойнаушыларды келесі әрекетке әзірлеп, дайындайды. Бірақ, «байқаңыздар» – қимылы тым ұзаққа созылмауы керек, тәжірибесі аз жас жетекшілер мұны әр уақытта есіне сақтаулары керек. Себебі, бұл қимыл тым ұзаққа созылса, ол мағынасын жоғалтады, ұжым назарын еріксіз басқа жаққа аударады. Сондықтан, ол аз болса да уақыт тұрғысынан ұтымды, айқын, анық берілуі тиіс.

Дирижерлық өнер музыкалық орындаушылықтың дербес түрі ретінде шамамен 19 ғ. қалыптасты, бірақ оны тарихы ежелгі уақыттан басталғанын археологиялық қазбалардан алынған жәдігерлер көрсетіп отыр.

Дирижерлық өнерде өзінің тарихи даму шағында, оның қазіргідей үлгісі қалыптасқанынша бірнеше кезеңдер өтті. Солардың бірқатары:

а) орындаушылықтағы дыбыс ырғағын қолдың немесе аяқтың көмегімен соғып санау арқылы басқару;

б) дыбыстың биіктігін және ұзақтығын дене қимылдары арқылы көрсету;

в) аспапта ойнау арқылы басқару және т.б.

Қазіргі кезде дирижерларды даярлау кәсіптік деңгейге қойылып отыр. Қазіргі дирижерлық дирижердан музыкалық–теориялық даярлықты, музыкалық әдебиет аясында кең, әрі терең білімді,жоғарымузыкалық қабілеттілікті, яғни арнайы жаттықтырылған есту, жақсы музыкалық есте сақтауды, ырғақ, ритм сезімдерін, жинақы зейінді талап етеді.

Дирижерда белсенді мақсатты бағытталған ерік қажетті шарт болып табылады. Дирижер психолог, әрі белгілі бір ұйымдастырушылық қабілетке ие педагог-тәрбиеші болу керек.

Болашақ дирижер маман дирижерлық техниканы меңгеруге тиісті - бұл орындаушының санасына әсер етудің маңызды құралы болып табылады. Осыдан келіп дирижерлық техниканы меңгерудің қиындығы және ол үшін қажетті қабілеттердіңболуын талап етіледі. Дирижерлық техника орындаушының санасына әсер ету құралы ретінде тілдің функциясын орындайды.

Дирижерлық әрекетке профессор А.В. Петровскийдің мынадай пікірінің тікелей қатысы бар: « Қол сермеу, мимика, тұрысты, көздің бағытын және сонымен бірге ара қашықтықты да пайдалану арқылы байланысорнатып, қарым-қатынасқа сөзсіз–ақ түсуге болады. Мұндай мәндік қарым-қатынас эмоционалдық күйді, сезімді, көңіл–күйді бергенде жүзеге асырылады» [1, 27 б.].

Мәселен көп жыл бойы дирижерлық міндетті атқарған Г.Вуд [2] дирижерлық техниканың төмендегідей деңгейлерін анықтаған:

- бірінші деңгей - орындау ансамбліне жетекшілік;
- екінші деңгей - орындаудың ырғақ,ритм жағына жетекшілік;
- үшінші деңгей - айтылуының (интинирования)сипатын анықтау;
- төртінші деңгей - музыка өрнегінің динамикалық дамуын беру;
- бесінші деңгей-музыкалық қозғалыстың образдылығын көрсету;
- алтыншы деңгей - музыкалық бейненің сипатын және оның эмоционалдық-мәндік мазмұнын көрсету;
- жетінші деңгей - орындаушыларға әсер.

Дирижер өнері – қиын, әрі жауапты өнер. Демек, осы өнермен шұғылданушы жастар өздерінің мақсатына жету үшін ұдайы еңбек етіп, өз бетімен ізденулері керек. Олар бұл өнерді тек қана оқытушылар басшылығымен меңгеріп қоймай, сонымен бірге өзіндік жұмыс арқылы да меңгереді. Себебі дирижерлық өнерді ойдағыдай жақсы меңгеру үшін, ең алдымен соған сәйкес қабілеттері мен дарындылығы болуы керек, сол таңдаған өнердің мазмұн-мағынасы, құрылымы және әдістері туралы анық түсінігі болуы қажет; өнерді игерудегі талапқа сай әдістемелік оқыту жүйесі болу керек; өз бетімен дайындық оқу жұмысының кезеңі кәсіби дағдыны игеруге және белгілі бір қабілеттерді дамытуға жағдай жасауы керек. Осылардың бәрі бірінен кейін бірі орналасып және өзара тығыз байланыста болады. Осы жүйенің бір буыны болмаған жағдайда немесе әлсіздігі байқалса, талаптанушының кәсіби деңгейінде өз көрінісін табады.

Сонымен қатар дирижарғаоның негізгі міндеттерін атқаруда бірден-бір көмекшісі болып, үздіксіз жұмыс жасайтын дене құрылысы (дирижерлық аппарат) жағынан да көп талап қойылады. Мысалы, дирижерлық техниканың сәйкесті тәсілдерін орындау үшін әртүрлі қозғалыстарды жеңіл орындайтын жақсы жаттыққан қолдың қажеттігі бар. Дирижер әрдайым спортпен, гимнастикамен жүйелі

айналысып, денелік жаттығуларды орындап отыру қажет, себебі бұл мамандық үлкен шыдамдылықты,дененің және қолдың жақсы жаттыққандығын талап етеді.

Оркестрдің жетекшілері бастапқы кездеөздерін қолайсыз жағдайда ұстаулары мүмкін. Мұның себебі: біріншіден, қол буындарын бос ұстамағандықтан болса, екіншіден, басқару үдерісіне қатысы жоқ дене мүшелерін орынсыз қолданудан болады. Міне, осындай ұсақ, бірақ жас дирижерға біраз қиыншылық тудыратын кемістіктерден сақтандыру үшін келесідей бірнеше жаттығуларды меңгеруге болады:

- бірінші жаттығу - бір қалыпта, түрегеліп тік тұрғаннан кейін, қолды жоғары көтеріп, кеуде тұсында ұстау керек; иықтың бұлшық еттері бос, еркін болсын; қолды сағат тілінің бағытымен төмен сермегенде, ол өз салмағымен еркін түсетін болуы керек;

- екінші жаттығу-бұл жаттығуды орындау үшін үстіне кітап қойылған стол жанына келіңіз; столдың биіктігі белден аспауы керек; қолды кеуденің тұсына дейін көтеріп, одан кейін өзінің салмағымен кітап үстіне түсіру керек; қолдың басы аз ғана жұмылады; қол кітап үстіне түскенде дыбыс шығады;

осы жаттығудан біз денемізді қаншалықты еркін ұстайтынымызды байқаймыз;егер қолдың бұлшық еттері бос болса, дыбыс анық және ашық шығады, ал қатты болса онда, керісінше, дыбыс әлсіз болады;

- үшінші жаттығу - бұл да екінші жаттығуда берілген қимылдар арқылы көрсетіледі; бірақ стол үстінде енді кітап болмайды; ол қимыл – қозғалыстар бейнелеу арқылы жүзеге асады.

- төртінші жаттығу-екі қол алға қарай созылып, шынтақ жартылай иіледі; саусақтар еркін ашылады; бұдан кейін қолдың қоспасын жайлап иіп, саусақтарды жоғары-төмен қимылдату керек және т.б.

Бұл жаттығулардың мақсаты – қолдарды емін-еркін бос ұстау, кеудеден белге дейінгі қол қимылын игеру болып табылады. Тәжірибе жүзінде студент әртүрлі орындау белгілерін және т.б. жағдайларды көрсету үшін үлкен немесе кішірек көлем қол қимылдарын қолданады. Оқыту үдересіндегі дирижерлауды (аспаптың көмегімен) жүйелі бір іс-әрекет деп атауға болатын болса, студенттің үйдегі дирижерлау дайындығын тек қимыл ретінде қарастыруға болады. Елес-ойдағы орындаушылықты дирижерлауды нақты қимыл іс-әрекет етіп жасау үшін ерекше оқыту әдісі керек,олар музыкалық ойлау қабілетінің белсенділігі, музыкалық ой-сезімі негізінің динамикалық түрде күшею әсерін сезіну және басқа да дирижерлық маңызды қасиеттердің дамуына үлес қосқан болар еді.

Дирижерлық өнерді жаңа бастаған үйренушіге дирижерлық нұсқаның түрлерін меңгеруіне тура келеді. Әр өлшемдегі дирижерлық көрсеткіш белгілерін жеңіл түсініп, тез игеру үшін ең алдымен оның жай, қарапайым үлгісімен танысып алған жөн. Одан кейін барып музыкалық шығарманың мазмұны мен сипатына байланысты түрлі өлшемде жүретін пластикалық дирижерлық көрсеткіштерге көшуге болады. Шығарманы сапалы, жоғары дәрежеде орындау үшін техникалық әдістерге қоса әртүрлі бейнелеу қимылдарын да пайдалану керек.

Дирижерлық ету кезінде дыбыс шығарудың үш түрлі көрсету әдістері болады, атап айтқанда: легато (байланыстыра), нонлегато (байланыстырмай, үзіп), стаккато (секірте,қысқа). Бұл айтылғандардың әрқайсысы жеке-жеке ерекше музыкалық белгілермен көрсетіледі.

Қазіргі жоғары оқу орындарында оқыту үдерісін ұйымдастыруда кредиттік жүйе студенттердің өзіндік жұмысын жаңаша жүргізуді талап етеді, өйткені жаңа оқыту жүйесінде өзіндік жұмыстың алатын орны ерекше. Елімізде білікті мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының барлығы кредиттік оқыту жүйеге енгенін ескеріп, өздігінен білім алып, оны үзбей жетілдіруді қажет ететін талаптың пайда болғанын, яғни жаңа кезеңге икемделген студенттің өздік жұмысын ғылыми-педагогикалық тұрғыдан зерттеу міндеті пайда болып отыр. Жаңа талаптарға сай жоғары оқу орындарының оқу жоспарына енгізілген пәндерді игерудегі уақыттың 70 пайызы студенттің өзіндк жұмысына беріледі. Оның 50 пайызы оқытушының

қатысуымен және жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмысқа бөлінген.Кредиттік оқу жүйесінің 2/3 бөлігі студенттің өздігінен жасайтын жұмысынан тұрады, яғни білімнің негізін студент өз бетінше іздену, білуге деген қызығушылыққа, танымдық белсенділікке сүйене отырып қалыптастырады. Мысалы «Жалпы дирижерлау» пәнінің оқу жұмыс бағдарламасынатоқталуға болады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкесті қарастырылып жатқан таңдау курсының оқу жұмыс бағдарламасы мынадай бөлімдерден тұрады: пәннің оқу жұмыс бағдарламасының мақсаты мен міндеттері; студенттің пәнді меңгеруінің бағдарламасы; пән бойынша тапсырмаларды орындаудың және оны тапсыру кестесі; жеке дәрістер мен практикалық сабақтардың жоспары; пәнді меңгеруге байланысты әдістемелік ұсынбалар; практикалық сабақтарды орындауға байланысты пәндік түсініктемелер және әдістемелік ұсынбалар; студенттің өзіндік жұмысының жадығаттары: үй тапсырмаларының мәтіндерінің жиынтығы, әрбір тақырып бойынша өзін-өзі қадағалаудың жадығаттары, жұмыстың түрлерін орындауға байланысты тапсырмалар, аннотация және үй тапсырмаларын орындауға қажетті әдебиеттердің тізімі, пән бойынша алған білімдерін практикада қолдануға байланысты әдістемелік ұсынбалар, студенттің білімін қадағалауға және бағалауға қажетті жадығаттар (жазбаша тексеру тапсырмалары).

«Жалпы дирижерлау» пәнінің оқу жұмыс бағдарламасының мақсаты – дирижерлық білімді меңгерту және дирижерлық орындаушылық әрекеттің қажетті дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру және кәсіби қабілеттерін дамыту.

Студенттердің өздік жұмысы тапсырмаларын орындауда музыкалық шығармаларды талдаудың келесідей кестесі ұсынылады:

1. Талдаудың басы – өнер шығармасы туралы мәлеметтерді негізгі ретімен орналастыру: жасалған уақыты, аты, авторлығы, шығарманың стилі. Музыкалық шығарманың сыртқы сипаттамасының берілуі: сюжеті, композициялық типі, композиция ритмі;
2. Талдау, құрылымды анықтау–шығарманың жарқындық және бейнелеу ерекшеліктерін сипаттау;
3. Синтез, арақатынасты анықтау – шығарманың негізгі эмоционалдық түсін анықтау және талдау.
4. Деңгейі–шығарманың көркемдік образының сипаттары зерттеледі,өнер шығармасындағы өзара әрекеттің деңгейлері, өзара әсердің күші және типтері талданады. Өзіндік жұмыс әрбір дирижер музыкант орындаушының әрекетіндегі шешуші буын болып табылады. Бірақ дирижерды даярлау үдерісінде, ол ерекше маңызды мәнге ие. Көп жылдық практика дирижерлық бойынша студенттердің өзіндік жұмысы қиыншылықтармен жүретінін байқатып отыр. Әдетте, себепті дирижер өзінің «аспабынсыз» жұмыс істеуімен түсіндіреді. Шынында да, музыкалық шығарманың орындалу барысында дирижер–жетекші қол сермеу «тілін» пайдалана отырып, орындаушылармен қарым-қатынасқа түсіп, олардың музыкалық түсініктеріне әсер етеді. Егерде басқаруға келетін студенттің алдында орындаушылар болмаса,онда күрделі, әрі ерекше қарым–қатынас құралдарын тиімді қалай дамытуға болады? Әрине, дирижердың өзіндік жұмыс кезінде жағдайы қолайсыз, бірақ шеберлікке жетуге «аспаптың» болмауы басты себеп болмайды.Сонымен бірге студент сәйкесті қабілетке және сапаларға ие бола отырып, дирижерлық өнердің ерекшеліктерін жақсы білуі шарт. Сондықтан оқытушының көмегімен және жеке өзіндік жұмыспен студент өнердің бұл түрінің мазмұны, құрылымы және құралдары, мақсатын жақсы білуі керек. Студент оқытушымен бірге өзіндік жұмыста меңгеріп жатқан өнердің талаптарына сай оқыту әдістемесін қолдану қажет. Бұл негіздемелер бір-бірімен бірізділіктi байланыста. Бұл тізбекте қандай да бір буынның болмауы немесе әлсіздігі студенттің кәсіптік деңгейіне теріс әсер етеді [3, 49 б.].

Студенттің дирижерлыққа үйренудегі өзіндік жұмысының сипаты және бағытталғандығы дирижерлық өнердің ерекшелігімен шартталады. Дирижерлық

мамандық көп жақты болып келеді, сондықтан оқытушы мен студент дирижерлық өнерді меңгеру үшін әртүрлі формалар мен әдістерді қолдану керек. Олардың мазмұны дирижерлыққа оқытудың әртүрлі әдістемелерін қолдануды меңзейді.

Партитурамен (оркестрге арналған ноталық жазба) өзіндік жұмыс үдерісінде студент тек қана нота мәтінін оқып біліп және талдап қоймай, сонымен бірге алдағы репетициялық жұмыстың формаларын және әдістерін ойластырып, қажет болған жағдайда оларды өзгертуге даяр болу керек. Сонымен бірге студент оқытушымен кеңесе отырып қол сермеу бағытында партитураны меңгеру қажет. Музыкалық образды көрсету үшін қол сермеу формаларын іздестіріп, шығарманың күрделі түрлерін техникалық басқарудың тәсілдерін табуы тиіс. Студенттердің дирижерлық орындаушылыққа деген ынтасы оның мәнін әртүрлі түсінуі өздік жұмыстың әртүрлі формалары мен әдістерін тиімді қолдануға итермелейді. Студент оқытушымен бірлесе отырып дирижерлық техниканы, яғни қол сермеудіңсипаттамалық формасын және оларды орындаудың тәсілін, қолды сермеудің әртүрлі жағдайда болуын, дирижерлық мәнерін және т.б. дирижерлықорындаудың шеберлігін меңгереді.

Біздің пікірімізше, өзіндік жұмыста орындаушылықты басқарудың барлық формаларын, қол сермеудің бүкіл түрлерін қолдануға болады. Мұның бәрі дирижердың техникасын байытады, өзінің орындаушылыққа қатысты ойларын орындаушыларға жарқын түрде жеткізуге көмектеседі. Студент ең алдыменкөркемдік – мәнерлі дирижерлық жасағанда орындаушыларға өзінің ұмтылыстарын сенімді түрде бере алады. Орындаушылар құрғақ тактілік қол сермеуге қарағанда дирижердың мәнерлі қол сермеуінен, оның ұмтылысын жақсырақ түсінеді. Жас дирижер өзінің техникасының мүмкіндігін барынша дамытып қана қоймай, сонымен бірге өзінің қабілеттерін де дамытып отыруы қажет. Ол үшін барынша мәнерлі дирижерлық әрекет жасауға ұмтылыс жасағаны абзал.

Ең алдымен оқыту мақсаттарын көздейтін өзіндік жұмыста сараң қол сермеу ұсынылмайды, керісінше дирижерлық шеберліктің қыр-сырын меңгеріп жатқан студент орындаудың бүкіл детальдарын және нәзіктігін қол сермеу арқылы барынша толық көрсетуге тырысуы тиіс.

Өзіндік жұмыста орындаушылық және ерекше дирижерлық дағдыларды жан-жақты дамытуда, студент міндеттерді барынша күрделендіре түсу керек. Студент музыкалық фразаның бүкіл элементтерін жарқын беру үшінмануалдық құралдарды іздесе, сонда ол оның мазмұнын терең түсініп, оған тән ерекшеліктерді байқайтын болады. Музыкалық материалға осындай қарым-қатынас жасағанда ғана дирижер орындауды әсерлі қыла алады [4, 8 б.].

Өзіндік жұмыстың бастапқы кезеңінде студент дирижерлық өнерді меңгеруде қол сермеудің барынша жарқындығына, орындылығына назар аударып, оның қиялын шектейтін және орындаушылық ұсыныстарын жеткізуге кесел келтіретін шарттармен өзін шектемеу қажет.

Практикалық жеке сабақтағы студенттің өзіндік жұмысы - бұл оқыту үдерісіндегі жекелік, өздігінен білімді меңгеру түрі болып табылады. Кредиттік оқыту жүйесінде дәріс беруді ұйымдастыруда зерттеу мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді: оқыту үдерісінде қолданатын дәрістің кез келген түрінде оқытушылар мен студенттердің арасында өзара белсенді қарым - қатынас әдісін қолданса, өзіндік жұмыстың тиімділігі арта түседі; әртүрлі дәріс кезіндегі студенттің өзіндік жұмысының тұқ етері - аз уақыт ішінде жаңа тақырыпты студентке сапалы меңгерту болып табылады. Ол үшін дәріс оқитын оқытушы бірінші курстан бастап сабақтарда дәріс жадығаттарын тез меңгертуге көмектесетін әдіс-тәсілдердің жүйесіне үйретеді: тірек-сызба жасау, кілт сөздерді бөліп шығару, қысқаша аннотация немесе тұжырымдама жазу, жадығаттардың тезисін даярлау. Қорыта келгенде, әртүрлі дәрістің сипаты оқытушылар мен студенттерді өзара белсенді қарым -қатынасқа қоятын тиімді әдіс - тәсілдерді қолданып, іске асыру деп айтуға болады.

Дәстүрлі музыкалық өнер мамандықтарына арналған пәндер бойынша студенттердің оқыту үдерісі кезіндегі өзіндік жұмыс түрлерінің мақсаты, міндеті, қызметі, қолданылатын әдіс-тәсілдері теориялық тұрғыдан талданып, оны әртүрлі оқыту формаларында жүзеге асыру ұсынылды. Теориялық талдау арқылы студенттің өзіндік жұмысының бағыттары анықталып, кредиттік оқыту жүйесіне негізделген аудиториялық және аудиториядан тыс өзіндік жұмыс түрлерінің мазмұны айқындалды.

Дәріс барысындағы студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру арқылы қалыптасатын білімі, іскерлігіне және дағдысына талдау жасалынып, дәрістегі оқытушы мен студенттің, студент пен студенттің субъект-субъектілік өзара қарым-қатынасын жүзеге асыратын белсенді оқыту түрлері қолданылды; практикалық сабақта студенттің жүзеге асыратын өзіндік жұмыс түрлері айқындалды; Студенттердің өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындауда оқу жадығаттарымен жұмыс жасаудағы өзіндік жұмыстарға негізделген әдіс-тәсілдері таңдалынады. Педагогикалық әдебиеттерді қарастыру арқылы «студенттің өзіндік жұмысы», «дәрістегі өзіндік жұмыс», «аудиториядан тыс орындалатын өзіндік жұмыс» ұғымдары дирижерлік мамандыққа байланысты толықтырылды.

Болашақ дирижердың әрекетінің ерекшелігіне қарай өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, бағалаушылық компоненттер негізінде өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлерін арнайы қарастырудың қажеттілігі бар.Жоғары оқу орындарының студенттеріне өзіндік жұмысты ұйымдастыруда оқытушы мен студенттердің өзара белсенді оқыту әдістері тиімді нәтиже береді деп танылып, барлық оқыту формаларында қолдану қажеттігі айқындалды.

Жоғары оқу орнында қолданылатын кредиттік оқыту жүйесінде дирижерларды дайындау ерекшелігіне сәйкесті өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру, оны әртүрлі оқыту формаларында тиімді қолдану арқылы болашақ дирижерларды дайындаудың сапасын арттыруға болатындығын практикалық жұмыстыңнәтижесі көрсетті.

Әдебиеттер:

1.Петровский А.В. Общая психология. – М., 2007. – 300 с.

2.Вуд Г. О дирижировании. – М., 1998. – 88 с.

3.Мусин И. О воспитании дирижера. – М : Музыка, 1987. – 247 с.

4.Гевич С.Н. Некоторые вопросы самостоятельной работы студентов по хоровомудирижированию. – Алма-Ата: Кітап, 1990. – 80 с.

5.Хамиди Л., Тастанов Х., Дирижерлық негіздері. – Алма-Ата: «Өнер» баспасы, 1980. – 231 б.

***

Алимбаева Г.Б.

Организация самостоятельной работы будущих дирижеров

В статье рассматривается теория и методика организации самостоятельной работы будущих дирижеров в учебном процессе высшего учебного заведения.

Ключевые слова: *Высшее учебное заведение, студенты, учебный процесс, дирижер, техника дирижирования, самостоятельная работа.*

Alimbayeva G.B.

Organisation of independent work of future dirizhers

This article reviews theory and methodic of independent work organization of future dirizhers in studying process of acdemy.

Key words: *Academy, students, study process, dirizher, technic of dirizher, independent work.*

***

ӘОЖ 81'271; 82.085; 808.5

Күдеринова Қ.Б. – филология ғылымдарының докторы,
доцент, Сулейман Демирел университеті
E-mail: kuderinova_70@mail.ru

АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. *Мақалада қазақ тіл білімі деңгейлерін оқытуда жете мән берілмей жүрген тілдің ауызша формасындағы өзгерістерді тіркеу, талдау және тіл теориясын оқытуда пайдалану деген мәселелерге нақты материалдар негізінде талдау жасалады.*

Тірек сөздер: *Ауызша тіл, фонетикалық жүйе, сөйлеу тілі, синтаксистік жүйе, машықсыз сөз, редукциялану.*

Қазіргі қазақ тілі білімі деңгейлері терең зерттелген, теориялық негізі айқын, бірліктері мен терминологиялық жүйесі сараланған академиялық сипаттағы еңбектерінде бекітілген, ЖОО-ның типтік бағдарламалары мен оқу жоспарларында базалық пән түрінде жеке-жеке оқытылып келеді. Бірақ біз кітаби қазақ тілінің құрылымдық жүйесін оқытып келе жатқанымызды аңғармаймыз. Өмірде қолданыстағы қазақ тілін емес, жазба тілде ғана көрініс тапқан тілді зерттеп келеміз. Табиғи қазақ тілі жанды тіл – ауызша сөйлеу тілінде. Сондықтан зерттеуіміздің басты нысаны қазіргі қазақ ауызекі сөйлеу тілі болып отыр.

Қазақ тіл білімінде ауызша сөз, ауызша коммуникацияға, шынын айту керек, жете назар аударылмай келді. 1973 ж. проф. Р.Әміровтың “Сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері деген бұл саладағы алғашқы зерттеуінен басқа еңбектер жоқ деуге болады. “Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі” деген ұжымдық монография да негізгі нысан жазбаға түскен мәтіндер, яғни жазба тілдің сүзгісінен өтіп, нормасына салынған мәтіндер болып табылады. Қазақ тілінің дыбыстық қорын, үндесім заңын, екпін, интонемаларын түгендейтін ізденістердің дені жазба мәтіннің дыбысталуына эксперимент жүргізу арқылы зерттеу нәтижелерін беріп отыр.

Алайда тілдің ауызша түрі мен жазба түрі өзара параллель жатқан кеңістіктер. Өзара беттесе алмайтын, беттескен жағдайда да белгілі максат көзделген коммуникация жағдайында, жасанды жүзеге асатын, (мысалы лектор студенттердің ауызша айтылған дәрісті жазба мәтінге айналдырудағы қиындығын болдырмау үшін, жазба мәтіннің нормасына салып, баяндауы) параллельдер. Сол параллельдің жазба түрі ғана басты зерттеу нысанына айналуы, жазба тілдің нормасы мен жүйесі ауызша тілдің де нормасы мен жүйесіне таңылуы жалпы қазақ тіліне, әсіресе қазақ тілінің сөйлеу мәдениетіне үлкен нұсқан келтіріп келеді.

Ауызша тіл – жалпы тілдің жаны. Ауызша тіл жазба мәдениеттен әлдеқайда бұрын пайда болған. Адам санасындағы түйсіктің ойға, ойдың ішкі сөйлеуге (внутренняя речь), ішкі сөйлеудің сыртқы шығуы ауызша тілдің көмегімен жүзеге асады. Сонда адам бір қарағанда автоматты түрде таңдайтын тіл бірліктерін аң алдымен **тілдік жағдаятқа қарап** екшейді. Тілдік жағдаят ауызша тілде үлкен маңызға ие. Ал тілдік жағдаят өте өзгерімпаз, алуан түрлі деңгейде болады. Сонда ауызша тілдің де өзгерімпаз, өте құбылмалығына негіз бар. Осы өзгергіш ауызша тілдің мәтіндерін тап басып “ұстап” зерттеудің қиындығы көпке дейін зерттеушілердің қолын байлап келді. Бұл ауызша мәтіндерді типтендіру, тілдік

қоғамдық, әлеуметтік қызметіне қарай, аудиториясына қарай салаларға жіктеу деген мәселелерді қояды. Осыған орай зерттеу тақырыбымыздың басты терминдерін анықтап алу қажет.

Бүгінде қазақ тіл білімінде сөйлеу тіл (Р.Әміров), жазба сөз (Н.Уәли), аузшы сөз (Н.Уәли), жазба тіл (Қ.Күдеринова) деген терминдер қолданысы басталды. Аталған ұғымдардың терминдік бекітілуін, әрине, уақыт көрсетеді, бастысы осы ұғымдардың қалыптасып, ажыратылу бізді көбірек қуантады.

Осыдан біраз уақыт бұрын тіпті кейде қазір де тілдің ауызша және жазба сөз болып бөлінуін қатеге санаған, сондықтан бұл бағыттағы зерттеуін Р.Әміров еңбегінен кейін ұмыт қалған, қайта қолға алына бастаған. Зерттеулерге "жер астынан жік шықты" деп қаралған, немесе ауызша сөз бен жазба сөздің айырмашылығын шын мәнісінде тани алмай жүрген пікірлер, кезеңдер болды, болып та келеді. Бірақ "сең жүрді".

Сонымен біздің байқауымызша, бүгінгі қазақ тілі өзінің реализациясы бойынша екіге бөлінеді: 1) ауызша; 2) жазбаша. Қазақ тілінің байлығы, нормалылығы, жүйесі, мәдениеті ең алдымен ауызша түрінде көрінеді. Өзге тіл өкілдері бірінші ауызша қарым-қатынас тілін меңгергенді дұрыс көреді, ауызша тілді білген тілтұтынушы сол тілді білген болып саналады. Сондықтан ауызша қарым-қатынас тілінің нормасын тану үшін бүгінгі ауызшы тілдің жүйесін, құрылымын айқындау қажет. Қазақ тілінің ауызша жүйесі мен құрылымы жазба мәтінде жоқ, оны ауызша аудиториядағы диологтерді таспаға түсіру арқылы аламыз.

Қазіргі қазақ сөйлеу тілін зерттеуге бүгінде толық мүмкіндік бар. Айтылған, сөйленген сөзді кез келген жерде таспаға жазып алуға, оны қағазға сол күйі таңбалауға болады. Және бұл машықсыз сөзді (Нұргелді Уәлидің термині) екі аспектіде зерттеудің қажеттілігі бар. Оның бірі **құрылымдық-жүйелік,** екіншісі **коммуникативтік-функционалдық.** Бұл зерттеудің теориялық табан тірейтін тұғыры 20 ғ. басында Л.В. Щербаның «Тіл үнемі өзгеру үстінде болады. Сонда ең бірінші өзгеретін – сөйлеу. Ал бізде зерттелмей жатқан осы ара» деген сөзінен бастау алады [1, 33 б.]. Ғалым тіл арқылы қарым-қатынасты «речевая деятельность – языковая система – язык материал» триадасына бөлген. *«Ведь надо иметь в виду, что «в текстах» лингвистов обыкновенно отсутствуют неудачные высказывания, между тем как весьма важную составную часть языкового материала образуют именно неудачные высказывания с отметкой «так не говорят», которые я буду называть «отрицательным языковым материалом»* ***Роль этого отрицательного материала грамотна и совершенно еще не оценена в языкознании, насколько мне известно»*** [1, 33 б.].

Л.В. Щерба индивидтердің сөйлеу жүйесін зерттеу ең дұрыс зерттеу деді [1, 34 б.]. «Егер ауызша тілді сол қалпында жазуға түсірсек біз, фонетика, морфология, синтаксистен қаншама қате жібергенімізді көрер едік [1, 36 б.]. Өз сөзін қайталап оқыған адам «қалай ғана қате жібергем» деп таң қалар еді» деген де осы ғалым. «Этот факт объясняется тем, что все эти ошибки социально обоснованы» их возможности заложены в данной системе» [1, 36 б.]. Және мына сөздерін біз бүгінде ұмыттық: «Идеалом была для меня всегда замена схолостики, механического разбора – живой мыслью, **наблюдением за живыми фактами языка, думаньем над ними.** Я знаю думать трудно, и тем не менее думать надо и надо, ***и надо боятся схоластики, шаблона, которые подстерегают на каждом шагу всякий раз, как мысль полна слабеет»*** [2, с. 10]. **«...Вне человека и без человека понять язык невозможно»** [2, с. 12]. Ол ұстазы Б.Куртэненің ізімен тіл білімінің негізгі нысаны жазба тіл емес, ауызша тіл болу керек деді. Сөйлеу, түсіну процесін – сөйлеу әрекеті (речевая деятельность) деп атады. Ал сөздіктер мен грамматикалардағы сұрыптау – тілдік жүйені (языковая система) құрайды деді. Мәтін – тілдік материал. Л.В. Щерба жеке адамдардың тілін зерттеуге көп көңіл бөлді. Жеке сөйлеу жүйесі - тілдік жүйенің нақты көрінісі, сондықтан жеке сөйленісті зерттеу арқылы тілдік жүйені тануға болады деген [2, 17 б.]. Бірақ бұл бағыт орыс тіл білімінде де, қазақ тіл білімінде де мән берілмей қалды. Қазақ тіл білімі нысанға алатын тілдік бірліктер тек қана жазба

тіл мәтіндерінен алынған. Фонетикалық талдау жазылған сөздегі әріптер тіркесін талдады. Синтаксистік талдаужазба мәтіндердегі сөйлемдерді талдайды, т.т. Ал академиялық сөздіктер мен грамматикалар жазба мәтіндегі лексика-фраеологиялық мағыналар мен грамматикалық мағыналарды тіркейді. Сөйтіп, мағыналар шектеле бастады. Қазақ тілін үйренуді бастаған өзге ұлт өкілдері «оқулығында жоқ» сөздердің күнделікті өмірде көбірек естілетінін, оның мағынасы сөздіктерге сәйкес келмейтінін, бұл сөздердің мағынасын не деп түсінуге болатынын білмей дал ұрып жатыр. Сондықтан күнделікті машықсыз сөйленген сөздердің құрамы мен құрылымын, жүйесін тұрақты зерттейтін уақыт келді.

Кісі сөзіне жағдаяттың таныс орта болғаны жайлы, жағымды, орысша айтқанда, «комфортно». Сондықтан жайлы сезінген ортадан адамның бар болмысы танылатын сөз туады.

Сөйлеу тілінің ішінде таныс ортадағы ауызекі сөйлеу стилін қарастырып көрелік. Ауызекі стиль

1) кітаби тілден гөрі сөйлеу тіліне машықтанған ауыл қарияларының сөзі;

2) жазба тілді білмейтін, отбасы мүшелері қазақша сөйлейтін, балабақшаға баратын 2 және 4 жастағы баланың сөзі;

3) кітаби тілді меңгерген, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардардың ұрпағы, 25-30 жастағы қазақ отбасы мүшелерінің үй ішіндегі ауызекі сөзі ретінде мақсатты таңдалып алынды. Талдау алдында қандай мақсат тұрды?

Басты мақсат: машықсыз сөйлеген қариялардың, мектепке дейінгі бала және іскери, кітаби стильді меңгерген жастардың сөзіндегі жазба тілден құрылымдық-жүйелік ауытқуларды, ерекшеліктерді және жазба тілге сәйкеспейтін құрылымдар мен бірліктерді анықтау болды. Бұл мақсатқа жету үшін **мынадай міндеттер** қойылды:

1) сөзді таспаға сөйлеушінің өзіне білдірмей жазып алу;

2) таспадағы сөзді өзгертпестен жазбаға түсіру, ол үшін нүкте, үтір, сызықша, сұрақ, леп белгісі сияқты жазба тілдің құралдарын пайдаланбау, кіші тынысқа екі сызық (//), үлкен тынысқа үш сызық (///), жай тынысқа бір сызық (/) шартты белгі етіп алынды;

3) бас әріпті, кісі есімдері мен жер-су аттарына болмаса, пайдаланбау;

4) үзілген, түсірілген сөз, тіркес, сөйлемді жақшадағы көп нүктемен ([...]) белгілеу;

5) фонетикалық транскрипцияны пайдаланбау.

Жазба тілді білетін, бірақ жазуға машықтанбаған 73 жастағы қарияның ауызекі сөйлеу стилі:

Жаңағы // Төкөндөр құда болұп келді, Төкө [...] Төкөннүң астында нәән қарат бар / ақ жаулұлаған /// сосүн жерде / күндүз [...] түндө келді /// сосүн ертең / күндүз / кеттік // Кійізғараға ғарай ///қызды таныстырұу герек /// бүкүл ауұлдұң балашағасы атқа міниіп / бестеңгеміз бар / орамалға байлаған // содан тұұұу ауұлдұң бәәарлығын жолшұбай шауұп, ар жағында Ұшбауұр гійізғара деген жерде шөбшауұп отқан ауұл бар, соғам бардық /// көп ағашүй тіккеңғой //жыйырма / болады енді, жыйырма шақты үй тіккен //соңұң шетінем бастап кіріп шығып келатыр // жаңағы // біз нөкөр соңында балашаға шауұп жүрмүз //қасында сол // білмейм естияр / осү жеңге болұб жүргөң кім екенін білмейм сонда / Балгенженің ғасында // бір үйгө барсақ көрүсөдү-жылайды // жаңағыдай і.. і.. і.. со барған үй шығып, сол үйдің адамы гөрүсөд //соңұмең негерек кешкісін келдік //сабылып бәрлығымыз.

фонетикалық жүйе: а~ә, а~әа, е~ө,

лексикалық жүйе: *нән* (диалектизм), *жаулылау* (жаңа сөз), *ағашүй* (диалектизм),

синтаксистік жүйе:

- анықтауыш, пысықтауыш баяндауыштан кейін айтылады;
- баяндауыш алдыңғы сөйлеммен де, кейінгі сөйлеммен де ортақ болуы мүмкін;
- бастауыштың айқындауыштары көп болуы мүмкін;
- морфологиялық: мезгіл үстеулері қате-нақты айтылуы норма;
- сан есімдер қайталанып айтылуы норма;
- сілтеу есімдіктер назарды ішке аударады, сөзді интимдендіру қызметін атқарады;

- ойды үзбеуге қызмет ететіндер: *жаңағы (2), сосұн жерде, сосұн, содан, енді, ғой, сол, осұ, сонда, жаңағыдай, і.. і.. і.. со, сонұмең негерек*

Жазба тілді білмейтін 76 жастағы қарттың ауызекі сөйлеу стилі:

Содамбір еврей жатыр екен // менің комтымда / еккісілік комты екен // сонан // еврей бар екен / еккісілік бөлме ғой / еврей бар екен / сен тамақтан кеш келдің / мынада бір кафеге бар / тамағже енді деп / алыппарды / тамағіш деп алыппарды / алыппарғасын / тек есіктен кірібедім / киіготұнұң ійісі бұрқете ғалды // содам бізге шәйбер деді / тамақ бер деді / әрғайсына еккісі / үшкісіден / адам санына ғарай шымылдыққылып / неменен / бөлүпқойған / ақшүбөрекпенен /// екөуміз барыботұрдұқ / содам бізге екі аққұман әкелді / әзербайжаң ғой енді / негізгі қалқы / киіготұ / іштім / қыпқызыл/// кійіготұнұң кейде несібжолұна / бөтөкөге пайдасы бар / сосұн / жаңағы Іскендірден үйрөңгөн орұшшамменен [...] // әзірбайжан да орұшша білмейд / онұңда жетісіп тұрған дымы жоқ / менің аз-ағ алдымда / жаңа маған шәйғылып пергеніңді әкелш дедім / [!] кійіготұ // [!]кептірген / несібжолұна пайдасы [...] деп / бүйрөкке пайдасы [...] деп / ойақта шәйғә сонұ бередекееен // сапсары / қызғышсары болұп шығады / онұң енді мына үйдө бір/екі түйүрү тұрса // осұ үйдө араматный біртүрлү ійіс шығарады // сосұн отқа жағып етті ыстасаң / етінің дәмі мынау болады / сондай біртүрлү кеуболад / мына шәйғә қалампыр салып ішіпкөрдүң бә? Тап сондай болад адамға біртүрлү / кеуүлүңді ашып / көкүрегүңді [...] // ійісінің өзү [...] // мына-анаа бұрұшта тұрса / осүйгө гелгенде бүртүрлүбір жахсы ійісберіп тұрад // хош ійіс беріптұрад / бұл кезгелген жерде өспөйд / түүү шағанның бойұнда үлкөнсайларда өсөд / Әбійдүлләғә әкеліпбергем байағыда // Әбійдүлләдан сұрап көрөйүн // Әбійдүлләғә әкеп берібедім.

фонетикалық жүйе: а~ә: *шәй, бә*, а~әа, е~ө, і~ү, е~и: *иврей*, д~н: сонан, е~і: *несібжолы*, ж~й: *ойақ*

орыс сөзін сындыру: ***комты*** Л.В. Щербаның «Сөздің идеалды фонетикалық құрамы өте аз кездеседі. Ол сирек кездесетін сөздерді айтқанда, бірдемені анықтап дауыстағанда ғана айтылады» деген сөзі еске түседі Л.В. Щерба [3].

лексикалық жүйе: *бөтеке (*диалектизм*), несеп жолы* (медицина термині), *араматный* (варваризм),*біртүрлі*- жағымды реңкте, *комты* (варваризм)

синтаксистік жүйе:

- пысықтайтын, анықтайтын ойлар жалпы ақпараттан кейін бөлшектеліп беріледі;

- бөлшектеліп берілгендіктен артық сөйлем мүшелерініңартықтығы білінбейді;

- қайталаулар артық емес, ойын бекітуге, ойын баяулатуға (бірнеше жыл бұрын өткен оқиғаны еске түсіруде), назарды тоқтатуға жәрдемдеседі: */ осүйгө гелгенде бүртүрлүбір жахсы ійісберіп тұрад // хош ійіс беріптұрад/; Әбійдүлләғә әкеліпбергем байағыда // Әбійдүлләдан сұрап көрөйүн // Әбійдүлләғә әкеп берібедім.*

- нысан редукциялана береді: *әрғайсына еккісі / үшкісіден / адам санына ғарай шымылдыққылып / неменен / бөлүпқойған / ақшүбөрекпенен ///*

- атау сөйлемдер ойдың жинақылығы мен пауза жасағаны үшін әсерлілілін күшейтеді;

- редукцияланатын мүшелер көбіне баяндауыштар: жаңағы Іскендірден үйрөңгөн орұшшамменен [...] //; несібжолұна пайдасы [...] деп / бүйрөкке пайдасы [...] деп /

- басы артық сөйлемдер қысқартылады: жаңа маған шәйғылып пергеніңді әкелш дедім / [!] кійіготұ // [!] кептірген /

- түсіндірмелі салаластың үнемді түрі бар: *бұл кезгелген жерде өспөйд / түүү шағанның бойұнда үлкөнсайларда өсөд /.* И.А. Бодуэн де Куртенэ айтқандай, «айту-есту тілі үздіксіз айтылады, бөлінбейді. Ал жазу-оқу тілі бір-бірінен бөлінетін, үзілген бірліктермен көрінеді» [4, 213 б.].

морфологиялық:

- ***содан*** сілтеу есімдігінің бұл мағынасы сөздіктерде тіркелмеген. Жазба тілдегі грамматикалық мағынасы «Онбестомдықта» 1 мағынасы «Сол уақыттан, сол кезден деген сөздердің қысқарған түрі», 2-мағынасы «сол нәрседен, сол заттан деген сөздердің қысқарған түрі» деп берілген [5] Ал сөйлеу тілінде тағы «сөйтіп», «солай» «сөзімді жалғасам» деген функционалдық мағына қосылған.
- Мекен-мезгіл жалғаулары қызмет айырмай жұмсау бар: *тамақ**тан**кеш келдің,* ішкі сөздегі логикалық құрылым «тамақ [ішіп алған]нан кейін келгені» туралы еді, бірақ сыртқы сөзге айналғанда синтаксистік құрылымға сәйкес шығып үлгере алмады. Сондықтан «тілдің ұшында тұрған» ***кеш*** үстеуі қолданылған.
- ***тек*** шылауы қазіргі жазба тілде тежеу мәнді демеулік [6, 563]. Мысалы: *Қазақ дәстүрі **тек** ата-ананы ғана емес, жалпы адамды сыйлауға баулиды* [6, 563]. Ал жоғарыдағы ауызекі сөйлеу стилінде «сол-ақ екен» деген тез арада болған істі білдіретін грамматикалық мағынада тұр.
- ***енді*** мезгіл үстеуінің «Онбестомдықта» 12 лексика-грамматикалық мағынасы, 7 тіркестік мағынасы көрсетілген. Оның ішінде 3 сөйлеу тіліндегі мағынасы да бар. Алайда біз талдап отырған сөйлеу стиліндегі сөзде бұл үстеу «білесің», «айттым», «солай болатыны белгілі» деген қосымша грамматикалық мағынада жұмсалып тұр. Бұл жазба тіл грамматикалары мен сөздіктерінде көрсетілмеген.
- ***жаңағы*** сөзі қазіргі қазақ ауызша сөзінде қыстырынды паразит элементке айналған еді. Айтылып отырған ойға байланысы жоқ болса да, қыстырып айту қазіргі қазақ сөзінде өте жиі. Алайда бұл қарияның тілінде ол «әлгі» деген грамматикалық мағынасымен сөйлемнің бір мүшесі (қай Іскендір? Әлгі Іскендір) болып тұр.
- ***мына*** сілтеу есімдігінің жазба тілдегі грамматикалық мағынасы «осы», «мынау» болса [5, 409], жоғарыдағы сөйлеу тілінде «кәдімгі» деген мағынада қолданылады: ***мына**шәйгә қалампыр салып ішіпкөрдің бә?*
- ***мынадай*** үстеуінің жазба тілдегі грамматикалық мағынасы «мына сияқты», «осындай» [5, 409] болса, бұл сөйлеу тілінде басбармағын жоғары көрсеткен сөйлеушінің осы басбармаққа анық сілтеп көрсеткен мағынасы бар.

Ойды үзбеуге қызмет ететіндер:жазба тілді білмейтін қарттың сөзінде, бір таңғаларлығы, бос қыстырындылар болмады, *сосын, содан* сөздері осы қызметті атқарды ма десек, бұл сөздер «сонымен», «сөйтіп» деген мағынада құрылым мен жүйеге сай қолданылған болып шықты.

Сөйлеу тілі мен әдеби тілінің беттесетін қабаты лексикалық деңгей болып шықты. Ал ең көп ассимметрия грамматикасында, яғни дыбыстық, морфологиялық және сөйлем құрылысында болып отыр. Оның себебі мынада деп ойлаймыз: қазақ ауызша сөзіндегі төл сөздерде фонетикалық позицияға тәуелді дыбыс реңктері – өздік реңктер мен өзгелік реңктер (варианттар мен вариациялар) сөз мағынасын ажыратпайды. Сондықтан сөйлеуші сөзінде өзара уақытша үйлесуден (ассимиляция) және үндесуден (сингармонизм) туған өзгерістер көп болады. Ол өзгерістерді тыңдаушы да, айтушы да аңғармайды. Өз фонологиялық санасындағы – парадигмадағы фонемаларға сәйкестендіріп, мағына ажыратып алады. «Ответ очень прост: потому что это различия вовсе не семантизованы...» [4, с. 18].

Ал морфологиялық тұлғалардың грамматикалық мағынасы мен қызметіндегі сәйкессіздіктер сөйлеу тіліндегі жағдаят пен сөздің синкреттелуі, синтезделуі, біртұтастық, тілдік пен тілдік емес бірліктердің араласуы дегендерден шығады. Ал сөйлеу тілі мен әдеби тілдің сөйлем құрылысындағы айырмашылық алдыңғы зерттеуімізде айтылғандай «... ауызша тіл ойлауға қарағанда баяу болғанымен, жазба тілге қарағанда тез. Сондықтан ішкі сөйлеу кодына келген ой сол қалпында сыртқа шығады. Сыртқы тіл ойды өзіне кодтап үлгере алмайтындықтан ауызша тіл синтаксистік құрылымға қарағанда логикалық құрылымға көбірек бағынады, себебі ауызша тілде коммуниканттың өз еркілігі, өз меншігіндегі сөйлеу мәнері, коммуникативтік актке дайындықсыз кірісіп кетуі бар» [7].

Ауызша тілде жаңа сөздер, грамматикалық формалардың жаңа жұмсалымы көп болатыны жөнінде орыс тіл білімінде көп айтылды [8]. 80 жж. орыс тіл біліміндегі зерттеулер тіл деңгейлері бойынша біраз нәтижелер берді. Қазақ тіл білімінде бұл бағыттағы іс енді басталмақ. Әзірге біз мақала көлемі көтермейтіндікте екі қарияның сөзін талдаумен аяқтаймыз. Ендігі кезекте балабақша балаларының тілі мен жазба тілді меңгерген коммуниканттардың тілі зерттелмек.

Қорыта келгенде, айтпағымыз: бұл бағыт И.А. Бодуэн де Куртенэ, Л.В. Щербаның әу бастан жазба тіл мен ауызша тілді айырып алу керектігін ескертулерінен [4, 13 б.] басталғанмен еш қай тіл білімінде түбегейлі бағыт алып, зерттеулер жалғасып жатқан жоқ. Жазудың консервативті дүние, ол ауызша тілге икемделмей сол күйі қалып, екеуінің арасында сәйкессіздік пайда болатынын, ол сәйкессіздік грамматика саласында көрінетінін біле отырып, жазба тілді зерттеуді тоқтатқанымыз жоқ. Л.В. Щербаның мына сөздері бізге осы бағыттағы зерттеулерді тереңдетуге жол сілтейді: «Төменгі кластарда грамматиканы оқыту оқулықсыз жүргізілу керек [3, 20 б.]. «Если и изучать какую- либо грамматику ради грамматики то следует изучать только грамматику живого, произносимого языка» [3, 14 б.]. «Язык не написанный является до некоторой степени мертвым языком и лишь насильно вталкивается школой в наши умы» [3, 15 б.]. «Егер, осылай десек, онда қазір колда бар грамматикалық оқу құралдар ешқайда жарамайды, олар жазба тілге негізделген» [3, 15 б.]. «Бодуэн звал от памятников к живым людям и всячески возражал против механического объяснения языковых изменений. В этом его основная и грамотная заслуга перед наукой о языке» [8, 92 б.]. Қазақ тілі деңгейлерін оқытуда алдымен сөйлеу тіліне, қолданыстағы тілге назар аудартуды мақсат ету керек. Өйткені «Ауызша тіл – тілдің жаны» деп тағы қайталағымыз келеді.

Сөйлеу тіліне маңыз беріп отырған себебіміз не? Егемендік тарихымызыдың алғашқы жылдарына көз салайық. Біз қандай жағдайда отырып, қазақ тілін мемлекеттік тіл еттік? Біз бірнеше ұрпақ ана тілім деп орыс тілін таныған, қазақ тілін отбасы, ошақ қасында, ауылда сөйлеген, қалада естілсе, оның өзі ауылдан қалаға келгендердің бөлмесінде, екеуара, үшеуара әңгіме арасында ғана, өз ішінде құлыпталып сөйленетін, ал көшеге шыққанда түншығатын, егер сөйлесе қалса, өзгелер бажырайып қарайтын тілді әкеліп, көпұлтты, көпмәдениетті елге, қазақтардан орыс ұлтының саны сәл ғана аз елге қоғамдық қатынас тіл еттік. Біз «таза» орыстанған қазақ ұрпағы көбейген дәуірде (кезеңде), санасы, менталитеті ауыскан, дүбәра болған кезеңде қазақ тіліне мәртебе алып бердік.

Қазақ тілінің қаймағы қай кезден бұзылып еді? ХХғ. басына дейін қазақ тілінің жанына сызат түспеген. Қалай үкімет өзгерді, қалай өркениетке, сауаттануға, білім-ғылымға ұмтылдық, солай орыс тілінің көмегінсіз болмайтынына көз жетті (бүгінгі таңдағы ағылшын тілінің «мәртебесін» есіңізге салмай ма?). Алғашқы қазақ зиялылары қазақ тілімен қатар орыс тілінде сауатты сөйлеп, жаза білді. Ғылым-білімді орыс тілі арқылы алды. Өз ұрпағын да (баласын) орыс тілінде сауатын ашып, оқыта бастады. Сөйтіп, қазақ тілінің бірегейлігіне жарықшақ түсті. Енді қазақ тіліне қарағанда орыс тілін жақсы білетін, қазақ тілін сөйлеу тілі ретінде ғана қолданатын ұрпақ келді. Кейінгі ұрпақтың қаладағысының өзі де орыс, баласы да орыс, айналасы, араласатындары да орыстілді болды. Ауылдан келіп жоғары оқу орнына түскен қазақтілділер оқу процесі кезінде, тіпті өз ұлты өкілдерінен көрген "қорлықтарын" баласы көрмеу үшін баласын орыс бақшасына, орыс мектебіне берді. Тілдің жаны болған ауызекі сөйлеу тілі орыстана бастады.

Сөйтіп, біз оқыған, қазақ ұлтының бет-бейнесін танытатын зиялы қауымның ауызекі сөйлеу тілі орыстанған жағдайында қазақ тілін мемлекеттік тіл еттік.

Енді бүгінге қараңыз. Осыдан 10 жыл бұрын қазақ мектептерінде, қазақ бала бақшаларында, жоғары оқу орындарының қазақ бөлімдерінде сабақ қазақ тілінде жүргізілгенмен балалардың ауызекі сөйлеу орыс тілі еді. Үзіліс кезі, мектептен соң қыдыру кезінде орысша сөйлесетін. Бүгінде жас буынның күнделікті сөйлеу тілі

қазақ тіліне айналғанына құлағымыз үйренді, таң қалмайтын болдық. Кеңес дәуірінде білім алған біз сияқты, орталау буын, орта, аға буын шошынып қарайтын аударылған шетелдік терминдерді бүгінгі бала буын да, жас буын да еш жатырқамай қабылдайды, тілінде қолданады. Сонда бұл бүгінде тұрмыста, күнделікті қарым-қатынасында, мектепте, жоғары оқу орындарында қазақ тілінде сөйлеп келе жатқан ұрпақ, келесі ортасы – жұмысында, қызмет, іскери қарым-қатынасында қазақ тілінен басқа тілде сөйлей алмайтын болады деген сөз. Жаңа ұрпақтың жасы қазір 17-де, енді бір 16 жылда Қазақстандық кәсіп иелері қызмет барысында қазақ тілінде сөйлеседі, іс қағаздары қазақ тілінде жүреді деген сөз. Сондықтан ендігі қадам іс қағаздарын қазақ тіліне көшіруді аяқтау дұрыс жоспарланып отыр дейміз. Бұрындары және қазір де қазақ тілінде бір-екі сөйлем айта білген, «нан тауып жейтін қазақшасы» бар орыстілділер ойсыз жүретін. Енді жазуға келгенде тілдің бүкіл жүйесі мен құрылымын білмесең, сол тілде жаза алмайтынын түсінді. Сөйтіп, қазақ тілін шындап үйренушілердің саны көбейді. Жазуды балабақша, мектеп үйрететін болған соң, бүгінде қазақ балабақшаларың әр топтарында бір-екі орыс балаларын көретін болдық, олар ертең қазақ мектептеріне барады. Қазақ балабақшасындағы балалардың шамадан тыс көптігі жаңа топтардың ашылуын күтуде. Қазақтар балаларын қазақ мектебінен орыс мектебіне ауыстыруды қойды.

Сонымен, балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары қазақ бөлімдерінде (ішінара қиындықтарымен, кедергілерімен оқытылып жатқан) қазақ халқының жаңа қазақтілді ұрпағы өсіп келеді. Қазақ тілінің ауызекі қолданысы дүкен, емхана, қоғамдық қызмет көрсету салалары, әуе, теміржол кассалары, медициналық мекеме, қоғамдық көлік, банк т.б. жерлерде кеңейгеніне, күшейгеніне куәміз. Бүгінде әсіресе қоғамдық қызмет көрсету салаларында отырған өзге ұлт, орыс ұлты өкілдері немесе орыстілді қазақтар өздерінің қазақ тілін білмейтіндерін мансап көрмейді, керісінше қазақ тілінде қызмет көрсете алмағандарын кәсіби біліктілігіне тиген нұқсан деп ыңғайсызданатын, қорқатын болды. Олардың санасында қазақ тілін білмеу атақ (престиж) емес, қазақ тілін білу бедел болып танылатын болып жүр. Яғни қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеру өзге тілділер үшін құндылықтар қатарында. Қазір екі тілде өте сауатты кәсіби мамандарды, әсіресе бұрын қазақ тілін жолата бермейтін қаржы, банк саласының қызметкерлерін көріп көз де, көңіл де қуанады.

Тіл - табиғи құбылыс. Табиғи құбылыстың бірте-бірте жүретіні белгілі. 1991 жылдан бергі 18 жыл – орыстанған тілдік орта, қазақ ұлты қалыптасқан елді қазақ тіліне қайтарып алуға қажетті көп уақыт емес, аз уақыт. Біз өтпелі дәуірде отырмыз. Болашақтағы қазақ тілінің іргесін қалап отырмыз. Уақыт керек. Ұрпақ алмасу керек.

Қазақтілді ұрпақ келуін келді. Ол ұрпақ бүгін 18-де. Олар қазақ тілінің өміршеңдігіне нық сеніммен келе жатыр. Орысша ойлап, қазақша сөйлесе де, әдеби тілдің нормасын жетік меңгере қоймаса да, әдеби тілді жоғары деңгейде пайдалануға тырысып, жалтақтамай сөйлейді. ***Иә, ең бастысы жалтақтамай сөйлейді.*** Олар *январь, февраль* деген ай аттарын білмейтін, *қаңтар, ақпанды* ғана танитын, *ағза, жасуша, сынып, дәрумен* сияқты сөздерден шошынып жүрген біз сияқты аға, ата ұрпаққа «жоқ, осы қазақша атаулар дұрыс! Аударылатын шеттілдік терминдерді аудару керек» деген ұлтжанды пікірі бар ұрпақ.

Бір мысал. 2007-2008 оқу жылы «Таугүл» ықшамауданындағы №175 мектептің 10 сынып балалары 1 күнді тек қазақ сөздерімен сөйлейтін күн етіпті. Ресми түрде емес, өз ішінде ғана, өз бастамаларымен. Оқушылар бірде-бір шеттілдік терминдерді, күнделікті тұтынатын, орысша аталатын зат атауларын атамауға уәделесіпті. Сөйтсе, бір бала бақылау жұмысы үстінде қазақша аудармасы жоқ штрихты басқа баладан сұрай алмай, біраз қиналыңқырап барып: «***шытырыйқыңды*** *бере тұрасың ба»*деген екен (балалар кейінге дейін мұны күлкіге айналдырып жүрді). Сонда екінші оқушы: «жоқ, одан гөрі ***ақтағыш*** дейік» депті. Сөйтіп, оқушылар қазақша атауы жоқ күнделікті тұтынатын заттарына қолма-қол атау жасаған екен. Қала балалары!

2000 жылғы көше, теледидардағы жарнамалар қандай еді, адам шошырлық емес пе еді, қазір қандай? Енді қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін, өміршеңдігін одан әрі қалай бекіте түсу керек? Ендігі қадам не болмақ?

Біздіңше, ендігі қадам – іс қағаздарының қазақ тіліне ауыстырылуы, тағы да қайталап айтсақ, дұрыс жоспарланып отыр. Жазу ол – бекітетін құрал, ол – ойды жүйелейтін, тілдің табиғатын танытатын құрал. Және жазу - тілді білудің, жүйесін танудың жоғарғы сатысы. Ауызша тілде қалай болса, солай сөйлеп, әйтеуір ойын жеткізетін орыстілді қазақтарды «жап-жақсы, үйреніп қалды» деп қол соғып мәз болатын дәуір сонда келмеске кетеді. Ондай қазақтар енді қазақ тілінің жүйесін, нормасын, әдеби тілдің нормасын меңгеруге мәжбүр болады. Жазба сауаты, қолданыс деңгейі төмен әсіресе орыстілді қазақтар енді шын мәнінде қазақ тілін үйрене бастайды. Өзге ұлт тілді үйренуді көбейтеді.

Бұл бір. Екіншіден, қазақ тілінің өміршеңдігі – оның әдеби түрін қолдануға байланысты. Қазақ тілін тұтынушыларды шартты түрде жоғары, орта, төмен деңгейлерге бөлсек, тіл өміршеңдігі үшін орта топ коммуникативтік тұлғаларының рөлі маңызды. Өйткені жоғары топ пен төменгі топ өкілдері қай тілде де азшылық дауысқа ие болады. Сонда шешуші дауыс осы орта топ өкілдеріне түседі. Қазақстандағы қазақ тілінің қоғамдық қызметінің ең басты проблемасы осы тұста тұр. Себебі қазақ тілін ана тілім деп санайтын орта топ өкілдерінің тұтынуындағы қазақ тілінің өзі - жарымжан. Осы жарымжан орта топтың жалпы картинасы мынадай. Бір топ қазақ тілін ауызекі, ресми, бейтарап стильде қолданады, ойын түгелдей қазақ тілінде жарыққа шығарады, қазақ тілінің нормасын біледі, бірақ автоматты түрде қате қолданыстарға жүгіреді. Жүгіреді деп отырған себебіміз бар: өз тілінің сапасына немқұрайды қарау, басты мәнділік санамаушылық - қазіргі орта топ тілтұтынушыларының клиникалық «ауруы». Енді бір топ қазақ тілінің жүйесі мен құрылымын біледі, бірақ нормасын білмейді, нормасын білетін-білмейтініне сенімсіз. Сондықтан бұл тілұстармандар тілінде жасанды сөйлеушілік, ауызша тілдің нормасы мен жазба тілдің нормасын шатастыру, ауызекі стиль мен ресми қатынас стильдерін парықтамау, кітаби стильдердің бірліктерін, нормаларын араластыру сөйтіп, қазақ тілінің коммуникативтік әлеуетіне нұқсан келтіретін тілдік жағдаятты тудыру, қазақ тілі қазіргі коммуникацияға төтеп бере алмайды деген көзқарас-пікірлерді біржола орнықтыратын сөйлеу тілі бар. Келесі топ қазақ тілін күнделікті бейресми, тұрмыстық қатынас шеңберінде біледі. Қазақ әдеби тілін түсінеді, көркем әдебиет, шаршысөз материалдарын оқиды, ойын әдеби тілде білдіргісі келеді, бірақ өз тілінде қазақ әдеби тілін қолдана алмайды: сөйлеу тілінен арттыққа тілі жетпейді. Ең үлкен топ - шалақазақтардың тілі. Шалақазақ деп біз бұл жерде қазақ тілінде ойлайтын, сөйлегенде орыс тілі сөздерін автоматты түрде пайдалана беретін, және сол жағдайды қалыпты деп табатын бүгінгі Қазақстанның қазақтілділерінің екісінің бірі сөйлейтін топты айтып отырмыз. Олар орыс тілін де коммуникативтік құрал көрмейді, бірақ орыс тілінің бірліктеріне жүгіруді оңай көреді. Сол варварлық қолданыстардың қазақ тілінде бар бірліктерінің мағынасын біледі, біреу қолданып отырса түсінеді, бірақ өзі қолданарда мағыналық реңктерін айыра алмайды, соның кесірінен варварлық жолға барады.

Қазақ тілінің бар лексика-фразеологиялық байлығын пайдаланып, грамматикалық нормасын, орфоэпиялық нормасын сақтап, ойын дәл, айқын, нақты жеткізетін орта бізде өте аз. Шағын топтың ғана аузында (жазушы, қайраткер, ғылым-білім саласы өкілдерінде). Сондықтан бүгінде қазақ тілі ауылдың тілі, отбасы, ошаққасының тілі, аграрлық тіл деген көзқарастар көрініп қалады. Орыс тілінің өміршеңдігінің бірі сонда – орыс әдеби тілін кез-келген тұтынушы жақсы, еркін пайдаланады («әне, қарашы, орыстың қаршадай баласына дейін орысшаға судай» деген сөздің жаны бар). Өткенде О. Сүлейменов бір сұқбатында Ресейдің атақты математигі жақсы математик болу үшін не істеу керек деген сұрауға, мектепте әдебиет сабағының сағатын көбейту керек деп жауап бергенін айтады.

Ендеше келесі бір үлкен қадам қазақ әдеби тілін орта топтың қоржынына салу, орта топтың әдеби тілде ойын жарыққа шығаруын, қарым-қатынас құралы етуіне жағдай жасау, міндеттеу.

Ол үшін қазақ әдеби тілінің қолданыс аясын кеңейтуді мектептен бастау керек. Кеңес дәуірі кезіндегі мектептерде баланың тіл байлығын көтеру үшін шығарма жаздыратын. **Кейін, қазір реферат жаздыру сәнге айналды. Оны әр жерден, интернет, кітап, журнал беттерінен көшіріп алып, әдемілеп безендіріп өткізгендеріне мәзбіз. Шығармалар да солай. Бүгінде шығарма оқушының өз сөзі ме, ақын-жазушы, қаламгерлердің сөзі ме, оған назар аударылмайды.** Шығарманың бас-аяғы - кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды сақталды ма - соған және бет саны мен орфографиясына назар салынады. Жоғары оқу орны филология факультеттерінде 1 бет болса да, өз ойларыңды жазыңдар деп берген өздік жұмыс тапсырмаларын дұрыс орындап келетін бір студент шықпай жатыр бүгінде.

Сондағы біздің ойымыз, оқушының әдебиет пәнінен білімін бағалаудың бір өлшемі ауызша түрде өз ойын дұрыс жеткізе білуге байланысты болса дейміз. Тәлімгердің әдеби тілде сөйлеу мәдениетін көтеру, ойын ана тілінде дұрыс жарыққа шығара білуді меңгерту - 10-11 сынып әдебиет пәні мұғалімінің басты міндеті болу керек сияқты.

Бүгінгі мектеп бітіретін түлектің тілі, бүгінгі студенттің сөз саптауы – болашақ маманның тілі. Тілімізді өшірмейміз десек, әдеби тілдің өміршеңдігін ойласақ, қазіргі жастарымыздың тіліне бей-жай қарамауымыз керек. Тілдің өміршеңдігі әдеби тіл лексикасын, нормаларын жалпы халықтық қолданысқа айналдырумен байланысты. Біз мектепке бармаған орыс ұлтының баласы орыс әдеби тілінде тақылдап, мүдірмей сөйлеп тұрғанын көп көреміз, оған кейде дағдылы жайдай етімізді үйретеміз, өзге ұлт, орыс ұлты солай болуы керек сияқтыдай, еш таңғалмаймыз, болмаса “бесіктен белі шықпай тақылдап” деп күндейміз, әйтеуір ұлгі тұтпаймыз. Керісінше балаларымызды әлі кішкентай көріп, сұрағына баланың шүлдір тілімен жауап береміз, болмаса үлкеннің алдын кес-кестеме, үлкендер сөйлеп отырғанда ортадан қосылма, сөзін бөлме, қарсы сөйлеме дейміз.

«Сөзден – сөз туады, сөйлемесең неден туады», «сөйлей-сөйлей шешен боларсың» дейміз тағы. Әдеби тілді жалпы қолданысқа түсіруді баланың сөзіне шек қоймаудан бастау керек. Кішкентай кезінде қарапайым сөйлеу тілін, ауызекі, бейтарап сөйлеу тілін жетік меңгеріп алған бала, ересектеу шағында өзі-ақ тіліне, сөз саптауына жоғарылау талап қоя біледі.

Ал бүгінгі қазақ жастарының тілі ше? Әрине, тілге шорқақ, тілдері шолақ. Немесе әдеби тілде сөйлеу осы екен деп, бей-берекет сөйлеу басым. Бұл арада тіпті лексика-фразеологиялық нормадан, синтаксистік нормадан ауытқу деген әңгіме жоқ.

Біз, оқытушылар, көбінде жас буынның тілін үйге берілген тақырыпты сұрағанда, белгілі бір мәселеге байланысты пікірін тыңдағанда байқаймыз. Мұнда екі түрлі жағдай бар: 1) студент не оқушы жазба мәтіннен оқығанын текстен көп ауытқымай, сол қалпында баяндап беруге немесе біреудің жазылған сөзін сол қалпы жаттап алуға тырысады. Соны өзіне міндет санайды, баяндау кітапта жазылғандай шықса, жақсы сөйледім деп ойлайды. Кей тәжірибесіз, жас мұғалім де солай қабылдап, жақсы бағалайды. Ал, шындығында, бұл дұрыс емес. Бұл - жаттап алған біреудің сөзі, сенің өн бойыңнан қайта қорытылып, өтпеген сөз, кітаби сөз, жаттанды сөз. Өз ішіңнен қайта қорытылып шыққан сөз жаттанды болмас еді. Ал жаттанды сөз айтсаң, ол тыңдаушының құлағына кірмеді де, әсер ете алмадың де. Сондықтан пән мұғалімі, оқытушы шәкірттің мәтінді ауызша аудиторияға жететіндей, жазба тілден ауызша тілдің құрылымына өз сана-сезімі арқылы қодталған, ауызша әдеби тілдің нормасын сақтаған сөзбен баяндап беруін талап етуі керек. 2) Бүгінгі жастар өзінің шынайы пікірін өзге тілдің элементтеріне жүгірмей, сөйлеу тілін пайдаланбай, таза әдеби тілде жаппай білдіре алмайды. Қала мектептерін бітірген оқушылар тіпті сөйлемдерін әлі дұрыс құрап жаза алмайды. Сондықтан мектеп рефераттан гөрі, пікір

жаздыртуға, кітап, журнал-газеттерден көшірілмеген, өз ойы көрінетін шығарма алуға тезірек көшу қажет.

Сонымен, қазақ тілінің өміршеңдігін қазақ тілінің ауызша әдеби нормасын меңгерту және ауызекі тіл мен ауызша әдеби тілде өз ойын айқын жарыққа шығара білуді күшейте, бекіте түседі деген қорытындыға келеміз.

Әдебиеттер:

1. *Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Л., 1974. – 426 с.*
2. *Зиндер Л.Р., Маслов Ю.С. Л.В. Щерба – лингвист, теоретик и педагог. – Л: Наука, 1982. – 103 с.*
3. *Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку. – М., 1957. – 189 с.*
4. *Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. – М., 1963. – 388 с.*
5. *Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 13 том. – Алматы, 2011. – 368 б.*
6. *Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б.*
7. *Күдеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы, 2010. – 369 б.*
8. *Амирова Т.А. Общелингвистические основания графемики / Автореф. дисс. на соиск. уч. степени док. фил. наук., 1981. – 47 с.*

***

Кудеринова К.Б.

Важность исследования разговорной речи

Статья посвящена исследованию казахской разговорной речи. Автор анализирует языковые уровни спонтанной речи казахского языка. Сравнивает синтаксические и морфологичесие структуры устной и письменной речи казахского языка.

Ключевые слова: *Устная речь, фонетическая структура, разговорный язык, синтаксическая структура, спонтанная речь, редукция.*

Kudeerinova K.B.

The importance of the study of conversational speech

The article is devoted to the study of Kazakh speech. The author analyzes the language levels of spontaneous speech of the Kazakh language. Compares syntactic and morphological structure of spoken and written language of the Kazakh language.

Keywords: *Speaking, the phonetic structure of the spoken language, the syntactic structure of spontaneous speech.*

***

ӘОЖ 82-1(574)

Мүтиев З.Ж. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Ашимова Р.С. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

E-mail: rita_ashimova@mail.ru

ТАҚЫРЫП ПЕН ИДЕЯ, КӨРКЕМДІК-ШЕБЕРЛІК ӨРНЕКТЕРІ (АҚЫН САТЫБАЛДЫ ДАУМОВ ПОЭЗИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. *Қазіргі қазақ поэзиясының дамуында өзіндік қолтаңбасы қалған ақынның бірі Сатыбалды Даумов. Оның ұлт өлең сөзін жетілдірудегі, байытудағы ақындық өнері әлі толықтай ашыла қойған жоқ. Ол ақындық шеберлігі қалыптасқан, өзіне тән стиль табуда ізденісі бар суреткерлер санатынан орын алады. Мақалада ақынның өз шығармаларында қазақтың сөздік лексиконын пайдалану дағдысы мен көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдарын тудыру машығы әр қырынан алынып қарастырылады.*

Тірек сөздер: *Поэзия, әдебиеттану, шеберлік, табиғат лирикасы, туған жер, баллада-толғау, шумақ, өрнек, сыншылдық көзқарас, көркемдеуіш құрал, әдеби тәсіл, өлең мазмұны, қазақы ұғым, ұлттық болмыс, кейіптеу үлгілері, мәңгілік ел, сайын дала, тақырып пен идея, ұлттық колорит, образды сурет, теңеу, сәулелі сөздер.*

Өткен ғасырдың 70-80 жылдар поэзиясында өзіндік стилімен, дарагөй талантымен танылған ақынның бірі - Сатыбалды Даумов. Оның қаламгерлік қарымы тек қана журналистикада ғана емес, сонымен бірге көркем әдебиетте, оның ішінде поэзияда да кеңінен танылды. Қазақ поэзиясының көкжиегіне өз өрнегін салған ақын туындыларының көркемдік ерекшелігі мен шеберлік нәшін тану – бүгінгі ұлт әдебиеттануында зәру мәселелердің қатарына кіреді.

С. Даумовтың ақындық шеберлігін нақтылай түсетін өлеңінің бірі – «Басқұншақ көлі» деп аталыпты. Бұл туынды кішігірім баллада-толғау түрінде жазылған. Мұнда да сол тақырып – туған жер болғанымен, ақынның сыншылдық көзқарасы сақталған және ол көрініс туынды көркемдігіне, оның әдеби қуатын арттыруға қызмет қып тұр. «Менің Космодромым» [1, 12 б.] өлеңіндегі әдеби тәсіл бұл өлеңнің алғашқы екі шумағында өзгеше өрнек салып, із-бедерін айрықша айқындай түседі. Мысалы:

Бергендей ерекше бір ағысқа ажар,
Жоқ мұнда «бұйра толқын арыстан жал»
Ақ шабақ ойнамайды айдыныда,
Тұрмайды қарауытып алыстан жер.

Қойса да о басында «көл» деп атын,
Жоқ мұнда бір жұтым су шөл қанатын
Су да емес, бал татыған балық та емес,
Ежелден жайған оның елге даңқын.
(«Басқұншақ көлі»)

Тарихи аты мәлім Басқұншақтың табиғатын осылайша жырға қосқан ақын өлеңге нәр сыйлап, әр беру мақсатында кейіптеу тәсілін мейлінше мол қолданған. Бұл таңдауы және орынды шыққан. Өлең мазмұнын байыта, көркемдеуіш құралға айналған тіркестердің жақсы табылған элементі ретінде төмендегі шумақтарға назар аударалық!

Кепкендей кенезесі жұртта қалып,
Жатады ол жаумай өткен бұлтқа налып.
Қарт Каспий кеткен ауып оңтүстікке
Бар суын Басқұншақтың ұрттап алып.
Немесе:
Безініп туысынан түбі бірге
Қашты екен теңіз неге түріп ірге?
Көз жасын сыға-сыға сарыққандай,
Шыдамай ағайынның күйігіне

Осы шумақтардағы Басқұншақтың бұлтқа налып ренжуі кенезесі кеуіп шөлдеп, кеберуі, көлдің бар суын ұрттап алған қарт Каспийдің оңтүстікке ауып кетуі келісті де әдемі жасалған кейіптеу үлгілері болса керек. Олардың санатын соңғы шумақтағы кейіптеулер тіптен үдете түседі. Өйткені бұл кейіптеулерде тұтасымен қазақы ұғым, ұлттық болмыс жатқанын аңғаруға болады. Туысына ренжіген ағайынның ел іргесінен түре көшетін әдетіне сай мінезге құрылған өлеңнің көркемдік – мазмұндық құндылығы да бірте-бірте сатылана биіктей түседі.

Не шара тағдырға нәр бұйыртпаған,
Өртепті көл өзегін күйікті арман.
Телегей су орнына өнген ақ тұз,
Мөп-мөлдір көз жасындай тұнып қалған.

Кей ретте кейіптеумен қатар иық тіресе теңеулердің әсем түрлері көзге шалынады. «Телегей су орнына өнген ақ түздың мөп-мөлдір көз жасындай түнып қалуы» өлеңге үстеме әр бергендей. «Ақ төсін күміс күнге қақтаттырған», «Айдынын шымылдықтай жауып тұру» сынды тіркестер қатары туынды көркемдігін одан әрмен байыта, қоюландыра түседі.

Сөз өнерінің заңғар теоретигі академик З. Қабдолов: «Кейіптеу – қазіргі әдеби туындыларымызды құбылта, құлпырта қолданылып келе жатқан әдемі тәсіл» [2, 306 б.] – деп атап көрсетеді өз еңбегінде.

Әдебиетші ғалымның аталған қағидасына сай төменде берілген шумақтарда ақын қазақы ұғым-түсінікке тым жақын образды сурет галереясын көз алдымызға елестетіп өтеді. Мысалы:

Көл кейде салады еске ақ киізді
Айқара тастаған бір қырға жайып
***
Бурадай шөккен сорға жақын барып,
Тау Боғда етегінде жатыр қалғып.
***
Көл жонын жұлып жеген көп комбайн
Жатқандай қаспақ қырып қара жерден
***
Үйілген аққаладай түнық қардан
Тау-тау түз жатыр дерсің шығып қайдан!..

Ақын ізденісінен туған мүндай сәулелі сөздер сорабы ақын С.Даумовтың позиясында мол ұшырасады. *Қырға төселген ақ киіз, бурадай шөккен тау, қаспақ қыру, көл жонған комбайн, үйілген аққала, аппақ нұр, торғын сағым, шымылдықтай айдын* т.б. теңеулі кейіптеулер бір ғана туындының бойын баураған көркемдеуіш құралдары. Ақын бүл жырын «Басқұншақ - туған жердің бір байлығы, Ырыс болып шарасында үйып қалған» деп аяқтайды. Бүнда да сол «шарасында ұю» ұлттық калорит болып тұр.

Туған жердің титтей бөлшегінен бастап айбынды үлкен қалаларын жырға қосып, әр қырынан танытуды басты мақсат еткен ақынның кең байтақ Отанымыздың қай тау-тасын, орман-көлін жырласа да шын көңілден, шын ниеттен ақтарыла сөйлейді. Айталық, «Қыран қала» өлеңінде Алматы шаһарының сүлу келбетін жырға қосса, «Туған жердің бөлшегі» туындысы «Нива» санаторийінің ұжымына арналған. «Еділ» аталған өлеңде тарихи тәлім әсерлері бейнеленген. Ал «Сары әулие» немесе «Сарыағаш» саздары аталған туындыны екі бөлім бірнеше бөлімшеден құралған баллада десе де болғандай. Аталған шығармаларда Отанымыздың байлығы мен көркею жолы, адамдардың шат өмір тұрмысы, күн өткен сайын заманымыздың құлпырып, гүлдену, даму, жетілу бағдары басты мақсат етіп қойылған. Мәселен,

Кезінде көрік берген Астанаға,
Жарамай қалды көп үй баспанаға
Орнына Алматының
Аз-ақ жылда
Қалғандай орнап енді басқа қала [1, 21 б.].

(«Қыран қала»)

- деген жолдардан Алматының күннен-күнге көркеюі жыр етіліп, зәулім сарайлардың пайда болуы, еңсесін көтерген елдің ертеңіне сенімділігі арта түскендей. Әсем қаланың көркіне көз тоймайтындай келбетіне таңырқаумен, таңқалумен күн кешкен ел-жұрт тілегі ақын толғанысымен бірлесе ән салғандай болады.

Сәнді үйлер жарысқандай қуып-қашып,
Барады тау бөктерлеп биікке асып
Ұмтылған шырқау көкке қыран қала
Тұр асқақ Алатаумен иықтасып.

- деп шабыттанып жырлайды ақын.

Елді, жерді сүюдің, оны аялап құрметтеудің әсем үлгісін қашанда өз жырына әдемі арқау ете білетін ақынның «Қыран қаласы» тек бір ғана Алматы қаласы емес, сонымен бірге еліміздің бас қаласы Астанаға да арналғандай десе де болғандай. Бір кездегі еліміздің астанасы Алматыға көрсетілген үлкен құрмет белгісі бүгінгі ел ордасы Астанаға арналса несі айып?!

Алматым!
Сел қаптасын, жер туласын,
Мызғымай мәңгі бақи сен тұрасың!
Ендеп те, бойлап та өскен саған қарап,
Елімнің көрсін әлем әр тұлғасын!

- деп ой түйіндейді ақын.

Ақынның осы «Қыран қала» өлеңімен танысқан белгілі ақын, журналист-публицист, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты Жанарбек Әшімжан былайша ой бөліседі: «Ол қаланы тұлғаландыру арқылы оған белгілі бір дәрежеде мінез дарытқан-ды. Алматыны қыранға теңеген ақын қиялы Күнге ұмтылған қырандай самғап, сонау бір биіктерде жүреді. Бұ өлеңде көзге ерекше ұратыны шәр шаһарға деген махаббат. Ақын махаббаты!..» [3, 23 б.].

Ел тәуелсіздігінің ширек ғасырын бастан кешкен халқымыздың ежелгі арманы жалпы жұрттың амандығы мен тыныштығы, Отанымыздың гүлденуі мен жарқын болашаққа, яки мәңгілік ел болып қалыптасуына бет бұруы дер едік.

Алайда мәңгілік ел идеясының берік іске асуында өткен тарихымызды, біз өмір сүріп отырған қоғамның бейбіт ел болып қалыптасу-жаратылысын білудің маңызы қашан да зор. Содан да болса керек:

Туған жерім!
Сен деп соққан жүрекпен
Ақының ем шаттығыңды жыр еткен
Тартылғандай шабытымның қайнары
Енді отырмын өз-өзімнен жүдеп мен

- деп жырлайды ақын «Сары әулие» немесе «Сарыағаш» саздары аталған баллада-толғауында [1, 30 б.].

Қазақ халқы тәуелсіздік жолындағы күресте қаншалықты ауыр күндерді бастан кешірді, сонау өткен ғасырлардағы бодандық шырмауын, одан бергі ұлт-азаттық күрес, «ақ» пен «қызылдың» тұтқынындағы ел тағдыры, тың игеру жылдарындағы зобалаң, атом мен космос дәуірінің зардаптары, қысқасы Отанымыздың ұзақ тарихын арқау еткен ұзақ толғауында ақынның өзіндік ізденісіне тән деректер ізі жатыр. Халқымыздың бастан кешкен үлкенді – кішілі мұңлы тарихын автор рет-ретімен жүйелі баяндайды. Мәселен,

Жүрегіме күйік еккен,
Мұң еккен,
Жат үндердің біреуінен бірі өктем
Сол үндермен қоса бір зар жеткендей
«Еділді алды – елді алды!» деп шыр еткен.

Жерұйығым, талай көздің сұғы өткен,
Аман-есен шығып едің мың өрттен.
Кімдер мынау,
Саудаға сап өзіңді,
Атпақ болып жүрген сені жүректен?!

- деген жолдарға қарағанда, туындының кейбір тұстары ел ішінен іріткі тудырып жүрген кейбір жікшілдердің арам пиғылды әрекеттерін әшкерелеуге арналғандай. «Байтақ елден ырыс үркіп, бақ қашқан» заманды аңсап жүргендер кімдер? – деген сұрақ қояды ақын. «Кең даламнан келімсекке қақпа ашқан, Тірілген

бе қайта апыр-ау, «ақ патшам»?! Ел тыныштығын бұзбақшы болған арандатушыларға қарсы өктем үн қатады ақын:

Қайран далам,
Таптағандар төсінді –
Қайран қалам –
Неге сонша есірді?!
Жетелетіп жібереміз кімге енді
Ақ Жайықты, Қара Ертісті, Есілді?!

Қайрайын деп қайрамаймын тісімді
Намыс, ыза барады өртеп ішімді
Өгей үндер құлағымды сарсытқан,
Қай-қайдағы жайларды еске түсірді

Ақын тебіренісінде қазақ қоғамының бастан кешкен зауалды ғұмыры, талайлардың тәуелсіздік жолында мерт болған қанды трагедиясы жатыр. Қазақтың сайын даласының төрінен орын алған «келімсектердің» ел тәуелсіздігіне сызат түсірмек болған әрекеттерін ақын батыл айыптайды. Сөйте келе ата-бабаларымыздың аруағы сыйлау керектігін шегелеп тұрып еске салады.

Есіме алдым
Ата-бабам аруағын,
Шарасыздан шайнап өткен бармағын
Есіме алдым,
Еңіреткен ерлердің
«Жайық үшін жандасуға» барғанын

- деп толғанады ақын. «Еділ үшін егесіп, Жайық үшін жандасып» өткен ерлердің ісін еске түсірудегі мақсат - ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен талай ғасырлардан бергі халық арманы болған – тәуелсіздігіміздің баяндылығы болса керек. Өткен тарихты білу арқылы, оның бағасын ардақтай, аялау керектігін ақын одан әрі тарқата түседі.

Есіме алдым,
«Екі тарлан бөріңді»,
Қызғыш болып қорып өткен елімді
Шейіттердің бәрін түгел еске алдым,
Құл болғаннан артық көрген өлімді!...

Ел-жұртымыздың бастан кешкен трагедиялы халінің тарихын ақын С. Даумов өз толғаныс жырында рет-ретімен хронологиялық жүйемен баяндап, еске түсіріп отырады. Айталық, осыған дейінгі қазақтың бастан кешкен хикметін төңкеріс дәуіріне дейінгі хроникамен тәптіштеп көрсетсе, жаңа заман орнап, социалистік төңкерістің күшімен құрылған Кеңес Одағының да қазақ халқын аса бір қатты жарылқамағанын да автор өз көзқарасына сай айыптайды.

Ата жұртым,
Тұрған кезде күш тақта
«Ақ патшаның» салғаны аздай қыспаққа,
Есіме алдым
Кілең «қызыл патшаның»
Сені қалай шығарғанын ұшпаққа

- деп жырлайды ақын және осы сарынды одан әрі үдете, күрделендіре түседі. Кеңестік дәуірдің кесел-апаты бірте-бірте айқындала, жария бола түседі.

Байтақтығың өз басыңа сор болып,
Қойын менен қонышыңа толды өлік
КАРЛАГ- тар мен АЛЖИР-лерден қайысқан
Бел омыртқан бітпеді ме шор болып?!

Қазақ елінің отызыншы-қырқыншы және елуінші жылдардағы опат ойраны болғаны, репрессия құрбандары мен түтқындар лагерлері -жоғарыда аталған әлемге мәшhүр жағырапиялық атаулар боп құрылғаны да шындыққа саяды. Циклді құрылымға негізделген туындыда қазақ елінің даму тарихында бастан кешкен небір алапат жағдайлар қоғамдық өмірдің көңілсіз кесапаты ретінде баяндалады. «КАРЛАГ-тар» мен «АЛЖИР»-лерден кейінгі апатты қауіп - «Тың игеру» науқанының да біраз зауал төндіргенін ақын былайша жырлайды:

Жоқ, бітпеді!
Мұңыңа мүң қосылды
Айдай жүзің айғыз-айғыз осылды
«Тың дастанын» жазып сенің бетіңе
Тігетін жер таппай қалдым қосымды

Туырылған дала түгел құм қапты
Құмға белден жасыл шалғын, ну батты
Түрен түсіп жермен қоса көрге де,
Таппай қалдым әжем жатқан зиратты.

Әрдайым өлең-жырының идеялық мұратын дерек негізіне сай бейімдейтін ақын С. Даумов бұл тоғауында тың игеруші атанып шұбырып келген жат жұрттықтардың салған лаңын да оқырманына сөз ретімен сыздықтата жекізеді. Кең даланың төсін таптаған келімсектердің кесірінен өз жерінде азшылыққа айналған халықтың көз жасын, қайғысын өлең тілінде әсерлі жеткізе білген.

Көпке, апыр-ау, аз идім бе басымды?
Азшылығым бетке талай басылды
Көп көзінше жылауға да қаймығып,
Қаншама жыл жұттым ішке жасымды?!

Сонда ешкімге көрмеп едік сен десіп,
Булықтырып барады елді енді өксік!
Кең далам-ау,
Жиіледі зіл залаң,
Жараң сыздап жатырсың ба дөңбекшіп?!

- деп ой түйеді автор.

Ел тарихынан мәлім «Тың игерушілердің» соңын ала қазақ даласын тағы бір алапат басты. Ол – атом дәуірінің үлкен сынақ алаңына айналған Қазақстандағы полигондардың зілзаласы.

Еліміздің Батысы мен Шығысындағы сайын даланы тозақ отына айналдырған атом бомбаларының жер асты және жер үсті жарылыстарынан келген кесепат осы күнге дейін зардаптарын тигізуде. Ұрапақтан-ұрпаққа, алдыңғы буыннан кейінгі буынға қанмен, тек пен түр қуалап әлі де қауіп төндіріп отырғаны да жасырын жай емес, бүгінгі шындық. Осы зардапты көзімен көрген ақын өз толғанысында мәселенің мәнісін төтесінен қоя жырлайды.

Айналайын, піл сауырлы алыбым,
Қалай сені сыздамасын жауырың?!
Арқаң арша болмады ма,
Арқалап
Жерде орнаған Ажал-Атом дәуірің!

Сауырыңда сау тамтығың аз бүгін
Қаңқалардай тауың-арса
Таз –қырың.
Асып түсті Шыңғыстау мен Нарыннан
Радиация тұмшалаған Азғырың!

-деп жырлайды. Атом бомбасының астында қалған сайын даланың қасіретін көзімен өз көріп қиналған ақын бар сырын жырмен өрнектеп жеткізеді. Ажал боп төнген алапаттан қайғы шеккен халқымен бірге болуды көздейді. Көптен шет, сырт қалуды қорлық көрген ақын өзінің перзенттік, азаматтық парызын адал атқаруды негізгі борышы деп ұғынады. Содан да болса керек:

Енді сені қасапшыдай бөлшекетеп,
Имансыздар сау қоңыңды енші етпек.
Таразыға түсер болса тағдырың,
Қалай одан қала алармын мен шеттеп?!

-деп ah ұра жырлайды. Ұдайы елімен, халқымен бірге болуды, не көрсе де жұртымен бірге бөлісуді парыз санаған ақынның ой-толғанысында кіші Отанына деген зор құрметі, шексіз махаббаты жатырғанын аңдауға болады.

Ақын С. Даумовтың табиғи талантын дөп таныған Қадыр Мырза Әлі өз естелігінде: «Тіршіліктегі пенде ретінде айтарым, Сатыбалды жолдастық ретінде, адамдық ретінде көптеген әсер қалдырды. Ол қазақ әдебиетіне тек кіріп шығу ғана келген адам емес. Ол қазақ әдебиетіне өзіндік орнын қалдыра білді» [4, 46 б.] деп жазды. Ендеше ақынның әдеби мұрасына әр қырынан барлау жүргізу – бүгінгі ұлт әдебиеттануының зәру мәселелерінің бірі болмақ.

Әдебиеттер:

1. Даумов С. Толық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Жазушы, 2009. – 288 б.

2. Қабдолов З. Сөз өнері: оқулық-монография. – Алматы: Өлке, 2014. – 496 б.

3. Әшімжан Ж. Құм басқан Қояндыны тасқа қашап... (Саяқ жүріп, сақа жырлар қалдырған Сатыбалды Даумов туралы). Кітапта: Даумов С. Соңғы парыз. – Алматы: Хантәңірі, 2016. – 286 б.

4. Мырза Әлі Қадыр. Ұмытпаңдар мені. Кітапта: Даумов С. Соңғы парыз. – Алматы: Хантәңірі, 2016. – 286 б.

***

Мүтиев З.Ж., Ашимова Р.С.

Тема и идея, художественное мастерство на основе поэзии поэта Сатыбалды Даумова

Сатыбалды Даумов – один из поэтов, внесших свой вклад в развитие современной казахской поэзии. Совершенствование его национальных произведений, обогащение поэтических образов раскрылись не до конца. Он занимает значимое место в поэтической среде. Сатыбалды Даумов сформировал свое поэтическое мастерство, а также нашел себе подходящий стиль. В статье поэта со всех сторон рассматривается использование лексиконов в казахском словаре и мастерство порождения художественно-изобразительных средств.

Ключевые слова: *Поэзия, литературоведение, мастерство, лирика природы, родная земля, баллада-размышление, клубок, орнамент, критическое отношение, изобразительные средства, литературный подход, содержание стихотворения, казахская концепция, национальное бытие, образцы имитации, вечная страна, степь, тема и идея, национальный каллорит, образное изображение, образный рисунок.*

Mutiev Z.J., Ashimova R.S.

Theme, idea, artictic skills (on the basis of Satibaldy Daumov poetry)

Satybaldy Daumov – one of the poets who contributed to the development of Kazakh poetry. His poetic talent was not yet open to the improvement of the national poetry. He is a writer with a poetic skills and searching. The article discusses the use of his mastery of vocabulary resources in his literature works.

Keywords: *The poetry, literary criticism, skill, lyrics of the nature, the native earth, the ballad reflection, ball, ornament, the critical relation, graphic means, literary approach, contents of the poem, the Kazakh concept, national life, models of imitation, the eternal country, the steppe, subject and the idea, national kallorit, the figurative image, beam words.*

***

UDC 811.161.1 + 81'373.611

Diachok N.V. – doctor of philology sciences, professor,
Department of General and Slavonic Linguistics of
Oles Honchar Dnipropetrovsk National University
E-mail: dyachoknatalya@mail.ru

ON THE PECULIARITIES OF ONOMASIOLOGIC CHARACTERISTICS OF COMPLEX-STRUCTURE UNIVERBS

Abstract. *Objective of the paper – analysis of onomasiologic characteristics as components of onomasiologic models of univerbs with so called complex structure. Object of the analysis – univerbalizing processes in their diversity. Subject of the study – complex-structure univerbs determined as verbal implementations of nominathemes of "word combination + elliptic univerb" type. They are formed according to univerbal model which essence is as follows: interrupted double-rooted (complex-structure) stem of dependent component of initial word combination imitates generative stem; major component is included semantically in univerbalizing affix. The paper applies both descriptive and structural approaches. Result of the study is to describe models of modification of univerbs, and determination of processes following the modification. Typology of onomasiologic models of complex-structure univerbs is a basis for relevant formation and description of onomasiologic category of the units being studied on the one part, and characterization of features of onomasiologic structure on the other part. Implementation of the study results may take shape in dictionary of Russian language univerbs making.*

Keywords: *Nominatheme, word, word combination, univerb, complex-structure univerb, univerbalization, onomasiologic model, onomasiologic basis, onomasiologic attribute.*

Objective of the paper is to analyze onomasiologic characteristics as components of onomasiologic models of univerbs being of so called complex structure: *первоклассник, бензосучкорезка, бензозаправка, девятиэтажка* etc. We determine complex-structure univerbs as verbal manifestation of nominathemes of "word combination + elliptic univerb" type formed according to univerbal model. Its essence is as follows: interrupted double-rooted (complex-structure) stem of dependent component of initial word combination imitates generative stem; major component is included semantically in univerbalizing affix.

A number of definitions of univerbation as a process and univerb as the process result are available. Their majority is considered as traditional; thus, the notions are related to word-formation purely.

Univerbation is considered as "word formation on the basis of nomination being a combination of words" [1, pp. 74-75]: *олимпийка – олимпийская куртка, вечерка – вечерний выпуск газеты, декрет – декретный отпуск* etc. Other terms are used in this meaning too. Authors of "Russian Conversational Speech" monograph associate such formations with phenomena of semantic condensation having in mind processes connected with loss of semantic partitioning of complex nominations consisted of two or more lexemes [2, p. 408]: *пятиэтажка – пятиэтажный дом, подсобка – подсобное помещение* etc. V.N. Nemchenko considers formation of derivatives resulting from ellipsis of derivative word combination with simultaneous suffixation as condensation [3, p. 241]: *читалка – читальный зал* etc. The phenomenon should be followed by linguistic

availability of two forms to determine one and the same – common for them – semantics: partitioned (analytical) and non-partitioned (synthetic). A.V. Isachenko put into scientific practice a notion of loss of both formal and semantic partitioning of nomination as a term of "univerbation" [4, p. 339].

Thus, all contributors of the problematics are united in one thing: the point at issue is phenomenon of derivation nature, though identity of semantics of word combination and a word corresponding to it empowers us to assume that word combination-word relations are far from being word-formative ones (e.g. *наружка* and *наружная реклама*; *незавершенка* and *незавершенное строительство* etc.).

With reference of the variety of approaches it is in the course of nature to find unified terminological equivalent to the process as well as those units being a result of the process. In continuation of V.I. Terkulov we believe that it is expedient to consider each such derivate as univerbalized (verbalized) equivalent of a word combination, "that is, both lexical and grammar meaning, and syntactic function of a word originated as a result of verbal interpretation are absolutely equivalent to the word combination" [5, p.134], and the verbal interpretation has originated owing to a process of elliptic univerbation. In large, we determine each certain unit under study as a nominatheme of "word combination + elliptic univerb" type. The nominatheme belongs to structural type of nominatheme with dominant word combination; namely, it is a unit equal semantically to a word combination being identified at its level. Generally, nominatheme is certain abstract linguistic unit being realized in verbal forms (glosses, doublets); moreover, in this context, both word combination as well as a word equal to it semantically and grammatically are alternatives of one nominatheme (for example, *премиальная выплата* and *премиалка*, *коммунальная квартира* and *коммуналка*, *детеныш льва* and *львенок*, *настойка валерианы* and *валерьянка)*.

Thus, we understand univerb as a word being equal grammatically to certain word combination but differing from this very (equivalent) word combination in terms of conversational and slang features but being together with it a doublet of one nominatheme.

Nominatheme as basic nominative linguistic unit represented by its verbal and textual implementation is reflection of onomasiologic modeling.

Onomasiologic model is a scheme to form semantic structure of nominative units and their implementation being results of linguistic and verbal nomination. E.A. Selivanova [6] determines onomasiologic model relying upon following attributes:

1) General idea of onomasiologic basis (formant structure);
2) Specific content of two or more onomasiologic attributes (related part);
3) Their valent potential and semantic connection;
4) Basis-attribute relationship type.

Linguists [7; 8] determine structure of onomasiologic model as binominal one involving onomasiologic basis equivalent to archiseme of basic component of initial structure, and onomasiologic attribute equivalent to seme of basic component of initial structure actualized in its dependent component. Moreover, a concept by V.I. Terkulov differs from a concept by M. Dokulil in the fact that it is applied to the cases of internal motivation.

The scientist notes that classification aimed at description of "pure" nominative semantics formation involves determination of mechanism to create onomasiologic structure of its meaning. According to M. Dokulil it includes:

a) Onomasiologic basis pointing at certain conceptual class – generic term (for example, "process") to which the nomination belongs; and

b) Onomasiologic feature pointing at aspective attribute determining intraclass referent (for instance, to nominate actions – direction, manufacturer, status etc.) [7, p. 217].

Generally, in the context of univerbs of the type under study, onomasiologic basis is formed relying upon semantics of the main component of equivalent word combination. In the context of onomasiologic attribute the process relies upon semantics of dependent word. For example, [device (basis)] + [method (attribute)], *автомат – автоматическое устройство*; [person (basis)] + [causative (attribute)], *автопромышленник – владелец*

автопромышленного производства; [device (basis)] + [comitative (attribute)], *авторазвозка – авторазвозочная машина*, [enterprise (basis)] + [mediative (attribute)], *атомка – атомная электростанция*. However, a number of univerbs demonstrate formation of onomasiologic basis relying upon semantics of dependent word of equivalent word combination; in the context of onomasiologic attribute, semantics of the main word is meant. For example, [quantitative (attribute)] + [period (basis)], *пятак – пять лет*; [quantitative (attribute)] + [part of organism (basis)], *пятерня – пять пальцев*, [quantitative (attribute)] + [a group of people (basis)], *двойня – двое детей*.

Onomasiologic model of certain elliptic univerb duplicates onomasiologic model of initial word combination.

Thus, a structure of onomasiologic model of internal motivation reflects combination of onomasiologic basis and onomasiologic attribute with required supplements in terms of different specific cases. General form of onomasiologic model is as follows: [onomasiologic basis] + [onomasiologic attribute].

Onomasiologic basis and onomasiologic attribute are "those key movement vectors of nominator's thought determining his/her activity in the process of obtaining a name by nominate. In the context of various types of nominates the vectors are only actualized differently owing to influence of nominational pragmatic intention of subject of nomination" [9, p. 28].

According to M. Dokulil, complex (compound) onomasiologic attribute is of double structure; it can be developed either with the help of attribute of action or activity (patient, result, place, time, approach, degree etc.). Moreover, onomasiologic attribute may be of expanded form, for example: *шестидесятник – представитель интеллигенции шестидесятых годов XX в., периода хрущевской оттепели*; *пятидесятник – в стрелецком или казачьем войске возглавляющий отряд в пятьдесят человек*.

Onomasiologic models of the univerbs are of traditional type: [onomasiologic basis] + [onomasiologic attribute]. However, structure of onomasiologic attribute consists of the number of components corresponding to the number of semes (roots) in dependent word (words). For example;

первоклассник (*Вот они вполне способны прослужить нескольким владельцам и не очень боятся, если на них сядет первоклассник.* – М. Дмитревский. Покупаем велосипед // «Наука и жизнь», 2007) – *ученик первого класса* (*Денис Скворцов, ученик первого класса духовной семинарии, не изучив еще хорошенько семинарских порядков, вошел однажды в кабинет к инспектору, отцу Евпсихию.* – Майя Кучерская. Современный патерик: чтение для впавших в уныние (2004)): *[person (basis) + numerative (attribute) + patientive (attribute)]*;

пятиэтажка (*Сталинская кирпичная пятиэтажка, из тех, что строили уже при Хрущеве, но по старым проектам, до того, как было решено совместить потолок с полом, ванную с туалетом, а сэкономленные квадратные метры направить на повышение уровня жизни трудящихся*. – Елизавета Козырева. Дамская охота (2001)) – *пятиэтажный дом* (*Передо мной снова возникает стена библиотечного зала высотой с пятиэтажный дом и шириной как торец этого пятиэтажного дома.* – Вадим Баевский. Счастье // «Знамя», 2004): *[building (basis)] + [quantitative + comitative (attribute)]*;

белолистка (*Над селением возвышается безверхая столетняя белолистка.* – Иван Горелов. Ландыш на скале // «Огонек». № 23, 1956) – *белолистная ива* (*Примадонной миниатюрного леса станет привитая на штамбе ива белолистная (Salix integra).* – Валерия Иршенкова. Лес в горшочке (2002) // «Сад своими руками», 2002.11.15): *[plant (basis)] + [attributive + comitative (attribute)]*;

автозарядка (*Вставляешь автозарядку для телефона, ответа 0.* – https://www.drive2.ru/communities/4035225266123964833/forum/5678276) – *автозарядное устройство* (*Каждое автозарядное устройство, представленное в нашем Интернет-магазине, – это надежное устройство, которое поможет вам*

при зарядке автомобильного аккумулятора. – http://zaryad.com.ua): *[device (basis)] + [mediative + destinative (attribute)]*;

бензосучкорезка (*Основное отличие бензосучкорезки от бензиномоторной пилы заключается в том, что пильный аппарат сучкорезки соединяется с двигателем с помощью штанги* – http://stroy-spravka.ru/article/benzosuchkorezka-bs-1) – *бензосучкорезная пила* (*Бензосучкорезная пила БС-1 имеет следующие основные технические показатели: вес сухой 7,2 кг, вес в рабочем состоянии 7,8 кг, мощность двигателя 3 л. е., число оборотов двигателя в минуту 7000, скорость пильной цепи 13,2 м/сек, емкость бензобака 0,6 л, тип пильной цепи* – ПЦУ-10,26, общая – http://stroy-spravka.ru/article/benzosuchkorezka-bs-1): *[device (basis)] + [mediative + destinative (attribute)]*;

электросучкорезка (Электросучкорезки, *работающие и комплексе с передвижной электростанцией ПЭС-14В / М, являются одним из наиболее эффективных средств механизации обрубки сучьев. Они представляют собой ручной инструмент и состоят из четырех основных узлов: электродвигателя, электровыключателя, промежуточного вала, помещенного в штанге, и пильной головки* – http://www.ngpedia.ru/id614433p1.html) – *электросучкорезная машина* (*Применяемые для валки леса ручные электро- и бензопилы, для вывозки деревьев трелевочные тракторы, а для обрубки сучьев топоры и* электросучкорезочные машины *не обеспечивают механизации всего технического процесса поточным методом* – http://www.ngpedia.ru/id614433p1.html): *[device (basis)] + [mediative + destinative (attribute)]*;

электрокусторез (*Выбирают электрокусторез с учетом общего объема изгороди и ее месторасположения на участке: если до растений от электросети не более 30 м, то вполне подойдут сетевые инструменты, потому что длина их шнура обычно ограничена 30 метрами* – http://diz-cafe.com/tech/kak-vybrat-sadovyj-kustorez.html) – *электрокусторезочная машина* (*Второй вариант электрокусторезочной машины – аккумуляторного типа, в которой установлена автономная батарея, которую надо перед работой подзаряжать* – http://diz-cafe.com/tech/kak-vybrat-sadovyj-kustorez.html): *[device (basis)] + [mediative + destinative (attribute)]*;

автоподзаводка (*Наручные часы с автоподзаводкой были очень популярны в конце девяностых* – КПвУ, 27.01.2010) – *автоподзаводное устройство* (*Эти аппараты оснащены автоподзарядным устройством, призванным работать десятилетия* – КПвУ, 11.11.2004): *[device (basis)] + [mediative + destinative (attribute)]*.

If onomasiologic model of univerb has two equal onomasiologic attributes, then its structure may be simplified. For example:

авторемонтка (*Там в описываемое время располагались райкоммунхоз, ателье «индпошива», авторемонтка и магазин «Скобяные изделия»*. – Владимир Войнович. Монументальная пропаганда // «Знамя», 2000) – *авторемонтная мастерская* (*Его отец и братья отца профессионально занимались мотоспортом, а у отца к тому же была авторемонтная мастерская*. – Борис Мурадов. Звезда и смерть Бернда Розмайера (2002) // «Формула», 2002.02.15): *[enterprise (basis)] + [destinative + destinative (attribute)] = [enterprise (basis)] + [destinative (attribute)]*;

автомобилеразгрузчик (*Автомобилеразгрузчик универсальный гидравлический типа У-АРГ (далее разгрузчик), предназначен для разгрузки зерна через открытый задний борт из одиночных автомобилей и седельных тягачей с полуприцепами с установочной длиной их (по наружному размеру колес) до 15,3м и общей массой до 50т и разгрузки через открытый боковой борт прицепов с установочной длиной их (по наружному размеру колес) до 6,4м и общей массой до 20т без расцепки их от автомобилей.* – http://www.elevator.mksat.net/autorazgr.html) – *автомобилеразгрузочное устройство* (*Устройство содержит весовую платформу, автомобилеразгрузочное устройство с подъемно-опрокидывающим устройством и тензометрические весоизмерительные датчики, размещенные в опорных узлах.* –

http://www.findpatent.ru/patent/245/2453817.html): *[device (basis)] + [destinative + destinative (attribute)] = [device (basis)] + [destinative (attribute)]*;

автозаправка (*У него и была-то всего одна автозаправка, но арбитражный суд его разорил, наложив арест на имущество*. – Рустем Фаляхов. У него и была-то всего одна АЗС // «Газета», 2003) – *автозаправочная станция* (*Это первая автозаправочная станция, построенная ЗАО «ЛУКОЙЛ-Пермь» в Свердловской области практически с нуля*. – Достойный преемник (2003) // «Нефтяник» (Пермь), 2003.06.24): *[enterprise (basis)] + [destinative + destinative (attribute)] = [enterprise (basis)] + [destinative (attribute)]*.

автоперевозка (*Меня зовут Николай Степанович Пирогов, предприниматель, скажите, сколько стои автоперевозка?* – Наш транспорт ходит по расписанию! // Комсомольская правда, 2008.09.26) – *автоперевозочные услуги* (Особенности автоперевозочных услуг нашей фирмы позволяют не привязываться к основным морским или железнодорожным путям и доставлять груз в наиболее отдаленные от основных магистралей населенные пункты в сжатые сроки – http://itl-ltd.com/uslugi/mezhdunarodnye-gruzoperevozki): *[service (basis)] + [destinative + destinative (attribute)] = [device (basis)] + [destinative (attribute)]*.

Data for the study assume following conclusions: 1) "word combination - word" relations of the type under analysis are the forms of abstract lexical unit termed as nominatheme. It is characterized by a number of both formal and semantic features native to the lexical structures only; 2) typology of onomasiologic models of complex-structure univerbs is a basis for relevant formation and description of onomasiologic category of the units being studied on the one part, and characterization of features of onomasiologic structure on the other part.

Literature:

1.Kudriavtseva L.A. Modeling of language vocabulary. – Kiev: DPC "Kievski Universitet", 2004. – 208 p.

2.Zemskaia E. A., Kitaigorodskaia M V., Shiriaev E.N. Russian conversational speech. – M.: "Nauka", 1981. – 276 p.

3.Nemchenko V.N. Modern Russian language. Lexical morphology: text book (for philologists of specialized universities). – M : "Vysshaia shkola", 1984. – 256 p.

4.Isachenko A.V. On the problem of structural typology of vocabulary of literary Slavonic languages // Slavia. – 1958. – Roč. 27. – Seš. 3. – P. 334 – 352.

5.Terkulov V. I. Revisiting basic linguistic unit. // Messenger of Lugansk National Pedagogical University named after T.H. Shevchenko: "Filologichni nauky": collection of scientific papers. – Lugansk: "Alma Mater", 2006. – #11 (106). – P. 127–137.

6.Selivanova O.O. Linguistic encyclopedia. – Poltava: Dovkillia-K", 2010. – 844 p.

7.Terkulov V.I., Bliumina O.V. Foundations of onomasiologic classification of both Russian and Ukrainian composites with "processuality" meaning // Slavonic languages: units, categories, axiological constants. – Volgograd : VSU, 2010. – P. 216 – 231.

8. Dokulil M Tvoreni slov v češtine. I Teorie odvozování slov. – Praha : CAV, 1962. – 263 p.

9.Arkhangelska A.M On the problem of foundations to develop general onomasiologic model of nomination. – 2007. – "Movoznavstvo" ##4-5. – P. 20–35.

10. Miloslavki I.G. Synthesis of word combination and derivative word // "Voprosy yazykoznania". – 1977. – #5. – P. 53 – 61.

***

Дьячок Н.В.

«Сөз тіркесі + универб эллипсі» номинативтік түрінің семантикалық және формалды ерекшеліктері

Мақаланың мақсаты - күрделі құрылымы бар ономасиологиялық универб үлгілерін элементтері ретінде ономасиологиялық белгілерін талдау. Талдау нысаны – универбализациялық үрдісі. Зерттеу пәні – «сөз тіркесі + универб эллипсі» күрделі құрылым ретінде номинанттар ауызша іске асыру арқылы анықталады. Жұмыста

сипаттама және құрылымдық әдістері пайдаланылады. Зерттеу нәтижесі - модификациялау универбінің ерекше модельдеу сипаттамасы. Қорытындылар. Күрделі құрылымы бар ономасиологиялық универб модельдер типологиясы зерттеу бірлік ономасиологиялық белгілерін релевантнттық қалыптасуы мен сипаттамасы және ономасиологиялық құрылымның ерекшеліктерін түсіндіру. Зерттеу нәтижелерін практикалық қолдануы - орыс тілінің универб сөздігін жасау.

Тірек сөздер: *Номинатема, сөз, сөз тіркесі, универб, универбализация, ономасиологиялық модель, ономасиологиялық базис, ономасиологиялық белгі.*

Дьячок Н.В.

Семантические и формальные особенности номинатем типа «словосочетание + элиптический универб»

Цель статьи – анализ ономасиологических признаков как элементов ономасиологических моделей универбов с так называемой сложной структурой. Объект анализа – универбализационные процессы в их разнообразии. Предмет исследования – сложноструктурные универбы, определяемые как вербальные реализации номинатем типа «словосочетание + эллиптический универб», образованные по универбальной модели, сущность которой состоит в том, что имитирующей производящую основу является прерывистая двукорневая (сложноструктурная) основа зависимого элемента исходного словосочетания, а главный элемент семантически заключен в универбализационном аффиксе. В работе использованы описательный и структурный методы. Результат исследования – описание особенностей моделей модифицирования универбов. Типология ономасиологических моделей сложноструктурных универбов представляет собой базу для релевантного формирования и описания ономасиологической категории исследуемых единиц, с одной стороны, и трактовки особенностей ономасиологической структуры, с другой. Практическое применение результатов исследования может воплотиться в составлении словаря универбов русского языка.

Ключевые слова: *Номинатема, слово, словосочетание, универб, сложноструктурных универб, универбализация, ономасиологическая модель, ономасиологический базис, ономасиологический признак.*

***

ӘОЖ: 811.512.122' 367

Алтаева А.К. – филология ғылымдарының докторы, доцент,
«Тұран» университеті
E-mail: ak.alma@mail.ru

ИЛАНДЫРУДЫҢ ӘМБЕБАП ЖӘНЕ ЖАҒДАЯТТЫҚ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа. *Адамды иландыруға әсер ету әдістерінің қатарында дәйектілік теориясы тәжірибеге, қағидаттарға, дәстүрге, интуицияға, талғамға т.б. негізделеді. Иландыруды қалыптастырушы және өзгертуші тәсілдер түрліше болып келеді. Олардың жұмсалуы нақты білім аясына, аудиторияға, әлеуметтік топтарға, тұтастай қоғамға, оны қолданушы мәдениеттің өзіндік ерекшелігіне де байланысты.*

Адам тіршілігінің тарихи сипаты бойынша адам өзінің өмірлік мәселелерін әмбебеп дәйектерге емес, уақыт пен ортаға байланысты жағдаяттық дәйектерге қарай шешеді деп болжанады. Мораль, дін, құқық және өзге де маңызды әлеуметтік институттар айтылған жағдаяттық дәйектемелерге сүйенеді.

Тірек сөздер: *Әмбебап, жағдаяттық әдістер; дәйектеме; дәстүр; бедел; сергек ой; интуиция; сенім; талғам.*

Иландыруды қалыптастырушы және өзгертуші тәсілдер түрліше болып келеді. Әмбебап әдістерге – үстірт және астырт (теориялық) дәйектер, ал жағдаяттық әдістер қатарына дәстүрге, дұрыс ойлауға, талғамға негізделген дәйектер жатады.

Теориялық дәйектілік тәсілдері әр түрлі және әр текті. Біз олардың кейбіреуін ғана қарастырамыз. Теориялық негіздемені растаудың аса маңызды тәсілдерінің бірі қабылданған ақиқаттан шығатын дәлелдеу болып табылады.

Сәйкестік шарты бойынша негізделген растама сол саладағы жалпы ережелермен, қағидалармен, тұжырымдамалармен және т.б. сәйкестік табуы керек. Жаңа білім бұрыннан айтылып келген теорияға басқаша қарауға түрткі болуы немесе бұрынғы білімді өзгертуге себепші болуы мүмкін. Қабылданған теориямен келісу ескі теорияның беделін сақтауға қызмет етпей, ақиқатты іздеуге ұмтылса, ақылға қонады.

Егер сәйкестік шартын ешбір өзгеріссіз тұрақты деп қарасақ, онда ғылымның қарқынды даму мүмкіндігі болмас еді. Даму тек жаңа құбылыстарға бастама болар заңдардың ашылуы нәтижесінде ғана мүмкін болар еді. Ал бұндай жағдайда бұрын қалыптасқан ережелерді қайта қарастыру мүмкіндігі шектеледі. Алайда бұндай бағыт ғылымды дамуға бастайды деу қиын.

Жаңа ереже жақсы мансұқталған теориялармен ғана емес, белгілі бір жалпы қағидалармен де үйлестік табуы қажет. Бұлардың қатарында қарапайымдық және дағдылылық (консерватизм) теорияларын атауға болады.

Қарапайымдық қағидасы жаратылыстану ғылымының қалыптасу тарихын түгел қамтиды. Барлық жаратылыстану зерттеулерінде бұл қағида жетекші рөл атқарып келеді. И.Ньютон құбылыстарды түсіндіруде олардың себептерін «шектен тыс күрделендіріп алмау» деген ерекше талапты естен шығармауды ескерткен. Бұндағы қарапайымдықты, мәселен, оқытуды жеңіл жолмен үйретіп, түсіндіру деп қабылдаған жөн.

Дағдылылық қағидасы өзін-өзі ақтай алмайтын жаңалықтардан аулақ болып, оның қаншалықты мүмкін екендігіне назар аудару, жаңа құбылыстарды белгілі заңдардың негізінде ғана түсіндіру болып табылады.

Газет беттерінде халықтың тұрмыс-тіршілігі, оқу-ағарту, дін, тіл, экономикалық-әлеуметтік және ішкі, сыртқы хабарлар арқылы ішкі және сыртқы саяси жағдайлар жарияланып отырды. Газетте А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, С.Торайғыров, Х.Досмұхамедов, Ж.Тілеулин (денсаулық жайлы мақалалары), А.Жанталин (қазақ мектептері, жер мәселесі жайлы), Қыр баласы, Қазақтың бір баласы, Түрік баласы, Қыпшақ баласы, Баянауыл қазағы, Қарқаралы қазағы, Ферғана қазағы, Жетісу қазағы, Қазақ инженері, Нәзипа, Торғайлық, Кәрі жолаушы, Жиен, Бортаң, Сұңқар, Ақ жігіт, Біреу есімдерімен және басқалар өзекті мәселелер төңірегінде ой қозғап, ұлттық сананың оянуына жол салды.

«Қазақ» газетінде қазақтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің мақалалары және ақын-жазушылардың шығармалары, сондай-ақ сыни еңбектер үздіксіз жарияланып отырды. Әрине осының бәрі – қазақ әдеби тілінің дамып жетілуіне көптен-көп себебін тигізгені анық.

Баспасөз тілі – жазба тіл, тілімізге енген жаңа сөздер сөздік құрамға баспасөз арқылы еніп отырады. Осы күні өзіміз қолданып жүрген, әдеби тіліміздің берік орын алған тілдік құбылыстардың біршамасы мерзімді баспасөз тілінде қолданылып, уақыт өте келе тілімізде қалыптасып, нормаланып, әдеби тілге енді. Қазақ халқының барлық сөз байлығы газеттер арқылы сақталып бізге жетіп отырды. Ендеше ХХ ғасыр басындағы «Қазақ» газетінің беттерінен бүгінгі әдеби тіліміздің даму деңгейін танып-таразылай аламыз. Әсіресе әдеби тіліміздің даму жүйесіндегі лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерді бүгінгі әдеби тілдегі ерекшеліктермен салыстыра отырып, әдеби тіліміздің дамуында қандай өзгерістердің болғанын білеміз. Сондай-ақ «Қазақ» газетінің жазба әдеби тілді дамытуда, әсіресе оның кейбір стильдік тармақтарын қалыптастырудағы қызметін ерекше атап өтуге болады.

Профессор С.Исаев: «Демек, мерзімді баспасөз тілінің әдеби тілмен байланысын сөз еткенде, алғашқысының дайын құрылыс материалдарын ғана

пайдаланып отыратын енжар құбылыс емес екендігін, сонымен қатар берері де бар, әдеби тілге түрліше әсер етіп отыратын құбылыс екенін ескерусіз қалдыруға болмайды. Тілдегі өзгерістер, сөздік құрамға жаңа сөздердің енуі күнделікті сөз қолданудан туып отырады. Бірақ ол жаңалықтар жеке бір адамның қолдануынан бірден әдеби тілге сіңісіп кете бермейді. Ол сөз әдеби тілге сіңіп кету үшін белгілі бір уақыт тілдік қолданыста болып, одан тұрақты орын алуы керек. Осындай сыннан өткеннен кейін ғана ол адамдар арасындағы қарым-қатынаста күнделікті пайдаланыла жүріп, біртіндеп жаңалық болудан қалады. Бұл процесс қоғам дамуының барлық сатыларында жүріп жатады. Өйткені қоғам дамуымен бірге тіл де дамып отырады» [3, 439 б.] – деп белгілі бір сөздердің әдеби тіл қатарынан орын алу жайын сөз етеді.

«Қазақ» газетіндегі тілдік құбылыстардың қолданылу жиілігін зерделегенде, кейбір сөздердің нормаланып, әдеби тіліміздің берік орын алуын байқасақ, енді кейбірінің тілдік қолданыстан мүлдеп шығып қалғанын немесе сөздің жаңа мағынаға ие болуын байқаймыз. Қоғамның дамуымен бірге тіл де дамып әр алуан өзгерістерге ұшырап отырады. Ендеше мерзімді баспасөздің әдеби тіліміздің дами түсуіндегі өзгерісті барынша анық көрсететінін атап өтуімізге болады. Мысалы: *Оренбуртағы Торғай* ***обласной правлениесі*** *Омскідегі мал қараушы* ***фелшерлер школасында*** *екі* ***степендия*** *ашады. Тиісті* ***сумманы земски ызборлардан*** *бермекші. 16 жасқа жеткен* ***двухклассни школа*** *бітірген кісілер қабыл етіледі. Оқып шығушылар Торғай облысында жақсы* ***жалованиемен*** *төрт жарым жыл қызмет етуге міндетті («Қазақ» газеті, 1913, №23). ... Шапшаң* ***һәм*** *дұрыс емле жазу. Ойдан сөз шығарып жаза білу* ***инша,*** *осы күнгі татар әдебиетінің атақты авторларынан хабардар болу. ...* ***Етимология, грамматиканың*** *атақты қағидаларына жатқандай қоспа сөздерді* ***талқандау*** *(«Қазақ» газеті, 1913, №26). ... Оншама оқуды біздің балаларымыз қанша оқып бітірер, оған қанша* ***расход*** *керек, қаншама арыз өткізу керек, мұның бәрі біздің қолымыздан келмейді деп талпынудан өздеріңді өздерің тартпаңдар. ... Балаларыңды* ***әліпби*** *мен* ***азбукадан*** *бастап оқытыңдар. Сол балалардың сол аз ғана білімін түбінде зор пайдалы орынға жұмсап, әрі өзіне, әрі бөтенге пайда келтірмейді деп ойламаңдар. Сондай аз білімің де көп пайдаға бастайтын жағы да болады. Мысалы, мынаны қараңыз:* ***загранисада*** *ғылым жайылып, терең оқыған адамдар шығып, солар егін кәсібін ғылымның айтуынша істеудің мұқтаж* ***һәм*** *зор пайдалы екендігін біліп, сол ғылымның айтуын халыққа шашып, халықты үйретуге бел байлап, халықты үгіттей бастағанда халықтың бұрыннан жазу таныс, кітап* ***газета*** *оқып, һәр нәрседен хабары болып, көзді қарақты болып келе жатқандығының пайдасы есепсіз болып, халық егін ғылымын тез ұғып алды. Мінекей, аз ғана қағаз танырлықтай білімнің зор пайдасы! («Қазақ» газеті, 1913, №27).*

«Қазақ» газетінің лексика жүйесін арнайы зерттеген Б.Момынова: «Қазақ» газеті – қазақ халқының мәдени тарихында баға жеткісіз қызметімен ерекшеленеді. Әдеби тіл нормаларының нығаюы жолында айрықша қызмет еткен басылым. Барлық газеттер секілді бұл газеттің бетінде әдеби тілдің барлық стильдері әрі қарай қалыптасу жолынан өтті, жүйеленді; әсіресе емлені жүйелеудің тиімді жолдары ұсынылды (А.Байтұрсынұлы мақалалары негізінде); сондай-ақ кірме сөздерді, аса көп мөлшерде тілге енген терминдерді қолданысқа түсірудің алғашқы тиімді жолдары белгіленді; әдеби тілдің барлық стильдеріне тән материалдардың кең таралуына, олардың қалыпты қызмет атқаруына қолайлы жағдай орнықты» [4, 192 б.] – деп газеттің жан-жақты қызметін атап көрсетеді. Сондай-ақ қазақ әдеби тілінің ширек ғасырлық даму, жетілу жолын қарастырған Ш.Мажитаева: «Сөйтіп, әдеби тіліміздің тарихын жасауда мерзімді баспасөз тілі айрықша орын алады, ол әдеби тіліміздің даму жүйесіндегі лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерді байқауға мүмкіндік беретінін» [5, 7 б.] – ерекше атап өтеді және «XX ғасырдың басы – қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдері дараланып, саралана бастаған кезі. Бұл кезең тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормаларын қалыптастырып, бір жүйеге түсіруге бағытталған жұмыстармен ерекшеленеді. Мәселен, бұл кезеңде

публицистикалық, ғылыми-көпшілік, көркем әдебиет, ресми іс қағаздары стильдері қалыптасып, өзіндік ерекшеліктерге ие болды» [5, 8 б.] – деп тұжырымдайды.

Жалпы тілімізде баспасөздің қазақ әдеби тілінің даму деңгейін саралауға байланысты Б.Әбілқасымов, С.Исаев, Н.Қарашева, Б.Момынова, Ш.Мажитаева, Г.Жұмашева т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектері жарияланды.

«Қазақ» газеті бетінде үнемі тілімізге қатысты мақалалар жарияланып, ұлт болудың, халық болудың бірден-бір көрсеткіші – тіл екендігі айтылды. Мысалы: *Басқа жұртпен араласқанда өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттар ғана тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы heш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалдың жұрттың өзі де жоғалады. («Қазақ» газеті, 1913, №1).*

«Қазақ» газеті өзіне дейінгі газеттерге қарағанда қазіргі тілімізге барынша жақын жазылған газеттердің бірі деуімізге болады. М.Дулатовтың осы газет бетіндегі «Алаш азаматтарына» мақаласынан үзінді келтірейік: *Халықтың мәдениет жолында ілгері басып, ел қатарынан қалмасына себепші болатын нәрселердің бірі баспасөз, иәғни газета, журнал, кітаптар екендігі шексіз. Олардың басылып шығып, жұртқа таралуына пұл керектігі де шексіз. Баспасөздің әуелі керектігін түсініп білу қажет, екінші білгеннен кейін баспасөзбен жұрттың пайдалану жағын ойлап іс қылу керек. Басқа жұрттарға қарасақ, олар мұндай істерді екі түрлі жолмен жүргізіп жатыр. Бір жолы – пұл міндетін пұлы барлар алып, жазу міндетін қалам ұстаушылар алып, істеп жатқан жол. Екінші жолы – баспасөзбен халықтың пайдалануын ойлаған адамдар көп сумасы болмаған соң, аз сумаларын құрастырып жиып, біріктіріп, күштерін қосып, серіктесіп іс қылып жатыр(«Қазақ» газеті, 1913, №42).* Немесе Нәзипа есімді мақала авторының «Қазақ»-қа мақаласына тоқталайық: *Жетісінде бір шығатын, бір жасар жас «Қазақ»-тың бетінен осылардың бәріне орын табылды. Осылардың бәрі де ай мен күндей, Алаш ауылына бірдей түсінікті ана тілмен сөйлейді. Күні кеше, мәдениет заманындағы пікірлерді, істерді, мәдениеттен тысқары жатқан қазақ тілімен айтуға болмайды деп ойлаушы едік. Ойымыз баспасөзіміздің жоқтығының шалығынан болған жаңылыстық екен. Онымыз өзімізді өзіміз білмей нақақ қорлау екен. Олай ұлақпағызымға себепкер болған нәрсе: қазақтың оқығандарының көбі иә орысша, иә ноғайша оқығандық. Қазақ дыбысын дұрыс жазуға хәріп арнаудың өзі «Қазақ» бетінде қанша сөз болды! («Қазақ» газеті, 1913, №56).*

Дегенмен, «Қазақ» газеті тілінің лексикалық құрамында байырғы сөздер мен кірме сөздердің өте көп қолданылғанын байқаймыз. Мысалы, газет оқырмандары «Қазақ» газетінің кезекті санына «Құрметті бас жазушы» мақаласын жолдап: Қазақ»-қа қаламменен жәрдем беретұғын мұсылманша оқыған құрбыларымыз бір нәрсе жазғанда басқа араб, парсы, ноғай қандастарымыздың сөздерін, орысша оқығандарымыз орыс яки басқа Еуропа жұртының тілдерін орынсыз көп кірістірмей, өзіміздің қазақтың нағыз қара тілімен жазып тұрса, «Қазақ» қалың жұртымыздың оқып тұруына оңай түсінімді болар еді. Соның үшін құрметті бас жазушы да мұны hәрқашан назарына алып жүрсе екен деп тілейміз [2, 51 б.] – деп өз өтініштерін білдіреді.

Мысалы: ***Миллет*** *халін ойымызға алып, қызмет етуді мойнымызға алып, талаптанған бір ісіміз. ...Халық* ***бунт*** *жасап, Кемал пашаны уәзірліктен түсіріп, әскер басы Назым пашаны өлтіріп, ескі партияның адамының бәрін іс басынан шығарып, үкімет басына Жас түрік партиясындағы адамдардан қойды. ...Бұлайша халық көзінде Ахмет байдың* ***ығтибарын*** *арттырған нәрсе, әлбетте оқу, оқыту істерінде еткен зор қызметі болды. ...Ондағы 20-30-дағы мұғалімдердің* ***жалованиелерін,*** *медресенің отын-су, басқа* ***расходтарын*** *өтеп тұру үшін түрлі қалада өнімді* ***уахфалар*** *қалдырды. ...Мұнан бұлай осы бетімізбен жүре берсек,* ***ықтисадта*** *қазақ тілі азып-тозып, бірте-бірте тұтынудан шығып, әуелі қазақша жазу ұят көрінер сонан соң қазақша сөйлеу ұят көрінер, онан әрі не болары белгілі. ... Біздің шәкірттер үшін медреседе біліп шығуға керек болған нәрселер: педагогика,*

(усул тағдим және тәрбие), өз еліміздің (түркі елінің), тарихы һәм қазақша бек ***әйбат*** *оқи, жаза білу, орысшаны да таза білу. ...Мақсаты* ***фахир,*** *мұқтаж, жетім-жесір адамдарға қысылғанда, ашаршылық болғанда, жәрдем бермек һәм бала оқытқан мұғалімдерге, имам,* ***мұзындарге жалование****, халі келмеген жарлы балалардың оқуына, мектеп, медреселердің керегіне сол ақшадан жәрдем беріп тұрады («Қазақ» газеті, 1913, №1).*

Газет шығарушылар газет тілінің өз оқырмандарына барынша түсінікті болуын үнемі бақылап, тіл тазалығы жөнінде мақалалар жариялап отырды. Тіпті газет санының ең алғашқы нөмірінің өзінде тіл мәселесінің қозғалуы – қазақ тілімізге қатысты «Қазақ» газетінде үздіксіз тіл мәселесінің қозғалып отырғанын байқатады. « ... Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміз, дін де сақталу қамын қатар ойлау керек. Қазақтың осы күнгі ісінің бетіне қарағанда һәм мұнан былай ісіміздің беті осы болса, қазақ тілі азып, жоғалуға ықтимал. Біз келімсек жұрттан кем болмас үшін оқымай тұра алмаймыз. Оқымасақ басқалармен қатар тіршілік ете алмайтынымыз сүттей ақ, күндей жарық. Оқығанда ісіміз осы халінде болса, тіліміздің азып, жоғалуы да анық [2, 19 б.] – деген ойынан тіл жанашырларының тіліміздің үнемі дамып жетілу жолында күрес жүргізгенін байқаймыз.

Сондай-ақ тіл жанашылары: «Мұсылман медреселерінде оқығандардың естігені әдеби тілмен жазған кітап, жазғанда да сол кітаптардың тіліне салып еліктеу. Ол әдеби тіл деген қандай тіл? Араб, парсы сөздері көп кіріскен тіл. Неғұрлым араби, парси сөздері көп қосылса, неғұрлым қара халық түсінуге ауыр, хатта тіпті түсінбейтін болса, соғұрлым әдебилірек болады деп түтынған жолдан шыққан тіл. Бұл тіл халықтан тумаған, жаны жоқ тіл.

... Ақырында айтатынымыз: әдеби тілді сүйетін бауырларымызға газетті қазақтың қара тілімен жазғанымыз үнамсыз көрінсе, ол кемшілігімізге кешу өтінеміз. Жұрт үшін шығарылған нәрсе жұртқа жақын болуы тиіс» [2, 19 б.] – деп тіл тазалығына зор мән бергендігін байқауға болады. Ендігі бір мақалада: «Күні кеше, мәдениет заманындағы пікірлерді, істерді, мәдениеттен тысқары жатқан қазақ тілімен айтуға болмайды деп ойлаушы едік. Ойымыз баспасөзіміздің жоқтығының шалығынан болған жаңылыстық екен. Олай ұлақпағызымға себепкер болған нәрсе: қазақтың оқығандарының көбі иә орысша, иә ноғайша оқығандық. Қазақ дыбысын дұрыс жазуға хәріп арнаудың өзі «Қазақ» бетінде қанша сөз болды!» [6, 125 б.] – деп қазақ тілінің зор болашағы айтылған.

Ал «Қазақ» газеті тілінің грамматикасы бүгінгі күнмен салыстырғанда біраз өзгеріске ұшырағанын айтуға болады. Мысалы, *Сондықтан һеш таңырқарлық емес, егер бұ күн мелши ноғай, ертең әрі саудагер болып кетсе, иәки құрметті Хасенов, Иаушев һәм басқалар қазақпен сауда қылып аз уақыттың ішінде милионер болғанына («Қазақ» газеті, 1914, №64). Қабыл етеді: кесіп, сылып қарайтын ауруларды, көзі аурулы адамдарды, сыртта жарақаты бар адамдарды һәм ішкі сарайында науқасы бар адамдарды («Қазақ» газеті, 1914, №54). Бірінші Г.Д. депутаты Ахтиамов Оренбург муфтилігі туралы әдемі көп сөз сөйледі. Мұның сөзі жақсы, дәмді еді, сиез жабық, ұрланған себепті газета жүзіне басылуға қалам мүжіп тұр («Қазақ» газеті, 1914, №72). Еуропа патшаларынан қарызға алмақ үшін: нағыз соғысар ниетін білсе, һешкім қарыз бермейді деген қауіппенен. («Қазақ» газеті, 1914, №50).* Берілген мысалдардағы сөйлемдердің құрылысы, сөздердің орын тәртібіндегі ауытқушылықты сол кездегі бөтен тілдің ықпалы және ауызекі сөйлеу тілінің әсері деп қарауымыз керек.

Сондай-ақ «Қазақ» газеті тілінде қимыл есімін білдіретін сөздердің орнына көбіне барыс жалғаулы **-ар, -ер, -р** жұрнақты есімшеге **керек** сөзінің тіркесіп жасалуын және барыс жалғаулы есімшемен сөйлемнің аяқталуын, барыс жалғаулы **-у** тұлғалы түйық етістікке керек сөзінің тіркесуін сол кезеңнің өзіндік бір ерекшелігі деп қарауға болады. *Ілгері басқанның үстіне ілгері* ***басарға керек*** *(«Қазақ» газеті, 1913, №1). ... Соның үшін бізге (депутаттарға) жалғыз-ақ жол бар: Думаның*

бостаншылық уақыттарында сайлаушылармен көбірек көрісіп, халық пікірін ***білерге.*** *Аспандағы тырнаны ұстаймын деп әуреленбей, төбедегі шыбжықты қолғап түсіруге* ***тырысарға керек*** *(«Қазақ» газеті, 1914, №50). Калмыковтан ең жақыны Уралскі 264 шақырым, бұған атпен* ***баруға керек*** *(«Қазақ» газеті, 1914, №49).*

Сондай-ақ «Қазақ» газеті бетінде шылау сөздердің қолданылуында қазіргі әдеби тілмен салыстырғанда біраз өзгерістердің болғанын байқаймыз. Талғау мәнді **я** шылауының **иәки, иә** түрінде жиі кездесуі және араб-иран тілдерінен енген **һәм** жалғаулығының бірыңғай мүшелерді жалғастыру және ыңғайлас құрмалас сөйлемдерді байланыстыру қызметін атқарғанын көреміз. *Деннің сау болуы* ***иәки*** *ауруларға шалынуы кісіні қоршап тұрған тұрмыстың шартына қарай болады («Қазақ» газеті, 1913, №9). Біздің мақсатымыз, жер хақындағы ойымызды бастан-аяқ түгел баяндап жазбақ* ***һәм*** *жазылған сөзді бекітетін толымды дәлелдер көрсетпек («Қазақ» газеті, 1913, №10). Енді мұнан былай кімде-кімнің қолында кітап қалса,* ***иә*** *төлейтін реті болса, «Қазақ» басқармасына жіберсе екен. ... Түркістан уалаятында бауыр құрт деген қара малға* ***бек*** *қауіпті бір дерт бар. («Қазақ» газеті, 1914, №49).*

Сондай-ақ «Қазақ» газеті бетінде қазіргі тіліміздегі көмектес септік **-менен** қосымшасы жалғаулық шылау қызметінде қолданылған.

Газеталардың айтуы: Түркияның Гелибелу һәм Такфур тауы жағынан шыққан әскері ***менен*** *Шаталжадағы әскердің сол қанаты табысып, бірігіпті («Қазақ» газеті, 1913, №1).*

Сонымен, XX ғасыр басында жарық көрген «Қазақ» газетінің қазақ әдеби тілін дамытудағы рөлі ерекше болды.

Әдебиеттер:

1. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1971. – 185 б.

2. «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ 1913 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 480 б.

3. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ.Әнес және проф. Н.С. Исаева. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2014. – 640 б.

4. Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 283 б.

5. Мажитаева Ш. XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі: Оқу құралы. – 2-бас., өзгертілген. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2007. – 234 б.

6. «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ 1914 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 504 б.

***

Бекбосынова А.Х.

Роль газеты «Қазақ» в формировании казахского литературного языка

Периодическая печать оказывает свое влияние на развитие литературного языка, на его пополнение. В настоящей статье определяется роль первой общенародной газеты «Қазақ» в формировании казахского литературного языка.

Ключевые слова: *Общенародная газета, язык печати, литературный язык, лексические, грамматические особенности, стилевые характеристики, языковая норма.*

Bekbosynova A.H.

The role of newspaper "Kazakh" in the formation of the Kazakh literary language

Periodical Press exerts its influence on the development of the literary language, on its completion. This article defines the role of the first nation-wide newspaper "Kazakh" in theformation of the Kazakh literary language.

Keywords*: Nation-wide newspaper, printing language, literary language, lexical, grammatical features, style characteristics, language norm.*

***

ӘОЖ 81’42:821.512.122

Қоңыратбаева Ж.М. – филология ғылымдарының кандидаты,
профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: zhanarkon@mail.ru

ШӘКӘРІМНІҢ ПАССИОНАРЛЫҚ МҰРАТЫ

Аңдатпа. *Кез келген сала адамы пассионар тұлға дәрежесіне жете алатыны анық. Әсіресе, қоғамды, туған жұртын белсенді, зиялы, пассионарлы болуға жетелейтін шығармашыл жандардың іздегені күнделікті күйбең тірліктен жоғары тұратын мүдде-мұрат болары әбден хақ.*

Бұл тұрғыдан қарастырғанда, дана Шәкәрімнің жүріп өткен ғұмырлық жолы – қазақ болашағының іргетасын қалауға атсалысқан үлгі-бағдар болғаны анық. Яғни, адам–қоғам–дін тақырыптарын өз шығармашылығының ең басты өзегі етіп алып, қоғамның келелі мәселелерін алға тартқан Шәкәрім Құдайбердіұлын пассионар тұлға деуге толық негіз бар.

Бұл ізденісімізде біз философ ақын Шәкәрімнің осы бір пассионарлық сипатын оның тілдік тұлғасы арқылы ашуды мұрсат тұтамыз.

Тірек сөздер: *Пассионарлық теориясы, этнолингвистика, көркем дискурс, тілдік тұлға, әлемнің тілдік бейнесі, қазақ этномәдени танымы.*

Пассионарлық теориясы – еуразияшыл ғалым Л.Н. Гумилевтың этногенез туралы зерттеулерінде ғылыми тұрғыдан байыпталған тұжырым. Латын тілінен аударғанда «passio» таңбасы «құмарлық», «әуесқойлық» «ынтықтық» деген мағынаны білдіреді. Қоғамның пассионарлығы ондағы пассионар тұлғалардың ұлес салмағымен өлшенеді. Л.Н. Гумилев пассионар тұлғаларды қоршаған ортаны өзгертуге қажетті құш-қуаты бар адамдар деп атаған. Пассионарлық теориясында Л.Н. Гумилев адамдарды мінез-құлқына қарай үлкен үш топқа бөледі: 1. Үйлесімділіктегі адамдар, олар – көп. Бұл топтағы адамдар қуатпен жеткілікті қамтамасыз етілген, яғни өздерінің қарапайым қажеттіліктерін өтеуге жететіндей қуат олардың бойында толық бар. Олар өмір сүру ұшін қызмет етеді. Басқа талап-тілектері жоқ. 2. Пассионар адамдар – олардың бойындағы қуат құші мөлшерден артық. Пассионар адамдар (құштар жандар) өздерінің мақсат-мұратын жүзеге асыру ұшін өмір сүреді. Мақсат-мұратын өмірінен де жоғары қояды, мақсатының мәні өмірінен қымбат болып есептеледі. 3. Субпассионар адамдар – құштарлығы бәсең адамдар, олардың қуаты кәдімгі қарапайым тірліктегі қажеттілігін де өтей алмайтын деңгейде болады. Бұл топтағы адамдар ешбір әрекет жасағысы келмейді және басқа адамдар есебінен күн көруге бейімделеді [1, 271-272 бб.].

Л.Н. Гумилев теориясында пассионар адамдардың қатарына мінез-құлық сипатына қарай өмірі мен өнегесін ұлтына, халқына, еліне арнаған тұлғалар жатқызылады. Пассионар тұлғалардың бойында өмірді өзгертуге деген, іс-әрекет жасауға деген құштарлық ерекше болады. Ондай тұлғалар діттеген мүдде жолында өздерін, тіпті құрбандыққа шалулары да мүмкін. Ол қасиет олардың бала күнінен-ақ көрініп тұруы мүмкін екен. Л.Н. Гумилев пассионар тұлғалар қатарына Жанна Д.Аркты, Александр Македонскийді, Наполеон Бонапартты жатқызады. Бұл қатарды түркі дүниесінің пассионар тұлғалары – Абай, Шәкәрім, Ататүрік, Т.Рысқұлов, А.Байтұрсынұлы сынды ірі тұлғалары толықтыра тұсері сөзсіз. Мәселен, түркі интеграциясын бастаған Т.Рысқұлов пен М.К. Ататүріктің идеялары адамзат баласын біріктіруді, толеранттылықты көздейтіні белгілі. Немесе қазақ ұлтының ұлы перзенті Абай «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» идеясын ұсына отырып, бүкіл адам баласын (оның ішінде, әрине, түркі жұртын) бірлікке шақырады. «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп, ұлтын ашық қорғанысқа шақырған А.Байтұрсынұлы қазақ білімінің реформаторы атануы тегін емес. Бұл қасиеттер олардың қанмен

біткен пассионарлығында жатса керек.

Қоғамның, уақыттың, туған жұртының белсенді, зиялы, пассионарлы болуына жетелейтін шығармашылық тұлғалардың күнделікті күйбең тірліктен жоғары тұратын мүдде-мұрат болары әбден хақ. Бұл тұрғыдан қарастырғанда, дана Шәкәрімнің жүріп өткен ғұмырлық жолы – қазақ болашағының іргетасын қалауға атсалысқан үлгі-бағдар болғаны анық.

Шәкәрім «Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек, -

Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол» - дейді [2, 10 б.]. Ұлт ойшылы Шәкәрімнің шын адам болмысын танытқан пәлсапа танымы өмірді ар тұтқан әр адамзат баласының өлшем-белгісі болса керек. Ғұмырлық қағидатында аталмыш төрттіктің үдесінен бірдей шығатындар да, не бірін кем, бірін артық ұстар жандардың да қатар кездесетіндігі ақиқат. Өмір философиясында «бұл төртеуін қатар қылушылар» қоғамды алға сүйреп (қанағат-ынсапқа шақырып, жадыға адал еңбек етуді тоқытып), ұлтының пассионарлы болуына ықпал ететіні тағы ақиқат. Шәкәрім дана өз ісінің қай-қайсысында да көшбасшылық қырынан танылып, «қоғамның үлкен интеллектуалдық күшін өзімен бірге» (А. Сейдімбек) ертіп, қазақ елінің пассионарлы ұлт деңгейіне көтерілу жолын бағдарлап берді деуге болады. Әйгілі ғалым Л.Н. Гумилев ілімінде дәлелденген «пассионарлық» теориясы – адамдарды шабыт тұғырына қондыратын қуат», ал «пассионар адамдар өзін белгілі бір мақсатқа жұмсайды, тіпті бар ғұмырын соған арнауы да мүмкін» [1, 276 б.].

Адам-қоғам-дін тақырыптарын өз шығармашылығының ең басты өзегі етіп алып, қоғамдық келелі мәселелерді алға тартқан Шәкәрім Құдайбердіұлын пассионар тұлға деуге толық негіз бар. Себебі ойшыл ақын тек заманына ғана үн қосып қойған жоқ, қазақтың болашағының қандай болуы керектігін де танып берді. Ақын сөзінің мақсаты қоғамды жөндеп, адамдарды имандылыққа, сабырлылыққа, шүкіршілікке шақыру, Жаратқанды тану болды. Сол арқылы пассионарлы қазақ қоғамына бет түзеуге ұлтты бұрғысы келді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының пассионар тұлға дәрежесін танытатын белгілер деп мыналарды талдап-түстеуге болады:

Біріншіден, Шәкәрім – терең ой, парасат иесі және сол ойын, парасатын халқының қамына жұмсаушы. Шәкәрімнің кез келген шығармасы философиялық ойға құрылған деуге болады. Ақын тілінде парасаттылықтың, адамшылықтың, сабырлылықтың, көнбістіктің өлшемдері жан-жақты сарапқа түсіп отырады. Философияда парасаттылық деп ақыл мен сабырдың түйісуін айтады. Шәкәрім: «Ақылды жанның мүлкі – әлем», - деп тамаша ой қалдырған. Яғни, әлем – ақылды жанның мүлкі. Дүниенің құбылмалы қалтарыс, бұлтарыстарында жойылып кетпей, оны мүлікке айналдыру үшін, ең бірінші парасаттылық қажет. Тек парасатты жанның ғана әлемді өзінің мүлкіне айналдыра алатын қуаты болады. Данышпан Шәкәрім өз философиясында әлемді осылай түсіндіреді.

Әлемнің философиялық бейнесі көп қырлы, онда дүниелік мәселелер танымдық, онтологиялық, аксиологиялық және әрекеттік қырларынан ашылады. Дегенмен айнала қоршаған дүниені тануда аталмыш бағыттардың барлығы да «әлем-адам» қарым-қатынасын зерттеуге қызмет етеді» [3, 69 б.]. Яғни, әлемнің философиялық бейнесі атты көп қырлы кешенде қоғам мен адамның өзара әрекеттестігі, адамның дүниеге деген көзқарасы, өмір сүруші субъект тұрмысының мәні сынды мәселелер сипатталады. Сондықтан та «адам философия үшін тек өмір сүруші жаратылыс қана емес, ол бар әлем мен өзін де өзгерте алатын субъект болып табылады» [4].

Философия ғылымы қашан да адамның рухани өмірі мен адами құндылықтарды біріктіруші жүйе болып танылады. Бізді қызықтыратыны – адамзат қоғамының рухани және тұрмыстық өркендеуіндегі «төзімділік» концептісінің сипаты. Бұл тұрғыдан келгенде, әлемнің философиялық бейнесін қазақ поэтикасында талдап, танытушы ақын, философ Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығының

рөлі зор. Біз әлемнің философиялық бейнесін Шәкәрім дискурсында қолданыс тапқан «төзімділік» концептісін қарастыру арқылы баяндаймыз.

«Төзімділік», яғни «толеранттылық» ұғымдары кейінгі жылдары біздің сөздік қорымызда жиі орын алып жүргені белгілі. Қазақ әдеби тіл өрісіндегі оның лексикалық түсініктеріне келер болсақ, «төзімділік» концептісінің мынадай когнитивтік модельдерін топтастыруға болады: шыдамдылық, ымыраластық, сабырлылық, байсалдылық, ұстамдылық, тағаттылық, көнбістік, сыпайылық, салмақтылық, көнтерілік, имандылық, түсіністік, қанағатшылдық.

Шәкәрім поэтикасында «төзімділік» концептісінің ерекше когнитивтік моделі «сабырлылық» болып табылады. «Сабырлылық» семасының ақын тілінде көрініс табуы шексіз. Ұлы ойшыл қай істе болса да, сабырлылық сақтаудың маңызды құрал екендігін еске жиі салып отырады. Мәселен,

Еңбекке шыда ебін тап та,

Сабырдың түбі – сары алтын [2, 34 б.]. (Абайда: Сап, сап, көңілім, сап, көңілім, Сабыр түбі – сары алтын).

Немесе

Дұрыс деме құры ойлап,

Ақылға сынат, сабыр қыл.

Жығылмайтын дәлел тап,

Бірезу болма өзімшіл [2, 92 б.]. «Тағаттылықтың арты жақсылық, ойлылықтың арты түзу жол» деген ойды ашуда ақын әр істе «ебін тауып», «ақылға сынатып» отыру қажеттігін, сонда ғана «бірезу өзімшіл болмайтындығымызды» еске салады.

Ал енді бірде еріншектің жауы сабыр екендігін де ойға оралтады.

«Мен емес пе сабырың,

Жаныңа тыныш тамырың,

Асықпа - деп алдайды,-

Қазулы ма – деп – қабырың? [2, 53 б.]. «Еріншек» атты бұл өлең үзіндісіндегі басты ой – «сабырлылық танытамын деп, еріншектіктің қақпанына түспеу керек» деген астар.

Қазақ тілінде «төзімділік» концептісін түсіндіретін өрістердің қатарында «қанағатшылдық» семантикалық бірлігінің рөлі жоғары екені анық. Яғни, тіліміздегі «толеранттылық» концептісін танып, танытуда «қанағатшылдық» макросемасының қатыстылығын байқауға болады. Бұл, бір жағынан, қазақ ұлтының дүниетанымдық көзқарасы мен өмір сүру діліне, мәдениетіне байланысты дүние болар деп ойлаймыз. Логикалық тұрғыдан алсақ та, адам төзімділікке, сабырлылыққа жету үшін, төзім, шыдам категорияларын ұстап тұру үшін, ең алдымен, қанағатшыл болуы тиіс. Адамзат баласы бір-біріне, айналасына, яғни кез келген жағдайда қанағатшыл бола білсе, оның соғұрлым төзімді, шыдамды, сабырлы мінез-құлқының қалыптасып тұрақтана түсері сөзсіз. Жалпы, қанағат, шүкіршілік, тәуба дегендер – сопылық дүниетанымнан ұлттық ділге айналған көрсеткіш болып табылады. Қанағат дегенді халқымыз мақалға да айналдырып жіберген: «Қанағат қарын тойғызады, қанағатсыздық кедейдің жалғыз атын сойғызады» секілді. «Қанағаттан» басқа «шүкіршілік» бар. Бұл сынды категориялар – адамның мүмкіндігін шектеп, бағалап, мөлшерлеудің өлшемдері. Бұл ойымызды Шәкәрім философиясын зерттеген философ ғалым Ғ.Есімнің «Данышпан Шәкәрім» атты еңбегіндегі талдаулар арқылы дәйектей түсуге болады. Шәкәрім бір өлеңінде былай дейді:

– Қабағыңды аш, қайғырма,

Берілгенге разы бол.

Анық ойдан айрылма,

Ашылған жоқ еркін жол.

Осы өлең үзіндісін Ғ. Есім герменевтикалық тұрғыдан зерттей келе: «Барға разы болу – халқымыздың санасында бар сабырлылық... Мұнда Шәкәрімнің айтып отырғаны тіршіліктің қалыпты жағдайы, бұдан адамның бойына енетін дәрменсіздік

өсіп-өнуі мүмкін бе, әлде адамзат өзінің тағдырына көніп, сол санадан қуат алып, өмір сүруі керек деген түйін бе? Сірә, бізге соңғысы қажет демекпін» [5, 76 б.], - деп, қанағатшылдық қазақ ұлтының бойындағы этномәдени сабырлылық екендігін көрсетеді. Жастарға шын адам болудың жолын нұсқай келіп, ақын «Жастарға» атты өлеңінде былай дейді:

Наданға өлсек-тағы бағынбалық!
Өтірік, өсекке еріп сабылмалық!
Рахым жоқ, қанағат жоқ, арсыз болып,
Жас бойға жаман атақ тағынбалық! [2, 75 б.].

Әлемнің философиялық бейнесіндегі имандылық – төзімділіктің, сабырлылықтың деңгейін танытушы құбылыс. Себебі адам иманды болуы үшін онда төзімге, шыдамға беріктік керек. Шәкәрім философиясында: «Қиянатың бар болса, иманың жоқ, Маған десе, мың жылдай қыл ғибадат» - деп, біреуге не болмаса бір іске «төзімділік танытпай, қиянатқа ұрынсаң сенен иманның қашқаны» дейді. Абайда: «Иман сақтауға – қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босамас буын керек» - делінген. Мұнда Абайдың «босамас буын керек» деп отырғаны – нағыз шыдамдылықтың беріктілігін көздеуі.

Шәкәрім философиясында толеранттылық түсінігін сипаттайтын семантикалық өрістер «жеті ру» деген метафоралы ойында қамтылған. Ақынның «жеті ру» деп отырғаны – «мейірім», «ынсап», «әділет», «шыдам», «шыншыл», «қарекет», «ақ ниет» деген құбылыстар:

«Мейірім», «Ынсап», «Әділет»,
«Шыдам», «Шыншыл», «Харакет»,
Түп қазығы: «Ақ ниет» –
Бұл жетеуін ел қылу [2, 237 б.].

Шәкәрім осылардың басын біріктіріп, ел қылу керектігін айтады. Яғни, философ ақын ел болудың негізгі белгілерінде мейірім, ынсап, шыдам секілді төзімділік қасиетінің орны аса маңызды болғаны деп санаған. Аталған түсінікті Шәкәрім былай жырлайды: «Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек – осы төртеуі кімнің бойында болса – сол шын адам болады; Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек, таза жүрек, тату дос – өміріңде өкіндірмес қасиеттер осылар; Ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық – әуес болар алты шарт; Адамның ең артығы – ерінбейтін, еңбекшіл, шыдамдысы; Қолың білсе біреуге жалынбайсың, Шыдамды бол, еріншек болма, жаным; Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан, Анық төмен болмай ма хайуаннан. Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса, Өлген артық дүниені былғағаннан». Бұл ұғымдарды меңгеру үшін ұғымдық мәдениет қажет. Бұндай қасиеттер қай адамда болса, сол адамды Шәкәрім «шын адам сол» деп тануға болады деген. Абайда: толық адам. Абай толық адам болу үшін адамға сабырлы ақыл, қажырлы қайрат, ыстық жүрек қажет дейді. Оның біреуі кем болса, толық адам деп есептемейді. Қанағат, рахым, мейірім, ынсап қасиеттерін ұстану – Шәкәрім философиясындағы шын адамның адами қағидаларының негізі.

Тілде «толеранттылық» түсінігін сипаттаушы «көну», «көндігу» лексикалық бірліктері «жағымды» әрі «жағымсыз» оппозицияларын туғызатыны байқалады. Біріншіден, бұл бір түбірлі етістік шыдау, төзу, сабыр сақтау, инабат сақтау, ұстамдылық таныту секілді жағымды мән туғызуда жұмсалса, екіншіден, мойынсұнуды, ынжықтықты, ездікті, айдауға түсуді көрсетеді. «Көну», «көнбістік» мағыналарының бірінші тобы тілдегі фразеологизмдер жүйесінде көбірек көрініс тапқан. Яғни шыдау, төзу, сабыр сақтау, ұстамдылық таныту түсініктері фразеологиялық бірліктерде жиі қолданыс тапқан да, ал жағымсыз мән туғызушы екінші мағынасы белгілі бір жағдайға (ситуацияға) қатысты белгілі бір орында ғана жұмсалады. «Төзімділік» концептісіне шыдау, төзу, сабыр сақтау, инабат сақтау, ұстамдылық таныту мағыналары жуысып, толеранттылық жүйенің негізгі бөлшегі болатын секілді. Бұл ой Абайда былай беріледі:

Кәрі, жас дәурені өзге, тату емес,

Епке көнер ет жүрек сату емес.

Философиялық түсінікте «көну» сөзінің екінші жағымсыз мағынасы көп сипатталады. Мәселен, Шәкәрім: «Өлсем де ойын бөлемін, сөзбен салып азапты», - дейді. Мұнда ақын халқының сыншыл болуы керектігін айтады. Халықтың кез келген іске көнгіштігін Шәкәрім ұнатпайды, ол өз халқының әр нәрсеге талғампаздықпен қарауын қалайды. Көнбістік жөнінде айтқан өлеңдерінде ақын «ноқта» сөзін жиі қолданады. Мысалы, «ноқталы ой», «ноқтадан басын ала алмас», «ноқталатпай ойымды қылам азат» деп, көнгіштіктің, көнбістіктің жақсы қасиет еместігін айтады. Себебі ноқталы ойлы адам – жетекке жүргіш, көнгіш адам. Шәкәрімнің ойынша, еркі жоқ жаннан не қайыр! Мұнда Шәкәрім философиясы мынаны түйіндейді: өзің өмір сүр және басқалардың өмір сүруіне мүмкіндік бер. Өз өмір салтың болсын, нанымың болсын, өз дүниетанымыңды жекелей де, көптің алдында да білдір, сонымен бірге басқалардың да дәл осыларға деген құқығын мойында, сонда бәрі де жақсы болады. Сондықтан «көну», «көнбістік» ұғымдарын «төзімділікке» қатысты сөз еткенде, оның екі жақты сипатын тану әбден қажет.

Сонымен қатар, жоғарыда келтірілген «ноқта» сөзінің Шәкәрім философиясында жағымды қасиеттерді танытуда да жұмсалғанын байқауға болады. Ақын былай дейді: «Орынсыз ұмтылудан сақтайтын алты түрлі ноқта бар: олар – ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық. Ең әділі – ынсап, өзгелердің тізгіні сонда болуға тиіс». Мұнда «төзімділік» концептісін ашатын ынсап, рақым, сабыр ұғымдары «алты ноқтаның» ішінде қарастырылады.

Жалпы, Шәкәрім философиясында «төзімділік» концептісінің қырларын ашуда «ноқта», «жүген» ұлттық этномәдени аталымдарының салмағы ерекше. Төзімді, сабырлы, ынсапты адам болып қалыптасуда ақын аталмыш лексемаларға күш түсіре сипаттайды. Бұл жұмсалым, әсіресе, жастарға қаратыла жырланған өлең тілінде анық көрінеді:

Арам ақыл үйрендік айла, амалдық,
Қулық пен өтірікті сайлап алдық.
Ынсап, рахым, ұяттан жүген ұстап,
Өзіміз ең түбінде қайда бардық? [2, 58 б.].

Ойшыл ақын «ынсап, рахым, ұятты жүгендеп тастап», адасып жүргендерге ең түбінде баратын жолдың бұлыңғыр екендігін ескертеді.

Сонымен, өзіне «адам–әлем» қарым-қатынасын зерттеуді міндеттейтін әлемнің философиялық бейнесі ойшыл ақын Шәкәрім дискурсының басты тақырыбы болып табылады. Адам және әлем, дүние және қоғам қатынастарын жырлауда, оларды жақсылыққа баулуда ақын «төзімділік» концептісіне көп тоқталады. Ақын тілінде төзімділіктің негізгі шарттары – шыдамдылық, сабырлылық, имандылық, рахым, ынсап, ар, қанағатшылдық бөлшектері арқылы танылады.

Екіншіден, Шәкәрім ақын – ғылым, білім насихатшысы. Бұл жолда қалам тартуда ақынға ұлы Абай дискурсының прагматикасы ерекше ықпал етеді. Жастайынан Абай мектебінен өткен Шәкәрімнің бойында өз бетімен білім өрісін кеңейтуге деген құштарлық оны әлем әдебиетін оқып-білуге жетеледі. «Қоғамның игілігін еселеу, жеке адамды жетілдіру, ар, ақыл, намыс категориялары, халыққа қызмет ету ұғымы ақынның тақырып аясын айқындады. Бұл тұстағы Шәкәрімнің ақындық үнінде ұлы Абайдың халықты алға, жақсылыққа жетелеген ағартушылық бағытының ықпалы айқын сезіледі» [6, 124 б.].

Сондықтан да Шәкәрім білім, ілім жолына түсуде қазақ жастарына Абайдан үйрену керектігін, Абайдың соңынан ерудің қажеттігін баса айтады:

Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық,
Замандасы болмады сөзді ұғарлық.
Амалы жоқ, айналды енді бізге,
Күн туды етегіне жабысарлық («Жастарға») [7, 33 б.].

Немесе, келесі бір жолдарында мынадай ой қозғайды:

Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,

Жалыналық Абайға, жүр, баралық!..
Неде болса білімді ізденелік!
Надандықпен біржола қастасалық («Жастарға») [7, 33 б.].

Ақын пайымында Абай таза білімнің, білім арқылы қол жеткізер адамшылық қасиеттің таусылмас қазынасы іспеттес. Қоғамды тұзеуші бар білімнің бастауы Абайда, Абай сөзінде жатқандығын ойшыл ақын өз уақытында дәл жеткізеді. Ондағы мақсаты – өз жұртын, оның ішінде, әсіресе, қазақ жастарын Абай арқылы білмекке жетелеу, қоғамды алға тарту еді. Шәкәрім сөзінің және бір салмақты, тұщымды тұсы – өлең таза жаттанды ақыл айтып, ұйқас құруға арналмаған. Керісінше, мұнда ақынның дайын сөз, жалаң ақылдан гөрі жастармен кеңесу, ойын ортаға салу, сол арқылы оларды ұйреніп-танымаққа шақыру ниеті анық байқалады. Жастарға бұйрық, талап қоймайды, керісінше, олардың тілектесі, ниеттесі екендігін танытқысы келеді. Ойшыл ақынның ол ниетін шығарлық, ұғарлық, жабысарлық, баралық, ізденелік, қастасалық деген көпше түрдегі етістіктің ұйқасты келуі де айқындай тұскендей.

Шәкәрім адам-қоғам қатынасының пассионарлы (өркениетті) жолды ұстануы ұшін қанағатсыздық танытатын дүниеліктердің де болуы тиістігін ашып айтады. Ол қанағатсыздық:

Ғылымға қанағатсыз болу керек,
Бес тұгіл разы болмай алтыға да [2, 86 б.], - деп келеді. Яғни, ақын өз шығармашылығының өзекті тақырыптары – адамды, қоғамды тұзеу, Жаратқан Иені тану мәселелерінің шешілу тетіктерінің бірі ғылымға қанағатсыз болуда жатқандығын кесіп айтқан. Ақын дискурсындағы «ғылым» сөзінің «оқу, білім» абстрактылы кең мағынада жұмсалғаны анық. Абайда бұл: ғылым бағу, ғылым табу.

Л.Н. Гумилев пассионарлық теориясында пассионар адамдардың өз мақсат жолында қандай да іске баруға дайын екендігін атап көрсеткен болатын. Олар қуатты құш иесі, тіпті талқандағыш келуі де мүмкін [1, 271 б.]. Ғалымның осы ғылыми тұжырымы Шәкәрімнің көркем ойында өз сипатын табады. Мәселен, «Сен ғылымға болсаң ынтық» деп басталатын өлеңінде ақын былай дейді:

Дұниені тұзетуші
Һәм бұзушы – бір ғылым.
Әрі залым, әрі ғалым,
Ел тұбіне сол жетер [7, 116 б.].

Өлеңде айтылар ой нақты, ашық. Мұнда ақын халқына ғылымды игеру мен оны пайдаланудың мәнісі жөнінде ескерту жасайды. Оның екі түрін көрсетеді. Егер жөнімен іске асырсаң, ғылым қоғамды, әлемді өзгертуші, жаңартушы күш бола алады, ал алған білімінді өз орнымен жұмсамасаң, ол елдің, жұрттың дамуына, ілгері басуына кері әсерін тигізер деп ескертеді. Яғни, әр нәрсенің өз қалауы бар екендігін еске салады.

Ұлы ұстазы Абай сөзінен, шығыс (түркі), батыс ілім, ғылымынан сусындап жетілген Шәкәрім болмысы тілдік тұлға тұғырына көтерілді. Өз заманынан оқ бойы озық шапқан білімгер ақынның тілдік тұлғасы Н.Ю. Карауловтың еңбегінде дәлелденген тілдік тұлға теориясының ұш деңгейлік сатысына толық жауап бере алады. Н.Ю. Караулов тілдік тұлғаның құрылымдық ұйымдасуының ұш сатысын былайша тарқата талдайды: 1) вербальды-семантикалық деңгей (нөлдік деңгей), мұнда тілдік тұлғаның құнделікті дәстүрлі тілді (білімді) меңгеру сатысы анықталады; 2) тілдік-когнитивтік деңгей (тезаурустық деңгей), мұнда тілдік тұлғаның әлеуметтік және әлеуметтік-тілдік сипаттамасы айқындалады; 3) прагматикалық деңгей (мотивациялық деңгей), мұнда тілдік тұлғаның өзіне ғана тән қайталанбас эстетикалық және эмоционалды-риторикалық ерекшелігін қалыптастыруға ықпал еткен психологиялық-сезімдік ерекшеліктері зерттеледі [8, 36 б.]. Шәкәрім Құдайбердіұлының тілдік тұлғасының қалыптасуында осы үш сатының үшеуінің де рөлі айқын көрініс тапқандығына өзінің көркем дискурсының тілі дәлел.

Үшіншіден, Шәкәрім ойлары гуманизмге, адами құндылықтарды, адамгершілікті уағыздауға құрылған. Ақын «Адамдық борышын» атты өлеңінде:

Адамдық борышың –
Халқыңа қызмет қыл.
Ақ жолдан айнымай
Ар сақта, оны біл, – дейді [2, 47 б.].

Қоғамды түзеудегі, адамды жөнге салудағы ақынның ұстанар бірден-бір тізгіні – ар. Шәкәрім қоғам ойының пассионарлығын бекітуде Ар ілімін ұсынады. Ардың ісіне салмақ салу қажеттігін ашық айтады, жырға қосады, алға тартады.

Ар, адам, адами құндылық мәселесінде Шәкәрім ақынның тілі орыстың ұлы ойшылы Л.Толстойдың үнімен үндес шығады. Бұл жөнінде Қ. Мұхамедханов мынадай дерек келтіреді: «Шаһкәрім (Шәкәрім) Лев Толстойды нағыз әділеттің, анық ардың иесі деп танып, оның данышпандығын, ұлы адамгершілік қасиетін адал жүрек, ақ көңілімен ардақтап, өзін Толстойдың шәкіртімін деп білген» [9, 85 б.]. Ақынның «Анадан алғаш туғанымда» өлеңіндегі «Өзімшіл болма, көпті ардақта, Адамның бәрі – өз халқың» [2, 97 б.] деген ойы тұтастай гуманизмге құрылған. Таза дінді ұстанып, адам баласының бәрін сүйе білуді ұсынатын ізгі ойы Толстойдың діннің басты қағидаты туралы айтқан мына бір пікірімен үйлесіп келеді: «Бөгде халықтың адамдарын сүй, олар тіпті күш көрсетсе де жақсылық жаса. Немістерде де, орыстарда да Құдай жалғыз және ешкімді алаламай жақсы көреді; сендер де оның теңдей ұлдарысыңдар, Құдай сияқты күллі жұртқа қайырымды болыңдар деймін», – деген ойы мен «Христиандар үшін ешқандай күрделі метафизика жоқ және болмайды да, Христиан уағыздарындағы метафизика деп атауға болатындардың барлығы, баршаға ұғынықты қарапайым ережеден тұрады: күллі адамзат – Тәңірінің перзенті, бауырлар! Сондықтан олар әкелерін, бауырларын сүюлері тиіс. Сол себепті өзгелердің саған мейіріммен қарағанын қалайтыныңдай, басқаларға да сондай бауырмалдықпен қарағаның жөн» [10].

Нәсіліне, түріне қарамай, адамзат баласына деген шексіз құрмет пен махаббаттың болуына, барша тіршілік иесінің тең құқықты болуына ойшыл ақын сөзқаруымен бар күшін салады. «Он весьма искусно адаптирует канонические сюжеты из Корана к казахской культуре восприятия текстов моралистического содержания, пишет трактаты, статьи, эссе и стихи, в которых даются убедительные образцы применения религиозных знаний в деле упорядочения межличностных и общественных отношений по законам добра и человеколюбия, в реорганизации традиционного казахского быта на истинно религиозных началах. Мировоззренческие преимущества авторского сознания, просветленного иманом, истинной верой в пророка Мохаммеда, явлены в эстетически притягательных поэтических образах стихов Шакарима, и это подкупает читателя, способствуя гармонизации его внутреннего мира с миром внешним» [11, 168 б.]. Бұл түйіннің дәлелін ақынның келесі ойларынан да табамыз:

Алланың пендесіне рақымы мол,
Сен де өзіңдей адамға мейірімді бол («Қысқа сөз»).
Тамам жанның мінін айт,
Жалған айтпай, шынын айт.
Аяп, ішің жылып айт,
Адамды бастыр ілгері! («Ескіден қалған сөз теріп») [2, 159 б.].

Ар, ақыл, намыс деген ұғымдарды бірінші орынға қойған Шәкәрім адамзат баласы үшін, болашақ ұрпақ үшін еңбек етуді өзінің серті санайды. «Ұлы ұстазы – Абай ағасының «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» - деген өсиетін берік ұстанған Шәкәрім өзінің өмірдегі мұрат-мақсатын» [11, 51 б.] былай ашық айтады:

Адамдық борыш, ар үшін,
Барша адамзат қамы үшін,
Серт бергем еңбек етем деп,

Алдағы атар таң үшін («Жолама қулар, маңайға...») [2, 43 б.]. Бұл пәлсапа жолдарында қазақ қоғамында пассионарлықты қалыптастыруға деген ақын ниетінің, арман-тілегінің көрінісі жатыр деуге толық негіз бар.

«Танымның субъектісі – қоғамдық жан иесі – адам, ал нысаны – өмір, тіршілік. Тіршілікте кез келген субъектінің іздері – адам болу; ал оның негізгі механизмі Шаһкәрім (Шәкәрім) ақын көрсетіп берген: адал еңбек, айнымайтын ақ жүрек пен таза ақыл» [12, 169 б.]. Шәкәрімше, адал еңбек етіп, айнымайтын ақ жүрек пен таза ақылдың иесі – артына өшпес із қалдыратын жан. Мәселен,

Қайтадан қайрылып қауымға келмейсің,
Барыңды, нәріңді тірлікте бергейсің.
Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң,
Шын бақыт – осыны ұқ, Мәңгілік өлмейсің! («Адамдық борышың») [2, 267 б.]. Ақынның танымында, шын бақыт – дүйім жұртқа пайдалы іс істеу, артына ғибратты сөз қалдыру.

Шәкәрім өзінің ағартушылық, ойлы жырлары арқылы заманын ілгері сүйреп, уақытты өзгертуге ұмтылды, бар саналы ғұмырын (еңбегін, күшін, білімін) сол жолға арнады да. Көркем дискурсындағы түзетпек едім адамды; достым, досқа достық қыл; досыңа қыл махаббат, жауға достық әдісі деп келетін кесек-кесек ой жолдары ақынның пассионарлық мұратын танытса керек.

Әдебиеттер:

1. *Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. – М : АСТ: Астрель, 2010. – 548 с.*
2. *Құдайбердіұлы Ш. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000. – 320 б.*
3. *Пименова М.В. Языковая картина мира. – Санкт-Петербург: СПбГУ, 2011. – 106 с.*
4. *Философская картина мира. Электронная энциклопедия http://libsib.ru/filosofiya/teoreticheskie-osnovaniya-filosofii-problemi-ponyatiya-printsipi/. Дата обращения: 10.09.2014 г.*
5. *Есім Ғ. Данышпан Шәкәрім. – Алматы: Атамұра, 2008. – 336 б.*
6. *Әбдіғазиұлы Б. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Раритет, 2008. – 408 б.*
7. *Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 559 б.*
8. *Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М : Наука, 1987. – 263 с.*
9. *Мұхамедханұлы Қ. Шаһкәрім // Шәкәрімтану мәселелері. Т. 1. – Алматы: Раритет, 2007. – Б. 50-100.*
10. *Мұқашұлы М. Шәкәрім мен Толстой немесе ұлылыра аңсаған хақ жолы – http://www.writers.kz/journals/?ID=10...183. Пайдаланған уақыты: 25.11.2014 ж.*
11. *Тахан С. Тексты в социокультурном измерении. – Астана: Мастер ПО, 2015. – 240 с.*
12. *Салқынбай А. Шаһкәрім шыққан шың. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 213 б.*

***

Коныратбаева Ж.М.

Пассионарные цели Шакарима

Совершенно очевидно, что человек, представляющий любую сферу жизни общества, при определённых условиях может достичь уровня пассионарной личности. Особо это касается творческих людей, которые стремятся изменить жизнь общества в лучшую сторону, призывающих сородичей к просвещению и активной жизненной позиции.

С этой точки зрения подвижнический жизненный путь философа Шакарима – фундамент будущего казахского народа. Всё творчество Шакарима определяет направления развития казахского общества.

Есть полное основание заявлять о том, что Шакарим Кудайбердыулы является пассионарной личностью. Он, постоянно размышляя о будущем казахов, в

своём творчестве во главу угла ставил тему человек-общество-религия. Философ и поэт Шакарим заботился не только о проблемах своего времени и своего поколения, но также говорил о том, какой должна быть в будущем казахская нация, определял направления её развития.

Главной целью творчества поэта было воспитание и формирование общества, призыв людей к милосердию, терпению и состраданию, к умению быть благодарными, к осознанию существования Создателя.

В данном исследовании, раскрывая особенности языковой личности поэта-философа Шакарима Кудайбердыулы, мы предприняли попытку описать его пассионарный характер.

Ключевые слова: *Теория пассионарности, этнолингвистика, дискурс, языковая личность, языковая картина мира, казахская этнокультурная познания.*

Konuratbayeva Zh.M.

Passionate goal Shakarims

It is clear that all people can reach the level of a passionate person. Especially, creative people's search in motivating society and people to be active, intelligent, passionate certainly puts its aims higher than every day issues.

In relation to it, the entire life lived by bright Shakarim was certainly an epitome who contributed into establishing the basics of the Kazakh future. Putting ahead the topics of mankind–society–religion in his creations, Shakarim Kudaiberdiuly, who handled main issues of society, can be considered as a passionate person.

Since the thinking writer did not only create in his time but drew a schedule for the Kazakh future. The writer's aim is to teach society, people to be tolerant, patient, satisfied, to comprehend God. He wanted people to become passionate Kazakh society.

In this article we are aimed at revealing one of these passionate descriptions by philosopher and writer Shakarim via his linguistic personality.

Key words: *Theory of passionarity, language image of the world, discourse, ethnolinguistic, language sign, Kazakh ethnocultural cognitions.*

***

УДК 81'373.2 (574/470.41)

Донскова Г.А. – кандидат филологических наук, доцент ЗКГУ им. М.Утемисова
E-mail: galina_anatolievna0404@mail.ru
Утарова Н.Т. – магистрант ЗКГУ им. М.Утемисова
E-mail: nurgul_utarova@mail.ru

ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ ЭРГОНИМОВ - ТЮРКИЗМОВ В ОНОМАСТИЧЕСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ ГОРОДА (НА МАТЕРИАЛЕ ЭРГОНИМОВ УРАЛЬСКА И КАЗАНИ)

Аннотация. *В статье проанализированы эргонимы-тюркизмы как показатель взаимодействия культур и языков в ономастическом пространстве Уральска и Казани. Приведены сведения из истории изучения тюркизмов учеными России, Татарстана и Казахстана. Отражены результаты сравнительно-сопоставительной классификации эргонимов в ономастическом пространстве Уральска и Казани по синхроническому и диахроническому принципам.*

Ключевые слова: *Тюркизм, эргоним, этнокультурный, ономастическое пространство, эргонимическое пространство.*

Территория Западно-Казахстанской области является территорией взаимодействия русского и тюркского языков и считается мостом, соединяющим Европу и Азию, что находит отражение в языке города. Казань - столица Республики

Татарстан – представляет собой поликультурную среду, содержащей в себе переплетение различных языков и культур. Доказательством этому могут послужить исторические и современные эргонимы города. Казань издавна считалась одним из самых крупных культурных и торговых центров России, а также местом встречи Востока и Запада.

Предлагаем рассмотреть эргонимы-тюркизмы двух онимических пространств, взятые в наиболее динамично развивающихся группах названий кафе и ресторанов. Важной частью исследования представляется анализэтнокультурного их содержания.

Лингвистический термин тюркизм может использоваться для называния простых случаев заимствования тюркских слов из тюркских языков. Но встречаются ситуации, когда слово пришло из арабского или персидского через тюркский, в таких случаях также говорят о тюркизмах. И если слово тюркского происхождения не напрямую пришло в язык, а посредством других языков, то тоже употребляют термин тюркизм.

Однако в старости графиня утратила живые чувства. Если они и проявляются у графини, то относятся к тому, что когда-то происходило с ней: она сохранила благодарность и уважение к Сен-Жермену, испытала волнение при упоминании Чаплицкого. В своем поведении графиня следует привычкам молодости, ведя образ жизни, не свойственный старости: «Она участвовала во всех суетностях большого света, таскалась на балы, где сидела в углу, разрумяненная и одетая по старинной моде, как уродливое и необходимое украшение бальной залы: к ней с низкими поклонами подходили приезжающие гости, как по установленному обряду, а потом уже никто ею не занимался. У себя принимала она весь город, наблюдая строгий этикет и не узнавая никого в лицо». Спальная кофта и чепец - это наряд, более свойственный старости, в нем «она казалась менее ужасна и безобразна».

Красота графини в старости оборачивается безобразием, огненные страсти сменяются «холодным эгоизмом». Уважение к ней света - притворство, что в полной мере сказалось на ее похоронах. Искренние слезы пролила о ней только ровесница - ее любимица из крепостных. Даже церковная служба совершалась с «печальным приличием». Молодой архиерей представил ее кончину «как мирное успение праведницы», исполненной «помышлений благих». Естественно, суетная жизнь старой графини не давала оснований для таких выводов, но она могла быть такой, могла бы быть наполнена высшим смыслом перед лицом вечности, и тогда бы о ее смерти искренно жалели люди.

Мы видим, что и душа Германна омертвела, «окаменела» в погоне за богатством и высоким положением. Возможно, достигнув его, он стал бы вести такой образ жизни, как графиня в старости.

Третья группа докладчиков получивших тему «Лиза и Германн», готовят следующие вопросы:

1.Какое положение Лиза занимала в доме графини, в свете?

2. Почему Лиза кажется автору «милее» светских красавиц? Какое слово, характеризующее ее чувства, автор использует в эпиграфе ко второй главке?

3.Какая цель в жизни была у Лизы?

4.Как описания деталей портрета, чувств и поведения Лизы «перекликаются» с соответствующими описаниями Германна?

5. Как судьба Лизы в целом и ее замужество после смерти графини соотносятся в повести с линией Германна?

Эти вопросы помогут школьникам представить доклад на основе анализа текста:

«Лиза была бедной воспитанницей знатной старухи. Она ежечасно ощущает свою несвободу, находясь во власти капризов и прихотей своевольной графини. В свете она играла «самую жалкую роль», «все ее знали и никто не замечал», хотя она была гораздо милее холодных и наглых невест, вокруг которых увивались расчетливые молодые люди. автор подчеркивает свежесть чувств Лизы (слово «свежий» используется и в эпиграфе ко второй главке, и в описаниях, характеризующих Лизу: "свежее личико", "голова, убранная свежими цветами).

Лиза, как и Германн, по своим внутренним качествам гораздо выше людей, составляющих «свет». Лиза остро ощущала свое унизительное положение, так как была самолюбива. Ей еще больше чем Германну необходима независимость, поэтому она «глядела кругом себя, - с нетерпением ожидая избавителя». Описания деталей портрета, чувств и поведения Лизы «перекликаются» с соответствующими описаниями Германна:

«Германн увидел свежее личико и черные глаза».	«...черные глаза его сверкали из-под шляпы».
«Германн трепетал, как тигр, ожидая назначенного времени».	«Вдруг дверь отворилась, и Германн вошел. Она затрепетала».
«...он сидел на окошке, сложа руки и грозно нахмурясь».	«Она сидела, сложа крестом голые руки».

И Германн, и Лиза - во многом родственные натуры. Они незаурядны, но обделены судьбой. Им надо занять свое место под солнцем в равнодушном по отношению к ним мире. Но, хотя положение Лизы было гораздо тяжелее, чем положение Германна, он отличается активностью, дерзостью и крайней неразборчивостью в средствах для достижения своей цели. «Вы чудовище!» - говорит Лизавета Ивановна Германну.

Однако не Германну, а Лизавете Ивановне удалось добиться того, к чему она стремилась. Она вышла замуж и стала богата и независима. Но, добившись положения в свете, Лиза начинает вести такой же образ жизни, который в нем был принят. На это указывает краткое авторское замечание: «У Лизаветы Ивановны воспитывается бедная родственница». Так мог бы повести себя и Германн, разбогатев благодаря выигрышу в карты.

От докладов учитель переходит к выявлению причин трагедии такой незаурядной личности, как Германн. Вопросы эвристической беседы помогут школьникам осмыслить эту проблему:

- Германн остро ощущал свое неравенство с богатыми и знатными людьми большого света, так как был честолюбив. Честолюбие предполагает желание почестей и похвал со стороны окружающих. Когда Германн оказался в центре внимания «золотой молодежи?».

- Когда у него было два крупных выигрыша во время игры у Чекалинского. После его проигрыша к нему был утрачен интерес: «игра пошла своим чередом».

- А Чекалинский, у которого шла игра, относится к числу уважаемых людей в большом свете. Чем же он заслужил расположение публики?

- Он всю жизнь провел за картами и имел в этом деле долговременную опытность. К тому же, у него был открытый дом, славный повар, а гостей «человек самой почтенной наружности» встречал с неизменной любезностью: его лицо «изображало добродушие».

Как видим, подытоживает учитель, все силы души, накал страстей Германна, по сути дела, были потрачены на цель ничтожную: чтобы стать на одну доску с людьми заурядными, легкомысленными, праздными. Кстати, на этом пути он проявляет крайнюю нетерпеливость, желая как можно скорее приобрести то, что

имеет «золотая молодежь», но не имеет он. Идея обогащения, тайна трех карт заслоняют для Германна все богатство окружающего его мира.

«Как воспринимает Германн действительность через призму трех карт?» - задает вопрос словесник. Ученики отвечают, обращаясь к началу шестой главки и заключению: «Тройка, семерка, туз преследовали Германна и наяву, и во сне. Стройную девушку он мог сравнить с тройкой, полный мужчина напоминал ему туза. Отвечая на вопрос «который час», Германн говорил: «без пяти минут семерка». Тройка, семерка, туз принимали во сне «все возможные виды: тройка цвела перед ним в образе пышного грандифлора, семерка представлялась готическими воротами, туз огромным пауком». Сойдя с ума после проигрыша, Германн «бормочет необыкновенно скоро: «Тройка, семерка, туз! Тройка, семерка, дама!».

Но судьба Германна, отмечает учитель, могла сложиться иначе. Интересное наблюдение по этому поводу сделал литературовед Б.С.Мейлах: "Пушкин обращает внимание читателей на то, что герой отличался от окружавших его молодых людей родом своих занятий. Германн был «инженерным офицером». ...Инженерные офицеры - люди, получившие образование в Инженерном корпусе или Высшем инженерном училище, заведениях, которые отличались по тем временам высоким научным и профессиональным уровнем. Из этого следует, что герой «Пиковой дамы», получив прекрасное техническое образование, обладая трудолюбием, силой характера, мог рассчитывать на достойное будущее. По сравнению с ним Томский и Чекалинский были прожигателями жизни [1, 110 – 111]. Но изначально, называя трудолюбие как одно из слагаемых успеха, Германн смотрит на службу лишь как на источник дохода.

Однако человек, обладающий специальными знаниями, может найти счастье в творчестве. В «Сценах из рыцарских времен», близких по проблематике «Пиковой даме», Пушкин воссоздает образ монаха Бертольда, для которого важна истина, а не золото:

Мартын

Постой! Ну а если опыт твой тебе удастся и у тебя будет и золота и славы вдоволь, будешь ли ты спокойно наслаждаться жизнью?

Бертольд

Займусь еще одним исследованием: мне кажется, есть средство открыть perpetuum mobile...

Мартын

Что такое perpetuum mobile?

Бертольд

Perpetuum mobile, то есть вечное движение. Если найду вечное движение, то я не вижу границ творчеству человеческому...» [2, с. 509].

Однако не творческие порывы духа, а жажда обогащения руководит не только умом Германна, но и его чувствами, которые отличаются силой и глубиной. Учитель предлагает школьникам следующий вопрос: «Почему Германну вполне удалась роль влюбленного в Лизу человека?». Делая наблюдения над текстом пушкинской повести, ученики отвечают примерно следующее:

Германн подолгу стоял под окном комнаты, в которой находилась Лиза. Страстное чувство отражалось на его лице: «черные глаза его сверкали из-под шляпы», «быстрый румянец покрывал его бледные щеки всякий раз, когда взоры их встречались».

Германн проявляет настойчивость, передавая Лизе письма. Если первое письмо было слово в слово переписано из немецкого романа, то последующие письма он писал сам: «в них проявились и непреклонность его желаний, и беспорядок необузданного воображения». Лизавета Ивановна «упивалась ими».

Только после смерти графини она поймет: «Итак, эти страстные письма, эти пламенные требования, это дерзкое, упорное преследование, все это было не любовь! Деньги, - вот чего алкала его душа!». Как видим, на пути к обогащению Германн проявляет такие пылкие чувства, что их легко принять за любовь».

Но, несмотря на, казалось бы, предрасположенность его романтической натуры к такому чувству, отмечает учитель, любви у Германна не было, хотя он и ощущает вину перед Лизой, что проявляется в его видении, когда к нему приходит мертвая графиня, открывая тайну трех карт с тем, чтобы он женился на ее воспитаннице. Как видим, яркость и незаурядность натуры Германна тратятся на мелкую для него цель - в этом его трагедия.

Глубокий смысл в повести имеет и заключение, в котором лаконично описывается муж Лизы. «Какое представление о нем создается у читателя?» - спрашивает учащихся словесник. С помощью учителя школьники приходят к выводу: Жизненных благ достигает человек незаметный, серый (неизвестно, где он служит), склонный к притворству («очень любезный молодой человек»). Его «порядочное состояние» добыто, очевидно, нечестным путем: «он сын бывшего управителя у старой графини», который, по-видимому, как и ее многочисленная челядь, «обкрадывал умирающую старуху». Почему этот молодой человек женился на Лизе? Вероятно, не по любви. Лиза имела манеры аристократки и была вхожа в большой свет, что могло придать вес в обществе разбогатевшему выскочке. Так, внимательно читая повесть, ученики начинают воспринимать всю глубину ее нравственного содержания.

Литература:

1.Мейлах Б.С. «...Сквозь магический кристалл...» Пути в мир Пушкина. – М : Высшая школа, 1990. – 399 с.

2.Пушкин А.С. Сочинения в трех томах. Т. 2. – М.: Художественная литература, 1986. – 527 с.

***

Выдрина Н.А.

Орыс әдебиеті сабағында А.С.Пушкиннің «Пиковая дама» повесіндегі авторлық бағалауды анықтау

Мақалада авторлық позицияны анықтау күрделілігімен ерекшеленетін А.С.Пушкиннің «Пиковая дама» атты повесі қарастырылады, оқушылардың көркемөнер шығармаларының тереңіне мұғалімнің басшылығымен енуі жүзеге асырылады.

Тірек сөздер: *Шығарма композициясы, повестегі қаһармандар бейнесінің жүйесі, қаһармандар әрекетінің себебі, қаһармандар бейнесіндегі портреттік детальдар, қаһармандардың ішкі әлемі, олардың әрекетінің ерекшеліктері, әртүрлі кейіпкерлер арасындағы нүктелер, пушкин повесіндегі адамгершілік сабақтар.*

Vydrina N.A.

Identify the author's evaluation of novel A.S. Pushkin "Queen of Spades" at the literature lessons

The article discusses A.S. Pushkin's novel "Queen of Spades" at the lessons. With different complex in the identify of author's position, carried out under the direction of penetration of pupils to teachers in the art idea of the work.

Keywords: *Composition of work, the system of characters of heroes is in a story, reasons of acts of heroes, portrait details are in the image of heroes, inner world of heroes, reasons of acts of heroes, features of their behavior, points of contiguity between different heroes, moral lessons of the Pushkin story.*

***

ӘОЖ 94(574)

Рысбеков Т.З. – тарих ғылымдарының докторы, профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Гарифуллина А.Б. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail:shinee_star_7@mail.ru

НҰРАЛЫ ХАННЫҢ БИЛІГІ КЕЗІНДЕГІ КІШІ ЖҮЗДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖАҒДАЙ

Аңдатпа. *Мақалада XVIII ғ. Батыс Қазақстанда Нұралы ханның басқаруы кезінде болып өткен әлеуметтік-саяси оқиғалар зерттеліп көрсетілген. Нұралы ханның Ресей үкіметі ресми бекіткен тұңғыш қазақ ханы атағына ие болғандығы жайында, сонымен қатар аталған өңір қазақ қауымдарының шекаралас ресейлік тұрғындарымен арадағы қарым-қатынастарының кейбір тұстары сипатталады.*

Тірек сөздер: *Батыс Қазақстан, Нұралы хан, Кіші жүз, Орынбор басшылығы.*

Қазақ жеріндегі мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуы бірнеше мыңжылдықтарға созылып, XV ғасыр ортасында ұлттық сипатқа ие болған Қазақ хандығын дүниеге әкелгені белгілі. Осы кезден бастап төл тарихымызда Қазақ хандығы өмір сүрген дәуірді тарихшыларымыз хандық дәуір деп атайды. Керей мен Жәнібек хандар билік құрған кезден Тәуке хан қайтыс болған кезеңге дейінгі үш ғасырға жуық тарихи уақыт осы хандық дәуірдің алғашқы кезеңі немесе бір орталықтан басқарылатын хандық кезең болып саналады. Ал одан кейінгі кезеңнің саяси және мемлекеттік тұрғыдан алып қарағанда бытыраңқылық кезең екені белгілі. Жүздердегі хандық биліктер мен Ресейдің оларды өзіне бағындыра бастауы мен біржолата жойып жіберуі XVIII ғасырдың 30-шы жылдарынан басталып, XIX ғасырдың 20-шы жылдары аралығында өтеді.

Жалпы, Ресейдің Қазақстанды бағындыруға бағытталған саясаты мен осы мақсатта қолданған әдіс-тәсілдері бұған дейін оның басқа елдерді бағындыру барысында тәжірибеден өтіп, әбден сыналған болатын. XVI-XVII ғасырларда Қазан, Астрахан, Сібір хандықтарын, Ноғай ордаларын бағындыруда Ресейдің ең бір тиімді қолданған әдістерінің бірі-осы елдердегі билеуші топтардың ықпалын әлсірету, олардың өкілдерін әр түрлі жолдармен өз жағына тарту, олардың арасына іріткі салу, билеуші топ пен ру-тайпа көсемдері арасына от салу және тағы басқа осындай сипаттағы тәсілдер болатын. Бұл әдіс өз кезегінде сол елдердегі мемлекеттіліктің әлсіреп, ақырында күйреуіне әкеп соқтыратын. Ал мемлекеттік жүйе жойылып, басқарушы топ тәуелді болғаннан кейін қарапайым халықты бағыныштылыкта ұстау, олардың жерін тартып алу жаулап алушылар үшін онша көп қиын іс болмайтын. XVIII ғасырдың орта тұсынан бастап Ресей әкімшілігі Қазақстан дәл осындай әдістерді жүзеге асыруды қолға ала бастайды [1, 400 б.].

Нұралы хан басқарған жылдар Отан тарихындағы маңызды кезеңдердің бірін құрады. Әбілқайыр ханның өлімінен кейін қазақтың батыс далаларында біршама саяси өзгерістер орын алды. Аталған оқиғадан соң жергілікті қазақ қауымдары мен Ресей патшалығы арасындағы қарым-қатынастар жаңа кезеңге-қазақ сахарасында орыс ықпалының одан әрі күшейе түскен кезеңіне аяқ басқан еді. Әбілқайыр

қазасымен бірге көрші халықтармен әртүрлі күрделі қарым-қатынастардың тұтас бір дәуірі аяқталған болатын. Ендігі тарихи кезеңде батыс өңірлерді саяси бағыттардың өзгеруі, ұзаққа созылған Ресейдің отарлау саясатының күшеюі, үлкен әлеуметтік-саяси дағдарыстар, ұзаққа созылған отарлауға қарсы күрестер дәуірі күтіп тұрды.

Нұралының билікке келуі оңайлықпен іске асқан жоқ. Әбілқайыр өлімі Батыс Қазақстандағы саяси күштердің ара салмағына да түбегейлі әсер еткен болатын.

Аталмыш оқиғадан соң марқұм ханмен белгілі бір бақталастықта болған Қайып хан ұрпақтарының ықпалы күшейген еді. Арал өңірі мен Сырдарияның төменгі тұстарында қоныстанған Кіші жүздің ірі Әлімұлы одағының белді рулары Қайыптың ұлы Батыр сұлтанды қолдады. Сұлтан өз кезегінде Орта жүздің ірі билеушісі, Әбілқайыр әулетінің қас жауы Барақ сұлтанмен (ханды өлтірген) өте жақсы қарым-қатынаста болатын. Мұндай жайттар Нұралының позициясын әлсірете түсетін. Осындай келеңсіз жағдайларға қарамастан, Кіші жүз бен Орта жүздің бірқатар билерінің қолдауымен Нұралы 1748 ж. 2 қазанда Ырғыз өзеніне сол жағынан құятын Қайыңды өзенінің бойында хан сайланады. Орыс тыңшыларының бірі Я. Гуляевтің көрсетуінше ол халық дәстүрі бойынша бүкіл көпшілік алдында емес, әр рудан он адамнан кіргізілген билер арқылы, өзінің киіз үйінде сайланған [1, 162 б.]. Қазанның 5-і күні жаңа сайланған ханның анасы Бопай ханым, Нұралының өзі және оны сайлаған Орта жүз бен Кіші жүздің бір топ билері Ресей патшайымы Елизаветаға хат жолдап, Нұралыны өздеріне хан етіп бекітуді өтінеді. Бопай патшайым Елизавета Петровнаға, келесі күні бригадалық генерал А. Тевкелев пен Орынбор губернаторы И. Неплюевке қисынды өтініш хаттар жолдайды.

1748 жылғы 5 қазандағы ұлы патшайым Елизаветаға жазған хатында:

«Жаратқан иенің сүйіспеншілігіне бөленген нұр сипатты, шарапатында шек жоқ, мейірбанды падишамыз, бүкіл Ресейдің билеушісі, мархабатты ел басшымыз Елизавета Петровна. Қырғыз-қайсақ кіші ордасының ханы Әбілқайырдың ханымы Бопай ханша сіздің назарыңызға мынадай өтініш-тілегін салғысы келеді.

Біріншіден, императорлық ұлы мәртебеңізге адал берілген менің ерім Әбілқайыр хан бұл жарық дүниеден баз кешті. Төменшік күніңіз мен-жесір, шиеттей бала-шағасы жетім қалды. Биік мәртебелі алдияр падишам, жоғары құзырыңызға жан-тәнімен адал берілген Әбілқайыр ханның көзі тірі кезіндей бізді қажет кезінде мархабат мейіріңізден тыс қалдырмауыңызды өтінемін.

Екіншіден, ерім Әбілқайыр ханның орнына біздің жағдайымызды жетік білетін, өзіңіздің ұлы құзырыңыздағы құпия кеңесшіңіз әрі сардар Неплюев пен бригадир Тәуекелевтің және өзіңіздің күллі қырғыз халқының ақылымен мұрагер ретінде менің үлкен ұлым Нұралыны хан етіп сайлады.

Үшіншіден, халқымыз аталмыш ұлым Нұралыны хан етіп сайлағанмен, биік мәртебелі патша ағзам, өзіңіздің ұлы жарлығыңызсыз оның басты хан боларлық жағдайы жоқ.

Сол үшін де биік мәртебелі алдияр патша, аталмыш ұлым Нұралы сұлтанның әкесі Әбілқайыр ханның орнына нағыз басты хан болуына жарлық етіп, оның хандығын жоғары құзырыңызбен алтын мөрі бар сенімхатпен марапаттауыңызды сұраймын. Мейірімі шексіз мархабатты мемлекет басшысы, сіздің патшалық биік мәртебеңізден риясыз берілген құлыңыздың өтінішіне мейірбан қолыңызды қоюыңызды сұраймын».Осы хаттарды жеткізу үшін аталмыш екі жүздің 8 беделді биі Орынборға, одан кейін Санкт-Петербургке аттанады.

Нұралыны хан сайлағандар арасында Орта жүздің Шақшақ Арғын руынан Жәнібек батыр, Қойсары би, Жалмәмбет би, Құдайшүкір батыр, Кіші жүздің Шөмекей руынан Кедей би, Мәмет аталық, Жайылған би, Қаракесек Қожанай би, Шекті руынан Бақтыбай батыр, Мөңке би, Мәметек би және басқалары, Төртқара Құдайназар би, Дәулет би және басқалары, Алаша Байсау би, Бәйтерек аталық, Кете Алтай би, Қиғылық би, Жұлдыз батыр және т.б. бар болатын [1, 410 б.].

Нұралының сайлануына Неплюев бастаған Орынбор басшылығының оң көзбен қарағанын айта кету қажет, жаңа сайланған хан Әбілқайырмен ұзақ мерзім

күрескен өлке басшысының «талаптарына» толық сай келетін. Бұрынғы ханның қазасын жеңілдікпен қабылдаған әкімшілік қазақ ордасында Әбілқайырдай ықпалды емес, мүмкіндігінше әлсіз ханның сайлануына мүдделі болды. Бұл орайда әкесіндей алыстан болжағыш емес әрі тәжірибесіз Нұралы бұл талаптарға толық жауап беретін. Неплюев Ресей Сыртқы Істер коллегиясына Нұралы туралы «әкесіндей қызу қанды емес, қарапайым, ешқандай талап та қоймайды» деп көрсеткен болатын [2, 302 б.]. 1749 ж. 26 ақпанда Елизавета патшайым Нұралының хандыққа бекітілгені туралы грамота шығарып, мамыр айының басында Орынбор губернаторы Неплюевке осы туралы жарлық береді. Жарлықта ешқандай қазақ жүздері көрсетілмей жай ғана қазақ ханы ретінде жазылады. Тек Кіші жүздің билеушісі ретінде тану жаңа сайланған ханның наразылығын тудырмас үшін патша үкіметі оны осылай бекіту туралы шешеді.

Нұралы Ресей үкіметі ресми бекіткен тұңғыш қазақ ханы болып табылды. Осы кезеңнен бастап Кіші жүздің одан кейінгі хандарының барлығы орыс билігі тарапынан бекітілуге мұқтаж болған еді, бұл өз кезегінде өңірде дәстүрлі хандық биліктің әлсіреуіне алып келді. Көрсетілген жылдың 15 қазанында Әлім одағының ірі Шөмекей, Шекті және Төртқара руларының бірқатар тармақтары Батыр сұлтанды өздеріне хан етіп сайлайды.

Билік құрған алғашқы жылдары Нұралы мен Неплюев арасында бірден жылы қарым-қатынастар орнады деп айту қиын. Хан өлке басшысының қарсылығына қарамастан жоңғар қонтайшысы Цевен Доржимен әкесі Әбілқайыр кезінде басталған құдалық ісін жалғастырып, оған елшілерін жібереді, жоңғар билеушісінің қолдауымен бүкіл қазақ даласына билігін жүргізуге талпыныс жасайды. Аталмыш кезеңде қуатты жоңғар мемлекеті мен Нұралы хан арасында біршама тығыз байланыстар орнаған болатын, қазақ ханы алғашқы жылдары шығыстағы көршілерінің қолдауымен өзінің бірқатар саяси мүдделерін шешіп алуды көздеді. Бұл тұрғыда Нұралының жоңғарларға қойған талаптары назар аударталы, олар: қазақ тұтқындарын қайтару, Барақ сұлтанды ұстауға көмектесу, Ташкент пен Ұлы жүз жеріне көз алартуды қою және Түркістанды қалың мал ретінде беру [3, 785 б.]. Ханның Барақ сұлтанды ұстау туралы талабынан басқа бұл жерде оның ешқандай жеке мүддесі байқалмайды. Барақтың өлтірілгені белгілі, ал басқа талаптар Нұралының ел басқаруда тек Кіші жүзбен шектелмегенін, бүкіл қазақ ордасына қатысты басты мәселелерді шешуге тырысқанын көрсетеді.

Қазақтардың шығыстағы қуатты жоңғарлармен одақ құру мүмкіндігі Ресей билігін қатты алаңдатқаны белгілі жағдай еді. Патша үкіметі еш уақытта да дала халықтарының өздеріне қарсы бірігіп кетуіне жол бермейтін. Ресей билігі әлбетте олардың бірігіп күшеюіне емес, бір-бірімен қақтығысып әлсіреуіне мүдделі болды. Өздеріне адалдыққа ант қабылдаған Нұралының қадамдары Орынбор әкімшілігін біраз алаңдатты. Ханның бастапқы жылдары өлке әкімшілігімен араздасуына Неплюевтің аманатта жатқан інісі Әділ сұлтанды басқа інісі Шыңғыспен ауыстырмауы себеп болған еді. Бұған қатты наразы болған Нұралы бастапқыда қол астындағы қазақтарға орыс шептерінен алысқа көшіп кетуді де бұйырған. Мұнымен тоқтамай Орынбор айырбас үйіне шабуыл жасауды да ойлаған. Төңкеріске дейінгі орыс зерттеушілерінің мәліметіне қарағанда Нұралы бірде аудармашы Гуляевпен әңгімесінде: «...егер бұл жолы да бас тартса, орыстар Әділге білгендерін істесін, түрмеге салсын, ал мен күтпеймін, Сырдың арғы жағына кетемін. Ол жақта мен қол астымдағы қазақтарды шабуылдардан тыймаймын, сонда олар мені хан ретінде ғана емес, әулие ретінде де санайтын болады, себебі олар менің Ресейге жақын көшіп, оған адал қызмет етуіме наразы. Генерал (Неплюевті айтып отыр) мен мырзаның (Тевкелев) арқасында мен хан емес, бақташыға айналдым; Құдай олардан жауап алар. Орыстар қалмақтар мен башқұрттарға істегенін бізге де істегісі келеді, бірақ біз мұндай езгіде өмір сүргенше өлгенді артық санаймыз»,-деген сөздер айтқан. Дерекке қарағанда хан өз сөзін алдындағы сусыннан ұрттап: «Құдайым, егер бұдан былай Орынборға аяқ бассам, осындай асты да таппай қалайын», - деп аяқтаған [3, 790 б.].

1750 ж. бас кезінде орын алған мұндай жайттар Нұралының сол тұстағы әрекеттерінен хабар бергенімен кейінгі оқиғалар істердің барысын түбегейлі өзгерткен еді. Нұралының жоңғарларға ұзатуға даярланған қарындасы қайтыс болып, бұған қоса оны қолдаған Цевен Доржи де қарсыласы Лама Доржидің қолынан қаза тауып, мұндай жағдайлар ханның жоспарына үлкен өзгерістер енгізеді. Ол енді орыс тарапына қарсы шыға алмай, керісінше олармен жақындасуға мәжбүр болады. Арадағы кейбір наразылықтарды қоспағанда осы тұстан бастап Нұралының патша үкіметімен ұзақ жылдарға созылған тығыз қарым-қатынастарының кезеңі басталады. Ол енді бірте-бірте патша жарлықтарының сенімді орындаушысына, отарлық үкіметтің жергілікті жердегі сенімді өкіліне айналған болатын.

Өзінің ұзақ жылғы билігі тұсында Нұралы көптеген әртүрлі әлеуметтік-саяси қиындықтарға, дағдарыстарға ұшырады, халық тарапынан ашық қарсылықтарға да душар болды. XVIII ғ. екінші жартысында қазақ қауымдарының орыс билігі тарапына наразылықтары көп жағдайда Жайық өзенінің бойында көшіп-қонуға тиым салу себептерінен пайда болып отырды. Орынбор өлкесінің басшысы Неплюев 1742 ж. күзінің өзінде қазақтарға Жайық өзенінің бойына жақын көшуге тиым салған болатын. 1749 ж. қаңтарда Неплюев Есет батыр бастаған Жетіру ауылдарына Жайықтың ішкі жағына өтуге тиым жасайды. Ресей тарапымен бейбіт қарым-қатынаста болған Кіші жүздің белгілі адамдары Әжібай би, Алтай батыр және Арал мырза Неплюевтен осы туралы өтініш қылғанда, губернатор олардың үкімет тарапына кезінде көрсеткен қызметтері туралы Коллегияға мәлімдеп рұқсат сұрағанымен, жоғарғы билік ресми түрде бірнеше жылдан соң ғана жауап беріп, оның өзінде өзеннен өтуге тиым салады. Қазақтар әдетте құрғақшылық жылдары мыңдаған малдарын аталмыш өзеннің оң жағына өткізетін, көрсетілген жылы да далалық өңірлер жұтқа ұшыраған еді, мұндай тиымдар қазақтар шаруашылығына үлкен зардаптар әкеліп отырды. Аталмыш тиымдар қазақтарға тығырықтан шығудың басқа жолдарын қарастыруға мәжбүрледі. 1750 ж. көктемінде Әжібай би, Алтай батыр және басқа да Кіші жүздің көптеген рубасы билері кеңес құрып, ауыл-аймақтарымен Торғай өзенінің арғы жағына, Ұлыту, Кішітау өңірлеріне қоныс аудару туралы шешімге келеді. Деректерге қарағанда, қазақ рубасылары қыс бойы Ресей тарапынан қауіпте болған. Олар осындай ойларын Нұралыға жеткізен кезде ха мұндай шешімге ашуланып кетуден бас тартқан [2, 343 б.].

Сәл алдыңғы кезеңде, 1738 және 1742 жж. Кіші жүз бен Орта жүздің билеуші тобы орыс үкіметіне ант қабылдағанына қарамастан, бұл құжаттардың күші тек қағаз жүзінде ғана болды және олардың қазақтарға тек кейбір көрші халықтармен қатынастарда ғана пайдалы тұстары болды, іс жүзінде қазақ даласы тәуелсіз болатын. Сөз жүзіндегі бодандық бастапқы кезде қазақ қауымдарына, олардың емін-еркін көшіп-қонуларына тікелей кедергі етпесе де, дала өңірлерінде, әсіресе батыс аймақтарда сырт күштердің әсерлері бірте-бірте біліне бастаған еді. Бұл өңірлерде болып жатқан оқиғалар патша чиновниктерінің мүқият бақылауында болды. Көрші ұлыстарды бір-біріне айдап салу және патша билігінің басқа да құйтырқы саясаттары жергілікті халықтың заңды ашу-ызасын туғызды.

XVIII ғ. II-жартысында қазақтардың көрші халықтармен, әсіресе Ресей қол астындағы қалмақтармен, башқұрттармен және жайық казактарымен қарым-қатынастары үлкен тарихи кезеңді құрады. Осы халықтар мен қазақтар арасында қақтығыстар жиі болып тұрды. Қалмақтармен арада ғасыр басында ымырасыз соғыстар жүрсе, башқұрттармен арада да барымталар мен қақтығыстар жиі орын алып тұратын. Казактармен де аса күрделі қарым-қатынастар орнады, көп жағдайда олар орыс шебіне жақын көшіп-қонған ауылдарға әртүрлі қысымдар көрсетіп отырды.

Ресей тарапымен арадағы айрықша күрделі қарым-қатынастар Батыс Қазақстан өңірінде орын алды, олар арада талай рет қантөгісті қақтығыстарға да ұласып отырды. Өзінің буырқанған асау мінезді сипатымен көзге түсетін, мұның үстіне саяси және экономикалық дағдарыстарға терең бойлаған Кіші жүз жұрты ұзақ

жылдар бойы Орынбор тарапын тітіретумен болды. 1744 ж. өңір қазақтарын бағындыру ұшін, Орынбор басшысы Неплюев өзінің Сенатқа ұсынған «Қосалқы жоспарында» қазақтарды «жуасыту» және тезірек бағындыру мақсатында шекарада бес нүктеде шоғырландырылған ұлкен әскер ұстауды ұсынса, 1747 ж. «қырғыз-қайсақтардың ресейлік бодандыққа өткен уақытынан бері олардан зияннан басқа еш пайда болмағанын, соның ішінде бұкіл зұлымдықтардың тек Кіші жүзден ғана келетінін» жеткізе отырып, осы өңір қазақтарына қарсы казак әскерінен бөлек, бұкіл Еділ мен Сібір арасындағы халықтарды айдап салуды ұсынған болатын [2, 181 б.]. Аталған жылы Неплюев Сенаттан жайық казактарының құшімен Кіші жүздің бір-екі ұлысын кішкене сәбилеріне дейін тұгелдей қырып жіберуді де ұсынды, оның ойынша мұндай адамгершіліктен тыс тәсілдер оларды қорқытып ұстау ұшін қажет болды.

Патша билік орындарының өздерінің бұрынғы еркіндіктерін шектей бастауымен келіспеген қазақтар жасақтарға бірігіп орыс шептеріне дүркін-дүркін шабуылдар жасады. Көп жағдайда шепке шабуыл жасауға себеп болатын қалмақтармен арадағы қарым-қатынастар, дәлірек айтқанда осы іске орыс әкімшілігінің араласуы болып табылды. Шекара басшылығы қалмақтарды қазақ ұлыстарына ұнемі бағыттап отырды, оларды шептен кедергісіз өткізіп, жаңа шабуылдарға итермеледі. Кей жағдайда қалмақтардың бір жортуылының өзінен қазақтар мыңдаған жылқыларынан айрылатын. Жиналып қарымта жорыққа аттанған қазақтарды Орынбор басшылығы бұйрығымен жайық казактары шептен жібермей ұстап қалып отырды, мұндай әрекеттер жергілікті халықтың заңды ашу-ызасын туғызды. Осындай әрекеттер салдарынан қазақтардың шаруашылығы қатты құйзелістерге ұшырады.

Патша ұкіметі тарапының жоғарыдағы әрекеттері қазақтардың ұлкен топтарға бірігіп, шепті бұзып өту арқылы қалмақ және орыс хуторларына жорықтар ұйымдастырып, адамдар мен мал-мұліктерін әкетуіне апарып соғатын. Шепке ұздіксіз жорықтар нәтижесінде қазақтардың қолында көптеген ресейлік тұтқындар шоғырланды, олардың басым бөлігі Хиуа хандығына сатылып отырды. Шабуылдардың басым бөлігі Нұралы ханның келісімінсіз, оның билігінен тыс жасалды. Хан көп жағдайда тұтқындарды қайтаруды, жорық жасаушыларды ұстауды талап еткен Орынбор әкімшілігі мен өзіне бағынбаған халық арасында күрделі жағдайда қалып отырды. 1750 ж. 18 қаңтарда Нұралы хан губернатор Неплюевке қазақтар қолындағы орыс және қалмақ тұтқындарды қайтару үшін жаз айларында Орынборға айырбас саудаға келетін белгілі деген басқарушы билердің қарамағындағы адамдарды, жақын туыстарын аманат ретінде ұстап қалуды ұсынды. Ол өз хатында Кіші және Орта жүздің белгілі деген біраз адамдарын келтіріп, олардың ішінде Қабанбай батыр, Қаратоқай, Құдаш, Қадыркұл т.б. билерді атаған [1, 498 б.].

Нұралы өз басқаруының алғашқы жылдарынан бастап халық тарапынан Ресейдің қазақ жеріне ішкері еніп, бекініс-қамалдар тұрғызуына қарсы наразылықтарына да душар болды. 1750 ж. жергілікті қазақтар Каспий теңізінің Жайық сағасынан бастап Жем өзеніне дейінгі балық аулау орындары орыс көпесі Курочкинге оброк ретінде берілетініне наразылық танытып, балықшылар мекені мен жұмысшыларды қоршап, жұмыс істеуге жібермейді. Қазақтар арасында балықшылар мекенінің орнында өздеріне зиян келтіретін орыс бекінісінің салынатыны туралы әңгіме тараған. Ресей Сыртқы Істер коллегиясы губернатор Неплюевтің ұсынуымен, балық аулаудан түскен пайда қазақтар мен түрікмендердің шабуылына ұшырап, қолға түсетін тұтқындарға тұрмайды деген тұжырыммен аталған жерлерді орыс көпесіне беру туралы шешімнен бас тартады.

1754 ж. Елек өзенінің бойында қазақтар Тұзтөбе деп атап, бұрыннан емін-еркін тұз алып келген жерден Илецкая Защита бекінісінің салынуына байланысты жергілікті халық қатты наразылық білдіріп Нұралыға шағымданған. Олар ханға тек Жайық бойы ғана емес, енді Елек бойында да еркін көшіп-қонуға мұмкіндік болмайтынын, өзеннің бойы басынан бастап сағасына дейін бекіністерге толатыны

туралы қауіп білдіріп, 1754 ж. күзіне қарай қашық жерлерге қоныс аударған. Нұралы сол жылғы қыркүйек айында губернатор Неплюевке жолдаған хатында бекіністің салынуына өзінің қарсылығы туралы, бірақ бүкіл халқы көшіп кетсе де өз әулетімен ешқайда кетпейтінін, алайда хандық қыларлық қол астында адам қалмайтынын, патша ағзам тарапына қызмет қылып қанша жақсы атты болуға тырысса да, керісінше жыл сайын абыройының төмендеп бара жатқанын жеткізген. Бұл тұста Нұралының Неплюевпен арадағы қарым-қатынасы да шиеленіске толы болған. Губернатор хан інісі Айшуақ арқылы оған біршама дөрекілеу түрде сәлемдеме жолдап, Жайықтың арғы жағынан қазақтарға жерді кім бергенін ескерткен [1, 534 б.].

Нұралы хан басқарған тұста біршама ірі әлеуметтік-саяси оқиғалардың орын алғаны айтылды, солардың арасында Ресей билігіне қарсы ұлт-азаттық көтерілістер легі айрықша орын алды және бұл тек қазақтарға ғана қатысты емес еді. Батыс Қазақстанға шектес өңірлерде болған және қазақтар да араласқан кез келген кейінгі көтерілістерде Нұралы хан Ресей империясының өзіне сеніп тапсырылған міндеттерін адал атқарды, оларды басуға, үкімет талап еткен кез келген бұйрықтарды орындауға даяр болды. Әкімшілік шараларын бұлжытпай орындау арқылы ол үкімет тарапына адал қызметімен көзге түсуге ұмтылатын. Нұралы ханның отарлаушы үкімет шараларын орындаушы ретіндегі қызметтері әсіресе 1755 ж. кезекті башқұрт көтерілісі тұсында айқын көрінген еді. Арада барымталар орын алып тұрса да отаршылыққа қарсы күресте екі халықтың да мүдделері бір болатын, кез келген бас көтерулерде башқұрттар қазақ даласын паналаса, соңғылары оларды өз ауылдарына жасырып, жазалаушылардан қорғап отыратын. Аталған жылы да жазалаудан қашып өз отбасыларымен қазақ жеріне мыңдап өткен башқұрттарды өлке басшысы Неплюевтің екі халықты бір-біріне айдап салып арандатуына ерген Нұралы хан өздерін келіп паналаған башқұрттарды жазалауға, қолға түсіріп, өлке басшылығына тапсыруға жанын сала кіріседі.

1755 ж. башқұрт көтерілісі қазақтың батыс далаларында да үлкен із қалдырды, қазақ ауылдарына еніп кеткен 50 мыңдай адамды (бір деректерде 10 мың) қайтару ісі жылдарға созылды. Патша үкіметі екі халықтың Ресейге қарсы бірігіп кетуінен қауіптенген еді, сол себепті жергілікті өлке басшысы Неплюев шұғыл әрекеттер жасап, башқұрттарды шептен қазақ жеріне өткізбеуге және жазалауға жергілікті әскерден бөлек дон казактарын, қалмақтарды, мещерліктер мен тептярларды да тартады. Қалмақтар башқұрт бүлігін басуға деп емес, өздерінің негізгі жаулары қазақтарға жорық үшін деп шақырылады. Қыркүйек айында өз еріктерімен үкіметке берілген башқұрттарға кешірім жасалатыны туралы манифестке байланысты олардың көпшілігі кері қайта бастағанда Неплюев қазақтар мен башқұрттарды енді Ресейге қарсы бірікпейтіндей етіп арандату әдісін қолданады. Ол арнайы грамота арқылы патшайымның «қазақ халқын башқұрттардың әйелдерімен, қыздарымен және дүние-мүліктерімен марапаттайтындығын» ал еркектерін Ресей жағына қайтарған жағдайда арнайы сый белгіленетінін жариялайды. Нұралы хан осы тұста өз адамдарымен башқұрттарды жаппай ұстауға кіріседі. Арандатуға қазақтардың барлығы бірдей ермеген еді, Жетіру ауылдары өздерін паналап келген башқұрттарды жан аямай қорғайды. 1755 ж. күзіне қарай Нұралы ханның өзі, Ералы, Айшуақ, Шыңғыс сұлтандар басқарған 1 мың адам башқұрттарды қорғаған Алданазар би, Байдәулет, Есекатар және басқа батырлар бастаған Табын және Серке батыр бастаған Жағалбайлы ауылдарымен төрт күн соғысып, арада біраз адам қаза табады. Нұралы губернатор Неплюевке 3 қыркүйекте және 5 қарашада жолдаған хаттарында «өз қазақтарымен төрт күн соғысқанын» жазған [4, 240 б.].

1755 ж. оқиға Ресей империясының дала халықтарының өздеріне қарсы күрестеріне жасаған шешуші қадамдарының бірі болып табылды. Ашық арандатуға ерген қазақтар башқұрттарды қарсыласқандарын аямай қырып, отбасыларын олжаға ала бастаған еді. Аман қашып құтылған башқұрттар өз елдеріне оралып болған оқиғаларды ашына жеткізген болатын. Нәтижесінде бүкіл башқұрт жерінде қазақтарға деген өшпес кек тұтанып, енді олар орыстарға қарсылықтарын қойып,

қайтсе де қазақтардан кек алу үшін қарулы жасақтарға біріге бастаған. Бұл жолы Неплюевтің жасырын бұйрығымен шеп бойындағы бекеттер мен форпосттар оларды еш қарсылықсыз қазақ жеріне өткізеді. Үлкен қарулы топтар қазақ жеріне жасырын өтіп ауылдарға қырғын салады. Нұралы губернатордан башқұрттарды жазалау туралы өтініш жасағанда өлке басшысы, егер қазақтар кезінде оларды қабылдамаған болса мұндай оқиға болмас еді деген жауаппен бас тартады. Негізін өздері қалаған туысқан екі халықтың арасындағы қырғынды тоқтату және тұтқын башқұрттарды қайтару үшін қазақ даласына Тевкелев жіберіледі. Оған тапсырылған инструкция бойынша ол қазақтарды уәдемен, жылы сөздермен, сыйлықтармен және арақ-шараптармен де алдарқатуы тиіс болған. Мұндай шаралар көмектеспеген жағдайда оларды казак және қалмақ әскерімен жазалауға рұқсат етілген. Бұдан бөлек Тевкелевке геодезист арқылы жасырын түрде қазақ жеріндегі өзендер мен көлдердің, ормандар мен қамыстардың, сай-салалардың сызбасын түсіру жүктеледі. Отарлаушы үкіметтің халықтарды бір-біріне айдап салу саясаты салдарынан көрші екі халықтың арасында ұзақ кезеңге созылған жауластық пайда болған еді. Орынбор басшысының аталған шарасы XIX ғ. орыс тарихшыларының да талдау тақырыбына айналды. Левшин бұл туралы: «әділін айтқанда, Ресей башқұрттардың немесе жергілікті орыстардың екеуінің бірін құрбандыққа шалуға тиіс болды, егер соңғыларын құтқару үшін алдыңғыларын құрбан етсе, мұны әрине кінәлауға болмайды»,-деп жазды [5, 233 б.]. Отарлау саясатын әсіре қолдаған зерттеуші Витевскийдің талдауын толық келтіру қажет емес, ол қазақтар мен башқұрттар арасына Неплюев сепкен дұшпандық Орта Азияға еніп бара жатқан орыс отарлауына жол аша түскенін, башқұрттардың бұдан былай көтеріліс жасауға өздерінің батылы бармаса, қазақтардың олардың дұшпандығына байланысты орыстарға қауіпсіз бола түскенін айта келіп Неплюевтің «орыс қаны мен орыс ақшасын сақтағанын» жазған болатын [3, 875 б.].

1755-1756 жж. қазақтардың шекараға дүркін-дүркін шабуыл жасауына байланысты Ресей үкіметі оларды жазалау үшін үлкен соғысқа дайындалған. Левшиннің жазуына қарағанда, қазақтың батыс даласының толық картасын жасау туралы бұйрық шығарылып, жорыққа қаржы ізделген. Кіші жүз қауымдарына үлкен қауіп төнеді. Атап өтерлігі, шабуыл жоспарланғанымен осы арқылы Нұралының билігін нығайту көзделген. Бірақ сол тұста Ресей мен Пруссия арасында жеті жылдық соғыс басталып кетіп, бұл жоспар аяқсыз қалған [5, 234 б.]. Жайылым жерлерден таршылық көрген қазақтар шепке шабуылдарын тоқтатпайды.

Қазақ жеріне шектес орнатылған әскери бекіністер жергілікті халықты үлкен қиындықтарға душар етті. Ауыл-аймақтардың өз малдарымен бірге Жайықтың оң жағына өтуі адам төзгісіз зорлық-зомбылықтарға ұласып отыратын-жайық казактары оларға үнемі қоқан-лоқы жасап, ауыр салықтар салып, әрдайым күш көрсетіп отырды. Өзінің екпінді асау мінезімен олардың әртүрлі қимылдарына төтеп беріп келген Әбілқайыр шекара басшылығының астыртын әрекеттері нәтижесінде каза болғаннан кейін орыс әкімшілігі тарапынан қысымдар одан әрі күшейе түсті. Шекара басшылығының қалыптасқан жағдайды реттеуінен күдер үзген және емін-еркін көшіп-қонудан шектелген Кіші жүз қауымдары Ресеймен арадағы бүкіл қарым-қатынасты толық үзу үшін 1750-1760 жж. аралығында бірнеше рет өз мекендерін тастап даланың алыс түкпірлеріне біржолата көшіп кетуді де ойластырды. Аталған өңірдегі қазақ қауымдарының Кубань жеріне, сол жақтағы туыстас ноғайларға немесе жоңғарлардан босаған шығыс өңірлерге, сонымен қатар Сырдария бойына қарай қоныс аударуды ойлағандары жөнінде шынайы деректер бар. Өлке әкімшілігінің саясатына ыза болған Нұралы хан да бір кезеңдерде, әсіресе өлкені губернатор Давыдов басқарған жылдары халықты орыс шекарасынан алыс көшіп-қонуға шақырды, тіпті орыс шептеріне шабуыл жасауға да меңзеді. Кубань өңіріне кету туралы алғашқы ойлар 1742 ж. пайда болған болатын, 1757 ж. Кіші жүз қазақтары аталған өлкеге тағы да адамдар жіберіп өздеріне қоныстанатын ыңғайлы жерлер қарастырғаны

туралы деректер бар [6, 52-53 бб.]. 1759 ж. батыс өңір ауыл-аймақтары шығыстағы Жоңғария жеріне көшу мәселесін шынайы талқылады.

1742 және 1749 жж. Неплюев басқарған Орынбор әкімшілігі тарапынан қазақтарға Жайық өзенінің оң жағына өтуге тиым салынғаны белгілі. 1756 ж. 2 қыркүйекте Елизавета патшайым қазақтарға Жайықтың арғы оң жағына өтуге тиым салған ресми рескрипт шығарады. Онда алдағы жылдардағы оқиғалар, соның ішінде өзеннің ішкі жағына малдарымен өткен қазақтар мен қалмақтардың, орыс-казактардың арасында жанжалдардың жиі орын алатындығы айтылады. Бұл қазақтардың шаруашылығына ұлкен соққы болып тиді. Нұралы хан генерал-майор Тевкелевке осы тиымға байланысты өз наразылығын білдірген хат жолдайды. Ол осы туралы өтінішпен патшайым сарайына да өзінің танымал деген билерін аттандыратынын жеткізеді. 1757 ж. 24 желтоқсанда Елизавета патшайым Нұралы ханға қазақтарға Жайықтың оң жағына малдарын өткізуге тиым салынғаны жөнінде грамота шығарады. Онда ханға да, сұлтандарға, билерге және бүкіл «қырғыз-қайсақ» халқына осы бұйрықты орындауды міндеттеген болатын.

Қазақтардың шаруашылығын құйзеліске ұшыратқан бұл тиым 1759 ж. өлке басшылығына келген Давыдов тұсында іске асырылады. Нұралы хан жаңа губернаторға да аталған жылы бірнеше хат жолдап, оларда біріншіден, қазақтарға қыс кезінде Жайықтың арғы бетіне өтуге рұқсат етуді, екіншіден, қазақтар қолынан қашып шыққан тұтқындарды қайтаруды сұрайды. Хан мен губернатор арасында ұзаққа созылған хат алмасулар ешқандай нәтиже әкелмей, Сыртқы Істер коллегиясына жолданған өтініштер де аяқсыз қалады. Нұралы өтінішінен хабардар болған Екатерина II патшайымның өзі, егер ол Ресейге бағынышты болса рұқсат етілмеген жерге баруға құқы жоқ, егер мал азықтары жеткіліксіз болса сатып алсын не тауарға айырбастасын, – деген мағынада жауап береді. Қазақтардың өз беттерімен арғы бетке өтулері сәтсіздікке ұшырайды, жайық казактары оларды кері қайтарып отырса, қалмақтар да шабуыл жасап, малдарын әкетіп отырады. 1759 ж. өзінде ғана қалмақтар қазақтардан 40 000 жылқы әкетеді [7, 176 б.]. Мұндай жағдайлар ашынған қазақтардың Ресей ықпалынан алыс жерлерге кету туралы ойларға жетелейді. Хан ордасынан оралған аудармашы Я. Гуляев қазақтардың орыстарға өте наразы екенін, жоғарыдағы талаптар орындалмаған жағдайда Нұралының өзінің көпшілік алдында орыс шебінен алыс жоңғарлардан босаған жерлерге, Бұқара, Ташкент және басқа өңірлерге қоныс аудару туралы айтқанын жеткізген. Аталған алыс өңірлерге көшуге әсіресе ханның інісі Ералы сұлтан ұндеген [6, 70 б.].

XVIII ғ. ортасында Кіші жүз қазақтары Ресей шекарасынан алыс жерлерге біржолата кету туралы бірнеше рет оқталған еді. Мұндай әсіре шаралар қазақтар мен өлке әкімшілігі арасындағы күрделі қарым-қатынастар салдарынан, әкімшіліктің қазақтардың ішкі-сыртқы істеріне, әсіресе қалмақтармен арадағы қатынастарға араласуынан, өз құқықтарының шектелуінен туындады. Халықтың Нұралыға сенімі де күрт төмендеген болатын, ханның өзі хаттарында халықтың оны тыңдаудан қалып бара жатқанын, басқа қашық өңірлерге қоныс аударуды ойлап, өзін де соған мәжбүрлеп отырғанын мойындаған. Сонымен бірге ол қазақтардың шепке шабуыл жасаулары мүмкін екенін айтып, Жайық бойында сақтық шараларын қабылдауды ескерткен. Ресей Сыртқы Істер коллегиясы 1759 ж. 5 қыркүйектегі № 708 жарғысында Нұралы хаттарындағы мәселелерді қарастыра келе, шекаралық бекіністер мен форпосттарды әскери жағдайға келтіру, қалмақтардан да әскер талап ету, қажет болған жағдайда башқұрттарды да қазақтарға айдап салу туралы шешімге келген [6, 71 б.].

Қазақ қауымдарының орыс шебіне қауіпті көрші болғаны белгілі. Көшпелілер шеп тұрғындарына көптеген шабуылдар жасап отырды, адамдар тұтқындады. XVIII ғ. жататын қазақ-орыс қатынастарына қатысты мұрағат деректерінің көпшілігі шепке жасалған шапқыншылықтар мен қазақ даласынан қашып шыққан тұтқындар туралы болып келеді. Алайда бұл орыс-казактар тарапынан далалықтардың жазаларға ұшырамағаны туралы ой туғызбауы тиіс. Ресми шаралар құпия ұсталса, жергілікті

шеп командирлері әртүрлі себептермен қазақ қоныстарына басып кіре беретін. Іс жүзінде қазақтар шабуылдары да орыс шебінің тұрғындарына үлкен қасіреттер әкелді, жүздеген адамдар Хиуа өңірінде ұзақ жылдар еркінен тыс ұсталды. Ресей билік орындары бұған назар аударғанымен, нақты іс-шаралар қолдануға асыққан жоқ. Ұзақ мерзімге жоспарланған отарлау ісінің алғашқы кезеңдері ғана өтуде еді, мұндай «ұлы істер» белгілі бір құрбандықтарды қажет ететін. Патша үкіметі қазақ билеушілеріне сый-сияпаттар мен шен-шекпендер беру, өз бекініс-қалалары мен әскери күш-қуатын, жетістіктерін көрсету арқылы мысын басуға тырысты. Жазалау әскері шығарылғанымен қазақтарды мүлдем үркітіп алмауға, өздерінен алыстатпауға үлкен мән берілді. Сонымен қатар, олардың өз шептерінен алыс көшіп кетулерін қалаған жоқ. Қазақтар оларға мықты шикізат базасы ретінде қажет еді. Сауда-саттық та маңызды роль атқарды. Орынбор, Орск, Троицк бекіністеріндегі саудадан патша үкіметі миллиондаған рубль пайда көретін. Сауда-саттық ісі қазақтарға да тиімді болды. XIX ғ. аяғындағы орыс зерттеушілерінің бірі Добросмысловтың жазғанындай: «қазақтарды жуасыту үшін үлкен жасақ та шығаруға болар еді, бірақ бұл онсыз да орыс шептерінен кетуді армандап жүрген оларды мәңгілікке жоғалтып алумен парапар болатын; онда біз әйтеуір алдағы болашақта болсын орыс халқына сіңіп қосыла алатын бірнеше жүз мың қол астымыздағы халықтан айрылып қана қоймай, біршама сауда табыстарынан да айрылар едік» [6, 162 б.].

Орынбор әкімшілігімен арадағы келіспеушіліктер, қол астындағы халқының патша үкіметіне наразылықтарының күшеюі Нұралы ханға сыртқы саясатта қосымша қадамдар қарастыруға мәжбүр еткен тәрізді. XVIII ғ. 60-жж. басында ол өлке басшылығынан жасырын Ресейдің негізгі бақталасы Цин империясымен қарым-қатынастарға шыға бастайды. Бұл туралы деректер өте аз әрі мардымсыз болғанына қарамастан Нұралының 1762 ж. Цин империясына елшілік жібергені туралы қытай жылнамаларында сақталған. Цин патшалығына негізінен сәйгүлік жылқылардан тұратын сый-сияпаттармен келген хан елшілерінің қандай саяси келіссөздер жүргізгені белгісіз, дегенмен олардың Пекинге жіберіліп, осы қалада 1763 ж. 23 ақпанға дейін тұрғандары белгілі. Цин императоры Цяньлуннің елшілер арқылы Нұралыға арналған хаты да сақталған, онда өзінің елшілерді жақсы қарсы алып, сыйлықтар тарту еткені айтылып: «...сен де патшалығымыздың сән-салтанатына ынтызар болып, бізге бағыну ниетіңді білдіріп, маған арғымақ сыйлап отырсың. Бұл сенің шын пейілде екеніңді білдіреді. Көшіп-қонып жүрген жерлерің өте алыста болғандықтан және сен тұңғыш рет елші жібергендіктен, мен саған ерекше сыйлық сыйладым. Сен енді патшамыздың үлкен мархабатына бөленіп отырғандықтан, заңережелерді жақсы сақтап, өз адамдарыңды тежеп, көршілермен тату-тәтті өмір сүруің керек...»,-деп көрсетілген [8, 62 б.]. Бір атап өтерлігі, Нұралы елшілерімен бір уақытта дерлік цин сарайына Батыр хан мен оның ұлы, бір кезеңде Хиуа ханы болған Қайыптың елшілері де барған. Академик Вяткин өз монографиясында Нұралының Қытаймен қарым-қатынастары 1764 ж. дейін жалғасып, іс жүзінде ешқандай нәтиже бермегенін, бұл туралы білген орыс үкіметінің екі арадағы ондай байланыстарды болдырмау үшін сібір корпусының казактарына қазақтарды қытай шекара бекеттеріне шабуыл жасауға итермелеуді ұсынғанын келтірген [8, 177 б.]. Қытай тарапы 1757 ж. аяғында шығыстағы қалған жоңғар ұлыстарында жорықта жүрген Ералы сұлтан арқылы Нұралыдан цин патшасына елші жіберуді, арада қарым-қатынас орнатуды сұраған болатын. Көрсетілген 1757 ж. Ресей мен Цин империясы арасындағы жағдай шиеленіскен тұста Нұралының өз әскерімен қытайлықтармен соғысуға уәде бергенін атап өту қажет [1, 555-569 бб.].

Осылайша, Нұралының шығыстағы империямен қарым-қатынас жасауға ұмтылған әрекеті сәтсіз аяқталса, оңтүстіктегі көрші халықтармен, Хиуамен қатынастары да тұрақты болмағаны белгілі. Қарақалпақтармен, аралдықтармен байланыстар бірде қалыпты болса, бірде қақтығыстарға да ұласып отыратын. 1758 ж. Кіші жүздегі келесі хан, Нұралының негізгі бақталасы Батырдың ұлы Қайып Хиуа

хандығынан қуылғаннан кейін Нұралымен жылы қарым-қатынас орнатуға тырысып, бұрын араз болған екі әулеттің арасы біршама жақсарған болатын. Әкесі Әбілқайырдың кезінде аралдықтарға біршама уақыт хан болған Нұралы оңтүстік өңірлердегі әлеуметтік-саяси жағдайларға ықпал етуге тырысып отырды. Дегенмен, әртүрлі саяси бағыттар іздеуге тырысқанымен, Нұралы әкесі Әбілқайыр негізін қалап кеткен Ресей бағытынан ауытқи алған жоқ, бұл аталған кезеңде мүмкін де емес болатын. Жоғарыда аталғандай, ханның өз қол астындағы халқымен де қарым-қатынасы біршама күрделі болды, шамамен XVIII ғ. 50-жж. соңынан бастап оның жеке-дара билік орнатуға, ел басқаруда билердің ықпалын төмендетуге тырысуы, белгілі рубасылар тарапынан қарсылықтар туғызды. Көрсетілген жылдары басталған осы қарсылық ұзақ жылдарға созылып оның билігіне қарсы шыққан ірі рубасы билердің күресіне ұласқан еді. Осындай хандық билігінің дағдарыстары тұсында Нұралы тек патша үкіметіне ғана арқа сүйеді.

1765-1766 жж. Кіші жүз қазақтары қалмақтар мен орыс форпосттарына бірнеше рет шабуыл жасайды. Жорықшылар әдетте өз ауылдарын даланың алыс түкпірлеріне орналастыратын. Мұндай әрекеттерге Нұралы хан да ешқандай шара қолдана алмайды. Мәселені реттеуден күдер үзген өлке әкімшілігі 1765 ж. жазында қазақтарды жазалауға ірі әскер шығарып, олар шепке жақын орналасқан жазықсыз қазақ ауылдарына аяусыз қырғын салады. Осы қырғыннан соң Батыс Қазақстан ауыл-аймақтары орыс шекарасынан мәңгіге кетуді тағы да ойлайды.

XVIII ғ. 50-60 жж. Нұралы хан иелігіндегі қазақ қауымдары үшін көрші халықтармен күрделі қатынастар орын алды. Солтүстіктегі башқұрттармен қарым-қатынастар 1755 ж. оқиғалардан соң біржолата бұзылса, солтүстік-батыста қалмақтармен ара-қатынас көп жағдайда жауласу қалпында сақталды. Қалмақ ұлыстары мен қазақтар арасында әдеттегідей теке-тірестер екі жақтан да алма кезек жорықтармен, шапқыншылықтармен жалғасып отыратын. Екі халық арасындағы қақтығыстар әсіресе Жайықтың оң жағындағы жайылымдар үшін өршіп отырды. Ұзаққа созылған қалмақтармен жауласу дәуірі олардың 1771 ж. шығыстағы жоңғар жеріне қоныс аударып кеткенге дейін жалғасты, дегенмен қалмақтар тарапынан ірі барымталар XVIII ғ. 80-жж. да орын алып отырды. Қазақтар үшін оңтүстіктегі түрікмендермен қарым-қатынастар да аса күрделі болды. Аталған ғасырдың 40-жж. екі жақтан да іпі шапқыншылықтар орын алса, Нұралы кезінде, әсіресе сол ғасырдың 60-жж. екі арадағы қатынастар ушыға түскен еді. 1767-1768 жж. Хиуа хандығында билік үшін талас-тартыстар кезінде түрікмен-йомудтарға (жәуміт) қарсы күрескен өзбек тарапының тақтан үміткері Мұхаммед Әмин өз жауларына қарсы Нұралыны да тартады. 1766 ж. қаңтарында йомудтар қазақтарға орасан соққы жасап, 1000-ға жуық адамды өлтіріп, 3000-нан астам адамды тұтқындап әкетеді [8, 171 б.]. Нұралы Хиуадағы оқиғаларға араласады. 1768-1770 жж. хиуалық тақта бірнеше хан ауысады. Нұралының оңтүстік өңірлердегі қимылдары мен басқа да оқиғалар туралы нақты деректер аз, бірақ олар табыссыз болмаған сияқты, ханның бір ұлы Пірәлі (Пірғали) шамамен 1770 ж. бастап маңқышлақ түрікмендеріне хан болады.

Нұралы хан тұсында ең қарама-қайшылыққа толы оқиғалар солтүстікте және солтүстік-батыста Жайық шебі бойындағы казактармен арада орын алды. Орынбор әкімшілігі тікелей араласқан бұл қарым-қатынастар қазақтар үшін үлкен күйзелістер де әкеліп отырды. Ресми түрде қазақтар өз боданы саналғанымен орыс билігі олардың ішкі-сыртқы істерін, әсіресе көрші халықтармен ара байланысын жіті қадағалап, көп жағдайда оларға астыртын араласып отыратын. Қазақ даласына, кез келген билеушінің ордасына әртүрлі санаттағы іс жүргізушілер, аудармашылар, саудагерлер көптеп жіберілетін, олардың көпшілігі тікелей тыңшылар болып табылды. Орталық үкімет даладан түскен ақпарлар арқылы қазақ сұлтандары мен билерінің кез келген қадамдарынан хабардар болып отырды. Жайық казак әскері де қарапайым қазақ қауымдарының ымырасыз жаулары болып табылды. Олар Орынбор әкімшілігінің қолдауымен қазақ ауылдарына дүркін-дүркін шапқыншылықтар жасап

отырды, кей жағдайда оларды қазақ сұлтандары да қолдайтын. Қазақтар мен жайық әскері арасында ертеден күрделі байланыстар қалыптасқан еді, бұл байланыстар ұзақ тарихи кезеңдерге созылды. Қазақтар да орыс шептеріне жиі шабуылдар жасап отырды, шептен адамдар тұтқындап, мал-мүліктер әкететін. Олардың мұндай әрекеттері жайық әскері тарапынан жазалауға ұшырап отырды, әсіресе жекелеген казак командирлері қазақ ауылдарын талқандаумен көзге түсті. Көп жағдайда қарулы казак жасақтары дала өңіріне ешқандай себепсіз басып кіріп бейбіт ауылдардың мал-мүліктерін тартып әкететін.

XVIII ғ. ортасында Кіші жүз қазақтары солтүстікте Астрахань, Гурьев, Орынбор, Жайық қалашығы басқа да бекіністер маңында, оңтүстікте Хиуа иеліктерінде сауда-саттықтар жүргізді. Орынбор губернаторы Неплюев алдыңғы 1743 ж. қазақтарды ресейлік қалаларға жібермей, тек Орынбор және Жайық бойында шектеуді ұсынып, бұл кезінде Әбілқайыр ханның қатты наразылығын туғызған еді. Орынбор әкімшілігі Нұралы ханнан да сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді талап етті. Орынборға және Троицк бекінісіне келетін және одан шығатын ресейлік, хиуалық, бұқарлық, ташкенттік сауда керуендерінің барлығы дерлік Кіші жүз жері арқылы өтетін. Қазақ керуендері де қызу айырбас сауда істерін жүргізді, оларды көп жағдайда белгілі рубасы билерінің өздері бастап отырды. Қазақтар оңтүстіктегі Хиуа өңіріне де сауда-саттық істерімен жиі баратын. Арада әртүрлі жағдайлар да орын алып жататын, кейде сауда керуендері қазақтар тарапынан шапқыншылықтарға ұшыраса, керісінше жағдайлар да болып тұрған. Мысалы, 1750 ж. Нұралы Хиуаға өзі елші ретінде жіберген нағашы ағасы Мырзатай батыр мен сауда-саттық жасау үшін оған ерген 300 адам сол өңірлерде аралдықтардың шабуылына ұшырап, бірқатар қазақтар қаза табады. Осыған қарымта ретінде Ералы, Айшуақ, Батыр сұлтандар, Жәнібек батыр және басқалары бастаған қазақтар Хиуа маңында аралдықтар мен қарақалпақтарды талқандап, көптеген адамдары мен мал-мүліктерін қолға түсірген [1, 509 б.].

Нұралы хан басқарған кезеңде бүкіл далалық халықтар арасындағы маңызды оқиғалардың бірі болып өтті. 1771 ж. қаңтар айында Еділ бойындағы қалмақтар өздерінің бұрынғы мекендері Жоңғария жеріне оралуды шешіп шығысқа қарай үдере қоныс аударады. Бұл көш Ұлы Дала тарихындағы халықтардың ең соңғы қоныс аударуы болып табылды. Аталған оқиға қазақтардың әлеуметтік-саяси өміріндегі ең маңызды жайттардың бірі болып табылатын. Патша үкіметі көшушілерді қайтаруға шұғыл әрекеттер жасады, бұл шараға қазақ билеушілері Нұралы, Абылай хандар, Ералы, Айшуақ сұлтандар, басқа да көптеген билер мен батырлар белсене қатысты. Олар көшкен қалмақ ұлыстарын жол бойы шауып, адамдары мен мал-мүліктерін алып қалып отырды. Қалмақтардан босаған жерлер қазақтардың шаруашылығы үшін аса маңызды роль ойнайтын, алайда Ресей үкіметі бұл мәселені қарастырғанымен, бұрынғы тиымды сол күйінде қалдырды. Жайық пен Еділ арасындағы жерлер қазақтарға тек 30 жылдан соң ғана 1801 ж. берілді.

Нұралы билеген кезеңде бүкіл Ресей империясының әлеуметтік-саяси өмірінде үлкен із қалдырған ірі оқиға орын алды, оған шеп бойындағы көптеген халықтардың, соның ішінде қазақтардың да тікелей қатысы болған еді. Ол 1773-1775 жж. Е.Пугачев бастаған жайық казактарының көтерілісі болатын, оған Еділ, Оңтүстік Орал өңіріндегі жергілікті халықтардың барлығы дерлік қатысты. Көтеріліс басталмай тұрып Пугачев Нұралы адамдарымен кездесіп, қазақтардың өз жағында соғысуын сұрады, 1773 ж. қыркүйегінде қазақтарға арналған манифест жариялап, оларға жер-су, көгалдар, азық-түлік т.б. беруге уәде етті. Нұралы бастапқыда өзін III Петр деп жариялаған бүлікшіні мойындайтынын айтып хат жазғанымен екі жақты саясат ұстанғаны белгілі. Пугачевтің Орынборды қоршауы кезінде қазақ жасақтары шептен жаппай өтіп көптеген орыс елді-мекендерін шауып, Самара губерниясына дейін жетеді, мыңдаған адамдарды тұтқынға алады. Орыс билігіне ғана сүйенген Нұралы хан әлбетте өз қауымдарын мұндай әрекеттерден тыя алмайды. Ол да өз ауылдарымен қалың дүрмектің қысымымен, жер тарлығына сай Жайықтың оң

жағына өтуге мәжбүр болады. Пугачев көтерілісінен соң іле-шала басталған «Көрінбес-Көктемір» көтерілісі кезінде (1775-1776) Нұралы Орынбор әкімшілігінің міндеттеуімен бұл қарсылықты басуға әрекеттер жасайды. Аталған халық толқуларының нәтижесінде ұзақ жылдар Жайықтың оң жағына өте алмаған қазақ қауымдары 1773 ж. бастап бірнеше жыл қатарынан аталған бетке өтуге мүмкіндік алады.

Қазақтардың XVIII ғасырдағы орыс шебі тұрғындарымен қарым-қатынастарына байланысты бұкіл оқиғалар тізбегін беру мүмкін емес. Арада қарама-қайшылықтар мен әділетсіздіктер көп орын алды, көпшілік зауалдардың себебі қазақдаласындағы жаппай анархияға алып келген хандық биліктің әдейі құлдыратылуы болып табылды. 1783-1797 жж. жергілікті қуыршақ хан мен патша үкіметіне қарсы көтерілген қазақ жасақтары ұзақ жылдар бойы орыс шебіне көптеген шабуылдар ұйымдастырды. 1785 ж. қазақ даласына шығарылған 2669 казак пен башқұрттардан тұратын генерал-майор Смирновтың әскери командасы көптеген ауылдарды талқандап, 66 адамды қолға түсірді, олардың 50-ден астамы әйелдер мен балалар болатын.

Қорыта келе Батыс Қазақстандағы Пугачев, Көктемір және Сырым Датұлы бастаған көтерілістер орын алған – XVIII ғ. 70-90 жж. тарихи кезең қазақ қауымдарының солтүстік көршілерімен қарым-қатынасында ең күрделі кезеңдердің бірін құрады. Көрсетілген жылдары орыс шебіне сандаған шабуылдар ұйымдастырылып, кез келген жорық адамдар мен мал-мүліктерді әкетумен ұласып отырды. Аталған кезеңде орыс адамдарын тұтқындау әрекеттері шамадан тыс көбейді, алайда мұның барлығының өз себептері бар еді, олардың ең бастысы Жайық бойындағы адам төзгісіз жәбір-kgжапалар мен қиянаттар болып табылды. Көрсетілген қарсылықтардың барлығы бір тізбектің буындары болып табылды, олар орыс ұкіметінің өздерінің бұрынғы еркіндіктері мен құқықтарын шектеуіне, өз ішкі істеріне араласуына, көрсеткен зорлық-зомбылықтарына байланысты наразылықтан туындады. Бұл қарсылықтар бұрын көрсетілгендей, шаруалар көтерілістері емес еді. Оларды жоғары әлеуметтік орталардан шыққан белгілі билер мен батырлардың ұйымдастыруы, сонымен қатар оған сұлтандардың да қатысуы қазақ элитасы арасында отарлауға қарсы наразылықтардың құшті болғанын көрсетеді. Біршама әдебиеттер мен деректердің болуына қарамастан, аталған кезең, жалпы XVIII ғ. екінші жартысының әлеуметтік-саяси оқиғалары біздің тарихымыздағы аз зерттелген тақырыптардың бірін құрайды.

Әдебиеттер:

1. Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. – М.,1941. – 367 с.

2. Материалы по истории Казахской ССР (1741-1751). Т. 2. – Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР, 1948. – 457 с.

3. Витевский В.Н. Неплюев И.И. и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. / Историческая монография. Том 1-3. – Казань: Типо-литография В.М. Ключникова, 1897. – 974 с.

4. Добросмыслов А.И. Тургайская область / Исторический очерк. – Тверь: Типо-литография Н.М. Родионова. – 1902. – 524 с.

5. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсачих орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 655 с.

6. Сборник узаконений о киргизах степных областей // Сост. И.И. Крафт. – Оренбург: Типо-литография И.Н. Жаринова. – 1898. – 282 с.

7. Вяткин М.П. Батыр Срым. – М.-Л.: Издательство АН СССР. – 1947. – 435 с.

8. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. II-том Цин Гауцзун шилу. – Алматы: Дайк-пресс, 2005. – 567 б.

***

Рысбеков Т.З., Граифуллина А.Б.

Социально-политическая ситуация в младшем жузе в период правление Нуралы хана

В статье рассматриваетья социально-политические события происходивших в Западном Казахстане в XVIII веке. Об официальном утверждение Нуралы ханом младшего жуза российским престолом. Описываются некоторые моменты взаимоотношений казахов указанного региона с приграничным российским населением.

***Ключевые слова**: Западный Казахстан, Нуралы хан, Младшы жуз, Оренбургское начальство.*

Rysbekov T.Z., Garifullina A.B.

Socio-political situation in the junior Zhuz during the reign of Khan Nuraly

The article deals with the social and political events taking place in West Kazakhstan in the XVIII century. Approval Nuraly Khan Junior Juz Russian throne. The describe some aspects of this relationship Kazakh border region with the Russian population.

***Keywords:** Western Kazakhstan, Nuraly Khan Juz Younger, Orenburg authorities, the liberation movement.*

***

ӘОЖ 37.035.6:512.1

Дүйсенбаев А.Қ. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,
Қазақ-Орыс халықаралық университеті
E-mail: adk7575@mail.ru

ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ОТАНСҮЙГІШТІК ТӘРБИЕ ИДЕЯЛАРЫ

***Аңдатпа.** Мақала мазмұнында Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхановтың педагогикалық мұраларындағы патриоттық тәрбие идеяларына, оның педагогикалық мұраларындағы қазақ мәдениеті, Қазақ автономиясы, ұлт мәселесі, білім беру, қазақтың дербес ұлттық мемлекетін құру жолындағы ғылыми зерттеулеріне сипаттама беріледі.*

***Тірек сөздер:** Тәуелсіздік, Ұлт Кеңесі, Мәңгілік Ел, мемлекет құрушы ұлттың тілі, Қазақ мемлекеті, қазақ мәдениеті, білім беру, патриоттық тәрбие идеясы.*

Қазақ елінің дербес «Тәуелсіз мемлекет» болып қалыптасуын армандаған және оның Еуропа елдері сияқты әділ басқару жүйесінің болуы жолында күрескен қоғам қайраткері, ағартушы, патриот Әлихан Бөкейханов болатын. Ғалым, қоғам қайраткерінің ойынша: «1912 жылы Америка мен Еуропа арасындағы зор мұхит параходы «Титаник» батып бара жатқанда ішіндегі 2 мың адам жолаушы жанталасып қайыққа таласады. Сонда англо-сакс (Америка һәм Англия жұрты) кісілері әйелдерге, балаларға өз орындарын беріп, өздері суға кетеді. Бір ағылшын жас жігіті сымсыз телеграмм қызметшісі екен. Параход батып бара жатқанда да орнынан тұрмай, өзі суға кеткенше: «Титаник суға батып барады» деп, жан-жаққа телеграмм беріп отырады. «Титаниктен» аман қалған адамдар осы жігіттің ерлігі арқасында аман қалады.

Осынадай әлемдік деңгейдегі ізгілік пен рухани адамгершіліктің орны туралы айтар болсақ, «Титаник» сияқты «Лузитания» деген зор параходты өткен апрель айында немістің сүңгуір қайығы суға батырды. Мұнда да тағы 2 мың адам жолаушы бар еді. Осы жолы тағы да ажал алдында ерлікті англо-сакс жігіті көрсетті. Америкада бір 10-15 байлар бар. Бұлар қазынасын миллиарпен санайды. Мұндай байлар «миллиардер»

аталады. Осы «миллиардерлердің» алдыңғы қатарлы байы Вандер Билдт (жас жігіт) мына Еуропа соғысында жаралы болған адамдарға жақсылық қылам деп, майданнан жаралы адамдарды таситын автомобиль мінген дәрігер-даяшы кісілер жіберген. Мұным аз болды, енді өзім барып қызмет қылам деп Вандер Билдт «Лузитанияға» мініп келе жатқанда суға кетеді.

Пароход суға батарда Вандер Билдт қайыққа мінбей әйелдерге, балаларға болысқан. Өз қолындағы кісіні суға кетірмейтін құрылғыны бір әйелге беріп, өзі «Лузитаниямен» бірге суға батты.

Бүкіл адамзатқа, әйелге һәм балаға қорған. Еуропаның рухани мәдениеті бойынша бұл рәсім. Мына Вандер Билдт ерлігі майдандағы ерліктен артық. Осындай азаматым бар деп англо-сакс жұрты қанша мақтанса да лайықты» деп білемін. Бізде шама-шарқымызша «Евуропаның жақсы жолын қолданбақ болып, оқушыларды алашордашылармен «таныстырмақпыз». Өкінішке қарай, басымыздан бақайшағымызға дейін батыстанса да, «жақсы әдетке» жарымай қойдық. Мәселен, барлық БАҚ жабыла жазуға тиіс айтулы күнге арнап журналистер тарапынан мақала жазылмайды. Алаштықтардың «кім екенін оқытушыларының есіне салсақ», одан кімге қандай зауал келмек? Түсінбедік. Вандер Билдтті «адам баласына көп қызметін жұмсаған кісі еді» деп баға берген Әлекеңнің де еңбегі – ұшан-теңіз. Себебі, Әлихан Бөкейхан саяси ұстанымын ұлттың мүддесіне негіздеп отырды. Мысалы, «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген мақаласында: «Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де, жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді», – дей келе: «Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық», – дейді [1, 284-285 бб.].

Қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановтың тағы бір саяси маңызды тұжырымы - қарулы күрес арқылы қуатты орыс империясының отарлық шырмауынан құтылып, ұлттық мемлекетті қалпына келтіру іс жүзінде де, теория тұрғысынан дұрыс та, мүмкін де емес. Қалың қазақты өзін-өзі билеу құқына да, одан соң толық ұлттық тәуелсіздікке де қайта қол жеткізетін жалғыз жол, Алаш қозғалысы жетекшісінің көзқарасы бойынша, заман талабына сай ұлттық мәдениет қалыптастыру және қазақ қоғамын еуропалық деңгейге жетелеп жеткізу болды. Оның дәлелі, белгілі әлихантанушы С.Аққұлұлы: «Әлихан – Кенесары ханның көтерілісінен кейін қазақ ұлтының мемлекеттігі үшін күрескен бірден-бір адам. Бірақ күресі басқаша болды. Ол қарусыз мәдени төңкеріс жасады. Соғыссыз мемлекеттік алып, автономиялық мемлекет құрды. Әлихан қазақтың ұлттық мемлекеттін қайта құрып қана қоймай, Орта Азия кеңістігіндегі қырғыз, өзбек, тәжік секілді өзге туыс халықтардың ұлттық сана сезімін оятып, азаттық қозғалысының дамуына ықпалын тигізді», – деп келтіреді [2, 8-б].

«Алаш» қозғалысының стратегиялық мақсаттарының бірі – Дала өлкесіне «земство», яғни жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жаппай енгізу. Земство енгізілген жағдайда жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі күшейіп, белгілі бір аумақта жиналған салықты мектеп, аурухана, жол және тағы да басқа маңызды әлеуметтік нысандар құрылысын жүргізуге, яғни жергілікті инфрақұрылымды салып, дамыту мүмкіндігі болатын еді. Земство туралы Әлихан Бөкейханов: «Земства қолға алып қылатын істің бір зоры бала оқыту. Земства мектеп, школа салады. Медресе көрмеген бала болмайды. Жұрттың бәрі білім алады. Оқу мен білім алуға, ғылым үйретуге зества көшпелі, уақытша білгіш мұғалім жалдап оқу үйретеді. Оқу бәйгесіне қосылмай арманда қалған адам болмайды. Жүйрік, білгіш, барынша болғаны жарыққа шығып, жұртқа қызмет көрсетеді», – дейді. [1, 251 б.].

Мемлекеттік Думада тиесілі заң қабылдау арқылы Дала өлкесіне жаппай земство енгізуге ұмтылған Әлихан Бөкейхановтың түпкілікті көздегені қазіргі қазақ мемлекетін, оның берік іргетасынан қалау еді. Кезінде Ресей империясының Думасында сөз алған Әлихан Бөкейханов қазақ балалары білім алатын барша бастауыш мектептерге ана тілі мен жазуын енгізуді, қазақ тілінде газет шығарып, іс

қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді талап етті. Әлихан Бөкейхан кейінірек сырттан таңылған жат заңдармен емес, қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық ерекшеліктеріне сай келетін жосын-жоралғылар бойынша үкім шығаратын қазақтың байырғы билер сотын қалпына келтіруді ұсынды. Бұл ретте мысал ретінде Англиядағы сот билігін алға тартты. Ол үшін билер мен билердің сот билігін әкімшілік билікке тәуелсіз ету қажет деп санады.

Қоғам қайраткері, айбынды патриот Әлихан Бөкейхановтың өмірбаяны туралы тарихи деректерге келетін болсақ: «Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов (05.03.1866 жылы Қарқаралы уезі, Семей облысы, Дала Өлкесінде дүниеге келген – 27.09.1937 жылы Мәскеу қаласында қайтыс болған) – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары мен ағартушыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы беделді тұлға.

Әлихан Бөкейхановтың генологиялық ата тегі Шыңғыс ханның ұлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы атақты Сұлтан Барақ. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей осы Сұлтан Барақтың баласы. Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі Нұрмұхамед туған.

Әлиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ зерделі бала молдадан оқығандардан гөрі осындағы мектепте оқып жүргендердің сауаттылығын аңғарып, қаладағы ұш кластық бастауыш мектепке өз еркімен ауысып алады. Оны бітіргеннен кейін 1879-1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. 1886-1890 жылдар аралығында Омбыдағы техникалық училищеде оқып, оны «техник» мамандығы бойынша бітіріп шықты.

1890-1894 жылдары аралығында Ресей империясының Санкт-Петербургтегі Орман технологиялық институтының экономика факультетінде білім алады. Мұнда ол студенттік қызу пікірталастарға қатысып, XX ғасырдың босағасын аттағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы қайшылықты пікірлер қақтығысына куә болды, өз ойын да шыңдай түсті. Ол мұнда жүріп күнделікті сабақтарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа ұйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. Оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды. Оқуын бітірген соң, Омбы қаласына оралғанда Әлихан Бөкейханов Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін ұйреніп, білген, күрес тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болатын. Ол Омбыға келісімен қаланың саяси-әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. «Народная свобода» (*Халық бостандығы*) партиясының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын ұйымдастырады.

Әлихан Бөкейхановтың саяси көзқарасының қалыптасып, жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шыңдалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді. 1905 жылы Әлихан Бөкейханов Семей облысы қазақтарының атынан 1-ші Мемлекеттік думаға депутат болып сайланды.

Ұлтының тарихын зерттей келе, әйгілі энциклопедист Әлихан Нұрмұхамедұлы, алты алаштың бірлігінің болмауы, соның салдарынан тәуелсіздігінен айырылуының ең басты сыры - бұрынғы хан-сұлтандардың Ресей империясы тарапынан отарлау қаупі төнген сәтте де өз билігіндегі ру-жүздерді біріктіре алмауы екенін біледі. «Бұрынғының көбі, күш-қуатты тиісті орнына жұмсамай, бірінің көзін бірі шұқудан уақыты артылмады, істегенінің бәрі жәбір,

залым болды; қылғанының бәрі зорлық-зомбылық еді», - деп жазды Әлихан Нұрмұхамедұлы 1913 жылы «Қазақ» газетіндегі «Қазақ тарихы» мақаласында. Сол себепті де Әлихан Бөкейхановтың туған халқы алдында бұрынғы хан-сұлтандардың тікелей ұрпағы ретінде өзін айыпты сезінді, кең сахара даласында емін-еркін ғұмыр кешкен, өзіндік салт-дәстүрі, мәдениеті бар халқын еш қарсылықсыз отарлыққа жегіп жіберген алдыңғы хан-сұлтандардың бар кінәсі мен халқының келешек тағдыры үшін бар жауапкерлікті өз мойнына алды. Әлихан Бөкейхановтың 1914 жылы жазған мақаласының бірінде: «Хан баласында қазақтың хақысы бар еді, тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын», - деп жазды. Әлихан соңғы демі біткенше осы сертіне адал болды [3, 401-402 бб.].

Қазақ жерінің отарлануы мен байырғы жер иесі – қазақ халқына сол кездің өзінде тиіп отырған және алда да тигізе беретін аса ауыр зардаптары туралы бірқатар ірі еңбектері Әлихан Бөкейхановтың алға қойған мұратының жарқын мысалдары бола алады. Оның «Қазақтың суармалы егістік жерлерінің алынуы», «Дала өлкесінің түкпірлеріндегі орыс қоныстары», «Ақмола облысындағы переселендердің жер үлестері» деп аталатын мақалаларының тақырыптарынан-ақ оның қандай өзекті мәселелерді арқау еткені айқын аңғарылады. Әлихан Бөкейхановтың бұл мақалаларды басқа жерде емес, отаршыл метрополияның дәл жүрегінде – Петербург қаласында, «Сибирские вопросы» журналында жариялады.

Әлихан Бөкейхановтың Қазақ автономиясы үшін «Ұлт Кеңесін құру» қажет деп санады. Яғни: «Біз 5 миллион қазақпыз, өзімізді қорғайтын күш өзімізден табылады. Сол күштерді реттеп жасайтын кеңес орындары қажет. Барша қазақ бірігіп, әуелі «Ұлт Кеңесі» деген орын жасау керек. Мемлекет ісі күн сайын құбылып, түрлі күйге түсіп тұрған шақта, бүкіл қазақ съезд жасап отыру мүмкін емес. Қазақтың атынан басқа жұртпен сөйлесетін, қазақтың атынан әрбір жұмысты ақылдасатын жоғары дәрежедегі «Ұлт Кеңесі» болу керек. Ол «Ұлт Кеңесі» әр облыста бөлімі боларға керек. «Ұлт Кеңесіне» халықтың сенімді адамдары сайланып, іс жүргіу қажет», – деп келтіреді [1, 46-47 бб.].

Ойымызды нақтылай келе, Қазақ үшін Алаш идеясынан, оның бес ұлы нысанынан артық мүдде болуы тиіс емес. Ол идея бүгін де өзінің мүдделі мақсатын жойған жоқ. Қайта тәуелсіздіктің тамыры тереңге кеткен сайын, алдымызға сұрақ болып шығып отыр. Ол идеялар мыналар болатын:

Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді».

Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Әлихан Бөкейхановтың айтуынша, «оның әр бір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.

Үшінші ұстаным: Әлихан Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс.

Төртінші ұстаным: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек.

Бесінші ұстаным, түпкі мақсат: ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді. Ал бұл идеялардың ұйтқысы болатын.

Осыдан бір ғасыр бұрын айтылған идялары бүгінгі «Тәуелсіз Қазақстан» мемлекетінің «Мәңгілік Ел» идесымен үндесіп, оның мәнін мемлекетіміздің Президенті Н.Ә. Назабаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» туралы Қазақстан халқына Жолдауы негізінде айқын байқалады, мұнда: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз

мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық», – деп келтірілген [4; 3].

Осынау стратегиялық мақсаттарға жету жолында ұлттық зиялы қауымға да, қарапайым бұқара халыққа да жақын идея өте қажет еді. Әлихан Бөкейхановтың қазақтарды руға да, жүзге де жіктемеді, әлеуметтік мәртебесіне де, біліміне қарай да бөле-жармады. Қазақты біртұтас халық ретінде көргісі келді. Осы орайда ол ұсынған Алаш атауы ұлтты ұйыстыруға мұрындық болатын тамаша идея болып шықты. Бұл идеяны Әлихан Бөкейхановтың Алаш қозғалысы пайда болғанға дейін-ақ әрдайым айтып жүрген еді. Сонау 1910 жылдың өзінде-ақ «Қазақтар» деп аталатын тарихи очеркінде қазақтардың соғыс ұраны «Алаш деген мифтік тұлға» екенін атап өткен болатын. 1913 жылы жазған «Қазақтың тарихы» деп аталатын мақаласында Алаш атауына тереңірек тоқталып, Алаш атауының астарында «жетекші» деген мағына жатқанын айтады. «Жошы ханды халық «Алаш» деп атап кетті. Бұл «Алаштың – алаш жұртының басшысы» екенін білдіреді, – деп жазады «Түрік баласы» («Қазақ», 1913, №7).

Бүкіл саналы өмірін халқына, халқының азаттығына арнаған Әлихан Бөкейхановтың барлық қажыр-қайратын, білім, дарын-талантын патша өкіметі кезіндегі қыспақ-қанау, отаршылдық-зорлық кезінде қалам күшімен жазылған еңбектерінде қалың қазақтың өз ішіндегі алауыздық, жалқаулық, ел тағдыры ең басты нәрсе білім, оқу екендігін дәлелдейді. Осы бағытта жанын аямай еңбек етті.

Алашорда автономиялы үкіметінің тұңғыш төрағасы сол кездегі Алаш зиялылары сияқты әр саланың білгірі. Ресми түрде атайтын болсақ, ғұлама ғалым экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған тұлға. Халқымыздың сарқылмас қазынасы - ауыз әдебиеті мұраларын жинау, оларды жіктеп, өңдеп бастыру, әдебиеттану, көркем аударма Әлиханның сонау бастан сүйсіне атқарған істерінің бірі. «Қазақтың ұлт болып өркениетті ел қатарлы өмір сүруі үшін ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістету керек. Өз әдебиетін қалыптастыруда табысқа жеткен халық қана азат өмір сүре алады» деп білген Әлихан ұлттық әдебиетімізді өркендетуде жан-тәнімен еңбек етеді [5, 91 б.].

Халықтың мәдениетін көтеруде, ой-санасын оятуда, халықты надандық құрсауынан шығарудағы баға жетпес ойын ол студенттік күндерден-ақ түсінген. Сол мақсатта заманындағы қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары мен әдебиет өкілдерінің басын біріктіруге ұмтылады. Оларды халыққа қызмет етуге, білім беріп, көзін ашуға шақырады. Сонымен қатар, Әлихан Бөкейхановтың әдебиеттану тұрғысынан жазылған еңбектері ғалым Дихан Қамзабекұлы тарапынан жан-жақты қарастырылады. Бұл зерттеуде Әлихан Бөкейхановтың алғашқы еңбектерінің бірі ретінде «Женщина в киргизкой былине Кобланды» атты мақаласы туралы сипаттама берілген. «Туркестанские ведомости» газетінің бірнеше санында жарияланған. Әлихан Бөкейхановтың әйгілі «Қобыланды» жырындағы әйел бейнесі» деп аталған мақаласы белгілі ғалым, академик С.Қасқабасов тарапынан жан-жақты талданып, сол кездегі қазақ фольклористикасы үшін аса маңызды бірнеше мәселе көтерілгенін жеріне жеткізе айтылып: «Бұлар эпостың тарихилығы, «Қобыланды» жырының шығу мезгілі, қазақ фольклорының түрлері, жыршы және оның шеберлігі, қоғамдық ой-санасының жырда көрініс табуы, «Қобыланды» жырындағы әйелдер бейнесі, олардың атқарып отырған идеялық қызметі. Осындай ғылыми мәнді проблемаларды автор сол кездегі әлеуметтік, моральдық мәселелермен ұштастыра қарастырған»,- делінген.

Ағартушы Әлихан Бөкейхановтың *«Қыр баласы»* деген лақап атпен Мәскеуде 1926 жылы «Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасында» төте жазумен жарияланған «Дүниенің құрылысы» (Астрономия) оқулығы. «Дүниенің құрылысы» орыстың академик жазушысы Д.Грабенің еңбегін қазақшаға аударған оқулық. Біз бұл

еңбекті толығымен төте жазудан қазіргі кирилл графикасына көшірдік. Оқулық 101 беттен тұрады, 4500 данамен шыққан. «Қыр баласы» лақап аты, біздің ойымызша, Әлихан Бөкейхановқа тиесілі. Себебі «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірлерінен бастап жер, мемлекет, қоғам жайындағы мақалалары мен аудармаларында Алаш зиялысы Ә.Бөкейханов «Қыр баласы» лақап атын пайдаланып отырған. Аты аталған бұл еңбек – дүниенің құрылысы, жер мен ғаламшарлардың орналасуы жайында, ғарыштық кеңістік туралы қазақ оқушысына ғылыми түрде алғаш берілген астрономиялық теориялық білімдердің жиынтығы. Бұл еңбек сол кезеңдегі қазақ оқушысына алғаш ғылыми түрде берілген түсінік болғанымен, ондағы айтылатын аспан кеңістігі жөніндегі мәліметтер қазақ оқырмандарына таңсық дүние емес еді.

ХХ ғасырдың алғашқы жартысында ғылым тілін қалыптастыруда сүбелі үлес қосқан Әлихан Бөкейхановтың «Қыр баласы» деген лақап атпен жариялаған ғылыми аудармалар мен оқулықтарының тізімі төменде беріліп отыр: Астрономия әліп-биі (К.Фламмарионнан аударған). Мәскеу, 1924. – 225 бет; Дүниенің құрылысы (Д.Граведен аударған). Мәскеу: Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1926. – 101 бет; Жердің қысқаша тарихы (Т.Тутковскийден аударған). Мәскеу, 1926. – 102 бет; Мұғалімдерге хат: Пыланеттер Ж.М., 1926. – №14-15. – Б. 21-25.

«Дүниенің құрылысы» оқулығы мынадай 14 бөлімнен тұрады: 1. Бет ашар. 2. Дүниенің құрылысы. 3. Пыланеттер. 4. Дүниенің тартатын күші. 5. Жер - пыланет. 6. Жылдың қыс, жаз, жазғытұр, күз уақыттары. 7. Календарь. 8. Күн. 9. Ай. 10. Көлеңкелену. 11. Кометелер. 12. Жұлдыз жауын. 13. Көшпейтін жұлдыздар. 14. Дүниеде тоқталмай іс қылып тұрған күштер. Бұл еңбекті таза аударма деуге болмайды, негізінен қазақ оқушыларының талап-тілегіне лайықталған кезеңдік оқулық деуге әбден болады. Мәселен, бұнда «қыр баласының» өзіндік дүниетанымы мен қазақ халқының дүниетанымына тән түсініктерді баяндайтын тұстар жиі ұшырасады. Сол кезеңдегі қазақ оқырмандарының аялық білімін ескере отырып, ол ғылыми ой-жосықтарды қазақ дүниетанымына жақын ұғым, түсініктермен беруге тырысқан. Сол үшін күнделікті өмірден, айнала қоршаған ортадан мысалдар алып ұғынықты етіп сипаттаған. Мысалы: «Бұлт жоқ ашық түнде жазық далаға шығып аспанды қарастырсақ, тозған қараша үйдің жыртығындай күн, жарық жұлдыздарды көреміз. Осылардың ішіндегі ең жарығы қашан қарасаңда бір орыннан көшпеген сықылды көрінеді. Ең жарық, ең сұлу жұлдыздар қозғалса да матаулы түйедей матауын жазбайды. Осындай матаулы жұлдызды, жұлдызшаларды ұялы жұлдыз дейді. Ұялы жұлдыздар аспан кендігінде шашып тастаған асықтай, шашылып жатыр». Осы мәтіндегі қараша үйдің жыртығындай, матаулы түйедей матауын жазбай, шашып тастаған асықтай деген теңеу сөз тіркестері қазақтың қай баласына да түсінікті еді әрі ғылыми ұғым дәл берілген, көзге елестетуге де қолайлы еді.

Ағартушы, ғалым Әлихан Бөкейхановтың қаламынан туған «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи», «Киргизи», «Жағрафия», «Астрономия», «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» атты еңбектері оқушы қауымға арналған тарихи, саяси, этногарфиялық, географиялық тұңғыш еңбек болып табылады.

Әлихан Бөкейхановтың педагогикалық мұраларындағы зерттеулерінде оқыту мен тәрбиелеу бір-бірімен байланыста болатын үрдіс ретінде қарастырады. Тұлғаны қалыптастыруда тәрбиенің атқаратын рөлін Әлихан өз еңбектерінде жан-жақты дәлелдейді. Оның қазақ отбасындағы бесік тәрбиесі, ұл бала мен қыз балалрға арналған салт-дәстүр бойынша тәрбиелеуді өзнінің еңбетерінде арқау етті. Ағартушы, қоғам қайтакері Әлихан Бөкейхановтың ойынша: «әрбір қазақ баласы өз еліне, халқына адал қызмет ету, бауырларына қамқор болу керек, сонда біз армандаған қазақ елінің азаматын тәрбиелейміз», – дейді. Бұл айтылған тағылымдық өнегенің ұлттық мүдде және мұралармен де шендесіп жатқанын білеміз.

Тәрбиесіз жинақталған білімнің қоғамға тигізер пайдасы болмайтындығын айтады. «Ән өлең һәм оның құралы» атты мақаласында эстетикалық тәрбие өз көрінісін тапқан. Автор өнердің тұлғаны қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өтеді.

«Ән адамның бар ет тамыр, сүйек-сүйегін қозғайды, бәрін ерітеді, елжіретеді», - деп жазады автор. Әлихан Бөкейхановтың бұл ойы әннің құдіреттілігін бейнелейді. Ән дене тәрбиесіне әсер ететіндігін көрсетеді. «Жаңа туған бала жылау әні, солқылдау әнімен дүниеге келеді», - дейді.

Әлихан Бөкейхановтың қазақ егіншілігі мен мал шаруашылығы, соның ішінде қазақтың сиыр, қой және жылқы шаруашылығы туралы іргелі зерттеулер жариялады. Қазақ тарихы, әдебиеті мен фольклоры туралы жүздеген мақалалар жазып, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» секілді халық ауыз әдебиетінің бірнеше үлгілерін жинақтып, баспа бетіне шығарды. Ол ғылыми атаққа да, ғылыми дәрежеге де ұмтылмады, өйткені негізгі күш-жігерін саяси күреске жұмсады. Кейде ғылыми жұмыстарын еріксіз саяси күрес барысында жазуға тура келді. Академик Әлкей Марғұланның естеліктерінде, Алаш көсемінің 1925-1927 жылдар аралығында Ленинград мемлекеттік университетінің профессоры болғандығы айтылады.

Өз дәуірінен озық ойлайтын Әлихан Бөкейхановтың дидактика туралы айтылған дәйекті пікірі бүгінгі этнопедагогиканың қағидаларымен байланысты болатын практикалық әдістің лаборториялық әдіске жақын екендігін дәледейді. Оның ойынша, практикалық әдіс мұғалімнің басшылығымен сабақты бекіту кезеңінде қолданылады. Әлихан Бөкейханов оқушының қажетті білім алуы мұғалімнің шеберлігіне байланысты екендігін айтады. Ол былай деп жазады: «Баланы баулыған оқытушы ісіне шебер болса, өзі де, балаларды табиғатты әліп-бидей оқып, аты бәйгеден келіп, бүркіті түлкі алып қызыққа батады да, қуанады. Бала оқуға күйі түскен қаршығадай, түлеп ұшады», – деп келтіреді [5, 92 б.].

Қорыта келегенде, Әлихан Бөкейхановтың қазақ педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуына өзінің қолтаңбасын қалдырған ғалым деп білеміз. Бұдан бір ғасыр бұрын айтқан Әлихан Бөкейхановтың «ОҚЫТУДЫ АНА ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗУ КЕРЕК» деген пікірі күні бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ.

Әдебиеттер:

1.Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: «Қазақстан», 1994. – 384 б.

2.Сұлтан хан Аққұлұлы. Алаш. Әлихан. Юнеско // Қазақ әдебиеті. – 2015. – №52 (3478) – Б. 8.

3.Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 2 т. «Ә-Г» / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. – 720 б.

4.Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2014. – 18 қаңтар. – №11.

5.Әбдікәрімұлы Б., Байменова Б. Алашорда қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы. – Астана, 2008. – 123 б.

***

Дуйсенбаев А.К.

Идеи патриотического воспитания в назидательных наследиях общественного деятеля Алихана Букейханова

В статье дается описание идей патриотического воспитания в педагогических наследиях деятеля Алашорды Алихана Букейханова, его научных исследований по казахской культуре, Казахской автономии, по проблемам нации, образования и создания казахского национального государства.

***Ключевые слова**: Независимость, Совет Нации, Мәңгілік Ел, язык нации, созидающее государство, Казахское государство, казахская культура, образование, идея патриотического воспитания.*

Duisenbaev A.K.

Ideas of patriotic education in edifying heritage of public figure Alikhan Bukeikhanov

This paper describes the ideas of patriotic education in pedagogical heritage of Alashorda leader Alikhan Bukeikhanov, his research on the Kazakh culture, the Kazakh autonomy, on the problems of the nation, education and the creation of the Kazakh national state.

***Keywords**: Independence, Nation Council, Mangilik El, language of nation upbuilding the state, the Kazakh state, Kazakh culture, education, the idea of patriotic education.*

***

ӘОЖ 378:913

Терещенко Т.А. – география ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: tereshenko_zko@list.ru
Нурмухамбетова А.Е. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: aelita.n93@mail.ru

«БОЛАШАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа. *Мақалада Қазақстандағы «Болашақ» халықаралық білім беру бағдарламасы қалыптасуының тарихы мен дамуы қарастырылған. Даму кезеңдері мен жоғары білікті кадрлардың әлем мемлекеттерінің* жоғарғы оқу орындарындағы *дайындығы географиясы талданған. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Болашақ» халықаралық бағдарламасына қатысуы қарастырылған.*

Тірек сөздер: *Халықаралық стипендия, «Болашақ», жоғарғы оқу орны, қалыптасу тарихы, дайындық географиясы, даму кезеңдері.*

Бәсекелесуге қабілетті кадрлық әлеуетті дайындау казақстандық саясат басымдықтарының бірі болып қалады, бұл «Қазақстан-2050» стратегиясының сәтті іске асырылуының кепілі болып табылады. Қазақстанның ауқымды инфрақұрылымдық дамуы, жаңа өндірістердің құрылуы, біздің елдің аймақтары арасындағы көлік байланыстары барлық түрлерінің дамуы негізінде бизнес-ынтымақтастықтың жандандырылуы қажетті дағдылар мен кәсіби қасиеттерге ие жоғары деңгейдегі менеджерлерге қажеттілікке себепші болды.

Қазақстан халқына арналған «Нұрлы жол - болашаққа қадам» Жолдауындағы бес институционалды реформаларда барлық деңгейде білім берудің жаңа стандартын енгізу, көптілділік үлгісін жүзеге асыру, жоғарғы оқу орнындарының (ЖОО) коммерциялануы, олардың академиялық және басқарушылық дербестігі бойынша нақты міндеттер қойылды. Қазақстандық ЖОО-ның экспорттық әлеуетінің өсуі арқылы халықаралық білім беру нарығына шығу бойынша өршіл басымдықтар тапсырылды.

Қойылған міндеттер шеңберінде жоғары білікті кадрлардың дайындығы басты маңызға ие. Жиырма үш жыл бұрын Елбасының маңызды стратегиялық бастамаларының бірі - «Болашақ» бағдарламасы бойынша халықаралық деңгейдегі жоғары білікті кадрлардың дайындығына старт берілген болатын. Білім беру жүйесінің танылған қозғаушы күші болған «Болашақ» бағдарламасы Қазақстанға жоғары білікті кәсіпқойлар дайындығының әлемдік жүйесіне қосылуға және әлемдік технологиялардың қазақстандық экономикалық және әлеуметтік кеңістікке трансфертін құруға мүмкіндік берді. Бұл бағдарламаның түлектері елдің зиялы дегдарларының бөлігі және жалпы ұлттық бастамалардың жетекші таратушылары болып

табылады. Президенттік стипендия елдің адами капиталының сапасын көтерудің маңызды факторы ретінде де қарастырылады [1].

«Болашақ» халықаралық стипендиясы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1993 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен құрылды.

Посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттер тарихында алғаш рет талантты жастарға шетелде білім алу мүмкіндігі берілді және бағдарламаның басты мақсаты ел экономикасының басым секторлары үшін кадрлар мен мамандарды дайындау болды.

«Болашақ» бағдарламасының қалыптасуында 6 кезеңді атап көрсетуге болады (Кесте 1).

Кесте 1 - «Болашақ» бағдарламасы дамуының негізгі кезеңдері [3; 2; 4]

№	Жылдар	Кезеңдері
1	1993	«Шет елдерде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы халықаралық «Болашақ» стипендиясын белгілеу туралы» № 1394 қаулысы.
2	1994-1999	1994 жылы бір топ қазақстандық студенттер тұңғыш рет шетелдік жоғары оқу орындарына жіберілді. Олар, негізінен, ағылшын тілін білетін қазақстандық жоғарғы оқу орындарының экономикалық және гуманитарлық факультеттерінің түлектері болды. Техникалық факультеттердің түлектері бағдарламада өте аз үсынылды. Бұл, ең алдымен, техникалық мамандықтардың оқу жоспарларында экономикалық және гуманитарлық мамандықтардың оқу жоспарларымен салыстырғанда шет тілдерін аз көлемде игеру жоспарланғанына байланысты болды. Осы кезеңде Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 наурыздағы № 3375 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау тәртібі туралы ереже әзірленген болатын. Ереже құжаттарды қабылдау және үміткерлерді іріктеу рәсімін қарастырды, сондай-ақ стипендиаттарды оқуларын бітіргеннен кейін Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жұмысқа орналастыруды көздеді. Бағдарлама іске асырылған алғашқы жылдары стипендиаттар төрт елде ғана оқыған: АҚШ, Ұлыбритания, Германия және Франция. Кейінгі жылдары шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықтың дамуына, сондай-ақ Үміткерлерді іріктеу ережелеріне кандидаттарды іріктеуді шетелде өз бетімен оқып жатқан үміткерлер арасында жүргізуге қатысты толықтырулардың енгізілуіне байланысты оқу елдерінің географиясы кеңейді.
3	2000-2004	2000 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, инженерлік және техникалық білімі бар үміткерлер шет тілдерінің бірін еркін меңгеру туралы талапты есепке алмай конкурсқа қатысу құқығына ие болды. Осы жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде докторантура бағдарламасы бойынша білім алу мүмкіндігі берілді. 10 жыл ішінде (1994 – 2004 жылдар) 13 елде білім алу үшін 780 стипендия тағайындалды.
4	2005-2011	2005 жылы жыл сайын үш мыңға дейін стипендия санын көтеру шешімі қабылданды. Стипендиаттар санын арттырудағы қажеттілік уақыт талабымен байланысты болды. Қалыптасқан нарықтық экономика жағдайларында мемлекет бәсекеге қабілетті экономика үлгісіне және Қазақстан үшін басымды индустриалды-инновациялық даму, білім және ғылым, менеджмент, маркетинг, логистика, жаңа ақпараттық технологиялар және басқа да салалардағы мамандарға қажеттілік ұдайы өсіп келе жатқан салалардың тұрақты өсуіне негізделген даму жолын таңдады. Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін Қазақстан

		Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі № 301 қаулысымен «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы құрылды. Стипендиаттарға елге қайтып келгеннен кейін бес жыл жұмыс істеу үшін міндеттемелерді бекітіп беретін шарттық база әзірленді, үміткерлерді іріктеудің жаңа Ережелері бекітілді, шетелдік жоғары оқу орындарының географиясы әлемнің 13 елінен 33 еліне дейін кеңейтілді. Шығыс бағыты дамытылып, оқу үшін ұсынылатын шетелдік жоғары оқу орындарының қатарына Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Малайзия және Сингапурдың жетекші университеттері, сондай-ақ посткеңестік мемлекеттердің жоғары оқу орындары енгізілді. Экономиканың басым мамандықтары үшін берілген салаларда (мұнайгаз ісі, энергетика және т.б.) алдыңғы қатарлы технологияларды қолданатын оқу елдері анықталды. 2005-2006 жылдары тағайындалған гранттар саны «Болашақ» бағдарламасын іске асырудың барлық тарихындағы рекордтық сан – 2 574 стипендияға жетті. 2008 жылдан бастап елді мекендерде білім деңгейін арттыру («ауыл жастары» санаты енгізілген), мемлекеттік аппаратты реформалау («мемлекеттік қызметші» санаты енгізілді) және елдің ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту («магистратураға ғылыми-педагог қызметкер» және «тағылымдамаға ғылыми қызметкер» санаттары енгізілді) мақсатында бағдарламаға қолжетімділік кеңейтілген.
5	2011-2015	2011 жылдан бастап бакалавриат бағдарламасы бойынша оқыту тоқтатылды. Жұмыс берушілердің нақты тапсырыстары бойынша мамандар даярлауды және жұмыс беруші, стипендиат және «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ арасында үш жақты шарт жасауды көздейтін бағдарламалық-мақсаттық тетік енгізілді. 2012 жылдан бастап тағылымдама бағдарламасы инженерлік-техникалық, медицина және педагог қызметкерлер санаттарымен кеңейтілді. 2014 жылдан бастап үміткерлерді іріктеу сапасын арттыру үшін шетел (IELTS 3,0-тен IELTS 4,0-ке) және мемлекеттік (75 баллдан 85 баллға) тілдерді білудің ең аз бастапқы деңгейі арттырылды. Магистратура бағдарламасы бойынша конкурсқа қатысу үшін мәдениет және БАҚ қызметкерлері жаңа санаттары енгізілді. Times Higher Education, QS және Academic Ranking of World Universities халықаралық рейтингілеріндегі алғашқы 200 орындағы ғана, ұлттық рейтингілердегі алғашқы 30 орындағы және THE 100 under 50, QS 50 under 50 рейтингілердегі оқу үшін ұсынылған шетелдік жоғары оқу орындарына талаптар қатаңдатылды. 2015 жылдан бастап шет елдік магистратура мен докторантура бағдарламаларына мүмкіндікке қазақстандық магистр және доктор дәрежесімен үміткерлер ие болды. Елді индустрияландыру үшін кадрларды дайындауға бағытталған отандық ЖОО-ның оқу үдерісіне докторанттарды дайындаудың жаңа бағдарламасы - Split-PhD енгізілді. Қазақстанда тіл дайындығын оқшаулау үдерісі іске қосылды, 2015 жылдан бастап «6+6» тілдік даярлаудың жаңа моделі жүргізіледі, яғни 6 ай - елде, 6 ай- шет елде.
6	2016-2020	«Болашақ» халықаралық стипендиясын дамытудың 2016–2020 жылдарға арналған жаңа жоспары «Бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам» өзекті жобаларын іске асыруға бағытталған. 2015 жылы 2020 жылға дейінгі

		«Болашақ» халықаралық стипендиясын дамыту жоспарын әзірлеу Республиканың маңызды экономикалық басымдықтарына сәйкес келу қажеттілігіне, сондай-ақ «Болашақ» бағдарламасын іске асырудың басты бағыттарын жетілдіруге негізделген болатын. Берілген үш бағыт шеңберінде «ЖОО түлегі» санатын алып тастау; «магистратураға инженерлік-техникалық қызметкер» санатын енгізу; «100 қадам» ұлт жоспарының стратегиялық бағыттары бойынша «тағылымдамаға мақсатты топтар» санатын енгізу; тағылымдамаға үміткерлерден басқа үміткерлердің барлық санаттары үшін бакалавр/маман дипломының орташа балына бірыңғай талап – GPA 3,0 балл (4,0 балдан) белгілеу; әлемнің топ 10 бизнес мектебіне өз бетімен түскен үміткерлер үшін MBA бағдарламалары бойынша магистратурада оқу үшін квота енгізу; мемлекеттік және жеке ұйым топ-басшылары үшін Executive Education бағдарламалары бойынша тағылымдамадан өту үшін квота енгізу жоспарлануда.

Өзінің құрылған жылынан бастап «Болашақ» Президенттік бағдарламасы егеменді Қазақстанға қажет халықаралық деңгейдегі мамандардың алғашқы толқынын дайындаудың маңызды міндетін табысты түрде жүзеге асырды. 2010 жылы Астана қаласында әлемдік деңгейдегі ЖОО - Назарбаев Университетінің ашылуы Қазақстанның білімнің әлемдік экспорттаушысына айналуының басы болды. ЖОО-ның барлық білім беру мен ғылыми-зерттеу бағдарламалары әлемнің үздік отыз ЖОО-на енгізілген университеттермен және беделді халықаралық ғылыми ұйымдармен ресми серіктестік бойынша жүзеге асырылады. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде ең үздік шетелдік тәжірибе енгізіліп жатыр және күш жинауда: кәсіптік білім берудің дуалды жүйесі. Ол оқу мен кәсіби қызметтің тікелей байланысын қамтамасыз етуімен бағалы, бұл жас адамдардың уәждемесін бірнеше рет арттырады, таңдалған мамандық бойынша жетілуге көмектеседі. Қазіргі таңда Назарбаев Университетінде «Болашақ» бағдарламасының 200-ден астам түлектері қызмет етеді.

Осылайша, 2011 жылдан бастап бағдарлама магистрлар мен PhD докторлардың мақсатты дайындығына топталды. «Болашақ» бағдарламасының 2011-2015 жылдардағы даму кезеңінде негізгі мемлекеттік даму бағдарламалары бойынша кадрларға, дайындалған мамандарды мақсатты оқыту мен жұмысқа орналастыруға қажеттілік анықталды [5].

23 жыл ішінде іске асырылуынан бастап «Болашақ» халықаралық стипендиясы 12040 қазақстандыққа берілді, олардың ішінен 9 мыңға жуығы оқуларын аяқтады және біздің экономиканың көптеген секторларында қызмет істейді. Оқу географиясы әлемнің 33 мемлекетінде орналасқан 200 жетекші жоғары оқу орындарында өтті [6]. 2015 жылы шет елдерде кадрлар даярлау бойынша Республикалық комиссияның шешімімен «Болашақ» стипендиясы 601 үміткерге берілді, олардың ішінен 439 - магистратура бағдарламасы бойынша, 40 - докторантура, 122 - тағылымдамалар. Сонымен бірге докторантураға стипендия саны екі есе арттырылды және соншамаға кәсіби тағылымдамалар саны қысқартылды [7]. Берілген бағдарлама бойынша оқу географиясы келесідегідей ерекшеліктермен сипатталады: стипендиаттардың жартысынан астамы (53%) Еуропаның ЖОО-да оқиды, соның ішінде Ұлыбританияда - 46 %, батыс Еуропаның басқа мемлекеттерінде - 7%, АҚШ пен Канадада - 39,5%, Азия мен Океанияда - 4,5%, Ресей Федерациясында - 3% [8].

Қазіргі таңда «Болашақ» бағдарламасы бойынша кадрларды дайындауды 2005 жылдың 4 сәуірінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 301 қаулысымен құрылған «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ ұйымдастырады және бақылайды. Қызметтің негізгі бағыты шет елде кадрларды дайындаудың, қайта

дайындаудың және біліктігін арттырудың халықаралық бағдарламалары бойынша шаралар кешенін іске асыру болып табылады.

Бағдарламаның құрылған кезінен бастап «Болашақ» стипендиясын беру үшін үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар қалыптасқанын атап өтуге болады, олар келесідегідей 6 санатпен анықталады. Бірінші санат - шет елдік ЖОО-на өз бетімен түскендер және бесеуі - үлестік санаттар, олардың қатысушылары ішінде мемлекеттік қызметкерлер, ғылыми, педагогикалық, инженерлік-техникалық қызметкерлер, мәдениет, БАҚ қызметкерлері және дәрігерлер. Бұл санат үшін белгілі артықшылықтар жасалған, яғни «Болашақ» бағдарламасымен түсу алдында оларға шет тілін 9.0 жоғары деңгейде білу міндетті емес, 5.0 орташа деңгейде білу жеткілікті болып табылады. Егер потенциалды стипендиат осы талаптарға сәйкес келсе, онда ол құжаттарды тапсырады және төрт турдан өтеді (ағылшын тілі білімі, «Казтест» жүйесі бойынша қазақ тілі білімі, психологиялық тестілеу мен сұхбаттасу). Барлық төрт турды сәтті өткен үміткер «Болашақ» стипендиясын алады, бұдан басқа барлық үлестік санаттар тілдік курстан өтеді және тестті стипендия есебінен тегін тапсырады. Сонымен қатар, потенциалды стипендиаттарға 2 жылдық жұмыс тәжірибесі, бакалавр диплом балы 4.10-ден жоғары, жаңа жүйе бойынша - 3.0 сияқты талаптарды орындау қажет [9].

Қазіргі уақытта «Халықаралық бағдарламалар орталығының» АҚ бірнеше мемлекеттерде өкілдіктері бар, соның ішінде Ұлыбританияда, Германияда, Ресейде, Қытайда және АҚШ-та. Орталықта 120 қызметкер жұмыс істейді, олардың ішіндегі 21% шет елдің ЖОО-да білім алды, соның ішінде 13 адам «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқудан өтті. «Халықаралық бағдарламалар орталығының» АҚ стратегиялық мақсаты - елді сапалы түрде экономикалық және саяси дамудың жаңа деңгейіне әр түрлі салаларда жоғары білікті мамандарды дайындау жолымен Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму стратегиясына сәйкес шығара алатын кәсіпқойлардың жаңа ұрпағын құру болып табылады.

2001 жылға қарай барлық стипендия түлектерін топтастыратын және әр түрлі қоғамдық институттарда олардың мүдделерін ұсына отырып, олардың мәселелерін шешетін ұйымды құру қажеттілігі туындады. Қазақстан Республикасы Президентінің Халықаралық стипендиясы иегерлері 2001 жылдың 31 наурызында Түлектер Қауымдастығын құрды. Ұйымның негізгі қозғаушы күші мемлекеттің прогресшіл және келешекті жас мамандарының бірлестігі ретіндегі бағдарламаның түлектері болды. «Қазақстан-2050» стратегиясын іске асыру, мамандардың сабақтастығын қамтамасыз ету, жасампаздық пен жаңашылдық арқылы бұрынғы дәстүрлерді сақтау - қауымдастық жұмысының негізгі қағидалары болып табылады.

«Болашақ» Қауымдастығы өзінің дамуының негізгі бағыттарының бірі - елдің мемлекеттік, экономикалық және қоғамдық өмірінің әртүрлі салаларында «Болашақ» қауымдастығы стипендиаттары арасынан құзырлы сарапшылық бірлестіктің қалыптастыруын көреді. Қауымдастық миссиясы елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету және экономикалық қуатты Қазақстанды құру үшін стипендиаттардың күш-жігері мен тәжірибесінің бірігуі, қазақстандық жастар белсенділігінің нығаюы мен артуы болып табылады.

Қатысушылар инклюзивті білім берудің негізгі бағыттарын, жалпы ұстанымын түсінуге, практикалық міндеттерді іске асыру одан әрі дамытып жетілдіруге бірауыздан шешім қабылдап, инновациялық білім беруде төмендегідей қажетті ұсынымдарды әзірледі.

***

20 октября 2016 года В Западно-Казахстанском государственном университете им. М. Утемисова совместно с ФГБОУ ВО «Оренбургский государственный педагогический университет» прошла Международная научно-практическая конференция на тему «Актуальные проблемы теории и практики инклюзивного образования», посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан

Цель: систематизация, обобщение научного и практического международного опыта, создание условий для успешного применения и передачи инклюзивных практик, вовлечение педагогического сообщества и общественности в разработку решений в системе специального и инклюзивного образования, ресурсного обеспечения данного процесса.

Всего в конгрессе приняли участие 190 человек.

География участников конференции – Корея (Сеул), Израиль (Тель Авив), Республика Молдова (г. Кишинев), Республика Казахстан (г. Актобе, Уральск, Алматы, Атырау, Караганды, Актау, Тараз), Российская Федерация (г. Москва, г. Оренбург, г. Челябинск, г. Соль-Илецк).

На пленарном заседании конференции выступили со своими докладами ведущие ученные ближнего и дальнего зарубежья. Был открыт центр инклюзивного образования «Тепло души».

Конферния работала по следующим направлениям:

1. Психолого-педагогическое сопровождение лиц с особыми образовательными потребностями (ООП) в современном образовательном пространстве.

2. Актуальные проблемы инклюзивного и специального образования лиц с особыми образовательными потребностями (ООП).

3. Особенности организации педагогического процесса в учебных заведениях с инклюзивным и коррекционным образованием.

А так же был проведен мастер – класс на тему «Толерантность как основа инклюзивной компетентности педагога образовательного учреждения».

В ходе конференции его участники представили доклады, провели мастер-классы по актуальным вопросам теории и практики специального и инклюзивного образования, обсудили международный опыт в данном направлении, выработали концептуальные подходы к решению проблем инклюзивного образования.

Участники конференции обсудили широкий круг вопросов, связанных с развитием инклюзивных процессов в общем и профессиональном образовании:

использование специальных и инновационных технологий для реализации Стандартов обучающихся с ограниченными возможностями / ограниченными возможностями здоровья;

подготовка специалистов-дефектологов, специальных психологов, тьюторов;

формирование правового поля инклюзии в мировой практике: В Республике Корея, Израиле, Республике Казахстан, Российской Федерации, Молдове.

В рамках Международной научно-практической конференции был вынесен на обсуждение ряд актуальных вопросов:

• Государственная политика в области инклюзивного образования (законодательное обеспечение и правовое регулирование инклюзивного образования и положения детей-инвалидов и инвалидов).

• Практика инклюзивного образования в России и Казахстане (модели, методики, психолого-педагогические технологии инклюзивного образования, опыт работы по интеграции лиц с различными отклонениями в развитии на всех уровнях и ступенях образования, психолого-педагогическое сопровождение инвалидов в инклюзивном образовании, проблемы взаимодействия ПМПК и семьи в инклюзивном образовании и пути их решения, тьюторская поддержка, медицинское сопровождение ребенка с особыми образовательными потребностями в инклюзивном образовании и т.д.).

• Подготовка кадров для инклюзивного образования (совершенствование профессионально-педагогической подготовки студентов, формирование нового направления в педагогике – инклюзивная педагогика, психологическая неготовность учителя к внедрению системы инклюзивного образования и т.д.).

• Научно-методическое обеспечение инклюзивного образования (методология, технологии, модели, ресурсное обеспечение, условия и механизмы, информационная и социально-педагогическая поддержка, организационно-педагогические условия формирования инклюзивной образовательной среды и т.д.).

• Формирование доступности образовательной среды (предпосылки, тенденции, проблемы, приоритетные направления и перспективы развития инклюзивного образования в Казахстане, России и т.д.).

Участники Международной научно-практической конференции были едины во мнении о том, что в системах образования разных стран инклюзия признается приоритетным и эффективным социальным механизмом, реализующим право каждого человека на его получение; ЮНЕСКО признало инклюзивное образование как целостный феномен, предполагающий равный доступ к качественному образованию всех лиц без исключения; принципы инклюзии базируются на идеях гуманизма, на возможностях развитии интеллекта и творческих способностей, на балансе интеллектуальных, этнических, эмоциональных и физиологических компонентов каждой личности; Конвенция ООН по правам инвалидов требует, чтобы дети и студенты с инвалидностью учились вместе со своими здоровыми сверстниками в дошкольных образовательных организациях, школах, организациях дополнительного образования, ссузах, вузах.

Участники Конференции отметили **в целом:**

– положительную динамику в решении проблем инклюзивного образования в мировой практике, в том числе в Российской Федерации и в Республике Казахстан;

– общие трудности в организации инклюзивного образования обучающихся с особыми образовательными потребностями в мировой практике, положительный опыт реализации технологий инклюзивного образования в Российской Федерации, Республике Казахстан.

– развитие социального партнерства в области образования лиц с особыми образовательными потребностями и их трудоустройства.

***

23 ноября 2016 г. в ЗКГУ им. М. Утемисова прошла международная научно-практическая конференция «25 лет Независимости Республики Казахстан и перспективы Евразийской интеграции»

На пленарном заседании выступили с докладами:

1.Тасмагамбетов Асет Сембаевич – д.и.н., профессор, 1-й проректор ЗКГУ им. М. Утемисова – «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазакстанның даму жолдары» (РК, г.Уральск)

2. Байниязов Рустам Сулейманович – д.ю.н., профессор Поволжского института Всероссийского государственного университета юстиции – «Межэтническое и межконфессиональное многообразие современного Казахстана: социальный образ, нравственная сила и государственное единство» (РФ, г. Саратов)

3.Мергалиева Лилия Игоревна – д.э.н., профессор ЗКГУ им. М.Утемисова – «Экономический прагматизм в современных условиях развития евразийской интеграции» (РК, г. Уральск)

4.Москвин Илья Юрьевич – к.и.н., пресс-секретарь Ассамблеи народов Оренбургской области, эксперт АНО "Содружество народов Евразии" – «Казахстан – Россия: приграничное сотрудничество, гуманитарный аспект (пример Оренбуржья)» (РФ, г. Оренбург)

5.Жумина Асия Тулеубаевна, руководитель экспертно-аналитического отдела КГУ "Қоғамдық келісім" аппарата акима ЗКО – «Роль АНК в укреплении общенационального единства» (РК, г. Уральск)

6.Цатхланова Тамара Тавиновна – д.э.н., профессор Калмыцкого государственного университета – «Туризм как фактор сотрудничества России и Казахстана» (г.Элиста, РФ)

7.Базарбаев Амангельды Аскарович – генеральный директор Фонда поддержки научных исследований "Мастерская евразийских идей" – «Гуманитарное сотрудничество России и Казахстана: к драйверам развития ЕАЭС» (РФ, г. Саратов)

8.Погодин Сергей Михайлович – к.и.н., председатель правления ОО «Центр русской культуры» – «Роль этнокультурных объединений Западно-Казахстанской области в укреплении казахстанской идентичности» (РК, г.Уральск)

В работе конференции приняли участие представители целого ряда казахстанских вузов, расположенных в Уральске, Астане, Алматы, Кустанае, Петропавловске, а также учёные из Российской Федерации: из Оренбурга, Омска, Саратова и Элисты.

Повестка дня конференции была очень насыщенной – на пленарное и на секционные заседания были заявлены 52 научных доклада.

Работа конференции прошла по основным направлениям:

1.Достижения Республики Казахстан за годы независимости, реализация в Казахстане евразийской идеи, укрепление казахстанской идентичности, единства и межнационального согласия;

2.Перспективные экономические модели, бизнес-проекты, гармонизация правовых систем и антикоррупционная политика в контексте модернизации Казахстана и развития ЕАЭС;

Материалы конференции были изданы в сборнике научных работ.

***

2016 жылы қараша айының 24-і күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде *«Қазіргі әдебиеттану, тілтану мәселелері және жазушы-драматург Рахымжан Отарбаев шығармашылығы»* атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтікізілді

Конференция *«Талант тұғыры»* атты бейнефильммен ашылды. Конференцияның пленарлық мәжілісінде *Орал қаласының әкімі Төреғалиев Нариман Төреғалиұлы, белгілі жазушы, қоғам қайраткері Құлкенов Мереке Әбдешұлы, еңбек ардагері, жазушының студент кездегі кураторы Меруерт Жолдықайырқызы Жолдықайыровалар* алғашқы болып сөз алып, қаламгерді мерейлі 60 жасымен құттықтады.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, академик Асхат Сәлімұлы Иманғалиев конференцияны аша отырып, кіріспе сөзінде казак әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы-драматург, мерейтой иесі *Рахымжан Қасымғалиұлы Отарбаевты* құттықтай келе, университеттің ғылыми Кеңесінің шешімімен білім ордасының түлегі, мерейтой иесі, жазушы-драматург Р.Қ.Отарбаевқа *«М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың құрметті профессоры»* академиялық атағы берілгенін жариялап, жазушы-қаламгер иығына профессорлық мантия жауып, арнайы куәлік табыс етті.

Пленарлық мәжілісте Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың құрметті профессоры, *ақын Ақұштап Бақтыгерейқызы Бақтыгереева* «Рахымжан – өзіндік мінез, өзіндік қолтаңбасы бар қаламгер», «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының директоры, п.ғ.д., профессор *Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев* «Рахымжан Отарбаев – текті сөздің зергері», ф.ғ.к., доцент *Рита Бекжанқызы Сұлтанғалиева* «Рахымжан Отарбаев драматургиясы: тарихи драма, тарихи тұлға, көркемдік шешім және жаңашыл көзқарас», БҚО, Сырым ауданы, жалпы білім беретін Бұлан орта мектеп-балабақша кешенінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі *Ләйлі Науайқызы Мақсотова* «Жазушы Р.Отарбаев шығармаларының оқушының сөйлеу мәдениетін дамытудағы орны» тақырыптарында ғылым-тәжірибелік баяндамалар жасады. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, *ақын Амангелді Ғұбайдоллаұлы Шахин* жазушыға арнаған «Оралыңа оралып тұр сағынтып» атты өлең-жырын ұсынды.

Конференция барысында *студент Еркеназ Қалижан жазушы Рахымжан ағаға арнаған өлеңін – төл туындысын оқыса,* филология факультетінің студенттері *Еркебұлан Ғилманов, Мейрамбек Орынғалиев, Асланбек Шығыров,* БҚО, Сырым ауданы, ЖББО Бұлан мектеп-балабақша кешенінің оқушылары *Ғаділжан Базарбаев, Гүлден Сағидоқас, Инабат Русланқызы* жазушы-драматург Р.Отарбаевтың шығармаларынан үзінділерді мәнерлеп оқыды.

Пленарлық мәжіліс соңында қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, мерейтой иесі *Рахымжан Қасымғалиұлы Отарбаев* сөз алып, университет ректоратына алғыс айтып, оқырмандар сауалдарына жауап берді.

Конференция барысында *«Жазушы-драматург Рахымжан Отарбаевтың шығармашылық шеберханасы және әдебиеттану, тілтану мәселелері», «Қазіргі қоғамдағы және білім беру саласындағы сөйлеу мәдениеті: теориясы, тәжірибесі, оқыту технологиясы және тәрбиелік мәні» атты секциялық мәжілістері* ұйымдастырылды. *Профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың «Кәсіби іскер маманның ауызша сөйлеу арқылы әсер ету моделі» атты шеберлік класы (мастер-класс) өткізілді.* Конференция түйіні ретінде БҚО Қазақ драма театрының ұйымдастыруымен жазушы – драматург Рахымжан Отарбаевтың «Жәңгір хан» драмасы қойылды. Конференция қорытындысында жинақталған материалдар негізінде арнайы ғылыми жинақ жарық көретіні айтылды.

***

Есімі өлкеге, Жайық жұртына ғана емес, республикаға мәшhүр ұлағатты ұстаз, сөйлеу өнерінің зергер ұстасы, қазақ әдебиетінің шынайы жанашыры, «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі», «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Тіл жанашыры» төсбелгілерінің, «ҚР Тәуелсіздігіне –10 жыл», «Ерен ерлігі үшін», «Қадыр Мырза Әлі» атындағы медальдардың иегері, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әдебиеттанушы, ғалым Серіккали Ғабдешұлы Шарабасовтың туылғанына 70 жыл толуына арналған «Ұмытылмас есім: ұстаз, ғалым, тұлға» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті

Конференция «Сөз сардары – нар тұлға» атты ғалым-ұстаз өміріне арналған бейнефильммен ашылып, сахнаға конференция трибунасының құрметті төралқасы таныстырылды. Конференцияға құрметті шақырулы қонақтар, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, Бисенғали Зинол-Ғабден Қабиұлы, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың Құрметті профессоры Бақтыгереева Ақұштап Бақтыгерейқызы және профессор-оқытушылар, магистранттар мен студенттер, ғалым-ұстаздың жан-жары Әспет апай мен балалары қатысты. Шешендік өнердің озық үлгісіндей, ділмар ұстаз Серіккали Шарабасовты еске алуға келген қонақтар ғалым-ұстаздың жасаған игі істерін еске түсіріп, ғылым мен әдебиетте сіңірген еңбегін бағалап, сөз сөйледі.

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» - деп, ұлы Абай айтқандай, Серіккали Шарабасов Ғабдешұлы - әр шәкірттің жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен есте қалған ұстаз. Ғалым-ұстаз қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерімен айналысып ғылыми еңбектер де жазған болатын. Сол еңбектер топтастырылып кітап болып басылып шықты. Кітаптың тұсаукесері де конференцияда аталып өтті.

Конференция соңында ғалым-ұстаздың жан-жары Әспет апай ұйымдастыру алқасына алғысын айтып, көп естеліктерін еске түсіріп, конференцияны қорытындылады.

«Үлкенмен, кішімен де араласып,
Жүретін даңғылында дара басып
Айып па айбыны асып тұрса егер де
Жайықта Серіккали Шарабасов.
Күн сайын тиістісіз түлеуге, аға,
Керек қой «Шілпіктерге» тіреу дара.
...Қайыққа көппен бірге сыймай тұрын
Жайықта Шарабасов біреу ғана», - деп, өскелең ұрпақты азаматтық мінезімен, еңбекқор қасиетімен, сергек болмысымен өмірлік үлгі алатын ғалым-ұстаз,тұлға ретінде қалыптастырған Серіккали Шарабасовты еске алуға арналған республикалық ғылыми-конференция өз мәресене жетті.

***

8 желтоқсан күні «VII Махамбет оқулары» ғылыми-тәжірибелік конференциясыболып өтті

Махамбет мұрасынан төгілер өнеге мол. Ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында баһадүр бабамызға арналған алуан жиындар баршылық. Бірегейі күні бүгін оздырылды. Ол – «VII Махамбет оқулары» ғылыми-тәжірибелік конференциясы.

8 желтоқсан күні, рухани байлық бақшасы М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да өткізілген көлемді отырыс бірқатар баяндамашылардан құралды. Қазақ филологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен түрлі ғылыми тұлғалар, университет пен мектеп мұғалімдері, магистранттар шақырту алған болатын. Бума бағдарламаға сай конференция өкілдері түгелдей қатысып, тақырыпқа сай сөз тарқатты. Шара бастау алмастан бұрын университет проректоры Ә.С.Тасмағамбетов алғы сөзін арнап, ректордың құттықтауын жолдады. Алғашқы баяндама иесі п.ғ.д., профессор, "Махамбет" ГЗИ директоры А.С.Қыдыршаев "Махамбет - арымас Алаш арысы, бұлқынған асау намысы" тақырыбында ой өрбітті. Кейіпкеріміздің бөлек болмысына, оның казак поэзиясында қырын боп тұруына әсер еткен бағзы заманның Доспамбет, Шалкиіз, Асан қайғы сынды дуалы ауыздылардың ықпалы екендігін айтты. Ежелгі синкретті өнерді меңгеруі Махамбеттің дараланyына алып келгендігін баяндай келе, сөз зергері Р.Отарбаевтың тұлға туралы пікірін де тілге тиек етті. Көрнекті ақын Ж.Молдағалиевтің дарабозға арналған «Қабір басында» өлеңінен үзінді келтіріп, Р.Ниязбек атты ақын ағамыздың 200 жырдан тұратын «Махамбет майданы» кітабынан ақпарат берді. «Махамбет» ГЗИ-дың есігі қашан да ашық екендігінен хабардар етіп, тың жаңалықтардың әлі де ашылу қажеттігін түсіндірді.

Кезек ф.ғ.д., аға оқытушы Қ.Ғ. Аронов ұстазға келіп, «Махамбет шығармаларындағы теңеулер қолданысы» атты баяндамасы оқылды. Баяндаманың негізі – батырдың ақындығы. Өлеңдер жүйесі мен ондағы көркемдеуіш құралдар қарастырылды. Түрлі теңеулерді жіктеп, үзінділер келтірді.Түйдек-түйдек теңеулері таңдай қақтыратын тармақтарын мысалдармен тізбектеді. Махамбет поэзиясын биіктетіп тұрған лирикалық, эллегиялық сипат басым екендігін жеткізіп, жоғары пафос, романтизмге толы туындыларының жасалуы осы өзге айрықша теңеулердің арқасы екендігін баса айтты.

Ғылыми-тәжірибелік жиын ф.ғ.д., аға оқытушы Ғ.Қ.Хасановтың «Құлмат Өмірәлиевтің Махамбет зерттеулеріне қосқан үлесі» атты баяндамасымен жалғасты.

Ақын шығармашылығын өз көзімен де саралап, туындылар түгелдей дерлік Махамбеттікі болып санала ма, жок па деген сауалдарға жауап ізделінген. Ақжайықтың ақ шағаласы атанған, ақын А.Бақтыгереевага сөз ұсынылды. Жанашыр апамыз тұлға болмысына тәнті болып, оған бас иетіндегін білдірді. Махамбет Өтемісұлы жайында туындаған пікірлердің біраиыздылыққа, зерттеулердің бірізділіккe түспей келе жатқанына қынжылды. Әр қазақтың баласы махамбеттанушы болса деп тілек білдірді. Сондай-ақ, магистрант А.Жамбылқызы Исатай Кенжалиевтың баба өміріне сай зерттеулері туралы баяндады. Тұлға жайында сыр шертетін «Махамбет Өтемісұлы» еңбегіне сипаттама берді. Ал, осы оқу орнынан түлеген, бүгінгі таңда мектеп мұғалімі Н.Бекболатова тақырып төңірегінде жақсы дайындығын көрсетті. Өзіндік тұлғалық болмыстың баспалдағы Махамбет өлеңдерін оқып, ерліктерін сезіну деп санайтындығын жеткізді. Ақын поэзиясындағы ұлтжандылық қасиеттің есіп тұрғандығын байқата, мектеп оқу жүйесінде аруақты ер атында үйірме бар екендігін хабарлады. Батыр мирастарын меңгертуді мақсатында жұмыстанып, дәстүрлі және қазіргі жаңа оқуту әдісі арқылы игертіліп жүргендігін жеткізді. Қорытынды бөлімде шара модераторы А.С.Қыдыршаев қалың том-том еңбек-зерттеулердің кішкене кесегі қозғалғанын айтып, түйін сөз БҚМУ ғылыми жұмыстар проректоры, профессор Ғ.И.Имашевқа берілді. Қатысушыларға алғыс айтылып, «Махамбет оқуларының» аудиториясы жыл сайын арта түсуін тілейтіндігін білдірді.

БІЗДІҢ МЕРЕЙТОЙ
НАШИ ЮБИЛЯРЫ
OUR JUBILEES

Жұмағазиева Шәнда Жұмағазықызы

Жұмағазиева Шәнда – тыл ардагері. Ұлы Отан соғысы жылдары «жалған» аэродромдардың құрылысына үлесін қосқан. Окоп қазып, жаралыларға көмек көрсеткен.

Жұмағазиева Шәндә 1926 жылы Бөкей Ордасы ауданында дүниеге келген. Осы ауданның М.Горький атындағы орта мектебін бітірді.

Ол жас кезінен домбыра тартумен айналысып, балалардың 1943ж. облыстық домбырашылар сайысына қатысып, Алматыға Республикалық фестивальға жолдама алады.

Онда өзінің сүйікті күйі «Адайды» орындап, әділқазылар тарапынан жоғары бағаланды. Бұл әділқазылар құрамында музыка өнерінің шоқ жұлдыздары: Дина Нұрпейісова, Ахмет Жұбанов, Қанабек Байсейітов, Күләш Байсейітова, Шара Жиенқұловалар болды.

Мектепті бітірген соң Шәнда Жұмағазықызы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты, филология факультетіне оқуға түсіп, бір жыл оқып, Алматыдағы музыкалық училищеге оқуға түсуге кетеді. Алматыдағы бұл училище тұңғыш Қазақ консерваториясына айналып, Шәнда Жұмағазықызы консерваторияға түседі. Бірақ орбасы жағдайына байланысты консерваторияны бітіре алмайды. Кейіннен оқуын ҚазМУ-де жалғастырады да, 1948 жылы оқуын бітіреді.

1948 жылы ҚазССР оқу министрлігінің жолдамасымен Орал педагогикалық институтына оқытушы болып орналасады да, 1996 жылы зейнеткерлік демалысқа шығады.

Шәнда Жұмағазықызы жартығасырлық ғұмырын ұстаздық қызметке арнады. Сапалы, үздік педагогикалық кадр даярлауда Шәнда апайдың еңбегіне баға жетпейді.

Шәнда Жұмағазықызы қазір зейнеткерлік демалыста.

Құрметті Шәнда Жұмағазықызы!

Сізді М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті қазақ филологиясы кафедрасының ұжымы 90 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Сіз - өмірде өзінің өнегелі өмірімен, жұртқа жасаған жақсылығымен, адал еңбегімен өзгелерге үлгі, ғибрат боларлық абзал адамсыз.

Сіз ана тіліміздің, туған әдебиетіміздің болашағы үшін аянбай күрестіңіз, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің білікті мамандарын даярлауды өмірлік мақсат етіп қойдыңыз. Жүздеген жастардың бойына білім нәрін егіп, үлкен өмірге аттандырдыңыз. Шәкірттерге білім берумен қатар қоғамдық, ғылыми және тәрбие жұмысына саналы ғұмырыңызды арнадыңыз.

«Ұстаздық – ұлы құрмет, себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді» дейді. Сіз талай ұрпақты үлкен өмірге аттандырған бақытты ұстазсыз.

Өмір керуенінде өзінің уақытын аямай, шәкіртінің бақытын аялай білген Сіз ұстаз бақытын адал еңбегіңізбен таптыңыз. Сіз бар өмірін бала тәрбиесіне арнаған аяулы ұстазсыз, мыңдаған шәкірттеріңіздің жүрегіне сөз өнерінің құдіретін ұялата білген білгір мамансыз.

Құрметті Шәнда апай! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат тілейміз! Мерейжасыңыз құтты болсын!

Ізгі тілекпен: М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың
қазақ филологиясы кафедрасының ұжымы

***

Болатова Қанжан Беймұханқызы

Қанжан Беймұханқызы Болатова 1946 жылы қазан айының 7 жұлдызында Орал облысы Камень ауданы І-Шежін ауылында дүниеге келген.

1964 жылыІІ-Шежін орта мектебін үздік аяқтап, сол жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультетіне оқуға түседі. 1969 жылы аталмыш институтты «география-биология» мамандығы бойынша тәмамдап, Қазақ ССР Ағарту министрлігінің жолдауымен Жаратылыстану-география факультетінің «Зоология» кафедрасына оқытушы ретінде қызметке қалдырылды.

Қанжан Беймұханқызы ұзақ жылдар бойы Солтүстік Каспий маңы өлкесінің жануарлар биоалуантүрлілігі мен оларды қорғау проблемалары, сондай ақ мектепте және жоғары оқу орындарында биология пәндерін оқыту әдістемесін жетілдіру бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Зерттеу нәтижелері халықаралық, республикалық, аймақтық конференцияларда баяндалып, көптеген халықаралық, республикалық, аймақтық басылымдарда 80-ге жуық ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектері жарық көрген. Соның ішінде «Батыс Қазақстан облысының жануарлар әлемі», «Батыс Қазақстанның сирек кездесетін жануарлары», «Омыртқасыздар зоологиясынан оқу-дала сараманы», «Эволюциялық ілім» тәрізді оқу және оқу-әдістемелік құралдары үлкен сұранысқа ие.

Қанжан Беймұханқызыстуденттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына және 30-дан астам диплом жұмыстарына жетекшілік жасайды. Аймақтық және облыстық деңгейдегі ғылыми конференциялар ұйымдастыру алқасының мүшесі ретінде көптеген ұйымдастырушылық қызмет атқарады.

Қанжан Беймұханқызы«Адам және жануарлар зоологиясы, анатомиясы және физиологиясы» кафедрасының меңгерушісі (1999-2003жж.), Педагогикалық институт директорының орынбасары (2005-2007жж.) болып қызмет атқарған. Екі мәрте Ленинград қаласындағы Герцен атындағы пединститутында (1979ж., 1987ж.) және «Экология» мамандығы бойынша Алматы қаласындағы Абай атындағы ҚазҰПИ-дан 2003 жылы біліктілікті артыру курсынан өткен.

Қанжан Беймұханқызы «Еңбек ардагері» медалімен, ҚР Білім министрлігінің «Құрмет грамотасымен» (1992ж.), ҚР Білім министрлігінің «Отличник Образования РК» төсбелгісімен (1995ж.), «Ы. Алтынсарин» белгісімен (2007ж.) марапатталған.

Қазіргі таңда Қанжан Беймуханқызы «Биология және экология» кафедрасында аға оқытушылық қызметін атқарып келеді.

Құрметті Қанжан Беймұханқызы!

Сізді М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз.

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – Ұстаз.

Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаз жандардың бірегейі-Сізсіз!

Шәкірттеріне аса мейірімді, сөзіне берік, шыншыл мінезді, жүрегі батыр, өнегесі асыл, жаны жомарт, пейілі дарқан, ерен еңбекшіл, байламы берік, ойы өткір Қанжан Беймұханқызы еңбекте де қажыр-қайратыңыздың арқасында талай абырой биігінен көрініп, ұрпағыңызға үлгі болар абзал жан ретінде өзіңізді танытып-ақ жүрсіз. Сізге денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз! Мерейіңіз үстем, қадір-қасиетіңіз зор болсын.

Ізгі тілекпен: М. Өтемісов атындағы БҚМУ – дың биология және экология кафедрасының ұжымы

***

Джумашева Алтын Айткалиевна

Замечательная и милая женщина Алтын Айткалиевна Джумашева родилась 4 декабря 1946 года в п.Переметное Зеленовского района. В селе прошло ее детство. Окончив семь классов сельской школы, она продолжила обучение в Областной казахской школе-интернате №11 имени С.Сейфуллина. После окончания Уральского педагогического института имени А.С.Пушкина по специальности «Учитель физики» в 1968 году была направлена на работу в сельскую школу. Через год одновременно получила рекомендацию на работу в райком комсомола, как имеющая успешный опыт работы комсомольского секретаря в школе, и приглашение на кафедру физики и основ производства нашего университета. Выбрав второй путь, Алтын Айткалиевна осталась верна педагогической профессии.

Педагог высокой квалификации Алтын Айткалиевна на высоком профессиональном уровне проводит лекционные, практические и лабораторные занятия по различным разделам физики. Особую значимость имеет ее работа по дисциплинам методического цикла в области теории и методики преподавания физики. Активное участие Алтын Айткалиевна принимает в подготовке будущих учителей физики и астрономии к работе в современных условиях, в условиях реализации реформы образования Республики Казахстан, совершенствования содержания и внедрения инновационных образовательных технологий. Важна роль

Алтын Айткалиевны в подготовке и проведении педагогической практики студентов. В этом большое значение имеет ее тесная связь со школами города и области. Многие годы она сотрудничала с педагогическим лицеем (ныне ОСШИОД) и Областной казахской школой-интернат-комплексом для одаренных детей №11 имени С.Сейфуллина.

Хорошие знания процессов, непрерывно протекающих в системе образования, в реформе содержания и технологии обучения физике находит отражение в тематике дипломных работ. Выбор тем определяется их актуальностью, значимостью в теоретической и профессиональной подготовке студентов в школе: проблемное обучение и компьютерные технологии как технологии обучения физике, организация самостоятельной и профориентационной работы при обучении физики, методика изучения основных понятий и законов классической и современной физике и др.

Алтын Айткалиевна отличается постоянным стремлением к профессиональному совершенствованию, самообразованию. Периодически она повышала квалификацию на соответствующих курсов в ведущих вузах Алматы и Москвы. Общение с ведущими педагогами, учеными находит непосредственное отражение в ее работе со студентами.

За значительные успехи в деле обучения и воспитания подрастающего поколения Алтын Айткалиевна Джумашева награждена нагрудным знаком «Ы.Алтынсарин», медалью «Ветеран труда» и отмечана благодарственными письмами и грамотами университета.

Необходимо также отметить, что Алтын Айткалиевну отличают особая доброта и доброжелательность. Она сохраняет теплые, бескорыстные отношения со своими одноклассниками, однокурсниками, коллегами, друзьями, со всеми, кто ее окружает.

Дорогая, уважаемая Алтын Айткалиевна, от всего сердца поздравляем с юбилеем! Примите наши искренние пожелания здоровья, долголетия, семейного благополучия, добра и счастья. Вы достойно достигли почтенного возраста. Пусть греет Вас душевное тепло всех, кого вы щедро одариваете своим теплом.

Коллектив кафедры физики и математики

***

Ержанова Ұлдай Рысқалиқызы

Ұ.Р.Ержанова - 1956 жылы 26 қараша күні РФ, Саратов облысы, Ершов ауданы, Новорепино елді мекенінде дүниеге келген.

1974 жылы Казталов ауданы, Богатырев орта мектебін бітіріп, сол мектепте бір жыл мұғалімдік қызмет атқарған.

1975 - 1979 жылдары А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын үздік дипломмен аяқтаған.

1979 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, доцент, кафедра меңгерушісі, қызметтерін атқарды.

1997 жылы Алматы қаласындағы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының диссертациялық кеңесінде «Орал облысы жер-су атауларының этнолингвистикалық сипаты» тақырыбында кандидаттық

диссертациясын сәтті қорғап шығады. 2000 жылы «Ақжайық өңірінің топонимиясы» атты монографиясын жарыққа шығарады. 2001 жылы Жоғарғы аттестациялық комиссияның шешімімен доцент атағына ие болды.

Ұ.Р.Ержанованың «Қазіргі қазақ тілі синтаксисі» (2002 ж.) мен «Бақылау-пысықтау жаттығулар жинағы» (2004 ж), «Қазіргі қазақ тілі грамматикасының тілдік құрылымы» (2013 ж) атты негізгі оқу құралдарын республиканың барлық жоғарғы оқу орындары оқу үрдісінде пайдалануда. Өйткені бұл оқу құралдары Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен шығарылып, таратылды. «Құрмалас сөйлем синтаксисі», «Лингвистикалық сөзжұмбақ», «Орыс аудиториясына арналған қазақ тілі» атты үш электронды оқу құралы университеттің оқу залдарында студенттердің қолданысында. «Ақжайық өңірінің топонимиясы», 2002 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналып, «Батыс Қазақстан облысы жер-су атауларының сөздігі», «Орал қаласы көше атауларының баяны» (2010 ж.) атты монографиялары элективті пән ретінде барлық бөлім студенттерінің негізгі оқу құралына айналды.

Республикалық, облыстық, аймақтық кеңестердің, комиссиялардың, комитеттердің, жұмыс топтарының қоғамдық жұмыстарына белсене араласқан.

1986-90 жылдары алғашқы университетте құрылған «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы болып сайланған;

Республикалық КАЗТЕСТ жүйесінде тапсырмаларымен жұмыс жасаған;

Бірнеше жылдар ***облыстық, қалалық ономастикалық комиссия мүшесі*** қызметінде болып, облысымыздың атауларын, көше атауларын қалпына келтіруге белсенді араласқан;

Ғылым және білім министрлігінің бұйрығымен 2005-2008 жылдары Ақтөбе педагогикалық институтында, 2009-2011 жылдары Ж.Досмұхамбетов атындағы педагогикалық колледжде, ***Мемлекеттік аттестациялық комиссия төрағасы*** қызметін атқарған;

2006-2011 жылдары университет жанындағы ***«Тіл дамыту орталығының» жетекшісі, «Практикалық қазақ тілі және құжаттану» кафедрасының меңгерушісі*** қызметтерін атқарды.

Оқытудың инновациялық технологияларын әзірлеу және енгізуге белсенді араласқан, жаңа оқу курстарын әзірлеуге, оның ішінде авторлық курстар:

1. 2014 жылы Университеттің лекциялар фондысына 20 сағаттық видеолекция жазып, оқу залына тапсырды;

2. «Құрмалас сөйлем синтаксисі» (электрондық оқулық) бас ғимараттың электрондық залында орналасқан 2006.01.09 пайдалану жөніндегі келісім-шарт жасалды;

3. 2008 жылдың қараша айында «Қазақ тілі», «Кең байтақ Қазақстан», «Лингвистикалық сөзжұмбақ» атты 3 электронды оқулық шығарылып, электронды оқулықтың презентациясы өткізіліп, облыстық телехабардан көрсетілді. Бұл электронды оқулықтар оқу залдарында студенттердің өз бетімен жұмыстарында кеңінен қолданылып жүр.

Биылғы жылы Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына тарту ретінде «Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі» атты ғылыми- көпшілік монографиясын (23 баспа табақ) «Полиграф» және «Университет» баспасынан шығарылды.

Ұ.Р.Ержанова 43 жылға жуық педагогикалық қызметте жүрген кезінде ғалым ретінде жоғарғы оқу орнында өзінің орнына лайықты еңбек жолымен өтті.

Құрметті Ұлдай Рысқалиқызы!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті қазақ филологиясы кафедрасының ұжымы Сізді абыройлы да, мерейлі өмір жолыңыздың бір белесі – 60 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтайды. Сіз өз мерейтойыңызға лайықты да қошеметтеуге тұрарлық жетістіктермен келіп отырсыз.

Өзіңіздің 40 жылдан астам педагогикалық еңбек жолыңызда талай белеске шығып, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде қазақ тілі

мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, доцент, кафедра меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқардыныз.

Ғылым жолында жүргеніңізге де 20 жылдай уақыт болған. 1997 жылы Алматы қаласындағы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының диссертациялық кенесінде «Орал облысы жер-су атауларынын этнолингвистикалық сипаты» тақырыбында кандидаттық диссертацияңызды сәтті қорғап шықтыңыз. «Ақжайық өңірінің топонимиясы» атты монографияңыз бен «Қазіргі қазақ тілі синтаксисі», «Қазіргі қазақ тілі грамматикасының тілдік құрылымы» атты негізгі оқу құралдарыңызды республиканың барлық жоғарғы оқу орындары оқу үрдісінде пайдаланса, «Ақжайық өңірінің топонимиясы», Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «Батыс Қазақстан облысы жер-су атауларынын сөздігі», «Орал қаласы көше атауларының баяны» атты монографияларыныз элективті пән ретінде барлық бөлім студенттерінің негізгі оқу құралына айналды. Ал бүгінгі күні «Батыс Қазакқстан облысынын ономастикалық кеністігі» атты ғылыми-көпшілік монографиянызды Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына тарту ретінде ұсынып отырсыз.

Шәкірттеріңізге білім берумен қатар қоғамдық, ғылыми және тәрбие жұмысына да саналы ғұмырыңызды арнадыңыз. Республикалық, облыстық, аймақтық кеңестердің, комиссиялардың, комитеттердің, жұмыс топтарының қоғамдық жұмыстарына белсене араластыңыз.

Ұрпақ тәрбиесіндегі көп жылғы ерен еңбегіңіз ескеріліп, 2001 ж. Қазақстан Республикасы Білім министрлігі алқасының Ы.Алтынсарин медалімен, 2013 ж. Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Алғыс хатымен марапатталдыныз.

Құрметті Ұлдай Рысқалиқызы! Сіздің осындай өрелі істеріңіз көпке үлгі, өйткені Сіздің өміріңіз - нағыз майталман маманның, ұлағатты ұстаздың, абзал ананың өнегесі. Отанымыздың өркендеуі және халқымыздың игілігі жолында әлі де талай тәнті істерді атқарарыңызға кәміл сенеміз. Бүгінгі мерейтойыңызда Сізге және ұрпақтарыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбекте тың табыстар мен өмірдің асқақ абыройын тілейміз. Шаңырағыңызда береке-бірлік, ырыс-ынтымақ бола берсін!

Ізгі тілекпен: М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың
қазақ филологиясы кафедрасының ұжымы

***

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS

ПЕДАГОГИКА -ПЕДАГОГИКА-PEDAGOGICS

Имашев Г. И., Губашева А.О.
ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ІСКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ.....3
Мұханбетжанова Ә.М., Мұханбетжанова А.У.
ЖАҢАРТЫЛҒАН БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....12
Мендалиева Д.К., Талапова Р.Т.
ХИМИЯДАН ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ – ХИМИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСІ МЕН БАҚЫЛАУ ҚҰРАЛЫ.....21
Galiyev T.T., Abdyrov A.M., Aldabergenova S.S., Aldabergenova A.S.
THE FORMATION OF SYSTEMIC THINKING IN LEARNING……28
Кузьмичева А.Е., Жусупкалиева Г.К., Кабибуллин М.Д.
ДИДАКТИЧЕСКИЙ ПРИНЦИП НАУЧНОСТИ И ВОПРОСЫ НАНОТЕХНОЛОГИЙ В СОДЕРЖАНИИ ОБУЧЕНИЯ ФИЗИКЕ……33
Шамбилова Г.Қ., Сахтағанова Т.А., Гапуова Б.Б.
КОЛЛЕДЖ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕК ҮӘЖДЕМЕСІ ЖОЛЫМЕН БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ 40
Kulmagambetova S.S., Thomas Wünsch, Imanalina G.M.
APPROACHES IN EDUCATIONAL TRAINING…….....46
Айтжанова Р.М.
ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУ ҰҒЫМЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘНІ…….....55
Сардарова Ж.И., Рахимжанова К.Н.
ТӘУЕКЕЛ ТОБЫНДАҒЫ ЖЕТКІНШЕКТЕРГЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СИПАТТАМА.....62
Иргалиев А.С., Габдрахманова Ш.Т.
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ И ПРОФИЛАКТИКЕ БУЛЛИНГА В ШКОЛЕ……..70
Молдағалиев Б.А., Батырова А.У., Кенжегалиева А.Ж.
МЕКТЕПТІҢ МУЗЫКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ.....79
Андрущишин И.Ф., Дошыбеков А.Б.
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ МАРКЕТИНГ БОЙЫНША МАМАНДАР ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ҮЛГІСІ.....85
Kismetova G., Karabay A.
COMPETENCE APPROACH AS A METHODOLOGICAL BASIS OF FORMATION OF GRAMMAICAL COMPETENCE OF FUTURE TEACHERS……...92
Мендалиева Д.К., Серікұлы Н.
МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА ФИЗИКАЛЫҚ ХИМИЯ ТАРАУЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕП ШЫҒАРУДА КОМПЬЮТЕРДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ҚОЛДАНУ.....98
Албытова Н.П., Сламбекова Т.С.
ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ЗАМАНАУИ ТАЛАПҚА СӘЙКЕС МАМАН ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....104

Кульжумиева А.А., Негметов М.Ж.
РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОГРАММЫ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБУЧЕНИЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ КУРСА «ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫЕ УРАВНЕНИЯ»……110
Медешова А.Б., Касымова А.Х.
ИНОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....116
Анарбаев А.К., Баймуханбетов Б.М.
ОПРЕДЕЛЕНИЕ ОПТИМАЛЬНЫХ ИНТЕРВАЛОВ ПОВТОРНЫХ АТАК У БОРЦОВ С РАЗЛИЧНЫМИ МАНЕРАМИ ВЕДЕНИЯ БОРЬБЫ……...123
Құлмағамбетова С.С., Иманалина Г.М., Сапанова С.З.
ШЕТ ТІЛДІК КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ («БИОЛОГИЯ» ПӘНІ НЕГІЗІНДЕ).....132
Амельченко В.И., Жомартова А.М.
ПОСТРОЕНИЕ КОМПЕТЕНТНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННЫХ ЗАНЯТИЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ В БАКАЛАВРИАТЕ КУРСА «МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ГЕОГРАФИИ»…….....138
Кузьмичева А.Е., Золотарь М.В.
ЭЛЕКТРОМАГНИТНОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ В ОБУЧЕНИИ И В СИСТЕМЕ ФУНДАМЕНТАЛЬНЫХ ВЗАИМОДЕЙСТВИЙ……..147
Рустенова Р.М.
РОЛЬ И ФОРМИРОВАНИЕ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ В СОХРАНЕНИИ И УКРЕПЛЕНИИ ЗДОРОВЬЯ ШКОЛЬНИКОВ…….....155
Сакеев Р.К.
УПРАВЛЕНИЕ РАЗВИТИЕМ ЧЕЛОВЕЧЕСКИХ РЕСУРСОВ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ……..163
Ергалиева Г.А., Кайрлиева У.Б.
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА РУХАНИ –1З1Л1К ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ОТБАСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ.....171
Мустафина А.С.
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ УЧЕТНЫХ ДИСЦИПЛИН……183
Текесбаева Г.М.
СИНТАКСИСТІ ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ.....189
Алимбаева Г.Б.
БОЛАШАҚ ДИРИЖЕРЛЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....196

ФИЛОЛОГИЯ-ФИЛОЛОГИЯ-PHILOLOGY

Күдеринова Қ.Б.
АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗЫ.....202
Мүтиев З.Ж., Ашимова Р.С.
ТАҚЫРЫП ПЕН ИДЕЯ, КӨРКЕМДІК-ШЕБЕРЛІК ӨРНЕКТЕРІ (АҚЫН САТЫБАЛДЫ ДАУМОВ ПОЭЗИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ).....211
Diachok N.V.
ON THE PECULIARITIES OF ONOMASIOLOGIC CHARACTERISTICS OF COMPLEX-STRUCTURE UNIVERBS…….....218
Алтаева А.К.
ИЛАНДЫРУДЫҢ ӘМБЕБАП ЖӘНЕ ЖАҒДАЯТТЫҚ ӘДІСТЕРІ.....223
Крылова Л.А., Кадыров Ж.Т.
СИМТОМАТИКА ДУХОВНЫХ НЕДУГОВ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ 90-Х ГОДОВ XIX ВЕКА В РАССКАЗЕ ЧЕХОВА «ЧЁРНЫЙ МОНАХ»……...…...230

Бекбосынова А.Х.
«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....237
Қоңыратбаева Ж.М.
ШӘКӘРІМНІҢ ПАССИОНАРЛЫҚ МҰРАТЫ.....247
Донскова Г.А., Утарова Н.Т.
ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ ЭРГОНИМОВ - ТЮРКИЗМОВ В ОНОМАСТИЧЕСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ ГОРОДА (НА МАТЕРИАЛЕ ЭРГОНИМОВ УРАЛЬСКА И КАЗАНИ)…….....251
Ахметова Б.З.
ОСОБЕННОСТИ ЭТНОСЕМАНТИКИ ТОПОНИМОВ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ.....258
Сағынаева Г.Ә., Оразханова М.И.
ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ.....264
Алтынбекова Г.К.
СПЕЦИФИКА УПОТРЕБЛЕНИЯ ГЛАГОЛА В ТЕКСТАХ ПУБЛИЦИСТИЧЕСКОГО СТИЛЯ…….270
Выдрина Н.А.
ВЫЯВЛЕНИЕ АВТОРСКОЙ ОЦЕНКИ В ПОВЕСТИ А.С. ПУШКИНА «ПИКОВАЯ ДАМА» НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ……..277

ТАРИХ- ИСТОРИЯ-HISTORY

Рысбеков Т.З., Гарифуллина А.Б.
НҰРАЛЫ ХАННЫҢ БИЛІГІ КЕЗІНДЕГІ КІШІ ЖҮЗДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖАҒДАЙ.....285
Дүйсенбаев А.Қ.
ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ОТАНСҮЙГІШТІК ТӘРБИЕ ИДЕЯЛАРЫ.....297
Терещенко Т.А., Нурмухамбетова А.Е.
«БОЛАШАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....304
Рысбеков Т.З., Жанасов А.А.
ФОРМИРОВАНИЕ РАБОЧЕГО КЛАССА В ДООКТЯБРЬСКОМ КАЗАХСТАНЕ……..……...311
Ергалиева А.Т.
КОМПОЗИТОРСКОЕ ТВОРЧЕСТВО ЗАПАДНОГО РЕГИОНА КАЗАХСТАНА В ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ……320
Искалиев Д.Ж., Бисенова Ж.М.
ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ ПРОМЫШЛЕННОСТИ В ГОРОДЕ УРАЛЬСКЕ……...327

ҒАЛЫМДАР ЕЛ-ЕСІНДЕ-ПАМЯТЬ ОБ УЧЕНОМ-TO THE MEMORY OF THE SCIENTIST

Кужабергенова К.И.
ИСТОРИК И ИСТОРИЧЕСКОЕ ПОЗНАНИЕ……..…334

ҒЫЛЫМИ ӨМІР - НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ - ACADEMIC LIFE.....337
БІЗДІҢ МЕРЕЙТОЙ - НАШИ ЮБИЛЯРЫ – OUR JUBILEES.....346

АВТОРЛАР ҮШІН МӘЛІМЕТ
МАҚАЛАНЫҢ ДАЙЫНДАЛУ ТӘРТІБІ

«БҚМУ хабаршысы» жинағына жариялауға білім мәселелеріне қатысты ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар гуманитарлық, жаратылыстану, экономикалық, өнертану, техникалық ғылымдар, сонымен бірге университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметі, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының мәселелері мазмұнын құрайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мақалалар қабылдайды.

Журналға бағытталған мақала (компьютерлік мәтін көлемі 12 беттен аспайтын) USB-жинағышы, CD-R дискімен (мәтіннің қолжазба түрінде, 1,0 интервалымен, 10 шрифтісінен кем емес, және бір данасы А4 формат қағазында) берілуі керек.

Суреттегі берілген барлық әріп және сандық белгілер ең басты және сурет астындағы мәтінде түсіндірілуі қажет. Қолжазбадағы суреттері бар беттері мен мәтін беттері нөмірленген болуы керек. Мәтін мұқият тексерілген және редакцияланған болуы қажет. Сканерленген мәтіндер, грамматикалық және техникалық қателері бар мақалалар жинаққа енгізілмейді.

«БҚМУ хабаршысы» ғылыми журналына дайындық кезінде материалдарды жариялауға автор туралы мәлімет көрсетілуі қажет (аты-жөні (толық), ғылыми атағы, дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны, мекенжайы, тел.), ӘОЖ нөмірі, ішкі және сыртқы рецензиясы (жариялауға ұсынылған ғылыми жұмыстың ғылым кандидаты және докторларының сын-пікірлері болуы керек), түйіндеме (мемлекеттік тілде жарияланатын мақалаға - орыс немесе ағылшын тілінде, басқа тілде жарияланатын мақалаға - мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілінде), жариялауға төленген түбіртек міндетті түрде болуы қажет.

Мақаланы жариялауға эксперттік комиссия бекіткен ғылыми-техникалық Кеңестің эксперттік тұжырымдамасы болуы керек.

Материалдар белгіленген тәртіп бойынша сай келмесе, жариялауға қабылданбайды. Қолжазбалар редакция көзқарасын білдірмейді және авторларға кері қайтарылмайды.

К СВЕДЕНИЮ АВТОРОВ
ПРАВИЛА ОФОРМЛЕНИЯ СТАТЕЙ

Для публикации в «Вестнике ЗКГУ» принимаются статьи на казахском, русском, английском языках, содержащие результаты научных и научно-методических работ в области гуманитарных, естественных, экономических, искусствоведческих, технических наук, посвященных проблемам образования, а также материалы, отражающие деятельность различных структурных подразделений университета, вопросы социально-экономического развития региона.

Статья (объемом не более 12 страниц компьютерного текста), направляемая в журнал, представляется на дисках CD-R, USB-накопитель (с обязательной распечаткой текста, шрифтом не менее 10, 1,0 интервалом и графики на бумаге в одном экземпляре на формате А4).

Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные на рисунках, необходимо пояснить в основном или подрисуночном тексте. Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован. Сканированные тексты с грамматическими и техническими ошибками не будут включены в сборник.

При подготовке материалов к опубликованию в научном сборнике «Вестник ЗКГУ» обязательным условием является представление сведений об авторе (ф.и.о. (полностью), ученая степень, звание, должность, место работы, адрес, тел.), номер УДК, внутренней и внешней рецензии (публикуемые в издании научные работы должны быть рецензируемы кандидатами наук и докторами), резюме (статьи, публикуемой на государственном языке, должно быть на русском и английском языках, статьи, публикуемой на других языках – на государственном, русском и английском языках), наличие квитанции оплаты за публикацию.

Решение о возможности опубликования статьи подтверждается экспертной комиссией научно-технического Совета актом экспертного заключения.

Материалы, не соответствующие данным требованиям, к публикации не принимаются. Рукописи не рецензируются и не возвращаются авторам.

АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫНАН БАСЫП ШЫҒАРЫЛДЫ

ОТПЕЧАТАНО С ОРИГИНАЛОВ АВТОРОВ

Редакторы-Редактор:
Р.Р. Кужалиева

Материалдарды компьютерде беттеген:
Верстка и изготовление оригинал-макета:
Е.Е.Панова
С.К. Сахметова, Ж.З. Есимгалиева

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2016.
090000, Орал, Достық даңғылы, 162.

Басуға 23.12.2016 ж. қол қойылды.
Көлемі 44,5 б.т. Таралымы 150 дана.
Тапсырыс № 40.

Подписано в печать 23.12.2016 г.
Объем 44,5 п.л. Тираж 150 экз.
Заказ № 40.

Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова, 2016.
090000, Уральск, пр. Достык, 162.